



1921 жылғы
қыркүйектен
шыға бастады

АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

Журнал 1976 жылы Халықтар Достығы орденімен, 2002 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығымен марапатталды

№5, МАМЫР, 2013

МАЗМҰНЫ

ЗАМАНХАТ

АЙМАУЫТОВ һәм ӘУЕЗОВ. Қазақтың өзгеше мінездері.....3

ҚАЗАҚСТАНЫМ – ҚАРАШАҢЫРАҒЫМ!

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр».....5

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Ақбота ИСЛӘМБЕК. Қазақтың ұлттық мінезі және менталитеті қандай?.....10

КЕЛЕЛІ КЕҢЕСКЕ ОРАЙ

Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ. Қазақ болу оңай ма?.....17

Оразак СМАҒҰЛҰЛЫ. «Кейбір адамдарымызда құлдық элементтер болуы мүмкін.

Бірақ, ол туа бітті ұлттық мінез бен менталитетке жатпайды...».....20

Жолымбет МӘКІШЕВ. Қазақтың қазіргі жағдайы немесе ұлттық психология туралы.....21

Руслан ӨТЕПБАЙ. Қазақтың сүйегіне сіңген мінездері.....26

ОРАЙЫ КЕЛГЕН СҰХБАТ

Мұрат ЖҰРЫНОВ. «Ғылым барлық уақытта шындықты іздейді».....28

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІ

Жарас СЕЙІТНҰР. Ұлтқа қас «прогрессивті» басшылар шетелдік үлгілерді көшіруді ғана біледі.....35

АЩЫ ДА БОЛСА...

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА. Құлдық синдромының қуаты.....41

ЖАҢА АЙДАР: МӘНІ ЖОҒАЛМАҒАН МАҚАЛА

Болатхан ТАЙЖАН. Қазақстанда бір ғана халық – қазақ халқы тұрады.....44

ОЙТҮРТКІ

Сейілбек МҮСАТАЕВ. Либерализм алға сүйреп, консерватизм кері тарта ма?.....47

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Мырзан КЕНЖЕБАЙ. Терминқұмарлық та – тілбұзарлықтың бір түрі.....56

ЗАМАНА ЗАПЫРАНЫ	
Тұрсын ЖҰРТБАЙ. Талыс.....	60
Құрманғали ДАРКЕНОВ. 1921-1922 жылғы ашаршылық және «Торғай ісі».....	66
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ, ОРАМДЫ ОЙ	
Хасен Қожа-АХМЕТ. Тарих оқулығындағы олқылықтар.....	76
ӨМІР – ӨРІМ	
Қуандық ТҮМЕНБАЙ. Өлгендер қайтып келмейді.....	83
РУХАНИ ҚАЗЫНА	
Айгүл КЕМЕЛБАЕВА. Думан Рамазанның әңгімелері туралы.....	89
Сәлима ҚАЛҚАБАЕВА. Поэтика саласын зерделеген ғалым.....	93
ЖАҚСЫ ЖҮРГЕН ЖЕРІНДЕ ІЗ ҚАЛАДЫ	
Рабат ЖӘНІБЕКҰЛЫ. Саңлақ.....	96
ҒАЛЫМ МІНБЕРІ	
Оразбек НҰСҚАБАЕВ, Индира МУСИРЕПОВА. Жаһандану жағдайындағы ұлттық қауіпсіздік қағидағтары.....	99
Жандос ИМАНБАЙ. Қазақстандағы демографиялық ахуалға кері әсер етуші факторлар.....	101
Жанетта ИМАНКУЛОВА. Ағылшын тілі сабағындағы рөлдік ойындарды ұйымдастыру.....	103
Зарина РАЙЫМҚҰЛЫ. Шет тілін оқытудағы лингвокоммуникативтік құзыреттіліктің рөлі.....	104
Ақбота ИСЛӘМБЕК. Қазақстандағы кітап таратудың тарихи тәжірибелері.....	106
Анар БҮРКІТБАЕВА. Маңғыстау ақындарының діни дастандары.....	108
Бақыт АҚШАЛОВА. Экономикалық терминдердің зерттелу тарихынан қысқаша мағлұмат.....	110
Роза ОРАЗАЛИНОВА. «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі хақында туған ойлар.....	112
ЖЫЛ – ОН ЕКІ АЙ	
Маусым.....	114
Журналдың орысша, ағылшынша мазмұны.....	116

ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ:

«Қазақ газеттері» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек КЕНЖАЛИН

БАС РЕДАКТОР: Аманхан ӘЛІМҰЛЫ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Ораз ҚАУҒАБАЙ, Қыдыралы ҚОЙТАЙ (редактордың орынбасары - жауапты хатшы), Серікқали ХАСАН («Қазақ газеттері» ЖШС Бас директорының шығармашылық мәселелері жөніндегі өкілі).

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС: Сарбас АҚТАЕВ, Ерлан АРЫН, Әділ АХМЕТОВ, Бүркітбай АЯҒАН, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Раушанбек ӘБСАТТАРОВ, Ғарифолла ЕСІМ, Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ, Әбіш КЕКІЛБАЕВ, Уәлихан ҚАЛИЖАН, Ғалымқайыр МҰТАНОВ, Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Серік ПІРӘЛИЕВ, Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қуаныш СҰЛТАНОВ, Ерлан СЫДЫКОВ, Кеңес ҮШБАЕВ, Әбдісағит ТӨТІҒҰЛОВ, Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ, Зарема ШӘУКЕНОВА.

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің облыстардағы өкілдері: Шәрипа БЕКМАМБЕТОВА (Ақтөбе облысы) – 8-713-2-55-31-48, Батырбек МЫРЗАБЕКОВ (Қарағанды облысы) – 8-710-2-90-19-73, Толымбек ЫБЫРАЙЫМ (Астана) – 87013457938 Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай облысы) – 87772307184

ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗГЕШЕ МІНЕЗДЕРІ

Газета жүзінде қазақтың һәртүрлі кемшіліктері түртіліп жазылып жатыр. Мысалы: ұйымсыздық, күндестік, паракорлық, партия, әділетсіз билік, әйелдің халі деген сияқтылар. Рас, мұның бәрі аянышты халдер, бірақ бұлар әр міннің бұтақтары. Роман, өлең, мақала жазушылар да осындай ұсақ кемшіліктерді көрсетпек. **Қазақтағы нешестүрлі болып тұрған ауыр халдердің түпкі негізгі тамыры қайдан тарап, бұл күйге ұшырағанын ешкім қолға алып, мәтбуғат жүзінде қозғап көрген жоқ. Соның үшін бұл терең сауалды жұрттың есіне салып, жүректерді қыздыруға сөз бастап отырмыз.**

Бұрынғы уақытта қазақ елі ұйымшыл, ері жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы әрі бітімді, қайратты, сауықшыл болған екен. Досымен достасып, жауымен жауласуға табанды, қайғыра да, қуана да білетін халық екен. Рас, ол уақыттағы ұйымшылдық күні үшін болса да, жүре-бара бет түзеп, қалып алатын сүреңі бар сияқты еді, естуімше (*Әрине, халық болған соң түгел самдай, мұнтаздай еді деуге келмейді, надандық уысында талай оқшау мінездер болған, оған орын беруді артық деп білеміз*).

(...)

Ол қылықты түсініп, түзу жолға салушылар болса да, дүниауи ғылымдарда кіріп, тамырлап, бұтақтап кетуге ықтимал еді, бірақ, қожа, молда, ишандардың схоластик (алық) ғылымын таратып, елдің ойын, рухын, қол-аяғын кісендеп, бір кесімді тар жолға тығып, адамшылықты тағдырдың қазығына қылқылдатып байлады да қойды. Түсінгенше қазаққа дін де оп-оңай сіңіп кеткен жоқ, түсінген соң табандап іске асырғыш еді. Сол кезде халықты меңгеріп ұстап тұратын азулы, айдынды хан сықылды бір күш керек еді, халықтың бақытсыздығына қарай жақсының сиреген кезінде күші кетіп, мынадай соққы жолықты. Қазақтың ұлттық қалпы өзгерілді. Тірлігі, мақсұты басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолына тиді. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деген халге ұшырады. Кемеңгер билердің заманы құрып, адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға килікті.

Қазақтың тұрмысы өзгерді. Киіз үйде қыстап, суыққа шынығып, қуатты, қайратты денелі өсетін қазақ, тазалығы жоқ аласа жер үйге кіріп, аурулы, нашар болып, мыжғырланып, еңсесі көтерілмей өсетін қалыпқа түсті. Осы себепті, адамның өсімі де кеміді. Әрине, тән қуатты болса, жан қуатты, ажарлы болады. Нашар жаннан осал мінездер туады. Мысалы: ойнас, өтірік, өсек сияқтылар. Бұл – бір. Екінші, сол уақта, өзі сурет ала алмаған бірлікке, қырсықтың қара басы боп партия деген қағынды тиді. Жауыздық, залымдық қара бұлттай қоршап, халықты астан-кестен қылып, өзді-өзімен атыстырып, көзді шел қаптады. Күннен күнге өршіген қалың сасық тұманнан шыға алмай адасып келіп-келіп түсіп отырған халіміз, міне – осы күнгі.

(...) – жойылып, өшіп қалған сөз орны

Партиядан тарайтын фітнәнің бірсыпырасын айтайық: партия басталғалы мал азайып, кедейлік килікті. Себебі: болыс болатындар аямай малын шашып, құрып болған жағдайда сол малын өзіне түсіре алмай, қалғаны онан жаман кұриды. Екінші, партияның малын жаудың малындай ішіп-жеген халық (оны) қайта құсып, қолындағы өз малын азайтты. Партия кәсіпке кіріспеуге үлкен себеп болды. Шаруа жағының қырсығы бұл.

Енді «дін» жағымызға не келтірді?

Қай жұрттың болсын қасиеті уағдашылық, антқор еместік, құдайдың атын жеңілге саймаулық еді. Біздің қазақта аруақ, құдай, ант-иман, құран дегеніңіз берже-байшының ісіндей қадырсіз. **Құдайға қылған құлшылық, қайыр-садақа партияның берімсегіне жүріп кетеді. Дінге келген кемшілік осы.**

Енді қазақтың мінезіне (ахлаққа) тигізген зияны мынау: ұрлық, зорлық, қорлық, өтірік, өсек, алдау, кулық, сұмдық, айдату, байлату, кісі өлу – рақымсыздық, жалған мақтан, ынсапсыздық, тұрақсыздық, настық, жалқаулық деген нәрселерге шайтанның ұясынан артық болмаса, кем болған жоқ. **Бір туысқан түгілі әке мен бала партияға таласып, күндескен соң, адамның жақыны кім болмақ? Әрине, жақыны, досы – жалғыз ғана басы, құлқыны.**

Партия халықтың бірлігіне, ерлігіне қолқабыс қылды ма? Намысты қоздырды ма? Жоқ. Бұған таласымыз жоқ. Бірлікшілміз, ұйымшылмыз, жауынгерміз дейтіндер табыла қоймас, алтыбақандық, қазанбұзарлыққа мақтансақ, мақтанайық.

Сүйтіп, ұсақтап келіп, жаужүрек батырларымыздың батырлығы ауыл-үйдің малын ұрлауда қалды. Бұрынғы билердің жұрнағы кішкене дөңгелек жер болып қалды.

Осындай ортада өскен бала да жамандыққа салынып, жіті оқығандарында да көпке шейін таты кетпейтін көрінеді. **Мысалы: «Ұлтым», – деп оқып шыққандар халық арасына келсе, қарая бастайды.**

Сайып келгенде, қазақта қалып тұрған өзгеше мінездер: тілі айтқанды қолы қылмайтын – тұрақсыздық, ұйымсыздық, басынан аспайтын – өзімшілдік, ездiк.

Халықтың өзіне айтып, мінезін түзеу қолымыздан келмейді. Жалғыз-ақ үмітіміз, қаруымыз – оқығандарда. Оқығандар ендігі жас балаларға өздері үлгі болып, надандықтан шығарып, адамшылықтың жарық жағына сүйреуге міндетті. **Соларға қазақтың мінездерін тастатып, айнымай, қажымай, таза жүрекпен кемшіліктерге қарсы тұрып, бірлік жібіне жармасуынан басқа не тілей аламыз.**

Семей семинариясында оқитын:

Аймауытов һәм Әуезов.

«Алаш» газеті, 1917 жыл, 30 наурыз, №16.



Үстіміздегі жылдың 24 сәуір күні Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық XX сессиясы өтті.

Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйледі.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр»

Қымбатты отандастар!

Қадірлі қауым!

Қасиетті қазақ жерін татулықтың талбесігі етіп, бейбітшілікке бөлеген Қазақстан халқы Ассамблеясы биыл кәмелетке толды.

Ел тәуелсіздігінің ең жауапты кезеңінде бірлігіміздің бастауы болсын деп қолымызбен құрған Ассамблеяның дүниеге келгеніне 18 жыл.

Осы аралықта ол өзінің өміршеңдігін көрсетіп, біздің бейбіт қоғамның ажырамас бөлігіне айналды.

Елдіктің өлшемі, тұрақтылықтың тұтқасы болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық 20 сессиясын «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» деп атауымыздың астарында үлкен мән бар.

Кезінде тағдырдың жазуымен қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлт өкілдері қоныс тепкен еді.

Бүгінде олар тегі басқа болғанмен теңдігі бір, қаны бөлек болғанмен жаны бір, арманы ортақ біртұтас халыққа айналды.

Туған елдің туының астында бірігіп, туған жердің тұғырын биік етуге бел шешкен азаматтарды бір тағдыр күтеді.

Осылай, елдігіміздің ертеңі ошақтың үш тағаны сияқты «бір халық – бір ел – бір тағдыр» деген үш сөзге сыйып тұр.

Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырыс-несібесі мол болмақ.

Осыны халқымыз бек түсініп, бірлігіне бекем болды.

Ел иесі – қазақ халқы да ешкімге шетқақпайлық көрсеткен жоқ.

Ұлтына, тілі мен діліне қарамай барша этнос өкілдерінің теңдігін Ата Заңымызда айқындап алдық.

Табысқа тоқмейілсіп, тоқырап қалмай, алыс болашағымыздың темірқазығы – «Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдадық.

Онда ең басты 7 басымдықтың бірі – Жаңа қазақстандық патриотизмнің түп қазығы ретінде ел бірлігін басты назарға алдық.

Менің тапсырмаммен дайындалған Қазақстан халқы Ассамблеясын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы да айрықша маңызды құжат.



Бүгінгі сессияда салиқалы ойлар айтылып, тағдырлы шешімдер қабылданарына сенемін.

Құрметті қазақстандықтар!

Бүгін біз Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясын өткізіп отырмыз.

Бұл біздің үлкен жолды жүріп өткенімізді білдіреді.

Осы жылдар ішінде Ассамблея кәмет жасына жетіп, ұлтымыздың аса маңызды жалпыазаматтық институтына айналды.

Қазақстан – этностық жанжалдардан азат аумақ.

Экономикалық және әлеуметтік-саяси реформалар этносаралық тағаттылық пен үйлесімнің арқасында табысты жүргізілді.

Бейбітшілік пен тыныштық әр үйдің баға жетпес байлығына айналды.

Біздер мен сіздер атқарған жұмыстың, Ассамблея жұмысының басты нәтижесі міне, осы!

Бүгін біз Ассамблея – тұтастай Қазақстан халқы деп толық негізбен айта аламыз!

Барлық он жеті миллион!

Бүгін Ассамблея – тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің сенімді, берік іргетасы.

Ассамблея тарихы – ел тарихы, халық тарихы.

Құрметті отандастар!

Біздің сессиямыздың күн тәртібіне маңызды мәселе енгізіліп отыр. Ол: «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр».

Неге біз бұлай айта аламыз?

Өйткені, «бір халық» – бұл барлығымыз үшін ортақ ұлттық мүдделер.

«Бір ел» – бұл барлығымыз үшін ортақ Отан.

«Бір тағдыр» – бұл біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер!

Бұл біздің ортақ келешегіміз – игілікті және өсіп-өркендеген Қазақстан!

Осының барлығын қоса алғанда, Стратегияны табысты жүзеге асыру үшін қоғамның бірлігі қажет дегенді білдіреді.

Бүгінде әлемдік экономикада «белгісіздік белесі» келе жатыр.

Дамыған елдердің рейтингтері төмендеуде, рецессияның жаңа толқынын күту күшейе түсуде.

Кипрде болған жақындағы оқиғалар адамдардың игілігіне тікелей ықпал ететін қаржы тәуекелдері қаншалықты күрделі болатынын көрсетіп берді.

Бұл – алаңдатарлық дабыл.

Әлемдегі экономикалық жағдай біз мұқият бақылап отырған этномәдени ахуал трендтеріне ықпал етеді.

Қазіргі дәуірдің шешуші парадоксі әлемде бір мезгілде екі үрдіс: унификация жағына және үлкен әртүрлілік жағына іс-қимыл танытатынына барып тіреледі.

Әлем қарапайымданып емес, күрделіленіп барады.

Тек Еуропаға ғана миллион-миллиондаған мигранттар келіп жатыр.

Біреулер үшін бұл құбылыс табиғи, ал екіншілері үшін апатты көрінеді.

Барған сайын шетін риториканың дауысы қатты естілуде.

Мультикультурализмнің бұрынғы практикасы өзін тауысқаны айқындала түсуде.

Тіпті болашақта Еуропа мемлекеттерінің «өзін өзі жоятыны» туралы кітаптар пайда болуда.

Мен ашық мемлекеттік стратегия мен ізгі ниет бар жағдайда бірлік пен көпқырлылық трендтері бір-біріне қайшы келмейтініне, керісінше, бірін бірі толықтыратынына сенімдімін.

Біз Қазақстан халқы Ассамблеясының барлық жиырма сессиясы бойына нақ осындай саясат жүргізіп келеміз.

Және бұл саясат өзін толық ақтады!

Тәуелсіздік жылдарында біз этносаралық бірліктің өз моделін жасадық.

Іс жүзінде азаматтарымыздың тең құқығы мен мүмкіндігін, өмір сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз еттік.

Зураб Бобохидзе Атыраудан былай деп жазады:

«Менің үйім, менің отбасым, бауырларым, үш балам, бес немерем осында.

Тәуелсіздік жағдайында мен грузин болғаным үшін бірде-бір рет өз елімнің өмірінен шет қалу сезімін басымнан өткерген емеспін».

Бүгінде біздің көптеген азаматтарымыз осылай дей алады.

Құрметті қазақстандықтар!

Бүгінде әлем өзгеріп жатыр.

Онда көптеген оқшаулағыш сызықтар: өңірлік және конфессиялық, әлеуметтік және мәдени, тілдік және этностық сызықтар пайда болуда.

Жаңа жағдайларда, біз 2050 жылға дейінгі Стратегияға аяқ басқан кезде қоғамның көпқырлылығын өзіміздің пайдамызға жарата білуге тиіспіз.

Жаңа жағдайларда Ассамблея нағыз жалпы-азаматтық, саясатүстілік және жалпыхалықтық институт болуы тиіс.

Мен мынаны атап көрсетемін: Ассамблеяның XXI ғасырдағы миссиясы тарылып емес, кеңейіп келеді!

Өкінішке қарай, мұны барлығы бірдей, тіпті шенеуніктер де түсіне бермейді.

Кейбіреулер ҚХА-ға қарап, «ескіше» – бұл этностық азшылықтың өкілдігі деп ойлайды.

Мен түсінбейтіндерге немесе түсінгісі келмейтіндерге бүгінде Ассамблеяның не екенін айтқым келеді.

Оны БҰҰ-да, ЕҚЫҰ-да, АӨШК-де таныды.

Ассамблея – бүкілхалықтық өкілдік!

Нақ сондықтан Ассамблеяға өзім жетекшілік етемін!

Нақ сондықтан мен бүгінде Ассамблея – бұл барлық 17 миллиондық қазақстандық дедім!

Ардақты ағайын!

Ассамблеяның ең басты міндеті – еліміздегі қоғамдық келісім.

Ал ұлтаралық татулық мәселесі Ассамблеяның сан қырлы қызметінің бір парасы ғана.

Қазақстандағы қоғамдық келісім – ең алдымен

Қазақстаным – қараишаңырағым!

қазақтың келісімі екенін мықтап есте ұстаған абзал.

Татулық пен тұрақтылық ел иесі ретінде ең алдымен қазаққа керек.

Қазақтың ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша, мемлекеттің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес.

Халқымыз «тар жерде табысқан кең жерде келіседі» демейтін бе еді?!

Ең тар замандарда қазақ құшағына алған өзге этнос өкілдері бүгінде өз бауырларымыз атанып, бізбен бір халыққа айналды.

Құрметті отандастар!

Біз «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыруға кірісудеміз.

Бүгінде біздің 2050 жылға дейінгі этносаралық саладағы стратегиялық болжамымызды қалыптастыруға толықтай негіз бар.

Қазақстан 2050 жылы қандай ел болады?

2050 жылы Қазақстанның жұдырықтай жұмылған біртұтас халық, үлгілі ұлттық мемлекет болатынына сенімдімін.

Қоғамдық келісім біртұтас полиэтностық халық, мемлекет пен азаматтық қоғам институттары, саяси партиялар, діни конфессиялар өмірінің басты ерекшелігі болуы тиіс.

Қоғамдық келісім Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамының ереже тұтар қалыбы болуы тиіс.

Менің өз тәжірибемде талай мәрте көз жеткізген нәрсем – кез келген еңбек ұжымында өзара түсіністік пен келісім болғанда ғана табысты.

Сессиялардың бірінде мен Парахат Хаджиметоваға «Бірлік» медалін тапсырдым.

Ол 67 жаста, 10 гектар жерге бау-бақша салып, осының есебінен балалар үйіне 156 баланы өсіруге көмектесіп жүр!

Бұл нағыз патриот! Біз осындайларға көмектесуге тиіспіз! Бұл барша үшін үлгі!

Жаңа жағдайларда Қазақстан халқы Ассамблеясының жауапкершілігі тек арта түсетін болады.

Қоғамдық келісім тиімді инновациялық экономикаға негізделеді.

Орта тап қоғамдық келісімінің діңгегіне айналды.

Қазақстанның әрбір азаматы айқын перспективалар, болашағына сенімділік, кәсіби өсу үшін барлық мүмкіндіктерге ие болады.

Мен мерейтойлы XX сессия қарсаңында қол қойған ҚХА-ны дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында нақ осы мәселелер көрініс тапқан.

Бұл – жаңа стратегиялық құжат.

Оның жібек желісі – қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік.

Тұжырымдаманы табысты жүзеге асыру үшін бізге мыналар қажет:

Бірінші. Облыс әкімдеріне жергілікті ерекшеліктер мен этнодемографиялық құрылымдарды есепке ала отырып, өңірлік ҚХА-ны дамытудың тұжырымдамасын жасау тапсырылады.

Екінші. Қоғамдық келісім мен әлеуметтік

бастамалардың орталығы ретінде Достық үйлері жұмысының тиімділігін арттыру қажет.

Мұндай үйлер барлық өңірлерде болуы тиіс.

Бұл жай нәрсе емес.

Бірақ мен мынаны баршаңыз нақты ұғынып алғандарыңызды қалаймын – Қазақстандағы бейбітшілік пен келісім үшін қандай баға да көптік етпейді.

Ассамблея жанынан Достық үйлері директорларының республикалық әдістемелік кеңесін құрып, жұмыстың ең озық және тиімді тәсілдерін табуды және ортақтандыруды тапсырамын.

Мәдениет және ақпарат министрлігі Ассамблея Хатшылығымен бірлесіп, Достық үйлері жұмыстарының тұжырымдамасын жасасын.

Олардың бейбітшілік пен келісімнің өңірлік орталықтары ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындаған жөн.

Үшінші. Ассамблеяның «тігі» мен «көлбеуі» әр қазақстандыққа, әсіресе, әр жас қазақстандыққа жетуі міндет.

Жастарды Ассамблеяның қоғамдық келісім қалыптастыру жөніндегі барлық деңгейдегі шараларына тартуды қамтамасыз ету маңызды.

Төртінші. Қоғамдық келісім бүкіл халық өмірінің басты қағидаты болуы тиіс.

Ассамблеяның туы астында барлық өңірлерде Қоғамдық келісім кеңестерін жасақтауды тапсырамын.

Сессия қарсаңында біздің өңірлеріміздің этномәдени байлығын көрсеткен, халықтың бірлігін нығайтқан мен бастамашылық танытқан «Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы» мегажобасы мәресіне жетті.

Бесінші. Қоғамдық келісім халықаралық аспектілерге ие.

Қазақстанның этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім моделі оның таяу және алыс шетелдердегі брендіне айналды.

Ассамблеяның саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған «Болашақ жолындағы естелік» жобасы мен Толеранттылық мәселелері жөніндегі азаматтық форумы халықаралық резонанс алды.

Жақында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Атқарушы хатшылығы Ассамблеямен ынтымақтастық туралы Хаттамаға қол қою бастамасын көтерді.

Сол бастаманы қолдауға шақырамын.

Тағы бір мысал. Украинада қазақстандықтардың «Бірлік» Харьков қоғамдық бірлестігі бар.

Соның арқасында жүздеген қазақ отбасылары осыдан 70 жыл бұрын бауырлас Украина халқының бостандығы үшін Харьковті азат ету ұрыстарында қаза тапқан өздерінің ұлдарының, әкелерінің, бауырларының зираттарын біліп, басына барды.

Мен оларға қазақ халқының ризашылық сөзін жеткіземін.

Мен Харьков бастамашы тобының мүшелері Макка Сағынғалиқызы Қаражанованы, Татъя-

на Николаевна Крупаны, Леонид Михайлович Карцевті «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалімен» марапаттау туралы шешім қабылдадым.

Алтыншы. Ассамблеяны дамытуға ЭКСПО-2017-ге дайындық қуатты серпін беруі тиіс.

Көрмеге әлемнің ондаған елдерінен, оның ішінде қазақстандық этностар шыққан елдерден делегациялар қатысады және олар өздерінің үлкен мәдени бағдарламасын әкеледі.

Ассамблея, этномәдени бірлестіктер, халық дипломатиясының жанды көпірі ретінде, көрменің этностық топтар жетістіктерінің жарқын көрінісіне айналуы үшін жағдай жасаулары керек.

Қазақстан халқы біздің меймандарымыздың қонақжай қожайынына айналуы тиіс.

Жаңа кезеңде ұлттық бірлесу үдерісіндегі қазақ халқының рөлін нығайту міндеті бірінші кезекке шығады.

Біріншіден, қазақ халқы Қазақстандағы барлық этностық, әлеуметтік топтар үшін ұлттық мемлекеттік қауымдастықтың қуатты тарихи діңі ретінде көрініс табады.

Біз қазақ әлемінің тарихи тұрғыда ешқашан тар моноэтносты және мономәдениетті болмағанын білеміз.

Біз ешқашан да әлемдік өркениет үдерісінен бөлек дамыған емеспіз.

Одан да бетер – біздің ата-бабаларымыз осынау әлемдік үдерісті өздері қалыптастырды!

Біздің Қазақстанда тұратын барлық этностық топтармен – Еуразия ауқымында – талай ғасырлар бірлесе өмір сүріп жатқанымызды атап көрсету қажет.

Біздің ата-бабаларымыз әлемге мәдениет пен руханилықтың қуаттандырушы үлгілерін көрсетті – біздер олардың істерін жалғастыруымыз керек!

Қазіргі заманғы қазақтар, ата-баба дәстүрлерін ұстана отырып, бірліктің, толеранттылық пен патриотизмнің, мемлекет пен қоғамға қалтқысыз қызмет етудің үлгісін көрсетуі тиіс.

Екіншіден, бізге ұлттар үшін ортақ тарихи сана-сезім қажет.

Біздің тарихты тануымыз тұтас, оң сипатта болуға, қоғамды бөлініске салмай, біріктіруге тиіс.

Ұлттық рухты қажетті биіктікке көтеру үшін біздің шынайы тарихымыздың, мәдениетіміздің, дініміздің қандай екенін айқын сезінуіміз қажет.

Қазақтардың ұлттық тарихы, олардың этногенезі мыңдаған жылдарға созылған бірегей ажырамайтын үдеріс ретінде қарастырылуы тиіс.

Осы тұрғыда қазіргі заманғы Қазақстан ұлы дала өркениетінің ежелден келе жатқан шешуші мұрагерлерінің бірі ретінде заңды түрде көрініс табады.

Мен жоғарыда атап өткендей, Қазақстан ешқашан оқшауланған емес.

Сондықтан да тарихта, оқу пәніндегідей, қа-

зақтар мен өзге халықтардың мәдени және экономикалық қарым-қатынастар үдерісі, түрлі этностардың ел тарихына үлесі лайықты танылуы тиіс.

Нәтижесінде қазақстандықтардың тарихи сана-сезімі топтасуға, өзінің өткеніне, қазіргісіне және болашағына патриоттық қарым-қатынас қалыптастыруға жұмыс істеуі тиіс.

Үшіншіден, біз бүкіл күш-жігерімізбен қазақтардың ішкі бірлігін нығайтуымыз қажет. Бүгінде ХХІ ғасыр, инновациялар уақыты, сондықтан қазақ қоғамы да бұрынғы ғасырлардағыдай бола алмайды.

Қазақтың зиялы қауымы менің сөзімді естуі тиіс.

Қазақстан – біздің жеріміз, біз өз жеріміздің перзентіміз.

Ақиқат қарапайым: қазақтардың белсенді араласуынсыз Қазақстанда ешқандай ұзақ мерзімді қоғамдық келісімнің болуы мүмкін емес.

Бұл жер әрқашанда біздің ата-бабаларымыздың жері болған.

Ол енді біздің ұрпақтарымыздың жері болмақ.

Біз өз жеріміздегі бейбіт өмір үшін тікелей жауаптымыз.

Толеранттылық ұлттық құндылық және Қазақстан халқының игілігі болып табылады.

Ол қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрлері мен мәдени үлгі-қалыптары негізінде қалыптасты.

«Ел-жұрт», «жеті ата», «қонақжайлылық», «асар», «сыйластық», «сабырлылық» – бұл ұғымдар қазақтардың дүниетанымы және өмір салттарының негізінде жатыр.

Осындай құндылықтардың арқасында біздің ортақ үйімізде бейбітшілік пен тыныштық сақталып отыр.

Сондықтан қазақтардың толеранттылықты қалыптастыратын өзіне тән әлеуметтік-мәдени ережелерін, салттары мен дәстүрлерін жалпы-адамзаттық мақсаттағы материалдық емес мәдени мұралардың белгі-нышаны ретінде қарастыру қажет.

Осы тәжірибені Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы өкілдігі жұмысы бағыттарының бірі ретінде тану тиімді болар еді.

Төртіншіден, Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстандағы тілдердің, мәдениеттер мен салт-дәстүрлердің этностық көптүрлілігі сенімді үндестікке, өзіне тән реңктер мен әсемдіктер молшылығына ие болды.

Бүгінде, әлемде түрлі бағалаулар бойынша, күн сайын 10-25-ке дейін жазба тілдер жойылып, этностық мәдениеттердің бүтіндей бір қатпарлары келмеске кетуде!

Чамикуро тілінде сөйлейтіндердің ең соңғыларының бірі Наталия Сангама былай деген болатын:

«Мен чамикуро тілінде армандаймын, бірақ өз армандарымды ешкімге айтып бере алмаймын,

Қазақстаным – қарашаңырағым!

өйткені, ендігі жерде чамикуро тілінде ешкім сөйлемейді. Сенің ең соңғы болуың жалғыздыққа ұрындырады».

Эяк тілінде ең соңғы болып сөйлеген, 2008 жылғы қаңтарда дүниеден өткен Мэри Смит мынадай үндеу жасаған болатын:

«Сенің тілінде сөйлейтін соңғы адам болу өкінішті. Мен сияқты жалғыз қалмау үшін өз бастауларыңа қайта оралып, өз тілдеріңді үйренулеріңді өтінемін».

Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында бірде-бір этнос өз тілін жоғалтқан жоқ.

Біз тіпті ең шағын этностық топтар – ассириялықтардың, рутулдардың, лактардың және басқа да топтардың мәдениеттерін ұқыптылықпен сақтаймыз және оларды дамыту үшін барлық мүмкіндіктер жасауамыз.

Қазақ жері 100-ден астам этносты біріктірді.

Әрине, осы этностық әралуандықтың бәрі біртұтас ұлтқа айналуы үшін жақсы цемент қажет.

Бүгінде ұлтты біріктіруші басты фактор қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып отыр.

Бесіншіден, бізге менталитет моделін, «Қазақстан-2050» жаңа саяси бағытының негізінде елдің болашақ бейнесін қалыптастыру қажет.

Бұл бейне шынайы, тартымды және рухтандырушы болуы тиіс.

Жаһандық сын-кәтерлер жағдайында өзіміздің мәдени кодымыз: тілді, салт-дәстүрлерді, құндылықтарды сақтай отырып қана оған баламалы жауап қайтара аламыз.

Отанға, туған жерге, өзіміздің ата-бабаларымызға, өзіміздің біртұтас және бөлінбейтін тарихымызға деген сүйіспеншілік бүкіл қазақстандықтар үшін айрықша маңызға ие.

Біздің асыл мұрағтарымыз – Тәуелсіздік, бірлік, келісім және өркендеу.

Оны Қазақстанның халқы өзі қалыптастырды.

Ұлт бірлігін нығайтуда интеллигенция қызметі айрықша маңызға ие.

Тек интеллигенция ғана қоғамды топтастырудың рухани үдерісіне басшылық жасай алады.

Біздің елордамыз осы жұмыстың орталығына айналуы тиіс.

Сондықтан да біз Астанада әлемдік деңгейдегі Опера және балет театрын – «Астана-операны» салдық, Қазақстан тарихының жаңа мұражайын құрудамыз.

Алтыншыдан, біздің бірлік формуламыз нақты істер төңірегінде қалыптасады.

Ол біздің бірлігіміздің ең берік, материалдық негізі.

Мен әркім меншік иесі болғанда қоғамдық келісімнің іс жүзінде жүзеге асатынына берік сенімдімін.

Сондықтан да мен Үкіметке «Халықтық IPO» бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырдым.

Ассамблея бұл бағдарламаны түсіндіруге белсенді атсалысуда.

Бұл – өте маңызды, бүкілхалықтық іс. Оны жалғастыру қажет.

Бүгінде біз бірлік пен толеранттылық біздің активіміз, елді жаңғыртуға салған экономикадан тыс инвестицияларымыз деп сеніммен айта аламыз!

Бүгінде бейбітшілік пен келісім саясатының тікелей экономикалық тиімділікке ие екені баршаға мәлім.

Ішкі тұрақтылық инвесторлар сенімін нығайтуға, экономикалық ынтымақтастықты дамытуға жағдай жасайды.

Жетіншіден, жаһандық трендтерді ескере отырып, біз мемлекеттің, қоғам мен діннің өзара қарым-қатынастарының тиімді моделін табуға тиіспіз.

Біздің тарихи таңдауымыз – зайырлы мемлекет пен қоғам.

Бірақ зайырлы деген атеистік дегенді білдірмейді.

Зайырлы дегеніміз – ілгерішіл, бейбітсүйгіш, толерантты, ашық қоғам.

Біз дәстүрлі діндерді қолдаймыз, бірақ кез келген экстремизмді үзілді-кесілді теріске шығарамыз.

Жастарды біздер үшін бөгде радикалды діни ағымдардан қорғау қажеттігіне менің сенімім мол.

Біздің Ұлы Дала мыңдаған жылдар бойы толерантты, яғни тағатты болды.

Сонымен бірге, мен толеранттылықтың, кейбіреулер ойлайтындай, ойыңа келгенді істеу емес екенін де атап көрсеткім келеді.

Толеранттылық – өзіміз нығайтып, сақтайтын және бүкіл ұрпақты тәрбиелейтін біздің қоғамымыздың парасаттылық қалыбы.

Құрметті сессияға қатысушылар!

Екі онжылдықта Қазақстан Жолы жаңа тәуелсіз елдер үшін ұлттық табыстың үлгілі моделіне айналды.

Бұл – бүкіл қазақстандықтардың еңбексүйгіштігі мен топтасқандығының нәтижесі!

Бұл – ұлттың нағыз пассионарлық бұлқынысы!

Бұл – тек күшті халықтарға ғана тән ұлы қабілет.

Біз осындай халыққа айналдық және осы биіктікте қалуға тиіспіз!

Қазақстан – бұл біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ.

Біздің мерейтойлық сессиямыз – бүкіл қазақстандықтардың игілігі жолындағы жаңа жұмыстар үшін жақсы бастау.

Алдымызда үлкен жоспарлар тұр.

Оларды жүзеге асыру жаһандық құбылулардың күрделі жағдайларында жүретін болады. Оған бүгіннен бастап дайын болып, халық бірлігін бүкіл күш-жігермен бекемдеу қажет.

Сондықтан да біз бір халықпыз – бір елміз – бір тағдырмыз!

Мен бүкіл қазақстандықтарды алдағы Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтаймын!

Барлық сессияға қатысушыларға, бүкіл халыққа және жаһандық әлемдегі біздің барлық достарымызға зор табыстар тілеймін!



Ақбота ИСЛӘМБЕК,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университеті журналистика
факультетінің 4-курс студенті

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗІ және МЕНТАЛИТЕТІ ҚАНДАЙ?

Қазақ халқының ұлттық мінезі ғасырлар бойы елдің тұрмыс-тіршілігіне, табиғатына, тарихи жағдайларына байланысты дамып, қалыптасқан. Айталық, қазақтың ұлан-байтақ жерді алып жатуының өзі халқымыздың бойындағы, батырлық, ерлік дәстүрді тудырды. Содан, отанын сүю, елін қорғау ер азаматтардың міндетіне кірді де. Ауыз әдебиетіндегі батырлар бейнесі осылай жасалынған. Осы бір қадір-қасиеттер жас ұрпақтың бойына сіңіп, ұлттық идеологияның қалыптасуына негіз болды. Осы тұста, «Қалыптасып, халықтық әдеп-әдетке айналған – ұлттық мінезге заман лебі әсер етпей ме?» деген сауал туындайды. Жалпы, ұлттық мінез дегеніміз не, ол қалай, қандай себептерменен қалыптасады? Онда ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан тектік-қандық (гендік) қадір-қасиет бола ма? Бұл мәселелер ғылыми-теориялық жағынан қалай зерттеліп, зерделенілген? Міне, осындай сауалдардан соң, сөз жоқ, «Қазақтың ұлттық мінезі және менталитеті қандай?» деген мәселенің туары анық. Осыған орай, «Келелі кеңестің» кезекті отырысына халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовті, академик Асқар Жұмаділдаевті, профессор Жақан Молдабековті, дінтанушы Құдияр Біләлді, «Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы, саясаткер Дос Көшімді, саясаткер, психолог Жарас Сейітнұрды, «Ақиқат» журналының қызметкері Әбдірашит Бәкірұлын шақырған едік. Назарларыңызға сол отырыста айтылған ой-тұжырымдарды ұсынамыз.

– Хәкім Абай 39-қара сөзінде ата-бабаларымыздың «...бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен...Олардың бірі – көсемге бағынып, дүйім елдің көсегесін көгерту. Ал, екіншісі – намысқойлық» десе, Аймауытов пен Әуезов «...жақсының сиреген кезінде күші кетіп, мынадай соққы жолықты қазаққа. Қазақтың ұлттық қалпы өзгерілді. Тірлігі, мақсұты басқа, ниеті шалағай, суықбауыр, жаттық қолына тиді», – дейді. Ендеше, біз қозғағалы отырған мәселе, ұлы Абайдан бастап бүгінгі күнге дейін күн тәртібінен бір түспеген екен. Осыған орай, Сіздерге «Қазақтың ұлттық мінезі мен менталитеті қандай?» деген сауал қойғымыз келеді.



Қабдеш Жұмаділов: – Менталитет деген бұл қазақтың

мінез-құлқы, ұлттық сипаты деген ұғымға саяды. Меніңше, заман өзгерген сайын, ұлт та, ұлттың мінез-құлқы, менталитеті де өзгереді. Мысалға, 1916 жылы империяға қарадық. Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсында қазақтардан адам аламыз дегенде, қазақтар адам бермейміз деп асаулық танытты. Талай көтерілістер болып, біразы кетті. Бірақ, әскер бермейміз деген ұрық қалды. Арада 25 жыл өтті. Ұлы Отан соғысына бармаймыз деп айтуға қазақтың шамасы келмеді. Себебі, қазақтың рухы өзгерді. Бұнда жиырма бес жылдық коммунистік тәрбие де бар. 1932 жылғы аштық, 1937-38 жылдардағы репрессия, міне, осының бәрі қазаққа әсерін тигізді. Бұлар қазақтың омыртқасын үзіп жіберген нәрселер. Міне, менталитет те осылай өзгереді. Арада ғасыр емес, 25 жыл өткенде, халықтың мінезі, тағдыры осылай өзгеріп, жуасып, жасиды екен.



Жарас Сейітнұр:

— Ұлттық мінез деген тақырыпты ғалымдардан гөрі философ, ақын-жазушылар бір ауыз сөзбен түсіндіріп жатады. Ал, ғылымда, ұлттық мінез бен ұлттық діл ұғымдарын бөлек қарастырады. Яғни, ұлттық діл деп ойлау үлгісін, рухани мінез-құлықты жатқызамыз. Ал, ұлттық мінезге адамның әрекеттік жағын, типтік мінез бітістерін, белгілерін ғана қарастырамыз. Мұны ғылым тұрғысында зерттеу де қиын. Жаңа Абайдың да 39-қара сөзін мысалға келтірдік. Әрине, мінездің өзгермелі динамикалық жағы және тұрақты жағы бар. Тұрақты жағы ғасырлар бойы табылады, көрінісін табады. Бір мысал, қазір кәсіп таңдағанда қазақтар сот, заңгер болғанды қалап жатады. Бұл да қанымызға сіңісті ата-бабамыздың би болғанын аңғартады. Сол сияқты, этностың ішінде түптік, генетикалық тұрғыда жатқан ақпараттар бар. Олар бейсаналы түрде де көрініс беруі мүмкін. Сондықтан, бұл екіжақтылықтың бірлігі, яғни, тұрақтылық пен динамикалықтың көрінісі. Мәселе, біз қаншалықты ұлттық тұрақтылығымызды сақтай алғанымызда. Қазақ ұлты 300 жылдан астам бодан ел болған соң, мінезімізге ішкі фактордан гөрі, сыртқы фактор да әсерін тигізді. Қазір біз моноэтносты емес, полиэтносты болып кеттік. Ұлтымызға тән емес жаман қасиеттер де сінді. Айталық, кез келген ұлтқа қай ортаға түссе де, инкультуризация ұғымы бар. Яғни, төл мәдениет таныту. Сонымен қоса, сол ортамен бірге әлеуметтану ұғымы да бар. Бізде сол әлеуметтану бар да, төл мәдениеттену жоқ. Шынына келсек, қазір бәріміз қаладамыз, урбанизацияға ұшырадық. Сондықтан, алдыңғы ұрпақ кейінгілерге ұлттық салт-дәстүрді беріп кету керек. Ал, бізде сол механизм бұзылып кетті.



Отаршылдық арасына басқа нәрсені салып кетті. Табиғатымызға жат ұғымдарды да сіндірді. Міне, меніңше, біз осы себепті, жасық болып кеттік.

Асқар Жұмаділдаев: — Жаңа тарихи, сосын философиялық

тұрғыдағы ойлар айтылды. Мен практикалық тұрғыда айтып кетейін. **Менің ойымша, ұлттық мінез дегенде, жаңағы айтылған кемшіліктердің бәрі тек қана қазаққа ғана тән емес. Ол басқа да, өзге де ұлттарда бар. Ондай аумалы-төкпелілік бола береді.** Осы тұста, бір ғана мысал айттайын. Қазақ қонақжай халық па, қонақжай емес пе?! Менің ойымша, қонақжай емес. Егер, сіз танымал адам болсаңыз ғана, сізге қонақжайлық танытады. Мысалы, Түркияға барған бір турист: «Келесі жылы қайтып келемін», — дейді. Ал, Қазақстанға келген турист, ендігі келмеспін деп жатады. Өйткені, бізде қонақжайлық жоқ. Біз табиғатымыз керемет деп жатамыз. Ал, практикалық тұрғыда, ол табиғатқа жету үшін талай жол кетеді. Ал, Түркияға бара қалсаңыз, көшедегі түрік ағасын көргендей қарсы алады. Ойлап қарасақ, сондағы Антальяңыз, біздің Қызылорданың жерінен де жаман. Бірақ, Түркияның бюджетінің 50 пайызы осы туристерден түседі. Түркияға бір неміс келсе, 600 евро, бір қазақ келсе 800 евро тастап кетеді екен. Қазақтың бюджетінің жартысы мұнайдан түседі. Сонда, мұнайдың ақшасы Түркияға туристерден түсетін ақшамен тең келіп отыр. **Қонақжайлық деген кез келген халықта бар. Бірақ, оны практикалық тұрғыда менеджмент тұрғысында пайдалана білу қажет. Айталық, гамбургер деген тамақ бар. Оны бүкіл әлем пайдаланады.** Ал, біздің ұлттық тамақтарымызды қазақтан басқа ешкім жемейді. Өйткені, оны таныту деген мақсат қойылмайды. **Кемшілігіміз, жарнама, менеджменттің дамымауында.** Айталық, қазір «тачки», «спончбоб» деген мультсериалдар шығып жатыр. Балалар Ертістікке емес, соларға қызығады. Өйткені, Американың менеджменті әлдеқайда жақсы дамыған. Ақымақи нәрселер болса да, күніне жүз рет жарнамалап халықтың көзі үйреніп кетеді. Өкінішке орай, біздің ісіміздің 90 пайызы далаға кетіп жатады. Өйткені, оны практикалық тұрғыда халыққа сіңіруге тырыспаймыз. Бұл да ұлттық мінезге жататын көрініс. Қарап отырсақ, бізде адамгершілік, ержүректілік те бар. **Бірақ, «новшество» деген, яғни, заманға байланысты оң өзгерістер енгізу деген жоқ.** Мысалға айтсақ, Абылай хан қаншама жерлерді жаулаған кезде, заманға сай айланып да қолданған. **Сол сияқты, ұлттық мінез, намыс дегенде, біз заманға сай өзгеруіміз керек. Онда тұрған ешнәрсе жоқ.** Мысалға қарасақ, чукча деген халық бар. Орыс халқы оларды

ең ақымақ халық ретінде көрсетеді. Ал, шындығына келгенде, орыс империясы осы чукчалармен ең ұзақ уақыт соғысты. Ол соғыс 175 жылға созылды. Аяғында оларды жеңе алмады. Бірақ, сол халық қазір мүлде құрып кеткен. **Өйткені, олар туралы қаншама әңгімелер шығып жатса да, чукчалардан оған қарсы шығатын бір ғалым, бір зиялы қауым болмады. Міне, біздің зиялы қауымның рөлі осы жерден шығады. Бұл да ұлттық мінезге байланысты.** Ойлап қарасак, бізде де сондай әңгімелер шығып жатыр. Мысалға, «Борат» деген кино шықты. Бүкіл әлем қазақ дегенде, Борат деп жауап беріп жатады. Ал, Борат деген нағыз оңбаған, ақымақ адам. Шетелде біз туралы осындай пікір қалыптасқан. Сол үшін, біз қарсы кино не мультфильм шығара білуіміз керек. Мінез осындайда керек. Менің ойымша, біздің менталитетімізді, ұлттық мінезімізді жақсы жаққа бағыттайтын да, өзгертетін де – жастар. Айталық, қазіргі жастардың бәрінің ұстайтыны Айфон. Оны американдық Стив Джобс ойлап тапты. Ал, қазір ол әлемдік брендке айналған. Міне, сол сияқты бізден де біреу шығу керек. Міне, сонда басқа ел бізді мойындайды, мінезімізден таниды.



Дос Көшім: – Меніңше, басты мәселе менталитеттің заманға сай өзгеруінде. Есімде, бір кездесуде, студенттер маған «Қазақ деген қандай халық?» деген сұрақ қойды. Сол кезде мен: «Ең батыр, ең ақылды, ең әдемі...» деп айта бастадым. Студенттер бір уақытта түсініп, күле бастады. Өйткені, өз халқын кім болса да, жақсы жағынан көреді. Ал, **енді менталитетке келсек, ол әуелі, қорқыныштан өзгереді. Бірақ, басқыншылық, тоталитарлық жүйеден өзгере ме, жоқ әлде, оны идеология өзгерте ме?! Менің ойымша, идеология өзгертеді.** Кеңестер тұсында, біздің зиялыларға идеология әсерін тигізді. Сондықтан, бірінші мәселе, идеология қазаққа әсер етті. **Бізде, қазір, ұлттық санамызды жаңғырту мәселесі дамымаған. Қазақтың менталитеті өзгерді.** Мысалға, қазір бұрынғыдай танкист боламын деп те ешкім айтпайды. 1989 жылы мектеп бітірген жас жеткіншектердің көпшілігі «Шварцнегер боламын» депті. Сол сияқты, заман өзгерген сайын менталитет те өзгереді. Дегенмен, қазақтың басына іс түскенде, біздің басылып

қалған мінездеріміз міндетті түрде шығады. Бұны Желтоқсан көрсетті. Біздің батырлығымыз, қайсарлығымыз белгілі бір кезде өзінен-өзі шықты. Сондықтан, біздің бұндай қасиеттеріміз жоғалған жоқ. Олар белгілі деңгейде ішімізде басылып, шөгіп жатыр. **Біз қанша ғасыр болса да, өзіміздің негізгі бір қасиеттерімізді сақтап қалдық.**



Жақан Молдабеков: – Бүгінгі тақырыптың өткірлігі, өзектілігі қаншалықты болса, оның қыры-сыры да соншалықты көп. Айтылып жатқан әңгімеге қосатын үш сұрағым бар. Оны өзіме де, мына қауымға да қоямын. **Ұлттық менталитет деген ұғымда, біз тиянақты тоқтамға келген жоқпыз. Өйткені, бұл ғылымға соңғы кезде енген ұғым. Ал, негізінде әрбір ұлттың қалыптасу тарихы күрделі екенін, әр деңгейде қалыптасқанын ескере отырсақ, осында отырған әр маман бір ұғымды өзінше айтып жатқаны заңды дүние. Сондықтан, «Ұлттық менталитет дегенде не білеміз?» деген сұрақ тууы заңды.** Әңгіме ұлттық менталитеттің мән-мағынасын ашуда болуы керек. Жағымды жақтарын айттық. Тарихи тұрғыда, кемшіліктерді де айттық. Халқымыздың тарихы да, тағдыры да күреспен, ізденіспен, жеңіспен де, жеңіліспен де өтті. Біз қай жағын көреміз, қай жағын байқаймыз, сол жағын айтып жатырмыз. Дей тұрғанмен, менталитеттің негізі бар. Ол өмір сүру салты, тәсілі, өмірлік тәжірибесі. Меніңше, осы мәселелерге жүйелі, тарихи көзқарас жетпей жатыр. Біз осыны мойындауымыз керек. **Сондықтан да, ұлттық менталитет деп айтып жатқан кезде, өмірлік тәжірибенің үйлестілігі, үндестігі, үлгісі қандай еді деп жіктеп алсақ, соғұрлым біз өзіміздің ұлттық сана-сезімімізді тезірек қалыптастыруға мүмкіндік ашамыз.** Бірақ та, өмірдің тірегі – өмірлік тәжірибе деп жатсақ, осы бір негізге ерекше мән беріп жатқанымыз орынды. Яғни, бұл жеке халықтың да, адамзаттың да онтологиялық негізі деп аталады. Ол негізді білмейінше, одан тәлім алмайынша, бір заңдылық та таба алмай қаламыз. **Өйткені, менталитет дегенде, біз тек өткенімізді ғана емес, болашағымызды да ескеруіміз керек. Біріншіден, бұндай заңдылық ашылмаған кезде, тиянақты талпыныс**

та, ұмтылыс та бола бермейді. Екіншіден, нені үйренуіміз керек, білетініміз көп пе, білмейтініміз көп пе, соны ажырата білу қажет. Әркім өзінің жеке басына, мамандығына қарай көсіліп жатырмыз. Бірақ, бұл ізденістің алғашқы сатысы. Ғылыми деңгейге жеткен жоқпыз. Заман өзгерді дегенде, біз жағымды жағын айтып жатырмыз ба, жоқ әлде, өзімізге ұнамайтын жағын айтып жатырмыз ба?! Өмірде екеуі де қатар болып жатады. Бірақ, әрқайсысының түбегейлі себептерін, экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық болсын, соларды анықтап саралап алған дұрыс. Сонда ғана, ұлттық деңгейге жеткізетін, ұлттық деңгейдің үлгісін өзіміздің тұлғалық деңгейімізге толықтыратын дәрежеге жеткізіп, толықтыру керекпіз. **Қазір біздегі жеке тұлғалық көзқарастарымыз, ұлттық көзқарастармен бірдей емес. Бұл өтпелі кезеңнің дерті.** Өмірде де солай. Қазіргі шындықты талқылап жатқан сіз бен бізді ұлттың бетке ұстар азаматтары десек, біздің де көзқарасымыз ұзақ кеткен жоқ. Сондықтан да, сана-сезімді қалыптастырудың бүгінгі деңгейдің озық үлгілерінен үйренгеніміз абзал. **Өйткені, әуелі өзіміз жетіліп, сосын ұлттық мәдениет, дәстүрді жетілдіру қажет.** Бұл дегеніміз – ұлттық мінез. Бұның өлшемі де, өрісі де бұрынғы өлшеммен тең емес екенін ескерген жөн. Сондықтан да, мен қазір рух деген сөзге қосыламын. **Өйткені, менталитеттің қуаты осы рухани бастаудан, рухани күш пен сенімге байланысты екен.** Ұлттық менталитет дегенде, қазақтың зиялыларының да менталитетін жетілдіру қажет. Бұл өзімізге сыни көзқараспен қарайтын кезең. Сондықтан, жеке нәрселермен қалып, ортақ нәрселерге жете алмай қалсақ, бүгінгі заман талабынан да қаламыз.



Қамбар Атабаев:

– Мен, әуелі, тарихшы, сосын деректанушы ретінде өз ойымды ортаға салғым келеді. Сөз жоқ, барлық нәрседе ғылыми негіз болуы қажет. Қазақстанның қоғамдық ғылымдарының ең басты зерттеу нысанына айналу керек. Кез келген ғылым терминді анықтаудан басталады. Терминді анықтап, оны нақты қолданбай, ол ғылым болмайды. Бір мысал келтірейін, Қазақстан тарихын, Ежелгі Қазақстан тарихы деп оқып жүрміз. Ал, термин Қазақстан

мемлекеті 1991 жылы пайда болғанын көрсетеді. Яғни, ежелгі деп жүргеніміз өрескел қателік. Сондықтан, Қазақстан жеріндегі немесе қазақ жеріндегі тарих деген дұрыс болар. Өйткені, қазақтың өзі болмаса да, ата-тегі болды. Міне, сондықтан, терминдерді нақты анықтап, нақты пайдаланғанымыз дұрыс. Ал, **ұлттық менталитеттің өзгергендігі тарихи шындық. 300 жыл бодан болған халықтың менталитеті өзгермеуі мүмкін емес.** Объективті факторы орыс патшасының жүргізген саясаты. Әсіресе, Кеңестер тұсында жүргізілген саясат үлкен әсерін тигізді. Бір сөзбен айтқанда, Қазан төңкерісі кезіндегі қазақ пен қазіргі қазақтың айырмасы жер мен көктей. Екеуі аты бір ұлт болғанымен, ішкі дүниесі, менталитеті, түсінігі, сезімі, санасы екі бөлек. Қазіргі біздің соны салыстырып жатқанымыз империализм деңгейі. Яғни, сыртқы көрініс. Біз мәселенің ішіне барғымыз келсе, ғылым арқылы теорияға көтерілуіміз қажет. Сондықтан, еліміздің қоғамдық ғылымдары бірлесіп, бір мәселені толығымен шешкені абзал. Кез келген зерттеу жұмысы деректік негізде жүреді. Біздегі кемшілік, деректану ғылымы қоғамдық ғылымдардың зерттеу объектісіне айналмауы. Алысқа бармасақ та, Ресейдің өзінде деректану қоғамдық ғылымдардың ортақ зерттеу объектісіне айналып отыр. Бізде дерек мол. Ал, деректану сол шикізатты саралап, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін анықтаған жөн. Міне, осы түсініктің, яғни, деректі сараламай тарихты жазуымыз, қатты сіңіп кеткен. Қоғамдық ғылымдардың дағдарыстан шыға алмай отырғаны, осы деректану ғылымының дамымауы себепті. Сол сияқты, қайдан келдік, кімбіз деген сұраққа жауап берерде, алысқа бармай, сол Қазақ төңкерісінен бергі қазақты да зерттесек болады. Міне, осы тұрғыда Абайдан артық қазақтың бейнесін суреттеген ешкім жоқ. Ал, Абайдан кейін, қазақтың бейнесін тамаша көрсеткен «Қазақ» газеті. Міне, қазір 100 жылдығын атап жатырмыз. 1913 жыл деген бүкіл әлемде ең соңғы бейбіт жыл. Соңғы бейбіт жылдағы, «Қазақ» газетінде, қазақтың тұрмыс-тіршілігінің бәрі сонда. Міне, сол тұстағы және қазіргі қазақты салыстыру мүмкін емес. Аштық бар, соғыс бар, осыншама қиындықтардан өткен халқымыздың аман қалғанына тәубе деуге болады. Объективті, тарихи тұрғыда қарасақ, бұл біздің тарихымыз. Демек,

біз Абайды, «Қазақ» газетін танымай, Алаш зиялыларын білмей қазақты тани алмаймыз.

Қабдеш Жұмаділов: – Қазір қазақ, орыстілді не қазақтілді болып екіге бөлінді. Енді, осылардың барлығының менталитеті бірдей деп айта алмаймын. Өйткені, олардың ойлау қабілеті, сана-лары, мақсаттары әртүрлі. Құлдық сананы отарсыздандыру жүріп жатқан жоқ деп дұрыс пікірлер айтылуда. Оған тағы бір тәуелсіздік тұсында туған сана қосылды.



Құдияр Біләл: – «Алланың жасаған нәрсесінде кемшілік болмайды. Мен сендерді ұлттарға, ұлыстарға бөлдім...» деген аят бар. Мәселені, осы тұрғыда алып қарасақ, менталитет дамиды, өзгереді, кемелденеді деген оншалықты шындыққа жанаса қоймайды. Оны өзгертуге ұмтылу, Алланың жасағанына көңілі толмауымен тең.

Кешіріңіздер, мен мұны діни ұғыммен айттып отырмын. Діни ғұламалардың сараптауы бойынша, адам болмысын 3-ке бөліп қарастырады. 4 пайыз – материалдық өлшем, 36 пайыз – рухани өлшем, 60 пайыз – Пайғамбарымыздың нұры болып табылады. Бүкіл барлық жаратылыс Пайғамбарымыздың нұрынан дегенде, сен өзінді танысаң (өзіңді танысаң деген сөз, ұлттық мінезің мен менталитетіңді біл дегенге келетін қағида), Алланы танысың деген сөз, ұлттық руханиятыңды біліп, ұлықтасаң Алланы танысың дегенге саяды. Осы түсінік барлығы 4 пайызға бағаланады. Діннің өзі төрт Халифа тұсында 30 жыл тұтасып келді де, одан соң бөлініп кетті. Бүкіл діни-ұғым, сән-салтанаттың бәрі 4 пайызға ауысты. Сөйтіп, рухани әлем жасып қалды. Мәнін жоғалтқан әңгіме бар. Арыстан, қасқыр, түлкі – үшеуі аңға шығады. Арыстан бұғыны, елікті, қоянды аулайды. Қасқырға оны бөлуін сұрайды. Оған қасқыр елікті өзі, бұғыны арыстан, қоянды түлкі жейтінін айтады. Арыстан қасқырды өлтіріп тастайды. Түлкіден сұраса, ол арыстанға қазір бұғыны, түсте елікті, кешке қоянды жегені дұрыс деп айтады. Түлкі арыстан болды. Ол өзінің қалауын жоғалтты. Оны жаңағы пайыздарға бөлсек, 4 пайыз – қасқыр, 36 пайыз – түлкі деген руханият, ал, 60 пайыз – арыстан болады. Сол кезде, біз руханиятымызды таба алсақ, онда 60 пайызға өзіміз қосылған болар едік. Мәселе, қазір арыстан да, түлкі де жоқ. Тек

қасқыр ғана қалған. Ал, біз сол қасқырға ішінде түлкі бар екенін түсіндіргіміз келеді. Оны түсінбей жатқан адамға 60 пайыз туралы айту да артық. Бүкіл ғылым, бағыт-бағдар, осы 4 пайыздық деңгейде дамып жатыр. Өркениеттегі өлшем осы болса, хабары бар адам бұның ақыры болатынын біледі. Бұны ілгері алып баратын нәрсе осы 4 пайыз. Оны сақтап қалатын жай – 36 пайыз. Сондықтан, біз ұлттық мәселені, ұлттық мінез бен менталитетті саралағанда, 36 пайыз тұрғысында саралау керекпіз. Халық – жалпы, ұлт – жалқы ұғым. Ұлттың мінезі мен менталитеті де өзге ұлттарға ұқсамайтын құбылыс болатыны да сондықтан. Ендеше, біз ұлттық мінез бен менталитетті сол жалқыдан іздеуге тиіспіз. Алланың «Мен сендерді ұлттарға, ұлыстарға бөлдім...» деуінің сыры сонда.

Жарас Сейітнұр: – Осы тақырып төңірегінде, ұлтымыздың ерекшелігі жайлы сөз қозғаған дұрыс. Әр ұлтқа тән мінез бар ма, оның мазмұны қандай боларын анықтап алғанымыз жөн. Қазақты біз еліктеуші деп те жатырмыз. Сонда, ұлтымызда тұрақты нәрсе не екенін анықтайық. Айталық, шетелге шықсақ, бізді қазақ деп емес, «азиат» деп мойындайды. Өйткені, біз өзімізді таныта алмай жатырмыз. Сократтың «Өзіңді танытпай жатып, өзгені танимын дегені күлкімді тудырады» деген сөзі бар. Осы тұста, «қазақтың өзгешелігін анықтау қажет. Қазақтың басқалардан қандай ерекшелігі бар?» – деген сауалды қойғым келеді.

Асқар Жұмаділдаев: – Меніңше, ешқандай өзгешелік жоқ. Сіз айтқан барлық кемшіліктер, барлық халықтарда бар. Сол сияқты, артықшылықтар да барлық халықтарда бірдей. Тек, бір халықтар туралы көбірек айтса, біреулері туралы аз айтады. Оның себебі, зиялы қауымға тіреледі. Айталық, еврей халқы туралы әңгімелер өте көп айтылады. Ішінде мақтайтыны да бар, жамандайтыны да бар. Ал, қазақ туралы анекдот жоқ. Бұл да көрсеткіштің бір бөлігі. Ал, шығып жатқандары, бізді чукчаларға теңестіріліп шығып жатыр. Менің ойымша, бұл жерде практикалық тұрғыда қараған дұрыс сияқты. Қазақтар бөлінеді деп жатырмыз. Ондай бөліну еврейде де бар. Олар миллионға бөлінеді. Бірақ, сыртқа шыққанда бірге шығады. Ал, ішінара бөліністері көп. Бұл қадір-қасиеттерде де ұлттық мінез.

Жарас Сейітнұр: – Сонда сіз грузин де, өзбек те тең дейсіз бе?

Асқар Жұмаділдаев: – Биологиялық тұрғыда да, мінез-құлқында да бәрі тең.

Тіпті, немістен өзгешелік көріп тұрғаным жоқ. Мысалы, немістің де, қазақтың да қонақжайлығы бірдей.

Жарас Сейітнұр: – Қарап отырсақ, неміс қонаққа барса, рұқсат сұрап барады. Ал, қазақ рұқсатсыз да келе береді. Айырмашылық бар ғой.

Асқар Жұмаділдаев: – Меніңше, онда тұрған ешнәрсе жоқ. Неміс сізді үйіне бір уақытқа шақырады. Сіз сол уақытта келіп, бір сағатта кетесіз. Бұл да қонақжайлық. Сонда, сіз уақытыңызды құртпайсыз. Бір сағатта мәселенізді шешіп кетіп қаласыз. Ал, қазақ шақырса, бар уақытыңыз босқа кетеді. Өнбейтін әңгіме айтылады. Бұл ерекшелік деп ойламаймын. Бұл айтып отырғандардың бәрі ұлттық мінез.

Жарас Сейітнұр: – Сонда жапон мен немістің айырмашылығын да көріп тұрған жоқсыз ба?

Асқар Жұмаділдаев: – Көріп тұрған жоқпын. Өйткені, жапонды жапон қылған, немісті неміс қылған сол автокөліктері мен жаңа технология. Бұны айтып отырғаным, жаңа айтылып кеткендей сол 4 пайыз бәрін билеп отыр.

Дос Көшім: – Мен бұл пікірлерге келіспеймін. Әрбір ұлттың өзіндік ерекшелігі бар. Сол ерекшелік арқылы, сол ұлт танылады. Кез келген ұлттың қасиеттері сол ұлттың шаруашылығы әсерінен туындайтын мәселе. Мысалы, мен қазақ болғандықтан, сауда жасағанды онша қабылдамаймын. Қазақта ер адам қазан басында жүрмейтіндіктен, тамақты да ешуақытта дайындамаймын. Ал, өзбектерге бұл ерсі емес. Біз көшпелі болып жүргендіктен, өмір бойы жылқы бақса, әйел адам қазан-ошақ басында болған. Бірақ, меніңше, қоғамдық формация өзгерген уақыттарда аталған мәселелер келеді. Америкаға барғанымда, бір нәрсені түсініп келдім. Оларда балалары 17-18 жасқа толғанда жеке шығарып, қолынан келгенше қаражатын беріп, шығарып салады екен. Ал, бізде балаларымызды өмір бойы, одан кейін немерелерімізді бағып жүреміз. Бұл қасиеттен ұлттық мінез көрінбей ме, көрінеді. Заман өзгерді. Шындығында солай екен. Бұрынғы қазақ қоғамында еңбек бөлінісі болды. Ал, қазіргі өмірде еңбек бөлінісі жоғалды. Сол уақыттарда балаларымызды тезірек шығарсақ, біздің бұрынғы мінезіміздің өзгеретіні сөзсіз. Өйткені, біз де қалада өстік. Мысалы, грузиндерді алсақ, ашулы, ержүрек, өлім дегеннен сескенбейтін ұлт сияқты көрінеді. Айталық, қытай мен кәріс ерте тұрып, еңбектеніп жатса, біз оған күле қараймыз.

Ал, негізінде, олар сондай болуға мәжбүр. Ал, қазақта Құдайдың берген жері, бағыты, мамандығы, кәсібі сол ұлттық мінез, ерекшелігімізді қалыптастырады екен. Бірақ, өмір өзгеруге бейім. Бізге де өзгеруге тура келеді. Сондықтан, ұлттық ерекшелік бәрібір де бар.

Асқар Жұмаділдаев: – Меніңше, сенің айтып жатқаның ерекшелік емес, стереотип.

Қабдеш Жұмаділов: – Қазақ неге қонақжай екенін тарихи негізден іздеу керек. Қазақтың даласы осы, бірде бір жерінде қонақ үй де, бекет те жоқ. Соған қарамай, айшылап жолға шығып кетеді. Кез келген үйге барады, онда құдайы қонақ болып күтіледі. Бұл «Жеті Жарғы» заңымен бекітілген. Егер, қонақ дұрыс күтілмесе, айып та салынған. Демек, бұны қазақтың даласы міндеттеген нәрсе. Қазақ менталитеті солай шыққан. Асқардың, Достың айтып жатқаны дұрыс. Кезінде қонақжай едік деп қатып қалуға болмайды. Заманға бейімделу керек. Әсіресе, қазақ тойларында шашпалық көп. Неге осындайdan арылмасқа?! Әркім шама-шарқынша той жасаса да, жарап жатыр.

Қамбар Атабаев: – Әр адам сықылды, әр ұлттың ерекшелігі болуы да заңдылық. Ал, біздің ұлтымыздың ерекшелігін тілге тиек етсек, оны тарих пен табиғаттан іздеу қажет. Өйткені, тарих пен табиғат ұлт менталитетіне әсер етеді. Мысалы, біздің тарихымызды, біздің бастан кешкенімізді басқа ұлт көрген жоқ. Сол себепті, бұл да мінезімізге әсер етеді. Бұл жерде жақсы да, жаман да жақтары бар. Жақсы жағы, бізде барлығы уақыт пен кеңістікте болады. Айталық, уақыт өлшемдерін айтқанда, сүт пісірім деген сияқты ұғымдарды қолданамыз. Міне, осының бәрі бізге ғана тән ерекшелік. Сондықтан, ұлттық ерекшелігімізге, ұлттық құндылықтарымызға мүмкіндігінше, жақындаған дұрыс болар. Сонымен, қазақтың ерекшелігі деп, қазақтың өзіне ғана тән тілі, ділі, дәстүрі, мәдениеті, ал, жаман жағы жалқаулығы, енжарлығы, жай-барақаттығы, шашпалығын жатқызамыз. Айтып не керегі бар, бұның бәрі Абайда тұр.

Жақан Молдабеков: – Сұрақ қарапайым және нақты болса да, жауабы күрделі болады. Өйткені, оның астары осындай. Адам болған соң, бәрінің ұқсастығын табу да дұрыс. Сіздердің айтқан ойларыңызды тиянақтасам, ұлт ерекшелігі, оның болмысына, табиғи-тарихи ерекшелігіне де байланысты. Сондықтан да, соған байланысты жағымды да

жақтары бар. Сол үшін біз жерімізді сақтап, ел болып қалдық. Ал, жаңа заманға үйлесе бермейтін де жақтары бар. Сондықтан, «Қазақтың бұрынғы кезбен ұқсастығы қандай, бүгінгі жаңа дәуірде қандай ұқсастық болу керек?» деген мәселеге жауап іздеген жөн. Қандай мамандықты таңдасақта, біріншіден, оны кәсіби деңгейге жеткізу, екіншіден, сол кәсіби деңгейді ұлттық мүддемен үйлестіретін бағытты іздестіру, үшінші, бүгінгі мен еліміздің болашағының мүддесін ұштастыратын іс-әрекеттерді жүзеге асыру қажет. Міне, осыдан, құндылықтар да, көзқарастар да өзгереді. Бұрында мен қазақ, қазақтану, Қазақстан деген мәселені көтерген едім. Мемлекеттік тұрғыда келсек, құндылықтар өлшемі өзгереді. Ал, егер, ұлттық деңгейде қарайтын болсақ, онда біз қалыптасқан бұрынғы өлшемге бұрамыз.

Жарас Сейітнұр: – Аға, типтік қазақ қандай болады?

Қабдеш Жұмаділов: – Ондай типтік дүние жоқ. Абайдың келтірген өлшемі бір өлшем. Мұхаммед-Хайдар Дулатидің мемлекетті басқару хақындағы 11 ережесі бар. Егер, осы ереже тұрғысынан келсек, ол бүгінгі күні де маңызын жоғалтпаған. Міне, мемлекетті, қоғамды басқарудың қандай ерекшеліктері бар деген сұрақтарды біз өзімізге қоймай жатырмыз. Сондықтан да, бір сұрақтың астарында психологиялық, әлеуметтік, мәдени деңгейде әртүрлі жауап болуы әбден мүмкін екен. Абайдың айтып кеткен типімен, бүгінде шектеле алмаймыз. Өзгерістер міндетті түрде болады. Осындай өзгерістер тұсынан, қазақи мінез қандай болуы керек дегенді өзіміз толықтырып отыруымыз қажет. Өйткені, бір өлшеммен болашақты болжай алмаймыз. Ол, тек құрамдас бөлігі болып қалады екен. Іскерлік мәселесіне келсек, Абайдың айтқан ойы бұл дүниеге жақын емес. Ол адамгершілік тұрғыда ғана қарастырды. Өмір солай. Бірақ, бір-біріне қарсы болмауы қажет.

Жарас Сейітнұр: – Жақсы ойлар айтылды. Отарсыздандыру процесі жасалмады деп жатырмыз. Бірақ, оны кім жасамады? Ондай болса, зиялы қауымымыз не істеп жүр? Біз де өз мойнымызға жүк алайық. Кезінде, қан тамып тұрған Кеңес заманының өзінде Илияс Есенберлиндер тарихи романдар жазды. Жазушыларымыз идеология жасады. Сол сияқты, Алаш қайраткерлерін қанша ұлтшылдар десе де, мұрағаттан соны қарап солардың ізімен жүргендер болды, сол сияқты, мемлекет

қазір трансұлттық компаниялардың идеологиясын жасап жатса, қазақтың зиялылары ұлттық идеологияны қалыптастыру қажет. Бұл жерде «Біз кіміз?» және «Кіммен боламыз?» деген түсініктерді анықтап алғанымыз жөн. Өте көп нәрселерді жоғалтып та алғанбыз. Бізде психология ғылымының ерекшелігі, кез келген нәрсені теория тұрғысынан ғана емес, оның адамдарда нақты қандай көрініс табуынан да қараймыз. Мен жаңа типтік қазақ туралы әңгіме қозғадым. Себебі, бізде типтік басқа ұлтты айтса, көзімізге елестете аламыз. Сол сияқты, ұлттың өзгермейтін тұрақты жағы бар. Мәселе, сол тұрақтылықты таба білуде. Біздің мінезіміз бар. Мәселе, соны қалай табуда. Оған ғалымдар да, акын-жазушылар да бірлесе еңбек ету керек. Сонда ғана, біз өзіміздің қазақылығымызды мойындата аламыз. Онысыз да, унификацияланған, бірегей заманда тіршілік етеміз. Ұлтқа сай болу, сәйкестілік деген ұғым бар екен.



Әбдірашит Бәкірұлы: – Біз Жақан екеуіміз 10 жылдан бері творчестволық бірлестікте жұмыс істеп келеміз. Осыдан, он жыл бұрын Жақанмен бірге, бір авторлық мақалада Қазақтану институтын ашатын уақыт келді деген сарында жаздық. Өйткені, қазақ өз алдына тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін, қазақ өзін-өзі тану керек деген бастама көтергенбіз. Өкінішке орай, біздің саясат ұлттық мемлекет деңгейінен гөрі, көпұлттық мемлекет деңгейін ұстанды да, сол тақырып қалыптасып қалды. Қазір, Ресей, Қытай қазақтануды тереңірек зерттеп жатыр. Бұл үлкен кемшілік. Өйткені, олар біздің осал тұстарымызды дөп басу мәселесін, қалай әсер ету мәселесін зерттеуде. Біз әлі күнге дейін, қазақтану мәселесін алдымызға қоя алмай келе жатырмыз. Мысалы, осы уақытқа дейін, қазақтың типтік негізін анықтайтын ұғымдар болған. Бұл ақсақал, жігіт, қарындас, келін, іні, аға секілді үлкен ұғымдар. Біз осы тұста жігіт болу, не қарындас болу қандай екенін, ортақ үлгілерін ұсынбадық. Өйткені, бізде қазір хаос. Жігіт дегенде әркім өзінше жігіт болуда. Яғни, бұл жерде ортақ типтік стереотип қалыптаспаған. Өйткені, бізде қазақтану деген жоқ.



Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ,
философ

ҚАЗАҚ БОЛУ ОҢАЙ МА?

Жалпы, «Қазақ болу оңай ма?» Ойткені, әркім де «қазақ» болып туылғанымен, қазақ бола салмайды ғой. Ол үшін ұлттық тәрбие қажет. Бірақ, күнкөріс қамымен үдіре көшіп, бұрынғы ұрпақ жалғастығы, тәрбие сабақтастығы бұзылған заманда – ұлттық тәрбие шайылып барады. Жасырып неғылайық, қазіргі қарияларымыздың арасында «ақсақал» болудың қандай екені, жігіттеріміздің ішінде – «қазақ жігіті», қыздарымызда – «қазақ қызы», келінде – «қазақ келіні» және т.б. туралы нақты түсініктер таяздай түсуде. Әркім өз білгенімен қазаққа ұқсап бағуда! Сол себепті, біздің бойымызға «көрінгеннің қаңсығы» сіңудейін сіңіп жатыр. Біз осы уақытқа дейін қазақтың ата-апасы, аға-інісі, бауыры, ақсақалы мен жігіті, қыз-келіні, нағашы-жиені және т.т. болудың қандай екені туралы нақты «қағида» қабылдай алмадық. Тіптен, ұлттық деңгейде өзімізді қалай «қазақ етіп» тәрбиелеуді де ұмыта бастадық. Сондықтан, шашыраңқы тәрбие шалағай қазақты «өндіруде»! Осы үрдісті тоқтатудың қандай жолы бар? Міне, мәселенің бар түйіні, осы күрмеуді шешуде жатыр деп ойлаймын. Себебі, тәуелсіздіктен кейін «Мемлекет құрушы ұлт» ретінде тарих алаңына шыққан қазақ ұлты тез арада «Қазақтану» институтын құрып, өзін өзі тануды қолға алуы қажет еді. Сонда ғана «ұлттық болмысымыздың» қарқынды дамуына, өзіндік ұлттық келбетіміздің қалыптасуына, яки, әлемдік бәсекелестікке қабілетті ұлтқа айналуымызға теориялық негіз жасалып, бүгінгідей шашырап емес, саналы түрде біртұтастығымызбен, біртектілігімізбен

алға басар едік. Өкінішке орай, олай жасалмады...

Ақпарат беттерін ақтара отырып, осы тақырыпты өзек еткен еңбектердің өте аз екеніне көз жеткіздік. Тек қана белгілі блогер Болат Нүкенұлы өзінің «Қазақ халқы бай-қуатты болуы үшін не істеуі керек!» деген еңбегінде біршама талпыныс жасапты (http://content.foto.mail.ru/bk/bolat53/_myphoto/i-86.jpg). Енді, сол еңбектен үзінділер келтіре отырып, ойымызды әрі жалғастырамыз. Мұнда осы мәселені зерттеу әдістемесінің негізі дұрыс көтерілген: ол – «өзге этникалық топ өкілдерінің мемлекет құрушы байырғы ұлт төңірегіне топтасып, біртұтас халық болып, бір тілде сөйлеп, болашаққа сенімді түрде аяқ басуы тиіс» деген қағида. Шынында да, осы қағиданы бүкіл қоғам болып қабылдаған жағдайда, ол «Қазақ деген кім?», «Қазақ болу үшін не істеу керек?» деген сұрақтарды көлденең тартары сөзсіз. Сонда, бұл сұрақтарға өзгелер емес, қазақтың өзі жауап беруге мәжбүр. Ал, бұған қазіргі шашыраңқы күйге түскен қазақ халқы дайын ба? Меніңше, дайын емес. Себебі, бұл мәселеде бір-біріне қарсы тұрған бірнеше көзқарастар бар. Бірінші, «Мемлекет ұстанымы». Қазір мемлекеттің ұлттық саясаты «қазақ болмысын» қалыптастыру, оны әлемге «қазақстандық бренд» ретінде ұсынудан гөрі, қазіргі қазақтардың тездетіп жаһандану процесіне кірігуін ұсынып отыр. Мысалы, жастарды жаппай шет елдерде оқыту, елімізде «үш тұғырлы тіл» бағдарламасын қабылдау, оқыту жүйесін батыс үлгісіне көшіру және т.с.с. Әрине, үш-төрт тілде емін-еркін сөйлеу жаман емес, әлемнің қай бұрышында өзін еркін ұстайтын қазақ болу одан да жақсы... Бірақ, шындық олай емес.

Мемлекеттің бұл ұстанымын «ұлт мүмкіндігін асыра бағалау, не, ұлттық мәселелердің астарына терең бойламау» деп бағаласа болады. Себебі, халықтың мемлекеттің іргетасын құрайтын субъект ретіндегі негізгі міндеті – оның жекелеген өкілдерінің хамелеондай құбылып, кез келген ортаға сіңіп кете алуы емес, халықтың (ұлттың) субъект ретіндегі басты міндеті – өз мемлекетін әлемдегі барлық мемлекеттерден ерекшелеп тұратын «өзіндік болмысын» түзуі. Ал, бұл «міндеттің» өзегін ондағы өмір сүретін негізгі халықтың «ұлттық болмысы» құрайтыны – айнымас ақиқат! Мысалы, оның жарқын мысалы деп жапон халқын, неміс халқын, скандинав халықтарын немесе Біріккен Араб Әмірлігін, Үнді, Қытай және т.б. көптеген халықтарды атап өте аламыз. Орталық Азия елдерінен бұл жерде тек Өзбекстанды ғана атап өтуге болатын шығар... Сонымен, «мемлекеттік ұстанымның» зиянды жағы мынада деп білеміз: ол – біздің өз елімізде осы мәселеде бір айқындыққа қол жеткізбей жатып, уақытты жылдамдатқымыз келетіні. Шынында да, қазір мемлекет келбеті (*экономикалық, әлеуметтік, мәдени, рухани бағыттар*) айқындалмай жатқанда – мемлекет құрушы қазақты «Әлемдік қазақ» ету бізге қаншалықты пайдалы? Ал, «ұлттық болмысы» әлсіреген елдің әлемде қаншалықты құрметке ие екендігі туралы, оның өзін-өзі сақтау иммунитеті қалай болатыны туралы біз ойландық па?.. Ендеше, бұл мәселелер, шынында да, тарих алдында жауапкершілікті талап ететін, олай болмаса – ұлттың өміріне қауіп төндіре алатын жағдайлар! **Екінші, «Ұлтшылдық ұстанымы».** Мұның өзі де бірнеше тармаққа бөлінеді: бірі – «Әлемде бірінші болып жылқыны қолға үйретіп, мал өсіру мен оның өнімдерін ұқсату мәдениетін жоғары деңгейге көтеріп, ат тұяғы жеткен жердің бәрін тиімді пайдаланып, қоршаған ортамен-табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас орната білген бабаларымыз өз болмысы мен заманына сай бақытты өмір сүріп, ұлт мәдениетін дамытқан. Ол кезеңдерде, әлемнің көптеген елдерінің тұрғындары өмірлеріне қауіп төндіріп жабайы аң аулап, етін жеп, терісін киім етіп жүрген заман екен... Осындай танданғандар

мен тамсанғандардың қатары көбейіп, ақыры «Ұлы Жібек жолы» қазақ даласының үстімен өтіпті...» (*Б. Бутеев*) деп келетін өткенді аңсайтын «тарихшыл ұстаным» болса, екіншісі-үшінші және т.б. қатарларда – «әсіре ұлтшылдық», «қатаң» («жұмсақ») ұлтшылдық», тіптен, «ұлтсызданған ұлтшылдық» дейтін құбылыс та кездеседі! Әрине, қазіргі қазақтың «ұлттық болмысы» тарихи тұрғыда қалыптасқанын, әрі, оның небір күрделі жағдайда шындалып – бүгінгі ұрпаққа жеткенін біз мақтанышпен еске аламыз. Бұны – ұлттық сезімді оятушы басты фактор деп мойындаймыз! Бірақ, осы факторды біз дұрыс қолдана алып отырмыз ба? «Иә» дер болсақ – қатты қателесеміз. Себебі, қазірдің өзінде біз өз арамызда «бабалар жасаған бұл тарихты» бөлісе алмай, біртұтас халық ретінде көріне алмай отырғанымыз жоқ па? Иә, сырт көзге бәрі дұрыс секілді: мақтанатын тарих бар, оны жалғастырушы халық бар... дегендей. Алайда, олай емес! Оның көрінісін алыстан іздемесе де болады – қазақ зиялыларының жиылып алып: «Қайтсек қазақ боламыз?» деп жатуының өзі – осының дәлелі! Ал, «ұлтсызданған ұлтшылдарды» өзге тіл аясында ділі мен болмысы деформацияға ұшыраған, алайда, өздерін «қазақ» деп танитын ұлт өкілдері арасынан табуға болады. Олар да «ұлтым» дегенде егіліп тұрады, бірақ ұстанымы космополитизмге мейлінше жақын. Осы жағынан алғанда, қазіргі олардың ұстанымы «мемлекеттікке» мейлінше жақын болып тұр. Және де, олардың көпшілігі қазақтың әлі де ықпалды салт-дәстүрлерінің көбін жатырқай қабылдайды, кейде мүлдем қабылдай алмайды (*Мысалы: Олжас Сүлейменов, Данияр Әшімбаев, т.т.*). Сонымен, қазақ халқы бай-қуатты болуы үшін не істеуі керек? Ол үшін қазақ өзінің кім екенін, қазіргі заманда оған қандай миссия жүктелгенін білуі керек, сонымен бірге, болашақ қалай боларын болжауы қажет. Егер, осы мәселені ұлт өзінің алдына қояр болса, онда ол көп қиналмай-ақ «қазақтығын» сақтай отырып қана әлемдік бәсекелестікке түсе алатынын ұғар еді. Себебі, біз жаһандану заманында тек қана «ұлттық бренд-

пен» өрнектелген экономика арқылы бәсекелестікке бара алмақпыз. Яғни, қазіргі заманның бізге қойып отырған басты міндеті «экономикалық өрлеу» болса, оған тек «ұлттық болмыспен» барғанда ғана нәтиже боларын шешуге тиістіміз. Қазақ елі үшін бұл екі мәселе бір-бірінен ажырағысыз: экономика – ұлт болмысын нығайтуы тиіс, өйткені, ұлттық болмыссыз экономика міндетті түрде тұрақсыздыққа апарады. Сол себепті де, «Қазақ болу оңай ма?» деген сұрақ қазір біз үшін аса маңызды!

Б.Бутеевтің еңбегінде тағы бір құнды принцип аталады, ол – «жеке тұлға», «жауапкершілік орта», «ұлттық сана». Осыған байланысты мынадай тұжырым келтірген: «ата-бабаларымыз, күшті мемлекеттілікті жеке бастың еркіндігі үшін құрбандыққа шалып, мемлекеттілікті күшейтуге жөнді көңіл бөлмей жүріп, басқа елдің боданы болып қалды. Ал, қазір керісінше, егемендік жағдайында мемлекеттігімізді күшейтуге көп көңіл бөлінгенімен, әсіресе, соңғы 100 жылда тоз-тозы шыққан қазақ азаматтық қоғамы әлсіз болғандықтан, ұлттық қоғамдық сана өте төменгі деңгейде болып тұр» деген. Бұл жерде келісетін-келіспейтін сұрақтар бар. Мысалы, «тарихта жеке тұлғаның рөлі» туралы теория бәрімізге біршама белгілі. Сол теория бойынша «жеке тұлғаның мемлекетті күйретуі жеке тұлғаның «еркіндігінен» туындамайды екен. Керісінше, «жеке тұлға» қандай да бір нәрсеге басыбайлы болып қалғанда ғана мемлекет азып-тоза бастайды. Мысалы, түркі жұртының тікелей қатысы бар Хазар мемлекетін күйреткен кесел «коррупция» деп аталады. Ол кеселдің Жеке тұлға тарапынан қолдау табуынан туындағаны тарихта белгілі. Ал, оған дем беруші «сыртқы күш» – «халықты, әсіресе, билік тарапын (Жеке тұлғаны да) үстеме қарызбен байлап-матап алған еврейлер еді» деп жазады тарихшылар. Олар ағыл-тегіл ақшаның күшімен биліктің ғана емес, халықтың ділін де, тіптен, дінін де өзгерте алды. Сөйтіп, халықтың өр

мінезі аз уақытта азып-тозып, ақшаға толық айырбасталып кеткен еді... Соңы мемлекеттің күйреуімен тынды... Ал, енді, автордың мына сөзімен келіспеске болмайды: «Ерте кездегі азат, тәуелсіз Қазақ Елінде батырлар, билер, басшылар өте көп болған, себебі, қазақтың әр ата-ауыл-руларының жауапкершілік ортасы өздерінің зиялы тұлғаларын өмірге алып келген... Артында қалың қауым елі бар және қандастарының алдындағы жауапкершілікті жан-тәнімен сезінген ақылды тұлғалар ұлттық жауапкершілік органы қалыптастырып, өз ішінен Төлеби, Қазыбек би, Айтеке би, Әбілқайыр, Абылай сынды кемеңгерлерді іріктеп шығарған...» Өте орынды сөз! Бұл, әсіресе, дәл қазіргі кезде өзекті бола түскен мәселе! Осы жерде «Қазақ болу оңай ма екен?» деген сұрақты тағы қайталап өтудің реті келіп тұрған сыңайлы... Енді, «қазақ болуға» кедергі келтіріп тұрған біршама «мінездерді» атап өтейік. Олар: Бірінші, Құлдық психология (*Бұл жерде «біреудің құлы» емес, адамның «құлқының», «арақ пен есірткінің», «дүние-мүлктің», «байлық пен биліктің», «секталардың» және т.б. құлына айналуы сөз болып отыр*); екінші, «Қазақ болуға» деген салғырттық, жауапсыздық, немқұрайлылық (*Мұның көрінісін күнделікті көріп келеміз. Әсіресе, ата мен немере байланысының әлсіреуі ұрпақ арасындағы сабақтастықты үзіп, ұлттық болмысты шая түсуде*). Сондықтан, парасатты бабаларымыздың Ата жолын ұмытқан, ұлттық болмысы өзгерген, басқа күштердің жетегінде кеткен, өзгенің ақылымен жүрген бүгінгі қоғамды іштен жегідей жейтін сыбайлас жемқорлық жайлап алды. Осындай жағдайға тап болған қазақтың жас баласы «қазақ» болуды емес, алдымен, «коррупционер» болуды ойлап жүрген жоқ па осы?.. Мінеки, бастапқыда елеусіз ғана айтылған «қазақ болу», тіптен де оңай шаруа болмай шықты... «Қазақ болу» – «атом электр станциясын салудан» қиын секілді... Мүмкін, ғарышқа ұшумен шамалас шығар...



Оразак СМАҒҰЛҰЛЫ,
тарихшы-антрополог, Қазақ Ұлттық
Ғылым академиясының академигі

«Кейбір адамдарымызда құлдық элементтер болуы мүмкін. Бірақ, ол туа бітті ұлттық мінез бен менталитетке жатпайды...»

– Қазақтың ұлттық мінезі генетикалық, тектік тұрғыда қалыптасып, қазақпен бірге жасап келе ме?

– Жалпы, қазақ халқының генетикалық, физиологиялық, морфологиялық ерекшеліктері арғы ата-бабаларымыздан сақталып келе жатқан құбылыс. Оған 4000 жыл болды десек, еш артық айтқандық емес. *Сол уақыттан бері, қанишама мезгіл өтсе де, қазақтардың дене құрылысындағы 30 пайызға жуық ерекшеліктері сақталған.* Осындай уақыт аралығында, біздің ата-бабаларымыз бен қазіргі ұрпақ арасында үзіліс болмаса, 4000 жылдық тарихымызда мәдениетіміз, өнеріміз босқа кетпеген. Сондықтан, бүгінгі қазақ халқына тән менталитеттің ең арғы тегі тереңде жатыр. Ендеше, қазақтың бойында өзіне тән, лайықты менталитеттің барлығына антропологиялық, генетикалық зерттеулер айғақ бола алады.

– Жалпы, қазақ халқының туа бітті ұлттық мінезі мен менталитетіне қай қасиеттерін жатқызар едіңіз? Бізді басқа ұлттардан ерекшелендіретін бұл қандай мінез?

– Бұндай сұраққа нақты жауап беру үшін, тестілеу жұмыстарын жүргізген жөн. Бүгінде қазаққа тән мінезді анықтайтын әдістемелер ғылымда пайдаланылған емес. *Дегенмен де, бүгінгі қазақтардың өзінің менталитеті, іскерлігі, бір қалыпты жағдайларға шыдамдылығы, патриоттылығын ерекшеліктерге жатқыза аламыз.* Өйткені, өткен заманда қазақтың жерін, елін қорғау бір ортадан, яғни, әскери қызмет бір орталықтан болмаған. Бір орталыққа бағынған күш те жоқ еді. Соған қарамастан, бүкіл қазақ менталитетінің бір ерекшелігі, өзінің қай өңірінде де, оны сыртқы жаудан қорғайтын ұлтқа ортақ батырлары болған еді. Есіме түсіп отыр, әзіл-шыны аралас қалмақ ақыны Давид Кугильдинов: «Қазақтың батырларының көп

болуының себебі, қалмақтармен, яғни, бізбен соғысқаннан пайда болды», – деген еді. Шынымен де, осыншама жерді сақтап, бүгінгі ұрпаққа қалдырған ата-бабаларымыз бізді қайран қалдырады.

– Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз тұтастығына келгенде, қазақ мінезі және менталитеті сол тұтастықтың көрінісін көрсетіп, білдіре ала ма?

– Әрине, білдіре алады. Қазақта мынадай сөз бар: «Кіші жүзді найза беріп жауға қой, Орта жүзді қалам беріп дауға қой, Ұлы жүзді таяқ беріп малға қой». Міне, осы ерекшеліктер біздің өңірлерімізде шынымен де, болуы мүмкін. Қазақ халқының тұтастығын еш уақытта жоққа шығара алмаймыз. *Сондықтан, қай жүз болмасын, олардың халықтық, психологиялық, мәдени ерекшеліктері – олардың тұтастығында. Ал, тұтастықтың ерекшелігі дегенде, оны антропологиялық жағынан кешенді зерттегенде, біз қазақтың рулары мен жүздерінің бойларынан ешқандай айырмашылық таба алмадық. Қан бір. Бұл – ұлт тұтастығының көрінісі. Ал, қолға найза беріп жауға қою, қалам беріп дауға қою, таяқ беріп малға қою тұтас ұлттың қарым-қатынастар ерекшелігінен өрген қасиеттер. Олардың қазақ мінезі мен менталитетіне әсер ететін ешқандай да генетикалық, антропологиялық, физиологиялық қасиеттері әрі қазақтың бүгінгі тілінде де диалекті жоқ. Оны осыдан-ақ байқауға болады.*

– Қазір қазақтың ұлттық мінезі мен менталитетіне уақыттың ықпалы қаншалықты әсер етті? Ұлт мінезінің өткені, бүгіні қандай?

– Қазақтың өткенге байланысты бір ерекшелігі, біздің ата-бабаларымыз кең байтақ далада аралас-құралас, бір-біріне қамқор болып, елін, жерін қорғау бағытында тіршілік еткен. *Осы тіршіліктің арқасында бүгінгі қазақтардың генетикалық құрылымдарынан бастап, морфологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне дейін тұтастық, бірлестік өте жақсы сақта-*

лынып қалған. Осы ерекшелік бүгінгі дәуірде де сақталған. Бір мақтанар жері, біздің ата-бабаларымыздың одан кейінгі дәуірлердегі ұрпақ жалғастығында үзіліс болмаған. Қазақтың, осындай, 4000 жылдық тұрақтылығына қарағанда, әсіресе, ата-бабаларымыздың ең үлкен ерекшеліктерін сақтап қалғандарына қарағанда, бүгінгі қазақ халқының ұрпақтары үстіміздегі 3-мыңжылдықта өздерінің ерекшеліктерін еркін сақтап қалады деген үміттеміз.

– Ұлттың мықтылығы- территориясының кеңдігінен байқалады десек, қателеспейміз. Осындай, алып жерді сақтап, ұстап тұру оңай емес. Екіншіден, ХҮІІІ ғасырларда өзге ұлттарды өзімізге ассимиляция жасап жібердік. Ал, қазір өзіміз ассимиляцияға ұшырап жатқан сияқтымыз. Сонда, біздің өзге ұлттарды өзімізге сіңіру қасиетіміз қайда кетті? Сол тек (ген) қазір неге сақталмады?

– Қазақ халқы ассимиляцияға бейімделгіш деп айта алмаймын. Бұл көп болса, 5-6 пайызды ғана құрайтын шығар. Басқа ұлттарды қайдам, қазақтардың басынан өткен тарихи жағдайы, олардың мінезі мен менталитетіне әсерін тигізуде. Айталық, үш ғасыр бойы орыс патшалығының отарлау саясаты әсерін тигізбей қалдырған жоқ. Ал, басқа ұлттар мұндай

қиянаттық көрген емес. Содан келіп, неғұрлым халық көп әрі тез араласса, соғұрлым жылдам жойылады деген колонизаторлық пейіл де пайда болды. Шындығына келгенде, біз 4000 жылда моңғолдармен де араластық. ХІІІ-ХV ғасырда біздің елге келген моңғолдардың үлесі 20 пайыздан аспаған. Бүгінгі заманда, 20 пайызға шейін қазақ басқа ұлттармен араласады дегенге мен ешуақытта сенбеймін.

– Бүгінде қазақтың бойынан құлдық психологияны іздеушілер бар. Сонда, құлдық психология деген біздің қанымызға сіңген қасиет пе, әлде, отарлық жүйеден қалған құбылыстар ма?

– Жоқ, олай емес. Бұл қазақты бөлшектеуге тырысатын, тырнақ астынан кір іздеушілердің сөзі. Дегенмен, 4000 жылда бөлшектенбеген халықты, бүгінгі егемендік дәуірінде бөлшектеу оңай емес. Дей тұрғанмен де, үш ғасыр бойы отарда болудың әсері тимей қоймайды. Оның үстіне, Кеңестік кезеңдегі Совет халқын қолдан жасау принципі де ұлтымызға өз әсерін аз да болса тигізбей қойған жоқ. Сондықтан, кейбір адамдарымызда құлдық элементтер болуы мүмкін. Бірақ, ол туа бітті ұлттық мінез бен менталитетке жатпайды.

Сұхбатты жүргізген,
Ақбота ҚАЙРАТҚЫЗЫ



Жолымбет МӘКІШЕВ,
журналист

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ НЕМЕСЕ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ТУРАЛЫ...

Бастау

Орта ғасырларда Ресейде алғаш рет болған шетелдіктер, орыстардың мінез-құлқы туралы көптеген деректер жазып қалдырған. Ондағы мәліметтердің кейбірі әлі де өзекті. Мәселен мұндағы «Орыстар бөгде тілді үйренуге бейім емес. Тіпті, өзара әңгімелескенде де ешқашан өзге тілді араластырмайды» деген сөздерден, еліміздегі орыс ағайындардың қазақ тілін неге үйренгісі келмейтінін білуге болатындай. Мүмкін, ана тілін білмейтін немесе үйренуге ұмтылмайтын өз қандастарымыздың қылығын да ұлттың бойындағы осындай мінез ерекшелігінен көру керек шығар? Төмендегі материалда орыстар туралы жазған шетелдіктердің қысқа пікірлері ғана қамтылды. Мұны біз орыс пен қазақтың ұлттық мінезін ажыратып, білу үшін келтіріп отырмыз.

Қазір, біз өмір сүріп отырған қоғамда, Қазақ мүддесіне атүсті қарайтын жаман әдет қалыптасты. «Айғайлай-айғайлай қасқырдан да ұят болды» деген екен баяғыда біреу. Тіл, дін мен ділдің қазіргі күйін ашына жазған Қазақтілді акпарат құралдарының материалдарына бұқара бұрыңғыдай елендмейтін болды. Жұртты немқұрайлылық басып барады. Шетелден келетіндердің Қазақстаннан Ресейдің әлдебір губерниясына келіп-кеткендей әсермен қайтатыны осыдан. Ұлтты ұйыстыруы тиіс зиялылар мен шенеуніктерден де жұрт аталы сөз естуді қойды. Себебі, олардың өзі кейінгі жылдары ұлттық мүддеге үрке қарайтын «ауру» тауып алды. Тілге, дінге қатысты дүниелерді талап ете қалсаң, «ойбай Қазақстанда жүздеген ұлт тұрады. Олардың көңіліне де қарау керек» деген дүбәра жауап аласың. Өстіп, ұлттық мүдде десе ат тонын ала қашатын әлемдегі ең көңілшек шенеуніктерді қалыптастырдық. Тіл демекші, кейінгі кездері мемлекеттік тілдің өркендемей жатқанын орыстардан көретіндер көп. Билік бейқам болған соң, орекендерді кінәлай беру де жөнсіз. Талап күшейіп, барлығына мемлекеттік тілді білу міндеттелсе ғана республикадағы диаспора атаулы заңның бұйырғанына еріксіз мойынсұнады. Дегенмен, еліміздегі тілдік ахуалды қалыптастыруда орыс тілділердің өзіндік ықпалға ие екені рас. Олардың мемлекеттік тілді үйренбей жатқанын немесе оны менгеруге талпынбай отырғанын ұлттық психологиядан да көруге болады. Мәселен, өркениетті Еуропа орыстардың мінез ерекшеліктеріне баяғыда назар аударған. Төмендегі жазбаларда орта ғасырларда, Ресейде алғаш рет болған шетелдіктердің ондағы жергілікті халықтың менталитеті туралы жазып қалдырған қызықты деректері берілді. Оларды бір ұлтты кемсіту, тұқырту мақсатында емес, ескі сана-сезімді қазіргі оймен бағалау, салыстырмалы түрде бағамдау үшін жариялауды жөн көрдік.

1549 жылы Ресейде дипломатиялық қызмет атқарған Австриялық Сигизмунд Герберштейн біздің Құдай қосқан көршіміз туралы деп жазыпты: «Орыс патшасы өзіне қарасты тұрғындарды қалай билесе, дін өкілдеріне де солайша әмір жүргізеді. Патша не естесе де, олар оған құдайдың қалауын жеткізуші ретінде бойұсынады. Әлдебір тұтқынның мәселесі сөз болса, әлбетте «Құдай қаласа, босайды» деп

жауап қайтарылады. Егер, біреу өзі біле бермейтін нәрсе жәйлі сұраса немесе күмәнді жәйтті білгісі келсе, оған көбіне «Ол Құдай мен ұлы патшаға ғана мәлім» деп жауап беріледі. Орыстардың адам түсіне бермейтін мінезі көп. Кейде осындай қотиын, бірбеткей мінезді халық тиран-патшаға шынымен де мұқтаж шығар, я болмаса бұлар патшаның қатігездігінен осындай қатал мінезді болып қалыптасқан болар деген ой келеді. Соғыста да, олар асығып, тобыр болып шабуыл жасайды да, қарсыластарына лайықты тұрыстық бере алмайды. Тұрыстық берген күннің өзінде де тығылып келіп тұтқиылдан тиеді. Жер бетінде осындай қатал өмірге бейімделген халық әсте жоқ шығар. Мен бір орыстың, егер, ұрып-соқпайтын болса, еркіндікке қарағанда түрмедегі өмір әлдеқайда көңілді дегенін естідім. Себебі, түрмеде тамақ дайын. Ал, бостандықта тамақ табу үшін оларға бейнеттенуге тура келеді. Мұнда тұрмыстары адам төзгісіз кедейлер өте көп. Мен олардың тұздалған балық пен балықтың өзге түрлерін қалай қорек еткенін көрдім. Олар істеген балықты бұдан артық қандай жақсы тамақ болуы мүмкін деп тамсана жейді. Орыстар ырымшылдыққа жақын грек заңымен ғұмыр кешеді. Орыс шіркеулерінде мүсін атаулы кездеспейді. Барлығы сурет түрінде бейнеленген. Орыстар олардың құдіретіне пұтқа табынғандай көзсіз сенеді. Олар бізді жарым-жартылай христиан санап, өздерін күнәсіз сәбилердей сезінеді. Орыстар бөгде тілді үйренуге бейім емес. Тіпті, өзара әңгімелескенде де ешқашан өзге тілді араластырмайды. Шіркеулерінде ғибадат орыс тілінде жүреді. Пірәдарлары қасиетті кітапты оқып жатқанда, былайғы жұрт өзара күбірлесумен болады. Оның сөзін ешкім тыңдамайды. Себебі, түсінбейді. Ал, құлшылықтың соңында шіркеу қызметкерлеріне қосыла «Господи помилуй» деп жамырап кетеді». Алғашқы орыс елшілігін Англияға апара жатқан кезде қаза тапқан әрі Солтүстік Двина арқылы Ресейге жол ашқан ағылшын кеме флотының басшысы Ричард Ченслер, 1553 жылы ресейліктер туралы: «Олар өз әйелдерін басқа жұрттардай құрметтемейді. Әйтеуір, құлдарға қарағанда тәуірлеу қарайды. Мансапты Мәскеуліктер өз әйелдерін қатты

қызғанады. Оларды той-томалаққа жібермейді. Тіпті шіркеудің өзіне әзер босатады. Әйелдерінің жатжерліктерге ықыласы күшті. Жылы сөйлеп, жақсылап сұрасаңыз, сізбен тар төсегін бөлісуге әркез дайын. Мәскеудегі Венеция сенатының елшісі Марко Фоскарино (1557 жылы жазылған) бұл жөнінде, «олар ішкілікке құмар. Тіпті кейде қатты сілтеп жіберіп өзара жанжалдасатын және арақтың әсерінен үйлерге өрт қоятын кездері жиі болып тұрады», – деп жазған.

Мәскеудегі жатжұрттықтардан құралған ротаның командирі Француз Жак Маржерет те 1607 жылы жергілікті халықпен танысқаннан кейінгі әсерін «Орыстардың рухани деңгейіне, әдет-ғұрыптары мен өмір салтына көз жіберсеңіз – оларды варварларға жатқызудан басқа амалыңыз қалмайды. Ақыл жағына келер болсақ, орыстар шынымен де тапқыр әрі ұрымтал болып келеді. Бірақ, олар ақылдарын жақсы іс пен өнегелі өмір сүруге жұмсамайды. Пайда көру мен біреуге жағуға жақындау. Олар екіжүзді, бірбеткей, ұятсыз әрі барлық жаман әдетке үйір келеді. Құқықтың орнына күшке жүгінуге бейім. Олардың тапқырлығы мен әккілігі әсіресе саудасаттықта жақсы байқалады. Жақынын алдау үшін құлық пен екіжүзділіктің небір түріне барады. Ал, оларды алдағысы келген адам міндетті түрде асқан әккі болуы керек. Шындықтан қашып, өтірікке жиі жүгінетіндіктен олар бәріне күдікпен қарайды. Оларда өздерін алдағандарды барынша мақтап, шебер деп танитын әдет бар» деп қағаз бетіне түсіріпті. Төмендегі, келесі деректе тұтқынға түскен швед армиясының полк діндары Генрих Седебергтің 1718 жылы жазған естелігі берілді. Ол: «Орыс негізінен барлық істе табиғи ақылымен дараланады. Олардың көбісі шешен болып келеді. Кез келген шаруада оның өзіне пайдалы тұсын ғана екшеп алатын әбжілдігі бар. Қатардағы орыс шетелдіктермен істес болса бас пайдасы мен жат жұрттықтарға қалай жақсы көріну жағын ойлайды. Байқампаз, адамның іштегі есебіне көз жүгірте білетін олар, қарсыласының осал тұсын аңғарса асқан шеберлікпен оны өз мақсатына пайдалана қояды. Бәлкім, Қытайлардан кейін орыстардан өзге адамға соншалықты құрмет білдіретін жұрт жоқ шығар. Қатардағы азамат

өзімен теңдесін кезіктірсе де бас иіп, ілтипатпен елпектеп жатады. Мұндай әдетті олар бұрынғы жеңімпаздары мен қожайындары, Алтын орданың татарларынан тапқан болуы керек» дейді.

Ресейдегі француз дипломаты Мари Даниэль Корберон 1777 жылы орыстардың мінез ерекшеліктері мен олардың өмір салтына тоқтала келе былайша сөз түйіндеген екен: «Ресейде өмір жақсаратынына сенген адам қатты қателеседі». Бұл пікір-тұжырымдар әр ғасыр, әр түрлі жағдайларда айтылған. Оларға қосылуға да, қосылмауға болады. Бірақ, басы ашық бір жай, жоғарыдағы айтылған жайлар арқылы ұлт мінезін және менталитетін көруге болады.

Ұлт психологиясы – этнопсихологияның негізгі мәселесі

Жалпы, бүкіл халық ұстанатын тәлім-тәрбиелік нормаларды жан жүйесі тұрғысынан баяндау – барлық адамзатқа ортақ халықтық психологияның зерттеу нысанасы болып табылады. Мұнда ғасырлар бойы сұрыптала жинақталып, жүйеге түскен ұлттық дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып ұрпақтан ұрпаққа біртіндеп жалғасатын адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, ден, т.б. тәрбие түрлеріне қатысты таптауырынды нормалар мен принциптер, яғни, белгілі бір этностың, жалпы мінез-құлқы, іс-әрекетінің ішкі астарлары сөз болады. Халықтық психология – психика мен мінез-құлықтың қанға «сінген», тез өзгеріп, не жоғалып кетпейтін ұлттық бітісі, мезгіл мөлшерімен алғанда ұзақ дәуірдің жемісі. Ол сонымен бірге, адамдардың қоғамдық және жеке тәжірибесінен, өмірдегі пайымдауларынан туындайтын қарапайым психологиялық білімдердің жүйесі. Бұл – адам мінез-құлқының көптеген жақтарын қамтып, белгілі этностың өзіне тән психикасы жөнінде біршама мәнді мағлұматтар беретін ілім-білімдердің жүйесі. Әйтсе де, бұлар арнайы ғылыми жүйеге негізделмегендіктен, жеке тұлғамен этнос психологиясын ажыратуға жөнді жарай бермейді. Мұндай жағдайда, біз тек ғылыми психологияның деректеріне сүйенеміз. Халықтық психологияның теориялық мәселелерін зерттеумен этнографиямен астарласа дамыған этнопсихология атты ғылым саласы шұғылданады.

Этнопсихология – әрбір халықтың

рухани әрекетін (*миф, фольклор, тіл, дәстүр, салт, әдет-ғұрып, діл, дін, т.б*), жемісін сол халықтың психологиясын, сана-сезімін көрсететін негізгі өлшемдер деп есептейді. Ол жеке ғылым ретінде XIX ғасырдың орта шенінде Ресейде, кейінірек, Батыс Еуропа елдерінде (*Лацарус, Штейнталь, Вундт, т.б*) пайда болды. **Қазақ топырағында, бұл мәселемен көбірек айналысқан Шоқан Уәлиханов еді. Оның еңбектерінде халық рухы дейтін ұғым жиі кездеседі. Мұны халықтық психология ұғымының синонимі деуге болады. Бұдан біртуар ғұлама ғалымның еуропалық этнопсихологтардың еңбектерінен біршама хабардар болғаны байқалады. Этнопсихология зерттейтін проблемалар (*этностереотип, этноцентризм, ұлттық тұрпат, халық рухы, ұлттық намыс, ұлттық сана, дәстүр, салт, т.б.*) сан алуан.**

Қазақтың ұлттық мінезі, оның кейбір ерекшеліктері

Бұл – өте күрделі, әлі де толық зерттеліп, шешімін таппай келе жатқан мәселе. Осы жәйтті жақсы аңғарған Н. Назарбаев «**Менің ойымша, қазақтардың қайталанбас этикалық, психологиялық әлемі әлі жете зерттелмей, зерделенбей жатқан тылсым дүние**» дейді. Ғасырлар бойы көшіп-қонып жүрген халық өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мәдениеті мен тарихына, табиғатына орайлас, жас буынға тәлім-тәрбие берудің айрықша талап-тілектерін дүниеге әкелді. Мәселен, **бұлар жас адамның жұртқа танымал моральдық-психологиялық нормасын «сегіз қырлы, бір сырлы» делінетін қанатты накыл сөздермен қисындады. Осынау аталы сөздің мән-мағынасы мыналар еді: көшпелі мал шаруашылығын жете игеруі; еңбек сүйгіштікпен қиыншылыққа төзе білу; жаудан беті қайтпау; сөз асылын қастерлеу; тапқырлық пен алғырлық, ат құлағында ойнау; ата салтын бұзбау (*жасы үлкенді сыйлау, Құдайы қонақтың меселін қайтармау, көрші хақын жемеу, т.б*). Көшпелі өмір тіршілігі қара күшке мығым, қиыншылыққа төзімді, құбылмалы табиғат жағдайына тез икемделгіш болумен бірге, жан-жүйесі жағынан да жан-жақты жетілген, кемел адамдарды қалыптастырды. Үйде де, түзде де бала ес білгеннен бастап із кесіп, жол қарап,**

жұлдыз санап өсті. Олардың көзі қырағы, құлағы сақ, қияндағыны шалатын болды. Аң аулап, мал бағып, күнделікті күйбең тіршілікпен жүрсе де жас өскін ақынның сөзін, жыраудың жырын, әншінің әні мен әуенін қалт жібермей тыңдап, ел аузындағы ұғымды мақал мен мәтінді, ертеке пен жұмбақты, терме мен шежірені жадында сақтап, халық даналығын өзіне рухани азық етіп отырды. Әрдайым, көшіп-қонуға дайын отырған қазақтар үшін аң-құс аулау, мал күзету, жау түсіру – тұрмыстың дағдылы машығына айналды. Әрбір көшпенді әрі жауынгер, әрі малшы, әрі шаңырақ иесі болып саналады. Осы айтқанымыздың дәлелі болып табылатын кейіннен мақал болып кеткен «**Өнерді үйрен де, жирен**», «**Жігітке жетпіс өнер де аз**», «**Шебердің қолы ортақ**», «**Жауда жүрсе ат ойнатқан батырым, үйде жүрсе, құрт қайнатқан батырым**» сияқты бесаспап адамның психологиясы жайлы қанатты сөздер біздің заманымызға дейін жетті. Көшпелі қауым бірін-бірі жақсы білді, әр адамның қадір-қасиеті, оның жасына, жол-жоралғысына, әлеуметтік ортадан алатын орнына қарай белгіленіп отырады. Мұндай қауымдастық адамаралық қатынастарды қаршадайдан көріп өскен бала да өсе, ер жете келе ортақ мүдделілікті, көзқарас сәйкестілігін, кісілік белгісін түсініп, жеке бастың өзіне бұра тартуына мүмкіндік бермеді. Психологиялық тұрғыдан «**бірауызды**» болып қауымдасқан жандар үнемі өздерінің рулық одағына етене сіңіскен салттар мен дәстүрлерді ұстанды. Осыған орай, көшпелі тұрмыс тәліміне лайықталған бата беру, ант ішіп ақталу, айтысқа, дау-дамайға төрелік айту сияқты этностық таптауырындар (*стереотип*) кең өріс алды. Әрине, осы топтық санамен бірге әркімнің жеке басының әлеуметтік және биосфералық факторларға орайлас жеке-дара, жас, жыныс ерекшеліктерінің де болатындығы еске алынды. Мәселен, көшпелі халық қыз баланы ерекше қадірлеп, қастерлеп, әлпештеді. Оны әдемілік пен әдептіліктің, сұлулық пен іңкәрліктің символы деп, ал мінезі жайсаң, әдепті жігітті «қыз мінезді жігіт» дейтін болды.

Қоғам өмірінде қазіргі кезде жүріп жатқан терең саяси-экономикалық өзгерістер халқымыздың баға жетпес рухани байлықтары: тіл мен ділі, діні мен тарихы, өнері мен әдебиеті, табиғи орта-

сы, күн көрісі мен шаруашылығына (қолөнері, киім-кешегі, ою-өрнегі, әуез аспаптары, үй жиһазы, т.б.) байланысты небір асылдарды, қысқасы, ұлттың бүкіл болмыс-бітімін (менталитетін) жаңартып, жаңа мазмұнмен байытуда. Әрине, еліміз бен жеріміздің түпкілікті иегері – қазіргі қазақтардың психологиясында, осы этносқа ғана тән біртұтас ұлттық ерекшелік бар деп айту қиын, өйткені, қазақ этносының қазіргі бүкіл тыныс-тіршілігінде, отбасындағы әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр, жөн-жосық, жол-жоралғысында кең байтақ өлкемізді біраздан бері мекен етіп келе жатқан басқа этностар мінездерінің элементтері де көрініс беріп жүр. Десе де, бәз біреулер айтып жүргендей, біз жылқы мінезділіктен айырылған, «қой мінезді» момын, жуас, намысы жаншылған халық емеспіз. Жеріміздің ұланғайыр кеңдігі мен мұндағы табиғат сұлулығының әсерінен ғасырлар бойы қалыптасқан дархан, жомарттық, адамға деген мейірімділік пен өнерпаздық, қазақ биосферасының өзіндік ерекшелігінен туындаған асқан қонақжайлылық, жойқын соғыс пен қуғын-сүргінге ұшырау салдарынан тірнектеп жинаған рухани мұраны өсер ұрпаққа жеткізу ниетінен қалыптасқан балажандық, үнемі мал шаруашылығымен айналысудан қанымызға сіңген малжандылық, ешуақытта басқа жұрттың жеріне көз алартпаған бейбітшілік саясат, өзі тиген дұшпанның қабырғасын қақсатқан көзсіз батырлық, «мың өліп, мың тірілген» кездердегі керемет шыдамдылық пен барға

қанағатшылық – біздің ұлттық мінезіміздің жоталы бітістері, халқымыздың ұлттық мақтанышы. Әрине, патшалық отарлау мен большевиктік империялық саясат тудырған ұнамсыз қасиеттердің біразы бізде қазір де баршылық. Қанымызға әбден «сіңіп» жағымпаздық пен жалтақтық, даңғазалық пен күншілдік, арызқойлық пен жалақорлық, бой-күйездік пен салғырттық, жалқаулық пен шалағайлық, т.б. осы секілді келеңсіз қасиеттер әлі күнге дейін алдымызға оралып, заман талабына бейімделуге бөгет болып отыр. Әсіресе, Кеңес өкіметі жылдарында ұлттық мінезімізге діңсіздік, спирттік ішімдікке әуестік, келеңсіз тіршілікке құмарлық, бақталастық, т.б. (бұлар бұрын-соңды қазақтың түсіне де кірмеген мерез қасиеттер еді) осы сияқты жағымсыз қасиеттер келіп қосылды. Бізде, бұдан басқа еліктеп-солықтаулар (батысшылық, ермелік, еліктеушілік, желөкпелік, т.б.) жетіп артылады. Бұл жәйт еңсемізді көтертпей, құлдық психологияның шырмауынан шығуға кесірін тигізіп-ақ келе жатқанын естен шығармауымыз қажет.

Қазақ халқы, сонау, есте жоқ заманнан өзінің қадір-қасиеттерін қызғыштай қорғап, көздің қарашығындай сақтап, бұған шаң жуытпай, өз ұрпағын ауыздан-дырып келген ел. Сондықтан да, қазіргі ұрпақ осынау ұлттық қасиеттерімізді ерекше қастерлеп, мақтан тұтып, жас өскіндер осы рухта тәрбиеленуге тиіс.

Қорытынды

Халықтық психология – адамдардың қоғамдық және жеке тәрбиесінен, өмірдегі пайымдауларынан туындайтын қарапайым психологиялық білімдерінің жүйесі. Халықтық психологияның теориялық мәселелерін зерттеумен этнографиямен астарласа дамыған этнопсихология атты ғылым саласы шұғылданады. Халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі имандылық пен адамгершілігінің басты белгісі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының практикалық көрінісі. Әрине, «Тауына қарай аңы, заманына қарай заңы», «Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа» дегендей, әлеуметтік өзіндік ерекшеліктері болғандығы белгілі. Ендеше, «...Өз ұлтын сүйген адам өз ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбан қылады» (Мағжан Жұмабаев), «Дүниеде туған еліңнен артық ел де, жер де жоқ» (Ғабит Мүсірепов), «Ұлттың мақтанышы – жеке адам мен ұлт үшін бұзылмас заң. Кімде-кім өз ұятын құрметтемесе және оны мақтан тұтпаса – ол адам сөзсіз арамза қаңғыбас» (Бауыржан Момышұлы) – бұл сөздердің қай-қайсысында да қазақтың ұлттық мінезі мен менталитетінің көріністері жатыр.

Руслан ӨТЕПБАЙ

ҚАЗАҚТЫҢ СҮЙЕГІНЕ СІҢГЕН МІНЕЗДЕРІ

Сүтпен біткен мінез – сүйекпен кетеді.

Шортанбай Қанайұлы

Қазақ турасында, яки, болмаса ұлттың ұлтқа тән қасиеттері жөнінде әңгіме қозғай отырып, Абайдың сөздерін, пәлсапалық ой формулаларын тілге тиек етпеу, қазақ үшін күнә, ұлт үшін ұят-ау, шамасы. Күнәға батпауым үшін, дүйім бір ұлтқа ұятты болмауым үшін Ибраһимнің именбей айтқан ойларын жазбама тұздық етіп көрсек. «Ақынды дана, рахымды әділ, шынға сусаған, қыңырды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай еді. Қазақтың әдебиетіне жан берген: сөздің сырын сырлап, ішін түрлеген, өлеңінен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді. «Өнер тап, оқы, характер қыл, тәрбие ал, ынсапты адам бол», – деп қақсап өткен Абай еді. «Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет», – деген де Абай болатын... Бұл сөздерді менің ұртымнан шыққан деп қалған шығарсыздар, ұртымнан шыққаны рас, бірақ ойымнан емес. Абайға оң бағасын берген, жоғарыда оқылған ойдың авторы, психологияның жілік майын шаққан Жүсіпбек Аймауытов болатын. Расында, Абай айтқан әрбір сөз қазақ үшін көшедегі бағдаршам іспетті. Қарапайым көлік жүргізушісі бағдаршамның бағытын бағамдап, соның нұсқаулығымен көлігін тізгіндесе, ал, қазақ Абайдың сөзін жанына жалау етіп, тұшымды ойын санасына бекітсе, қанекей. Кей жүргізушілер бағдаршамды елемей, сәуленген түсіне иланбай өте шығады. Кей қазақтар да көшедегі жүргізушілер секілді Абайдың даналығының даралығын біле тұра, көзден таса, көңілден алыс ұстайды. Бұл қазақтың надандығы...

Хакім Абай отыз тоғызыншы қара

сөзінде: «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ, бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен... Сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік, мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, сайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді» – деп ой сабақтайды.

Абай сілтеме еткен ата-бабамыздың екі артық мінезінің бірі – бір көсемге бағынып, дүйім елдің көсегесін көгерту. Ал, екінші мінезі – намысқойлық. «... Ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басына би болса, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп мақал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенінді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?» деп Абай бірінші мінезді сипаттай отырып, қалың қазақтың жік-жікке бөлінуін, «бас-басына би болған өңкей қиқымын» тайға таңба басқандай, айшықталып тұратын қазақтың бір олқылығы деп дөп

басып айтады. Абай заманында бөлінген қазақ, әлі де сол бетінен қайтпақ емес. Мәселен, жерге, сосын, руға, тіпті, оқу орнының өзіне де, оның ішінен факультетке, факультеттің ішінен топқа, ал, топтың ішінен «араласатын» және «араласпайтын» болып бөлінетін не сұмдық десенші.

«Екінші мінезі – намысқорлық екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады» деп, «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді» деп, «Ағайынның азары болса да, безері болмайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп, «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар» десіп. Кәнеки, енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылды. Ендігілердің достығы – пейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық» деп Абай отыз тоғызыншы қара сөзін тәмамдайды. Оқырманға ой салады, сауал тастайды. Мінезіміздің ұсақталып бара жатқандығын бағамдайды. Философиялық қырымен тұжырымдайды. Аққудың көкке, шаянның шөлге, шортанның көлге тартатындығын тәптіштейді.

Абайдың өмір жолын оқырман қауымға бір арнада тоғыстырған Мұхтар Әуезов «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақаласында былай дейді: «Бірлікшілміз, ұйымшылмыз, жауынгерміз дейтіндер табыла қоймас, алты бақандық, қазан бұзарлыққа мақтансақ, мақтанайық. Сөйтіп, ұсақтап келіп, жаужүрек батырларымыздың батырлығы ауыл-үйдің малын ұрлауда қалды. Бұрынғы билердің жұрнағы кішкене дөңгелек жер болып қалды». Қазақ мінезі турасындағы, қос алыптың ойы осыған саяды. Ой сабақтастығы көзге ұрынып-ақ тұр. Уақыт өзгергенімен қазақтың мінезі сол қалпы. «Баяғы жартас бір жартас». Өзгелерге өзімізді қазақ деп таныстырсақ, кей жандар таңырқай қарайды. Бет-әлпетімізге емес, қонақжайлылығымызға. Қазақтың бұл мінезі, яки, қасиеті турасында көпті көрген ақсақалмен тілдескен болатынымын.

Атын айтып, затын айшықтауымды өзі қаламады. Бастысы, ақсақалдың сүбелі сөзі, тұшымды ойы болатын. «Қазақтың қонақжайлылығын көбісі қанына сіңген қасиеті дейді. Өзімнің өмірлік жолымнан алған жағдаяттарды сабақ ете, қазақтың қонақжайлылығы неден деген сұрағына жауабымды беріп көрейін. Жастайымнан қалада күн кештім, қоғаммен етене араластым. Араласып жүріп, білместікпен алаяқтық жасадым. Заңға қайшы әрекеттерді өзімнің жанымға жат көрмедім. Сонымен, не керек, тұрғылықты жерімнен ат-тонымды ала қашу керек болды. «Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда» деп зар-еңіреп жылаған кезім де жоқ емес. Жаннның тәттілігі соншалық, адам аяғы баспайтын бір жайлауға ат басын бұрдым. Азын-аулақ шаруашылық иесінің қойын бақтым. Талай жыл шопан болып, азаттықтың ақ таңын өткеріп жүрдім. Көз алдыға елестет. Жапан дала қолында, таяқ жолында ғой. Адам атаулының бірі жоқ. Адамды көру арман. Күндерім осылай зулап өтіп жатады. Дәл сондай күннің бірінде көзім алыстағы көлікті шалды. Қырдан ылдига қарай бағыт алған көлікті көргенімде, өзімді қоярға жер таппай шаттанғаным бар. Әлгі көліктің ішіндегі екі қазақ жігітті көргенімде, тілім байланып та қалды. Дерев, жөн сұрасып, тігілген 6 канатты киіз үйдің төріне топ ете түсірдім. Айлап адам көрмегенімді айтып, әңгіме-дүкен құруға шақырдым. Дастархан жайып, құдай қонақтарыма ет ұсындым. Сондағы менің түсінгенім, байырғы көшпенді ата-бабамыз айлап, яки, болмаса жылдап туған-туыстарынан өзге адам көрмей, жапан далада бір киіз үйдің ішін мекен етеді. Ал, егер мен секілді, өтіп бара жатқан жолаушыны көрсе, құдай қонақ қылып сыйлап, қонақ кәдесін сұрап, қызығына бір батады. Бұдан шығатын мораль – қазақты қонақжай еткен ол табиғат, орын тепкен ортасы», – деп ойын қорытындылады ақсақал.

«Қазақ ойласа – ойдың көсемі, сөйлесе – қызыл тілдің шешені, ұстаса – қашағанның ұзын құрығы, қиып алған жас орманның сырығы» деп зар заман ақыны Қазтуған қазақтың өн-бойындағы мінез-құлқын, қасиетін сипаттайды. Қазақ деген халық барда, қазақтың мінезі туралы әңгіме таусылмақ емес. Таусылмасын деңіз.



Мұрат ЖҰРЫНОВ,
ҚР Ұлттық Ғылым академиясының
Президенті, ҚР Премьер министрінің
кеңесшісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының
лауреаты:

«Ғылым барлық уақытта шындықты іздейді»

— Бір сұхбатыңызда ғылым даму үшін тазалану керек депсіз. Сонда, сіздіңше ғылымдағы тазалық деген не?

— Ғылым деген — шындықты іздеуге бағытталған адамзаттың еңбегі. Соңғы зерттеулер бойынша адам баласы 80-85 мың жыл бұрын пайда болған. Ең алғашқы адамның сүйегі қазіргі Оңтүстік Африка Республикасынан табылған. Содан ұзаған сайын сүйектердің жасы азая береді. Демек, ғалымдардың айтуынша «гомо сапиенс» деген адамның ең соңғы адами түрі сол жерден алғаш басталғанын білуге болады. Міне, осыдан бері адамзат ізденісте келеді. Ғылым нені іздейді? Ол барлық уақытта шындықты іздейді. Табиғатты, адамды, хайуанаттарды зерттесе де іздейтіні бір-ақ нәрсе, ол — шындық. Сондықтан, ғалымдардың қоғамы тазалану керек. Шынайы болуы тиіс. Әсіресе, гуманитарлық, қоғамдық ғылымдарда, экономика, саясаттану, педагогика деген сынды өте қиын тексерілетін салаларда бірінен-бірі көшіру, яғни, плагиат көп. Ресейден, Франциядан шыққан материалдарды қазақшалап, соны жаңалық етіп ашқандай диссертация қорғайды. Осындай келеңсіз нәрселер ғылымда болмауы керек.

— Ғылымды дамытуға үлес қосқан Нобель сыйлығының лауреаттары айтатын мынадай қағида бар: «Ғылым саясаттан бөлек тұру керек. Саясат шындықты іздемейді, ол өзіне қойған мақсатты іздейді» деген. Сондықтан, бұл екеуінің табиғаты әртүрлі. Мына демократия, авторитарлық жабық қоғамға енген кезде, онымен бірге жүретін «серіктері» де келеді. Олар — мафия, коррупция, анархия, нарко-

мания, жезөкшелік, паракорлық және т.б. қоғамға жағымсыз проблемалар. Олардың қайсысының қаншалықты ауыздықталуы басшыға және сол ұжымдағы қалыптасқан атмосфераға байланысты. Сондықтан коррупцияны ғылым әлемінен ығыстырып шығару керек. Бұл күрестің ең тиімді жолы — ашықтық, жариялылық. Қазір осы жолды ҚР ҰҒА академигі Б.Т.Жұмағұлов басқарған Білім және Ғылым министрлігі, электронды жүйе құру арқылы жақсы нәтижелермен іске асырып жатыр. Мен әр уақытта ғылымдағы тазалық деп осыны меңзеймін. Мысалы, Францияда Ғылым академиясы мемлекет құрамына кірмейтін дербес мекеме. Бірақ, оның пікірі Франция президентіне жетеді, оларды тыңдайды. Олар жыл сайын Президентке тікелей Ұлттық баяндама жолдайды. Онда Францияға, оның ұлттық экономикасына, географиялық өзгешеліктерін ескере отырып, ғылымның қай саласын дамыту тиімді деген сынды мәселелер қозғайды. Біз де осы жолмен жұмыс жасаймыз.

— «Инновациялық Қазақстан — 2020» бағдарламасы аясында еліміздің Президенті салааралық ғылыми-технологиялық жоспар шеңберінде ғылым мен өндірісті интеграциялау, өнеркәсіптің ғылымға тікелей тапсырыс беруіне жағдай жасау туралы нұсқау берді. Бұл істе Ұлттық ғылым академиясы мен қоғамдық академиялар белсенді болу керек сынды?

— Бұл пікір дұрыс. Кеңес өкіметі тұсында да осындай қағида ұстанғанбыз. Өйткені, ғылымның негізгі мақсаты — нәтижеге қол жеткізу. Ғылыми зерттеу теориядан басталады. Кейін тәжірибеге ұштасуы керек.

Сөйтіп, ол өндіріске енеді, бұл процесс қолданбалы техника ғылымдарына тән. Ал, қоғамдық ғылым салаларында зерттеудің жолы бір басқа. Тарих, әдебиет сынды гуманитарлық салаларға өндірістің еш қажеті жоқ. Олар әр түрлі басылымдардан, ескі жазбалардан мәліметтер жинап, оларды сараптап зерттейді. Ал, жаратылыстану, яғни - физика, химия, математика, биология салаларындағы жаңалықтарды өндіріске жақындату керек. Ғылымдағы журналдарда жарияланған, яғни, тексерістен өткен, жаңалықтарының бәрі де Ғылым академиясының орталық аппараты-Президиумының назарында. 2003 жылдан бастап біз мемлекеттік органдардан тыс, республикалық-қоғамдық бірлестік болып құрылып, жылда президенттің, үкіметтің атына ғылым саласынан Ұлттық баяндама жазуға кірістік. Одан басқа, сегіз ғылыми журнал шығарамыз. Олар 1946 жылдан бастап күні бүгінге дейін шығарылып келеді. Олар 73 мемлекеттің Ұлттық кітапханаларына тарап отыр. Қазақстанның ғалымдарының жұмысын дүниежүзіне паш етуде бұл журналдардың көмегі зор. Қазір біз ол журналдарды Халықаралық SCOPUS тізіміне өткізуге дайындап жатырмыз. Ғылымда шынайы ғылыми жетістіктер болса, Қазақстан ғылымының беделі өседі. Ғылымды қолға алғаннан бастап бағытымызды айқындап алған жөн. Себебі, ғылымның барлық саласын АҚШ, Ресей, Қытай мемлекеттері сияқты Қазақстан дамыта алмайды. Оған қаржы жетпейді. Бірақ, бұрыннан келе жатқан ғылым салаларын және Қазақстанға пайдасы бар ғылымды біз дамытуымыз керек. Мысалға, біз ғарышпен, мұхитпен шұғылдана алмаймыз. Қазақстанда мұхит жоқ, тіпті бізде теңіз де жоқ. Теңіз деп жүрген Каспий де, Арал да - көл болып саналады. Жерімізде қазба байлықтары көп. **Сондықтан, геологияны, тау-кен ісін, өндірістік химияны, мал шаруашылығын және ол саладағы селекция мен генетиканы дамыту керек.** Жер астынан шығатын минералдарды зерттеп, керегімізді алуымыз қажет. Сонымен қоса, ҚР ҰҒА-сы басқа салалық ғылым академияларымен, әсіресе ҚР Ұлттық инженерлік академиясымен бірлесе отырып жұмыс істейді.

– Дегенмен, ауылдағылар қалаға ұмтылып жатқан мына шақта генети-

калық ғылымды дамыту мүмкін бе?

– Ауылдан қалаға көшудің екі түрі бар: **бірі** – урбанизация, ол қала дамып, көптеген зауыт-фабрика, тұрғын үйлер салынып, жұмысшыларға қажеттілік артқан сайын адамдарды ауылды жерлерден шақырып, жинайды. Өз тұрмысын жақсартқысы келетіндер, жақсы табыс іздеушілер сонда барып орналасып жағдайын реттейді. **Екінші** түрі – миграция, ол ауылдағы жұмыссыздық пен ауыр әлеуметтік жағдайға байланысты қалаға қарай ығысу. Әлеуметтік жағдай жақсарған сайын миграция баяулай береді де тұрғылықты қалыпқа түседі. Солай болып та келе жатыр біздің елімізде.

– Ғылымды өндіріске жақындату жолдары қандай болмақ?

– Ғылымды өндіріске жақындатудың ең қолайлы жолы кеңес дәуірінде анықталған. Ғылымның дамуы мемлекеттің қандай қоғам құрғанымен байланысты емес. Қандай қоғам болмасын ол өз жолымен жүреді. Кеңес дәуірінде ғылымды «**ғылым – жоғары білім – өндіріс**» деген схемамен дамытты. Ғылыми зерттеу институттары жоғары оқу орындарымен бірлесіп, жаңалықтарын ашып, өндіріске ендіретін. Ал, лабораториядан шыққан нәтижелерді өндіріс ешуақытта тікелей қабылдамайды. Олардың ортасында жартылай өндірістік қондырғылар мен шағын тәжірибелік цехтар болу керек. Лабораторияда граммен алатын нәрсені ондай цехтарда килограммен алады. Соның нәтижесін ірі өндірістерге жіберіп, тонналарға ауыстыруға болады. Осы механизмді барлық елдер қолданады. Қазақстанда да осы тәсілді қолдануымыз керек. Кеңес одағы тұсында жартылай өндірістік цехтар ірі зауыттардың қарамағында болды. Өкінішке орай, ол зауыттар Қазақстанға бағынбайтын, Мәскеудің меншігі болып саналды. Кейін Кеңес одағы құлаған шақта сол ірі зауыттар қаржыландырусыз қалып, әсіресе шағын өндірістік цехтары бірте-бірте жабылды. Кейбірі жекеменшікке, енді бірі шетелдік компаниялардың қолына өтіп кетті. Сондықтан да, бізде жартылай өндірістік цехтар жоқтың қасы. Оны қайтадан құру туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз баяндамаларында атап өтті. Лаборатория мен өндіріс арасындағы алшақтықты жақындату үшін жобалау

институттары мен жартылай өндірістік цехтарды құрып, жұмыстарын жүзеге асыру керек. Одан қалды конструкторлық бюролар да жоқ, қазір енді-енді қолға алынып, құрылып жатыр. Осыларды реттесек ғылыми жетістіктер осы көпірлер арқылы өндіріске енеді.

– Бүгіндері екінің бірі доктор, екінің бірі ғылым кандидаты. Сол ғылыми атақты иеленген азаматтар ғалым деген атқа лайық па?

– Бұл жүйе тоқтады ғой. Бұл жерде Білім және ғылым министрі, Б.Т.Жұмағұловтың еңбегі мен профессионалды тапқырлығын ерекше атап өтуіміз керек. Қазір Ресей ғалымдары осы мәселе бойынша бізден үлгі алып жатыр. Бірақ, бұрынғы бағдарламамен ғалым атанып кеткен небір жалған ғалымдар өздерін әлі де «академик» деп жүр. Осының салдарынан ғылымның беделі төмендеді. Жалған докторлар мен кандидаттардан ғылымға еш пайда келмейді. Саңырауқұлақ сияқты көбейіп кеткен кейбір академияларға мүше болып алып, өздерін «академик» деп жариялайтындар көбейіп кетті. Өзінің қандай академияның академигі екенін көрсетпейді, жасырады. БАҚ корреспонденттері де тойдағы тамадалар сияқты осындай «академиктерден» оны сұрамайды, бас салып мақтай береді. Ондай академияларға елу доллар төлесен болды, академиктің кітапшасын үйіне әкеліп береді. Мен өзімнің әріптестеріме БАҚ-қа мақала жазғанда немесе интервью бергенде «ҰҒА академигі, ҰҒА корреспондент-мүшесі екендеріңізді көрсетіп, жазыңдар» деп ылғи өтініп отырамын. Өйткені, ғылым әлемінде ҚР ҰҒА-сына мүше-корреспондент болу – көптеген «академиктерден» әлдеқайда жоғары бағаланады.

– Егер ғылымға жемқорлық келіп араласпағанда кандидаттық, докторлық атақтар қорғайтын диссертациялық кеңестер жабылмайтын. Сонымен қоса, жалған ғалымдардың да саны артпаса еді. Батыс Еуропа, Жапония, АҚШ, Қытай сынды ірі мемлекеттер дер кезінде сондай кеңестерді де, ондай ғылыми атақтарды да жауып тастады. Ал, қазір бізде ғылыммен шұғылданатын ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарында ғылыммен айналысып жүрген адамдар ғана ғылыми

дәреже алатын болды. Бұрынғы ғылым кандидаты философия докторы (PhD) деген атаққа теңгерілді Қазіргі профессор деген атақ әрі ғылым докторы, әрі профессор болып саналады.

– XX ғасырдағы ғылым мен XXI ғасырды жалғайтын ғылымдағы жастар буыны жоқтың қасы. Ғалым десе көз алдымызға алпыс-жетпістегі қария елестейді. Олар кеткен соң ғылымның орны ойсырап қалмай ма?

– Жас буын жоқ дегенге мен қосылмаймын. Олар бар. Ғылымды жасарту керек дейді. Ол дұрыс. Бірақ, мұндағы ғылымды жасарту – тек қана туған жылына, куәлігіне қарап жасарту деген сөз болмауы керек. Сайыс, бәйге арқылы жастардың ең талапты, ең күштілері ғылымға келуі керек. Газеттерге хабарландыру беру арқылы ғылыми-зерттеу институттарына конкурсқа шақырамыз. Сондағы қатысушыларды ең бірінші жалақы мөлшері қызықтырады. Елу мың айлыққа кім келеді? Білімі орташа, қабілеті шамалы біреулері болмаса, өз қалауымен келетін нағыз талантты мамандар аз. «Орташалардан» қандай ғалым шықсын? Мәселен, денсаулығы келмейтін адамдарды ғарышқа алмайды. Сол сияқты ғылымға да сондай талап қою керек. Ғылымға келетін адамдар талаптанып, құлшынып келуі тиіс. Олардың ынтасын арттыру үшін жағдай жасау қажет. Елу мың айлықпен ғылыммен шұғылданғанша, екі жерге қарауылдық жұмысқа орналасып ақшаны күреп таппай ма?

Ұлттық ғылым академиясына да жас буын ғалымдар керек. 2012 ж. маусым айында ғылым академиясында мүше-корреспондент атағын беру үшін сайлау өткізіп, елу жасқа дейінгі ғылым докторларын қатыстырдық. Содан нағыз ірі ғалым деген атқа лайық қырық төрт ғалым ҚР ҰҒА академиктерінің құпия дауыс беруі арқылы сайланды. Ал, жақында олардың жастарына шектеу қоймай, жалпы сайлау өткіздік. Елімізге белгілі 66 ірі ғалым (210 үміткерлердің ішінен) ҚР ҰҒА-сына мүше-корреспондент болып сайланды. Бұл сайлау да демократиялық жағдайда өтті. Ол туралы БАҚ-та жақсы материалдар басылды. Өкінішке орай, сол өте алмай қалғандардың

біреуі сары басылымдарға қарсы пікір ұйымдастырыпты. 1992-1995 жылдардан бастап еркінбіз деп, кез келген өтірікті жариялап, жаман әдеттерге барып, қоғам бұзыла бастады. Қазақстан - демократиялық мемлекет. Бірақ, біз еуропалық демократияға дайын емес едік. Кез келген қоғамда өзгеріс орнату бірте-бірте эволюциялық жолмен жүзеге асу керек. Революциялық жол барлық уақытта қиыншылыққа толы болады. Мысалы, 1917 жылы Ресейге коммунистер келіп революция жасады. Ол Ресейдің қаншама мәдениетін, ғылымын күйретіп кетті. Өйткені, пролетариат **«Бәрін қиратып, кейін қайта құрамыз»** деген ұран тастады. Ресей елу жылға кейін кетті. 1939 жылғы финдермен болған соғыста Кеңес өкіметінің масқарасы шығып, жеңіліп қала жаздады. Сол кезде ғана И.Сталин мемлекетті ғылымсыз, білімсіз, көзі ашық адамдарсыз дамыту мүмкін емес екеніне көзі жетті. **Қараңғы пролетариймен ешқайда бара алмайтынын ұқты.** Содан соң, түрмеде жатқан генералдарды босатып, әскерге шақыра бастады. Ғалымдарды бостандыққа жіберіп, ғылым мен мәдениетті қайта қолға алуға кірісті. Ұлы Отан соғысы кезінде сол ғалымдардың көмегімен жаңа қару-жарақтар, «Катюша», «Калашников» автоматы, жаңа танктер мен ұшақтар шығарылды. Металлург ғалымдар танктер мен ұшақтарды оқ тесіп өте алмайтын болат сортынан бронь жасап шығарды. Сол соғыста жауынгерлермен қатар ғалымдардың да еңбегі орасан болды. Соғыс барысында, 1945 жылға дейін ең мықты техника Кеңес әскерінде болды. Соны ескере отырып, **Сталин 1943 жылы комиссия шақыртып алып: «Ғалымдарды шақырсам, ауырып қалды, дейді. Мен шақырған ғалымдар неге осы ауырып қалғыш» деп сұраса, комиссиядағылар: «Оны тексердік. Олар – жасы келген адамдар. Күні-түні жұмыс істейді. Бірақ, алған айлықтары не тамағына, не киіміне жетпейді. Содан ағзалары нашарлап ауырып қала береді», – дейді. Сосын Сталин: «Ғалымдар ғылымнан басқа ештеңемен айналыспаса да, алатын айлығы тамағына, киіміне, бала-шағасына толық жетуі үшін оларға қанша айлық беруіміз керек?», – дейді. Арнайы комиссия оны**

есептеп: **«Ғалымдардың жалақысын алты есе көбейтсеңіз ештеңеге мұқтаж болмайды», – дейді. Сонда, Сталин 6 деген санды белінен қызыл қаламмен сызып тастап, оның орнына 100 деп жазады. Жүз есе көбейту тура сол 1943 жылы жүзеге аспаса да, кейін 1949 жылы орындалды. Ең көп жалақы алатын ғалымдар болды. Олардың қоғамдағы орны мен мәртебесі өте жоғары болды. Сол қалып Кеңес Одағы құлап, тарқағанша тұрды.**

Осындай қолдауға ғылым немен жауап берді? Ешқандай мемлекеттің жәрдеміңсіз (КСРО жабық мемлекет болды), өз ғалымдарының күшімен 1946 жылы атом бомбасын жасап шығарып, АҚШ-тың мысын басып тастады. Ал 1949 ж. олардан асып, сутегі бомбасын шығарды. Содан кейін тіпті озып кетті. Мәселен, бірінші жер серігі, тұңғыш ғарышкер, бірінші айға қонып-қайтқан автоматтық станция, бірінші атомдық мұзжарғыш және т.б. Бұл жетістіктер – ғылымға келген ең тәжірибелі зерттеушілер мен жас таланттардың еңбектерінің жемісі еді.

– **Жақында Ғылым академиясында өткен сайлау туралы еліміздің ірі газет-журналдарында жақсы баға берілгені рас. Дегенмен, бір-екі басылымда белгісіз бір автор Сізді осы өткен сайлауға байланысты сынға алды. Бұған не айтасыз?**

– Бастан-аяқ шылқыған өтірік. Оған ҰҒА Президиумының атынан тиісті жауап берілді. Бұл сайлауда 150-ге жуық ғалым сыртта қалып қойды. Конкурстың аты – конкурс. Оған құпия дауыс беру арқылы әділетті жағдайда сайланады. Академияда бастық деген түсінік болмайды, ешкім ешкімге бағынбайды, бәрі тең құқылы. Сайлауда мықтының мықтысы өтеді. Өте алмай қалғандардың ішінде белгілі ғалымдар да аз емес. Олар академиктердің шешімін түсіністікпен мойындады. Әлгі мақаланы ұйымдастырып жүрген, естуімізше, ғылыми жұмыстары түкке тұрмайтын бір алаяқ адам. Мен ондай жалақорларға, олардың іштарлықтан, қызғаныштан туған жиіркенішті, лас тірліктеріне мән бермеуге тырысамын. Өз мінезім де тез қызып, тез басылатын адаммын, табиғатым сондай, кек сақтамаймын. Ол үшін ата-анама рахмет. Жас кезімде әкем, жолға аттана-

рымда батасын беріп тұрып, ылғи «...бәле-жаладан сақтай гөр...» – деп жиі айтушы еді. Оның толық мағынасын кейін қызметте жүргенде түсіндім. Сәл алға шықсаң болды, аяғыңнан шалады. Қайтесің енді. «Ит үреді, керуен жүреді» – деген сөз ойыңа оралады. Сол сөздермен және «Құдайға шүкір, еліміз тыныш, бала-шағамыз аман ғой» деп өзімді-өзім жұбатамын.

– **Кеңес заманында ғылыми қызметкердің мамандығы ең беделді кәсіп саналатын. Ал, қазір ғалымдардың атағы неге өз деңгейінде ескерілмейді?**

– Кеңестік дәуірде дүниежүзі бойынша ғалымдар ең беделді адам саналды. КСРО Ғылым академиясының президентінің айлығы КОКП Бас хатшысы Л. И. Брежневтің жалақысынан артық болды. 1949-1950 жылдардағы ірі ғалымдардың, академиктердің айлығы 1991 жылы Кеңес Одағы құлағанша өзгерген жоқ. Себебі, оны әрі қарай өсіруге партия қызметкерлерінің өздері де қарсы болды. Ал, басқалардың айлығы әр бес жыл сайын өсіп отырды. Ғалымдардың айлығы сол баяғы қалпында қала берсе де, бәрінен көп болып тұрды. Мен өзім 1985-1991 жылдары Ғылым академиясының мүшесі, институт директоры қызметін атқардым. Сондағы менің айлығым, сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысыныңкінен екі есеге жуық көп болды. Ал, қазір ше? Ғалымдарға берілетін айлық АҚШ, Батыс Еуропа елдерінен бірнеше есе төмен, ТМД бойынша 5-6-орында. Мұқтаждықта жүрген осындай адамда ғылыми жаңалық ашуға деген ынта бола ма? Ондай адамда бедел де қалмайды. Сол себепті, барлық елдерде ғалымдардың айлығы басым. Бізге де ол жағдай келе жатыр. Материалдық қызығушылық барлық уақытта адамның ойында тұрады. Себебі, адамның жаратылысы сондай.

– **Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығына қарсы ел Президенті ғалымдармен форум өткізді. Онда қандай мәселелер талқыланды?**

– Елбасымыз жиырма жылдыққа байланысты да, оның алдында 2009 жылы 4 қыркүйекте де ғалымдарды жинап мәжіліс өткізді. Онда ғылым қалай даму керек, ғылымға не жетіспейді деген мәселелер қаралды. Президентіміз: «Ғылымға бөлінетін қаржыны ғалымдардың өздері шешу

керек. Кімге берілу керек, кімге жоқ екенін өзара анықтаулары тиіс», – деп айтқан болатын. Міне, бұл бірте-бірте жүзеге асып келеді. 2001 жылмен салыстырғанда Қазақстанның ғылымға бөлетін қаржысы он есеге артты. Ғалымдардың да айлықтары өсіп, аспиранттар мен докторанттарға берілетін шәкіртақы ұлғайды. Ғылымға бөлінетін қаржы Қазақстанда ЖІӨ-нің 0,5%-ына тең, стратегиялық бағдарлама бойынша 2015 жылы – 1,0%, 2020 жылы – 2,0% болуы керек. Бұл көрсеткіш Батыс Еуропада 3,0%-ға жуық, Швецияда – 4,0%, Ресейде – 1,4%, Украина мен Беларусьта – 1,0%-ға жуық, АҚШ-та 2,5%, бірақ бұл пайыздың көлемі 450 млрд. АҚШ долларын құрайды. Бұл сома барлық елдер бөлетін қаржының жартысына жуық.

– **Ғылым – интеллектуалды өмір қоғамының бір компоненті. Онсыз ірі мемлекеттер өмір сүре алмайды. Кеңестік дәуірде ғылым керек екенін үкімет жақсы білді. Сол үшін оны өз қарамағына алды. Ал, бүгінде мемлекеттің ғылымды қаржыландыруға арналған бюджеті қалай бөлінеді?**

– Біз қаржыны конкурс арқылы ұтып аламыз. Бюджеттің ақшасы Ұлттық ғылыми кеңестің шешімі арқылы беріледі. Мысалы, газет-журналдарда, баспада, құрылыста барлық жерде – тендер. Сол сияқты ғой. Бірақ, менің айтпағым, егер, ғылым мекемесі мемлекетке керек болса, оның бюджетін толық беруі керек. Конкурстан бөлек. Ал, оның үстіне ол мекеменің ғалымдары өздерінің ғылыми жаңалықтарын іске асырып, қосымша қаржы тауып жатса, оған құба-құп деу керек. Осылайша ғылыми мекемелер бір-бірімен жарысуы тиіс. Бірақ, жарыс кімнің қанша қаржы алғанына емес, ол мекеменің өндіріске, экономикаға қандай пайда (эффект) келтіргеніне байланысты болуы қажет. Қазір, «Ғылым туралы» жаңа заң бойынша конкурстан тыс базалық қаржыландыру жүзеге асып жатыр. Бұл да қазіргі министр Б.Жұмағұловтың азаматтық ісі болды. Қазір институттардың жағдайлары әжептеуір жақсарып қалды. Меніңше, бұны әрі қарай дамытып, мемлекетке қажетті мекемелер ғана қаржыландырылуы керек. Қажеті, пайдасы болмаса, санын көбейтпей, кейбір аты бар да заты жоқ

мекемелерді жапқан жөн. Егер, жемқорлық елімізде ушығып тұрмаса, олар нарық экономикасының талабымен өздері-ақ жабылар еді. Мәселен, АҚШ-та баяғыдан бері келе жатқан жекеменшік университеттер бар – Гарвард, Стенфорд және т.б. Жекеменшік болғанымен оларға мемлекет қаржы бөледі. Неге? Өйткені, олар сол Американың экономикасын көтеретін мамандар дайындап шығарады. Ол мамандар Америкаға қызмет етеді. Ондағы ғылыми-зерттеу институттарында жасалып жатқан ғылыми жұмыстар да Америка үшін қажет. Сондықтан, оларға да қаржы бөлінеді. Бұл – түсінікті нәрсе. Ал, бізде жекеменшік мекеме құрылса, ол мемлекеттің жауы сияқты көрінеді. Бұл дұрыс емес. **Бір кездері жекеменшік жоғары оқу орындары көбейіп кеткенде соларды жаптық. Себебі, олардың не базасы, не маманы жоқ. Олардың кейбіреулері 5 бөлмелі пәтерде ұйымдастырылған еді. Күйеуі – ректор, зайыбы – проректор, қызы – декан...** 1995 жылы мен Білім министрі болып тұрғанымда, 55 жекеменшік университеттердің 30-ын жаптым. Қанша шу болды, олардың сөзін Премьер-министрдің орынбасарына дейін құптап отырды. Бірақ, мен тұңғыш Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың нұсқауларын бұлжытпай орындадым. Қалған 25 университеттің ректорын жинап алып: «Сіздер шулағанды доғарып, одан да мемлекеттік университеттердің деңгейіне жетуге тырысыңыздар. Енді 5 жылға дейін жекеменшік университет ашпаймыз», – дедім. Министрліктен мен кеткеннен кейін жыл аяғына дейін (9 ай ішінде) 70, ал, келесі жылы 100-ден аса жекеменшік университет ашылды. Соларды әлі осы уақытқа дейін жабудан келе жатырмыз. Әр жыл сайын «университет жабуды керек» деп ұран тастаудан келеміз. Неге бұл мәселені бір жылда шешіп тастауға болмайды? Осы ұранмен он бес жыл бойы келе жатқанымыз ұят емес пе? **Басқа елдер университет ашумен мақтанса, біз оларды жабудан мақтанамыз. Бұл үрдіс ушыға берсе, жақын арада мектеп, кітапхана, театр жабуды да көшуіміз мүмкін.** Дамыған отыз мемлекеттің қатарына осылайша ілігіміз бе? Мұны тоқтату керек. Нашар мамандар дайындайтын университеттерге ешкім бармайды, нарық экономикасының

талабына сай олардың өздері-ақ жабылады. Солай болып та жатыр. Одан бері он бес жыл өтті, солардың ішінде әжептәуір күш алған жекеменшік оқу орындары да бар. Олар кейбір мемлекеттік университеттерден жоғары тұр, сондайларға көмектесу қажет. Жекеменшік университеттерде еліміздің елу-алпыс мың студенттері білім алуда. Егер, осы оқу орындары болмағанда, соншама жас тентіреп кетер еді ғой. Не білімі, не жұмысы жоқ адамдардың саны көбейсе, әлеуметтік мәселелер ушығады. Бұл – қоғам дамуының аксиомалық заңы. Бұны бәріміздің білгеніміз жөн.

– **Бірақ, жекеменшік оқу орындарының ашылуын құптаймыз деп жүргенде, «саны бар, сапасы жоқ» мамандар көбеюіне жол беріп қоймаймыз ба?**

– Ия, олай да болуы мүмкін. Бірақ, алдымен, оқу орындарының білім деңгейін, сапасын, базасын, мамандарын тексеруіміз керек. Бүгінде мемлекеттік университеттердің ішінде де сапасыздары бар. Мәселен, барады да сессиясын ақша төлеп жаба салады. Қазір «разводит» деген сөз шыққан. Ақшаның көмегімен, небір білімсіз жастар мемлекеттік оқу орындарының түлегі атанып жатыр. Ал, одан бізге қандай пайда келмек? Оның қасында жекеменшік оқу орындарында ақшамен баға сатып алу деген әлдеқайда аз. Оның басшысы өзінің жекеменшік университетінің жаман атқа ие болмауы үшін мұны қатаң қадағалайды. Себебі, ондай жаман аты шыққан университетке оқуға кім түскісі келеді дейсің?! Ал, мемлекеттік оқу орындарындағы ректорлар ештеңеден қорықпайды. Тіпті, жабылады-ау деген үрей ойына да кіріп-шықпайды. Білімді жастар өзінің жолын тауып, ауылға барса да, әйтеуір, жолын тауып жұмыс көзін ашады. Ештеңе білмейтін адам не ашады. Міне, қоғамды дамыту деген осы. Білім – адам ресурсын жоғарылатады.

– **Патшалы Ресей үкіметі тұсында да, кешегі кеңестер одағы кезінде де ғылыми жетістіктің бірі – «ғылыми мектеп» болатын. Онда ұлы ғалымдар шәкірттерді ғылым жолында машықтайтын. Сөйтіп, ғылым аясында ұрпақтар сабақтасып жататын. Ал, қазір ше?**

– Ең негізгі ғылымды дамытудың жолы – ғылыми мектеп. Жеке адам қазіргі заманда ғылымды ойдағыдай дамыта ал-

майды. Бұрындары әл-Фараби, Баласағұн, Яссауидің кезінде жалғыз адам бір өзі – бір мектеп сияқты болып көрінетін. Олардың энциклопедиялық білімі болған. Әрі ақын, әрі жазушы, әрі математик, әрі дәрігер мамандықтарын алып жүре алатын. Қазір ғылымда бәйге үлкен. Жеке адам бір өзі көп нәрсе істей алмайды. Сондықтан, ғылым деген – бұрындары жеке-дара ғалымның ісі болса, қазір ол – ғалымдар бастаған зерттеушілер ұжымының ісі. Бізде кеңес дәуірінен бері қарай келе жатқан әлемге белгілі ғылыми мектептер бар – геология, химия, математика, физика, биология салалары бойынша. Олардың басты мақсаты – жас буындар мен аға буындардың сабақтастығын жалғау, әрі қарай сол ғылым саласын адамзат үшін дамыту.

– Еуропа мен Азияның капиталистік елдерінде ғылым кәсіпорындардың қолдауымен дамып келеді. Ірі кәсіпорындардың бай қорлары өздеріне қатысты ғылым саласына инвестиция құяды. Ал, біздің ел үшін осындай үлгімен ғылымды дамыту тиімді ме?

– Қазақстанда «Самұрық-Қазына» қоры және инновациялық қор, т.б. жаңа бизнес институттары бар. Оларды нақты инвестор деп айта алмаймын. Бірақ, бұл институттар ғалымдармен тікелей байланыста жұмыс істейді. Арнайы келісімшарт жүзінде ғалымдармен бірігіп, өндіріске енгізуге көмектескісі келіп тұрады. Бірақ, өндіріске өтудің жоғарыда айтылған себептері бар. Оларды шешпей ештеңе болмайды. Атом өндірісі, мұнай компаниясы осындай келісімшарттар арқылы жұмыс істейді. Тәжірибелік маңызы бар ғылыми жұмыстар оларды, әрине, бірінші кезекте қызықтырады. Бірақ, ғылымды дамытудың негізгі заңын естен шығарып алмауымыз керек. **Фундаменталдық ғылым жақсы дамымай, қолданбалы ғылым да, инновация да дами алмайды. Бұл сүт өндірісін дамытпай тұрып, сүттен алынатын сары-май шығаруды ұлғайтайық деген күлкілі ұранға ұқсайды.**

– Бұрындары жас бөбектерден өскенде кім боласың деп сұрағаныңда: «ғалым боламын, ғарышкер боламын» деген жауап еститінбіз. Ал, бүгінгінің бүлдіршіндері «министр боламын, сот

немесе бизнесмен боламын» деп мақсат қояды. **Қоғамның бұлай өзгеруіне не себеп деп ойлайсыз?**

– Жаһандану деп жүріп, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өттік. Бұл – жаңа дәстүр. Оған өту үшін отыз, тіпті, кейде елу жыл керек. Бір буынның ішінде толық нарықтық экономикаға көшсек, онда ол жақсы. Кейде келесі ұрпаққа кетіп қалып жатады. Бұл іске қоса салатын зауыт емес қой. Қоғамға өзгеріс ендіру уақытты талап етеді. Міне, осылайша әр заманның құндылығы мен заңы басқа болады. Қоғамда кім беделді болса, «сондай болсақ» деп армандайтынбыз. Хан, патша боламын деп ешкім айтпайтын. Себебі, ол мұрагерлікпен берілетін. Бұрын бай боламын, ақын, жырау боламын дейтін. Кейін кеңес үкіметі кезінде ғалым, ғарышкер, ұшқыш болғысы келді, яғни, қоғамда қай маман иесі беделді, жастар соған ұмтылады. Қазір қоғамда бизнесмендер беделді. Астында қымбат көлік, коттедж үйі бар. Тұрмысы жақсы. Оны көрген жастар «сондай болсам» деп армандамағанда қайтсін? Айлықтан айлыққа әрең жетіп отырған ғалымдарды көріп отырып, кім ғалым болғысы келеді? Міне, адамның қарны тоқ, киімі көк болмай ештеңеге ынтасы да болмайды. Бұның бәрін мен «сын түзелмей, мін түзелмейді» – деген қазақ атамыздың даналық сөзіне байланысты айтып отырмын. Мына жастарға біз айтпасақ кім айтады?

Қазақстанның болашағы жарқын. Жеріміз кең, жер астығы, байлығы, Құдайға шүкір, өте мол. Халқымыз – сауатты, жастарымыз – білімді. Ғылымымыз да Азия құрлығында ешкімнен кем емес. Тәуелсіздік алысымен тұңғыш Президентіміз, «Ғасыр ғұламасы» атағы берілген академик Нұрсұлтан Назарбаев жаңа қоғам, жаңа Қазақстан құруға кірісті. Міне, өркениетті озық 50 елдің ішіндеміз. Ал, енді 2050 жылға дейін бірінші қатардағы 30 елдің ішіне кіруге – ұлы мақсатқа қол жеткізуге кірістік. Енді сол көкжиекте көрініп тұрған жарқын болашағымыз үшін аянбай қызмет етуіміз керек.

Сұхбатты жүргізген
Мөлдір МОЛДАХМЕТ



Жарас СЕЙІТНҰР,
психология ғылымдарының
кандидаты

ҰЛТҚА ҚАС «ПРОГРЕССИВТІ» БАСШЫЛАР ШЕТЕЛДІК ҮЛГІЛЕРДІ КӨШІРУДІ ҒАНА БІЛЕДІ немесе инновация дәстүрге қарама-қарсы құбылыс па?

Әлемдегі жаһандану үрдісі еліміздегі күллі салаларға айтарлықтай әсер етуде. Оның ықпалы, әсіресе, білім беру саласында ерекше байқалады. Қазақстанның ғылым мен білім жүйесі батыстық қалыпқа (стандартқа) көшкелі мәселе, тіпті, асқына түскендей. **Реформаны жүзеге асыруды қолға алған адамдардың технократтық ойлауы салдарынан ұлттың мәдени қайта жаңғыру, қайта түлеу қызметі бұзылуда, оның түп-тамырына балта шабылуда** десе де болады. Өйткені, реформаторлардың ойлау жүйесі мен дүниетанымы, келтіретін уәждері мен негіздеулеріне көңіл аударатын болсақ, келесі жайды байқаймыз: біздің жоғары қызметтегі шенеуніктеріміздің санасында инновацияны кертартпа ретіндегі дәстүршілдікке қарама-қарсы мағынада түсіну кең орын алған. Расында, «инновация» деген сөз, өзі латын тілінен тікелей аударғанда «жаңару, өзгеру, жаңашылдық» деген мағынаны білдіреді. Бұл термин біздің елімізде соңғы он жылдықта ғылыми жұртшылық арасында кең қолданысқа ие болды. Оны жиі қолданудың сәнге айналғаны соншалықты, оның астарына үңілуден, мән-мағынасын ажыратудан қалдық. Ол өзінің бастапқы мағыналық аясынан шығып, метакатегория деңгейіне көтеріліп кетті. Алайда, инновация міндетті түрде біздегі бар дәстүрге қайшы дүние ме? Инновацияның күші дәстүрдің беріктігіне, мызғымастығына қарсы тұратын өлшем ретінде бағалануы тиіс пе?

Бүгінде инновациялық құбылыстарға қатысты қалыптасқан тұрақты тезаурустың (арнайы терминология) болмауы үлкен қиындықтар тудыруда. Инновацияның синонимі ретінде жаңалық енгізу, жаңғырту

(модернизация), жаңалық, жаңашылдық, жаңарту, жаңару, жаңарыс, тың өзгеріс, шығармашылық (креативтілік), өнертапқыштық сияқты сөздерді қатар қолдану орын алды. Сөздер арасындағы тектік-түрлік қатынасты, қайсысы кең мағына беретін гипероним, ал, қайсысы жалқы мәндегі гипоним екендігін ажырата алмай әбден шатаса бастадық. Инновация тақырыбы саясаткерлер мен журналистердің сүйікті тақырыбы мен ажырамас лексикасына айналды. Ресейлік «Известия» газетінің бір шолушысы айтқандай: **«Про инновации говорят чаще, чем о футболе, но каждый под инновациями понимает что-то свое»**. Әсіресе, білім беру саласында инновация сөзі қолданылып жазылған еңбектер шаш етекпен. Қысқасы, инновация қазіргі қоғамның нағыз нышандық белгісі мен бар бәледен құтқаратын панацеясына айналды. Атақты американдық психолог Б. Скиннердің пікірінше, **«жаңа сөздердің пайда болуы қоғамдағы құндылықтардың өзгеру нышаны, өйткені, әрбір сөз дүниені әлеуметтік ұғынудың шартты танбасы (маркері) болып табылады»**. Өзгеріс пісіп жетілгенде, ол өзін айшықтайтын жаңа сөздерді қажет етеді. Мұның өзі инновация ұғымын айқын анықтау қажеттілігін тудырады. Инновацияның қай мағынасына артықшылық береміз? Қай түсінікті жөн көреміз? Инновацияның өзіне және онымен іргелес терминдерге қатысты анағұрлым жемісті түсіндірмені таңдау арнайы теориялық талдауды талап етеді. Сондықтан, қатардағы оқырман ұната бермейтін кейбір теориялық мәселелерді қозғауға тура келеді.

Ресейлік ғалымдардың пікірінше, «инновация» терминін алғаш рет ғылыми айналымға XIX ғасырда антропологтар мен этнографтар енгізіпті. Өзінің бастапқы нұсқасында бұл сөз, бір мәдениеттің кейбір элементтерінің

өзге мәдениетке енгізілуін білдірген екен. Себебі, ол уақыттарда мәдени антропология мен этнографияда эволюционизм теориясы үстемдік етіпті және мәдени жаңақұрылымдарды, мәдени өзгерісті бір жақты, тек ішкі эволюциялық даму арқылы түсіндірген. Пісіп жетілу барысында төлтума өнім дүниеге келеді. Бұған қарама-қарсы бағыт ретінде қалыптасқан диффузионизм теориясы мәдени өзгерістерді сыртқы әсерлер мен диффузия каналдары арқылы берілетін *кірме нәтиже*, яғни, мәдени ауысу мен сырттан енген мәдени инновация деп есептеді. Әлеуметтік дамудың механизмі ретінде мәдениеттің таралуы (диффузия) мен сырт жақтан сіңген жаңалықтарды пайдалану қарастырылды.

XX ғасырдың басында «инновация» термині экономикалық ғылымдарда қолданыла бастады. 1909 жылы неміс ғалымы В. Зомбарт өзінің «Капиталистік кәсіпкерлік» деген үлкен мақаласында, кәсіпкерді инноватор ретінде түсіндіретін концепцияны негіздеп берді. Әсіресе, инновация ұғымының кең тарауы, жұртшылыққа аса танымал болуы австриялық экономист Йозеф Шумпетердің есімімен байланысты. Оның «Экономикалық даму теориясы» (1912) атты еңбегінде экономикалық инновация түсінігі негізделді. Инновациялық үдерістердің толық сипаттамалары берілді. Ол инновацияны жаңа материалдар мен бөліктерді қолдану, жаңа үдерістер мен ұйымдастырушылық түрлерін енгізу және жаңа нарықты ашуға негізделген барлық жаңа комбинациялардың коммерциализациялануы ретінде анықтады. Элементтердің жаңа комбинациясы еңбек өнімділігін арттырады, экономикалық табыс әкеледі. Ары қарай, инновациялық үдерістер туралы кешенді көзқарастардың дамуы П.Ф. Друкер, К. Левин, Дж. Залтмен, Х.Г. Барнетта, Р. Данкан және т.б. зерттеушілердің есімімен байланысты. Сонымен, инновация мәселесі ұзақ уақыттар бойы экономикалық салаға қатысты қарастырылып келді. Бүгінгі таңда да, экономикалық пайда әкелетін технологиялық жаңалық немесе жаңалық енгізілумен теңдестірілетін техникалық-экономикалық парадигма үстемдік құруда. Техноцентризм бағыты бойынша инновация өнімділіктің негізгі қайнар көзі. Қарапайым адамдар да инновация ретінде жаңа техника жетістіктері мен технологиялық жаңалықтарды түсінеді.

Инновация процесінен білім беру жүйесі де тыс қалған жоқ. XX ғасырдың екінші жартысында әлемде ірі білім

реформалары жүзеге аса бастады. Педагогикалық инноватика сияқты арнайы ғылыми салалар пайда болды. Бұрынғы Кеңес Одағында, XX ғасырдың 80 жылдарынан бастап білім саласында инновация түсінігі кең қолданыла бастады. Педагогика мен білім жүйесіндегі әр түрлі инновацияларды зерттеу, алдыңғы қатардағы тәжірибелерді қорыту жұмыстары қолға алынды. Синоним ретінде қатар қолданылған «білім берудегі инновация» мен «педагогикалық инновация» терминдері ғылыми негізделіп, педагогиканың категориялық аппаратына енді.

Сонымен, біз инновацияны қай мағынада түсінуге тиіспіз? Егер, оны басқарылатын жаңарту, мақсатты өзгеріс әрі ескінің қарсылығын жеңуден тұрады деп санасақ, онда жүйедегі кері байланысты ескерудің еш қажеттігі жоқ. Тура әскери саладағы сияқты, төмендегілер командирлердің әмірін мүлтіксіз орындауы, еш ойланбастан сөзсіз бағынуы тиіс. Мұндай жағдайда жоғарыдағы басшылардың жай ғана бұйрық берсе жеткілікті деп ойлауы әбден заңдылық. Алайда, азаматтық өмірде қол астындағыларға жаңалық енгізу мен өзгерістердің қажеттілігі туралы жай ескерту қағазын жіберу, телефонмен хабардар ету, не жаңа бір ұйымдық құрылымдар құрылса (*құрылымдық инновация*), бірден жоспарланған жаңарулар іске асады деп күту нағыз аңғырттық болар еді. Оған, көп ұзамай, басшылардың өз көздері де жетеді. Ақпараттың тарау заңдылығы бастықтың айтқаны бұлжытпай орындалады деп дәмеленудің қате екендігін көрсетеді. Орыс мақалы ізгі ниетпен тозақ жол төсеге болатынын айтады. Жақсы идеяның өзі практика барысында адам танымастай бұрмаланып кетуі мүмкін. Демек, **әрбір басшы ұсынылған жаңа өзгерістерді қарамағындағылардың қалай қабылдайтынын біліп отыруы тиіс. Инновациялық процеске ұйым мен мекеменің барлық бөлімдегі әр адамын тарту ғана табысқа жетелейді.** Жеке адамның ұйымдық қайта құруларға өз үлесін қосқан жағдайда ғана, оның жақтасы әрі қорғаушысы болатынын, жауапкершілікті бірге бөлісетінін практика көрсетуде. Психологиялық тұрғыда адам өзін, тек, объект қана емес, оның көзқарасын, пікірін ескеретін субъект ретінде қабылдауын талап етеді. Егер, инновация «жоғарыдан» емес, ұжымның «ішінен», төменнен ұсынылса, онда жаңалық енгізуге қатысты

ұстаным, бағдар анағұрлым оң болар еді. Ғалымдардың инновацияны (инноватиканы) теориялық зерттеу барысында келген басты қортындыларының бірі мынадай: жаңа бір нәрсені енгізу ешқашан оқшауланған ортада жүзеге аспайды, керісінше, ол инновациялық үрдіске қатысатын барлық мүшелердің өзара әрекеттестігіне тығыз байланысты. Ал, адам инновациялық процестің әрі объектісі әрі субъектісі ретінде тек қоғамда ғана емес, белгілі бір мәдениетте де тіршілік ететінін ескеретін болсақ, онда ұлттық менталитеттен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерден аттап кету еш мүмкін емес. Сырттан әкелгенді ойланбастан тікелей механикалық көшірудің теріс зардаптары туралы көптеген мысалдар келтіруге болар еді. Яғни, этномәдени факторды ескермеудің ақыры неге соғатынын жауапты басшылар мен менеджерлер терең түсінуі тиіс. Инновацияға негативті реакцияның болуы мәдени және психологиялық кедергілерді ескермеуден туындайды. Жаңа өзгерістердің ұлттық құндылық деңгейінде жүретінін ұмытпайық. Мәселен, кредиттік оқыту жүйесі Батыс елдеріне тән «индивидуализм», «таңдау еркі», «жеке жауапкершілік», «автономдық (дербестік)», «рационалдық», «заң үстемділігі», «адам құқығы» және т.б. басты құндылықтарға негізделген. Олай болса, оқыған жастарымыз өз бойына кәсіби біліммен бірге, батыстық құндылықтарды қатар сіңіріп жатқанын ескеруіміз керек. Психологтардың зерттеуінше, студенттік шақ адам дүниетанымы қалыптасуы үшін ең сезімтал («сензитивтік») кезең. Көзқарас негізінен осы кезде қалыптасады.

Білім беру саласында қызмет ететін мамандар жаһандану үдерісінің жағымды жағымен қатар теріс салдары барын әсте ұмытпауымыз керек. Мәселен, еліміздің жастары санасында дәстүрлі құндылықтардың девальвацияға ұшырауы орын алуда. Трансұлттық компаниялар үшін төл ұлтынан алшақтаған, отаншылдық сезімі төмендеу трансұлтты, трансэтносты тұлға типтерінің көбеюі жақсы, бұл олардың мүдделеріне сәйкес келеді.

Біз мына жайтты ешқашан естен шығармауымыз керек: білім беру – мәдени-тарихи тәжірибені жеткізудің әмбебап тәсілі, алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдыратын сыйы, әлеуметтік мұрагерліктің жалпы механизмі, белгілі бір ұлттық құндылықтар мен нормаларын сақтау мен берудің жолы. Сондықтан, экономика, жа-

ратылыстану саласындағы инновация түсінігін механикалық тұрғыда білім беру саласында тікелей көшіруге болмайды. Физикалық әлемнен әлеуметтік әлемнің үлкен айырмашылығы бар.

Алдыңғы қатарлы ғалымдар бүгінде зерттеу әдіснамасы, философиясы ретіндегі позитивизм мен технократизмнен бас тартуда. Антипозитивтік, гуманистік бағыттағы теориялық үлгілерге (модель) көшуде. Жансыз, өлі табиғатты зерттеуден көрі, әлеуметтік тіршілік иесі ретіндегі өзгермелі адам жанын зерттеу анағұрлым күрделі. Адамға қарағанда атомды зерттеу әлдеқайда оңай. Қазақ ғылымы мен мәдениетінің көрнекті өкілі марқұм **Акселеу Сейдімбек** ағамыз «Қазақтың күй өнері» атты кітабында: «...Технократтық даму ұлттық атаулының бәрін кеміріп, жалмап, обып, құртып барады... Ал, өзіндік қасиеттен айрылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана» – деп, кезінде өзінің алаңдаушылығын білдірген еді. БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Ұйымы, яғни, ЮНЕСКО-ның «**Реформа және жоғары білімнің дамуы**» (1995) атты бағдарламалық құжатында: «**Білім беруде шетелдік концепциялар мен құндылықтарды тікелей алып пайдалану әрі аймақтық және ұлттық мәдениет пен философияны ескермеудің түбі апарып соғатын теріс салдары бар. Бұл маңызды қорытындыны жоғары білім саласында реформа жасап жатқан мемлекеттер өз қаперіне алуы тиіс**» деген. ЮНЕСКО 2001 жылы мәдени әралуандылық жөніндегі Жалпыға бірдей декларацияны қабылдаса, ал, 2003 жылы материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенцияны қабылдады. **Бүгінгі таңда біздің білім беру саласында төмендегідей қайшылықтар орын алып отыр: бірінші,** ұдайы ұлғаю үстіндегі жаһандану үрдісі мен белгілі бір этномәдени өркениеттің жетістігі болып табылатын ұлттық-мәдени мұраны сақтау қажеттілігі арасындағы қайшылық; **екінші,** әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуден туындаған талаптар мен білім жүйесі арқылы ұлттық - мәдени төлтумалықты келесі буынға беру арасындағы қайшылықтар; **үшінші,** жоғары білім мазмұнындағы жалпы адамзаттық пен этностық бөлік арасалмағы арасындағы қайшылықтар; **төртінші,** болашақ маманды даярлаудағы кәсіптік бөлік пен этномәдени ерекшеліктерді ескеретін тұлғалық бөліктер арасындағы қайшылықтар; **бесінші,** этномәдени білім

берудің даму бағыттары айқындалмауы және олардың этномәдени білім беруді теориялық негіздеуге қажеттілігі арасында; **алтыншы**, этномәдени білім беру тәжірибесінде жинақталған жетістіктер мен кемшіліктердің анықталмауы және олардың жоғары және орта мектеп практикасында ескерілмеуі арасында қайшылықтар.

Жалпы, жаһандану процесі бір елдерге айтарлықтай пайда әкелгенімен, өзге біреулерге түрлі ауыртпалық пен қиындықтар тудыруда. Жаһандандырудың субъектісі беймәлім, жасырын («анонимность глобализации») сияқты көрінгенімен, оның артында белгілі бір күштер барын көзі қаракты адамдар жақсы түсініп отыр. Шын мәнінде, барлық мемлекеттердегі жай халық оқиғаның барысына әсер ету мүмкіндігінен айырылып отыр. Құдды адамдар белгісіз бір ықпалды топтың манипуляциялауы мен басқару объектісі ғана тәрізді. Жаһандану ғаламдық көлемде тұлға мен әлеуметтік институттардың десубъектіленуіне әкеп соғуда. Түпкі мақсат халық үшін жұмбақ дүние.

Қазақстан әлемдегі көптеген елдер сияқты білім беру жүйесін реформалауды қолға алды. Бұл салада жұмыс істейтін адамдар небір өзгерістерді өз бастарынан кешіруде. Әсіресе, жоғары мектеп түрлі сынақтар жүргізетін эксперимент алаңына айналды. Өзгеріс қарқынының жоғарылығы сондай, алынған тәжірибе нәтижесін ғылыми рефлексиялауға мүмкіндік жоқ. Мағынасыз инновациялардан да адамдар шаршайды екен. **Бірін бірі жоққа шығаратын концепциялар мен теориялар, еш қисынға келмейтін, қайшылыққа толы шешімдер төмендегі орындаушылардың күңкілін, ішкі наразылықтарын тудыруда. Бұл саланы тастап кеткендер де жетерлік.**

Автохтон қазақтар үшін ғылым мен білім саласындағы өзгерістер вестернизация («батыстану») ретінде қабылдануда. Бұл жерде мынандай заңды бір сұрақ туындайды: кез келген инновацияны игілік деп есептеуіміз керек пе? Олай десек, онда жастарымыздың бір бөлігінің хиджаб киюін неге айыптаймыз. Ол да, анықтама бойынша, мәдени инновация ғой. Батыстың инновациясын қабылдап, Шығыстың инновациясынан басымызды ала қашуымыз қаншалықты дұрыс? **Жалпы, реформаларға оң қатынасты қалай қалыптастырамыз? Ол үшін ұлттық салт-дәстүрлерге ХХІ ғасырдағы қоғамның инновациялық динамикасына**

қарсы тұратын архаизм, ескінің элементі деп қараудан бас тартуымыз керек. Шын мәнісінде, этномәдени дәстүрлер әмбебап тұрақтандырушы және селективті механизм ретінде жұмыс істейді. **Олай болса, дәстүр мен инновацияны бір-біріне қарсы қоюға болмайды.** Ресейлік ғалым Арутюнов С.А.: «Любая традиция – это бывшая инновация, и любая инновация – в потенции будущая традиция. В самом деле, ни одна традиционная черта не присуща любому обществу искони, она имеет свое начало, откуда-то появилась, следовательно, некогда была инновацией. И то, что мы видим как инновацию, либо не приживется в культуре, отомрет и забудется, либо приживется, со временем перестанет смотреться как инновация, а значит, станет традицией» деген екен. Демек, жаһандану процесінің теріс салдарын шешім қабылдау құқығы бар биліктегілер мен қоғамдық пікірді жасаушы элитаның санасына этномәдени бөліктерді енгізу арқылы азайтуға болады. Мамандардың этномәдени санасын қалыптастыру, білім беру жүйесінің маңызды бір міндеті болуы тиіс. Нақ білім беру жүйесінің, оны қалыптастыруда мүмкіндігі үлкен. **Бүгінде көп ұлысты (полиэтносты) Қазақстанның жас буынын әлеуметтендіруге тікелей атсалысатын педагогтар бойында этномәдени құзыреттілік қалыптастыруды көздейтін жаңа білім стратегиясын жасау қажеттілігі туындап отыр.**

Еліміздің жаңа тарихына көз жүгіртсек, 1996 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес «Қазақстан Республикасындағы этномәдени білім» концепциясын бекіткен еді (авторы Ж.Наурызбай). Оны Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз Әкімімен мақұлдады. Алайда, практика көрсеткендей, бұл тұжырымдама жас ұрпақтың бөгде ағымдарға ілесіп кетуін тоқтата алмады. Оның жас ұрпақ санасына бәлендей әсері болмады. Неге? Өйткені, педагогтардың, мамандардың, шенеуніктердің этномәдени құзыреттілігі жетіспеді. Іс пен ұранның алшақтығы орын алды. Бұған кеңестік шекпеннен шыққан ұлты қазақ профессураларының екі түрлі, қосарланған стандарттағы әрекетін қосыңыз. Этнопсихология ғылымында «этнофор» (etnofor) деген термин бар. Ол гректің «ethnos - тайпа, халық + итальянның fora – сыртқы, тыс, алды» деген біріккен сөзінен шыққан. Оның мағынасы белгілі бір

этностық мәдениет пен ұлттық психиканың дара иеленушісі дегенді білдіреді. Бет келбеті мен психологиялық қасиеттері, сол ұлттың мүшесі екендігіне еш шүбә туғызбайтын және аталмыш ұлттың тілі мен салт-дәстүрін жетік білетін адамдар тобы этнотиптік өкіл ретінде саналады. Бізде бойында қазақтың күллі элементтерін сақтаған үлгі тұлға ретінде қазір кімді аларымызды білмей жүрміз. Кезінде әйгілі кеңес ғалымы Л. Н. Гумилев өз теориясында этносқа қарсы тұратын жүйе ретінде, бір-бірімен сыйыспайтын этностардың қарым-қатынасқа түсуінің нәтижесінде дүниені теріс сезіну мен дүниені теріс тануға негізделген «**этностық қасиетінен айырылған қауымдастық**» туралы айтқан еді. Ол жаңа «**химерлі этнос**» ұғымын енгізді. **Химерлік этностарға тән ерекшелік – оларға даму және ұзақ тіршілік ету мүмкін емес, олар ыдырап кетеді, өзіндік бір «этностық аннигиляция» іске асады. Сондықтан этностық қауымдастықтың осы түрі ерекше болып табылады. Химерлік этносты химерлік индивидуумдар құрайды. Осындай «химерлі индивидтер» кез келген этностың ішінде кездесіп отырады. Оларды қалай зерттемек керек? Бүгінгі таңда, Ресей Ғылым академиясының Этнология және антропология институтының ғалымдары (*этносоциология және этнопсихология бөлімінің жетекшісі – Н.А. Лебедева*) этникалық сәйкестіктің «анықтығы-белгісіздігі» («определенности- неопределенности») ұғымы төңірегінде белсенді зерттеулер жүргізуде. Адам қаншалықты өзін белгілі бір ұлт өкілі ретінде сезінеді, анықтайды. Тұлғаның ұлттық «Мені» қандай дәрежеде? Ұлттық анықталуды ашу үшін шет елдерде «*salience of ethnic identity*» ұғымын қолданады екен (*Miller & Brewer, 1984; Gaertner, 1994; Brown, 2000; Taylor, 2002 және т.б.*). Ғылымда этностық сәйкестіктің «айқындығы» («анықтығы») түсінігі ретінде негізінен индивидтің өз этносы қауымдастығының өкілі ретінде субъективті сезіну дәрежесін айтады. **Бізше, биологиялық қазақтардың өзін қаншалықты қазақ ретінде («қазақылық») сезінуін түсінеміз.****

Қазақстандағы Ресей империясының отарлау саясаты, республиканың экономикасына ғана емес, әлеуметтік-мәдени өміріне де өз ықпалын тигізді. **Орыстандыру саясаты нәтижесінде ұлт ішінде өз дінінен, тілінен, мәдениеті мен тарихынан алшақтаған этномаргинал тұлғалар («мәнгүрттер») тобы пайда болды.**

Білім беру саласы бағдарламалары мен оқулықтары орыс мәдениеті мен Ресей тарихына негізделді, ұлттық мектептердің жабылуы, жазу әліпбиінің кириллицаға көшуі қазақтың халық педагогикасы, ұлттық тәлім-тәрбиесі жүйесіне үлкен зардабын тигізді. Мамандарды кәсіби даярлау мен оқытуда этномәдени құзыреттілікті қалыптастыру ескерілмеді. Ескерілсе де, бұл мәселеге екінші реттегі болмашы нәрсе деп қаралды. Халықтың мәдени-рухани құндылықтары мен ұлттық тарихын тасымалдаушы, жалғастырушы әрі сақтаушысы болып табылатын ұстаздың орнын жай мұғалім, жоғарыдағылар тапсырмасын бас шұлғып орындаушы педагог-функционарлер басты. Нәтижесі белгілі. **Мойындауға тиіспіз: мәдени трансмиссияны атқаруға тиіс алдыңғы буын өз рөлін дұрыс атқара алмады. Бауырлас түркі халықтары арасынан шала өзбек, шала қырғыз, шала түркімен сияқты феномендер жоқ. Бізде ғана «шала қазақтар» құбылысы бар. Осы шала қазақтардың этномәдени тұрғыдағы нағыз қазаққа айналу процесі бізде күрделі жүруде. Параллель екі түзу сияқты өзара қиылыспай кетеміз бе деген қауіміз әлі сөйілген жоқ. Қазақ болып туылу жеткіліксіз, қазақ болып қалыптасу керек!**

Осыдан он жыл бұрын, 2003 жылдың 17 мамырында Қазақстан Республикасының Индустриялық – инновациялық дамуының 2003-2015 жылға арналған стратегиясы қабылданған еді. Бұл стратегияны ойдағыдай іске асыру үшін еліміздің зияткерлік ресурстарын тиімді пайдаланудың маңызы зор екені белгілі болды. Еліміздегі индустриялық-инновациялық даму проблемасына байланысты түрлі ғылыми конференциялар ұйымдастырылды. Ғалымдардың пікірлерінен ой түйгеніміз, кез келген стратегияның, бағдарламаның, инновациялық үрдістердің іске асуы бірнеше факторлардың ықпалы аясында өтеді екен. Алайда, біз көбіне саяси немесе экономикалық факторларға баса назар аударып, мәдени, психологиялық факторлар елеусіз қалады. Не болмаса психологиялық фактордың мәні онша жоғары емес деп саналынады. Ал, шын мәнісінде бағдарламаны жүзеге асыру адамның санасы мен ақыл-ой қабілетіне тікелей тәуелді болып келеді. Ең керемет бағдарлама, өте тамаша жазылған заңдар ұлттық психология ерекшеліктері, менталитеті алдында дәрменсіз. Кейде күшті қарсылық салдарынан жоспарлаушылар күткеннен бөлек нәтиже шығуы не бол-

маса өңі өзгеріліп басқа сипатталуы мүмкін. Әлемде индустриялық саясат жүргізу тәжірибесі бар Малайзия мен Оңтүстік Кореяның нәтижесі бірдей деп айта алмайсыз. Неге бір реформа, бір көздеген мақсат әр халықта әртүрлі сипатталады? Қазіргі таңдағы ғылыми білімдер көрсеткендей, қатаң прагматизм мен технократизмге негізделген, инновацияның технократиялық рецептерін тура қолдану, мәселен, білім саласына тікелей көшіру қоғам мен тұлға дамуының міндеттерін шеше алмайды. Кезінде, Ресей үкіметінің басшысы болған В.С.Черномырдиннің «Жақсырақ болғанын қалап едік, бірақ, әдеттегідей болып шықты» дейтін әйгілі сөзі ел аузында афоризмге айналып кеткенін білеміз. Сонымен, инновациялық зерттеулердің классикалық концепциялары мен бағыттары инновациялық құбылыстарға әлеуметтік-гуманитарлық тұрғыдан келудің маңыздылығын көрсетеді.

Педагогикалық іс-әрекет адамға бағдарланған қызмет болғандықтан, инновациялық білім беру технологиясы оған қатысушы субъектінің тұлғалық ерекшелігін (*ұлтын, тілі мен ділін, мәдениетін*) ескеруі тиіс. Демек, жалпы педагогикалық кәсіби құзыреттіліктің бір бөлігі ретінде этномәдени құзыреттіліктің маңызын ұмытуға болмайды. Жыл сайын үлес салмағы өсіп келе жатқан қазақ шәкірттерін, кем дегенде мемлекеттік тілді дұрыс меңгерген, ұлт мәдениетінен аз да болса түсінігі бар педагогтардың оқытқаны дұрыс болар еді. Өкінішке орай, күні бүгінге дейін жоғары мектептерде қазақ тобы студенттері де-факто орысша оқуға мәжбүр. Көбісінің тілдері шұбарланып, бұрын білген қазақ тілінен айырыла бастайды. Кәсіби қазақ тілі қалыптасудың орнына жаңа бір «новояз» (*ағылшынша «Newspeak»*) қалыптасуда. Тіпті, ата-жұртым деп Қазақстанды аңсап келген оралман бауырларымыз баяғы замандағыдай «орыстану» үрдісіне тап болуда. Олардың Ресейдің бір шеткері аймағына, губерниясына түскендей психологиялық әсер алатыны сөзсіз. Білім беру әлеуметтік, мәдени және тұлғалық детерминделген (себептелген) процесс. Олай болса, өзгеріске ұшырайтын субъектінің барлық жақтары елеусіз қалмағаны дұрыс. Кез келген инновациялық жоспарлар ең алдымен, мемлекет құрушы этностың (*біздің жағдайда – қазақтардың*) ұлттық-мәдени ерекшеліктері мен менталитетін ескере отыра жүзеге асы-

рылуы тиіс. Оның үстіне, ғалымдар зерттегендей, дәстүр - креативтілік пен консервативтіліктің диалектикалық бірлігі.

Біздің ойымызша, этномәдени құзыреттілік кәсіби құзыреттіліктің негізгі бір бөлігі ретінде саналуы тиіс. Халықаралық ғылыми және мәдениаралық байланыстардың қарқыны артқан сайын әр алуан мәдени ортада жұмыс істеуге қабілетті мамандарды даярлаудың маңызы арта түседі. Сондай-ақ, болашақ мамандардың Қазақстандағы этносаралық қатынас үшін де түлектерді жаңаша этномәдени даярлау моделін (үлгісін) әзірлеуді қолға алу керек. Университет түлектерінің этномәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін жетілдіру мақсатында оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларында кросс-мәдени психология, индигендік психология, қазақ ұлтының психологиясы сияқты пәндер арнайы кіргізілгені жөн болар еді. Бізде үндітану, түріктану, ирантану сияқты мамандықтар бар да, қазақтану деген мамандықтар жоқ. «Қазақтану» Ғылыми-зерттеу институтын ашу туралы мәселе көтеріп жүрген ғалымдардың пікірін технократтық шенеуніктер құлағына ілер емес. Ұлт атаулының бәріне жандары қас «прогрессивті» басшылар шетелдік үлгілерді көшіруді ғана біледі. «Соғыстың тағдырын ешқашан әскерилерге сеніп беруге» болмайды дегендей, ұлттың тағдырын технократтардың қолына беруге болмай-тынына көз жетуде. Білімдегі гуманитаризация деген қағида жай ұран ғана болып қалды. Тіпті, философияны қажетсіз пәндер қатарына жатқызу қаупі бар. Әсіресе, халықаралық байланыспен істес болатын мамандықтар (*шығыстану, халықаралық қатынас, журналистика және т.б. факультеттер*) мен шетелдік студенттерді даярлайтын факультеттер үшін этномәдени құзыреттілік қалыптастыруға қажет әдістемелік материалдар пакетін әзірлеуге көңіл бөлінгені маңызды. Әйтпесе, бүгінгі таңда еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалары болашақ мамандарымыздың кәсіби ойлауы мен ұлттық мәдени ойлауы арасындағы алшақтықты ұлғайтып отыр. Өзінің төл мәдениеті мен тілін меңгермеген жаңа ұрпақ қалыптасса, оған таңқалмай-ақ қояйық. Біздегі білім мен ғылым саясаты соны көздеп отырған тәрізді ғой.



Қажымұқан ҒАБДОЛЛА,
«Батыс Алаш» қоғамдық
бірлестігінің төрағасы

...Әлағаң (Әлихан Бөкейхан) алапат алып екен ғой, арыстандай айбаты – мұзтауларды мылжалардай жойқын! Бірақ рет туатын толағай тұлға! Қазақтың таңдаулысының тағдырына жалқы рет жазылған жарқыл! Ол:

*Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сыңуға тұр таянып.
Талауға малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып!... – дейді.*

Сол Әлекеңді «әурелеген» қазақтағы келеңсіздік ахуал әлі үзілген жоқ... Жаныңды ауыртып, жүрегіңді сыздата беретін, ақырында, айтпасқа шыдатпайтын гәптер көп. Сондай, сойқан гәптің бірінде өзбектер былай депті: **«Орыс болу үшін, алдымен, қазақ болу керек. Сосын, орысқа айналу – оп-оңай!...»** Ал, Абайдың айбынды, Шәкәрімнің шымырлы заманынан: **«Қазақтың жаманы – орыс болады»** – дейтін дәріс-ұлағат қалыпты. Бірақ, Махамбеттің майқы қылышы, Бұқар Жыраудың боран-жыры, Абайдың адуынды, тасжарған тілі, Жұбанның «жылауық» толғауы, бәрібір, **«орыс болатындарға» «ор қазып»,** бөгет жасай алмады... Таң қаламын, қазақтың орысқа «ғашықтығы» ғаламат, диуана дуалағандай дауылды-күш, тылсым сиқыр...

Күні кеше, 2007 жылдары университеттің талдырмаш тәлімгері **Жанболат Мамай** Мұхтар Шахановтың **«Халық рухы»** партиясына жақындап, **«Жастар қанатын»** басқаруға талпынып жүретін. Өз басым Жанболат Мамай бауырымызды **«ауылдың қаратопырағына аунап өскен өскелең жігіт»** деп ойлайтынмын... Әу баста балғын көңілдің тым әсершіл, тым таза болатыны рас. Жанболаттың

ҚҰЛДЫҚ СИНДРОМЫНЫҢ ҚУАТЫ

табиғат берген жасын жігері мен таудай талабы, талай қиындықтардан алып өтті. Жап-жас басымен қапасқа түсіп, қамау көрді. Жанболаттың адуыны менің көз алдыма ғибраты мен жалыны қатар **Ғани Мұратбаевты** елестетуші еді... Бірақ... Бірақ, абақтыда **Владимир Козловпен** біраз бірге жатып, дәмдес-тұздас болғаннан кейін, ілтипатты ініміздің мінез-құлқынан нілдей бұзылған өзгеріс байқағандай болдым. Лайым, мен қателесейін, бірақ, өмірдің өткір шындығы өзегіме салмақ сала берді... Алдымен, **Жанболаттың** өзі **«Жобасының идеялық жетекшісі»** болып табылатын **«Трибуна - Ашық Алаң»** газетінің атауы – Ата Заңымызға қайшы болып шықты. Ата Заңымызда **«Мемлекетіміздің тілі – Қазақ тілі»** болғандықтан, **«Тіл туралы заң»-ға** сәйкес, алдымен (немесе сол қапталдан бастап, әйтпесе, жоғары жағында), газеттің қазақ тіліндегі аты жазылуға тиіс еді. Бірақ, **«Трибуна - Ашық Алаң»** деген атау – **Жанболат Мамайд**ың өзі өмір бойы шырылдап қорғап жүрген қазақ тілінің омыртқасынан бір-ақ басты. Дұрысы: **«Ашық Алаң - Трибуна»** болуы керек болатын. Жалпы, бұл газет министрліктегі тіркелімінде **«Қазақ және орыс тілдерінде шығады»** деп жазылған болса, түгелдей орысша шыққан бұл әрекетімен тәуелсіз елдің **«БАҚ туралы заңын»** өрескел бұзып отыр. Басылымның артқы бірнеше беті ғана көзбояушылықпен «итке тастаған сүйектей» пиғылда қазақша шығып жүр еді, бірте-бірте бұл 1-2 қазақша парағы да «қаза» болып, мүлдем жоғалды. Қазір газет таза орысша шығатын болды. Ал, Жанболат Мамай бауырымыз мақалаларын орыс тілінде (!) бұрқыратып жаза бастады... Басылымның «тұла-бойында» дәп нендей күлімсінің қолқаны қабатынын дөп баса алар емеспін: бәлкім, бұл массондық мерездік пе, әлде, мағынасыз мылжыңдық па?.. Соңғы кезде **«Трибуна – Ашық Алаң»** қазақтың барлық мүддесін шешіп тастағандай, ендігі жерде қылмыс әлемі тақырыбында **«Бауырлық ұйық»** тәрізді

мақалалар топтамасын, жалғасы келесі санда деп жариялап, «блатной» басылымға ұмтылыс жасап жатқандай әсер қалдырды. Әйтпесе, Мәскеудің бір бұрышында итше атылып, қан сасып қалған Хасан Атаның, мысалы, Қаратөбенің немесе Қарағандының қазағына қандай қатысы бар?! Әлде, бұл тұманды қаладан түскен тікелей тапсырма ма екен?... Түсініксіз...

Алысқа ат шаршатпай-ақ, газеттің ең соңғы санындағы «Төлқұжатта ұлтын көрсету – қажетсіз нәрсе» (Радик Темиргалиев) деп аталатын дүние, күллі қазақ қарсы шыққан «қазақстандық ұлтқа» қарай жасалған тағы бір қадам. Әңгімесін ә дегенде, кешегі советтің насихаты: «Соңғы кезде елімізде ұлтаралық аралас некелер көбейіп келеді» – дейтін дәйексіз деректен бастаған мақала: «Қалай болғанда да «қазақстандық» деп аталатын топ (тобыр) пайда болып, буыны бекіп, күшейіп келеді» деп соғып жібереді. Ал, редакция басшылығы мақаланың «Алғысөзінде»: «Автордың тұжырымымен келіспесек те...» – деп жазыпты. Құдай-ау, келіспесеңдер – бір беттен асқан табақтай көлеммен неге жариялайсыңдар? Біреу қорқытып-үркітті ме? Болмаса, қарсылықты – қаржысы құрғыр жығып кетті ме? Тіпті, «Әралуан пікірлер болсын...» дейтін жаттанды желудің өзі – онсыз да қалт-құлт еткен қазақтың мүддесінің қасында құны көк тиын емес пе? Мен осы күнге дейінгі санаулы өмірімде «Әралуан пікірлер болсын...» – деген сылтаумен бірде-бір орыстiлдi газеттiң орыс ұлтының мүддесiне қарсы келетiн қазақ тiлiнде мақала жариялағанын көрмеппiн! Бiзге не болды?!.

... «Қуырдақтың көкесiн» басылымның ақырындағы: «Ұлтыңыз кiм? – Ұлтым сотталушы...» (Владимир Козлов) деп аталатын жазбадан көрдiк. «Қапас күнделiгi» айдарының жазбасы: «Шевченко-Ақтаудың (Ақтаудың «Шевченко» деп аталған тарихи қате атауының алып тасталғанына 20 жылдан асса да, сотталған Козлов әдейi қазақтардың ар-намысына тию үшiн «Шевченко-Ақтау» деп қасақана қыстырып жазады – Қ.Ғ.) басым бөлiгiн сотталушылар салған...» деп «көсiлешауып», мықты қазақтардың көлiктерiнде бiрдей үш санының (Мысалы, 111, 333, 555, 777 т.с.с.) жүретiн үрдiсi жайында, қазақты кемiту үшiн былайша көсiледi: «Менiң бiр Мәскеудегi таныс әйелiм ақтаулық бiр жайсаң жiгiтке: «Сенiң көлiктерiнде нелiктен әрдайым жалғыз ғана сан бо-

лады, себебi сен жалғыз саннан артықты есiңе сақтай алмайсың ғой...» – деген едi», деп жазады. Менiңше, бұл – долбар немесе шылғи өтiрiк. Өйткенi, қазақтың кез келген намысшыл жiгiтi, бұлайша кемiткен сөзге барынша жауап берер едi. Сонда, Козловтың айтпағы не? Бесенеден белгiлi: сотталған Козлов қазақтың барлығы бiр санды ғана жаттай алатын «топас» дегiсi келе ме? Харам пиғылын тура айтып, көзге шұқымайды, айдаладағы бар-жоғы белгiсiз мәскеулiк әйелдiң аузына салып, жанама-лап жеткiзедi... Түрмеде жатқан Козлов Сергей Довлатовты оқып жатқанын айтып, атақты жазушының: «Ұлтыңыз кiм?» – «Сотталушы...» – деген сөздерiн мысалға келтiредi. Ендi, мұнымен не демекшi, Козлов? «Қазақ ұлты ақыры жойылады» дегенге меңзейдi ме, әлде, «Қазақтың түгелi сотталады» дегiсi келе ме? Болмаса, күллi қазақ даласын қапасқа теңей ме?... Ақтауды әлем қылмыскерлерiнiң ордасына айналдыруды аңсаған сотталушы Козлов «жаңа ас мәзiрiн «Актауский централ-113» деп атадым» деп, түрмелiк ала қалпағын аспанға атады... Мен кейде ойлаймын: «Сөз жоқ, советтiң цензурасы «Шаш ал десе, бас алатын» едi, бетiн аулақ қылсын! Бiрақ, қазақтың: «iрiк ауыздан – шiрiк сөз шығады» дегенi де рас қой, қай басылым да «Екi елi ауызға – бес елi қақпақ қойып», ақырын жүрiп, анық баспаса, баспасөз – қоғамдық мiнбер емес, әлде кiмдердiң өсек-алаңына айналып кетпей ме!...» Қазақтың мүддесiне қарсы дүниелердiң «омыртқасын» кешегi (таза ұлтшыл) бiз бiлетiн балаң жүрек, адал ниет Жанболат Мамай қақыратып жiберуi керек едi, әттең!..

Менiң ренжiтiп, көңiлiмдi қалдыратыны – өзiм құрметтейтiн Ермұрат Бапи! Ерекең өзi Бас оқырманы саналатын 32 беттiк «Дат, тақсыр!» («Общественная позиция») қосарлы басылымының да небәрi 12 бетi қазақ тiлiнде де, басым бөлiгi, яғни, 20 бетi орысша шығады. Бiз осыған бәрiмiз көз жұмып отырып: «Қазақпыз!» – деп, құр кеудемiздi соғамыз! Өтiрiк көлгiрсiмiз?! Бұл газеттiң де алдыңғы беттерiндегi мақалалар орысша «ойран» салып, соңында қазақшасы тiркеледi. Бұл не сұмдық! Бiз Анамыздың тiлiн өзiмiз құрметтей алмай тұрып, өзгелерден қалай талап етемiз?!.

...Түптеп келгенде, Ерағаң мен Жанболаттың: «Мәжбүрлiк жағдайлары бар ма екен?» – деп те ойлаймын. Мәселен, орысша жазбаса – газеттерi жабылып, бала-шағалары аш-жалаңаш

көшеде тентіреп қалса – бұл сұмдықтан қазақтың да, Қажымұқанның да ұтары бар ма?.. Өз топырағында өзегінді талдыратын мұндай амалсыз жағдайда, бәлкім, мәселенің мәнісін көпшілікке ашық әрі анық айту керек пе екен?! Айталық, менің де 15 жылдан бері өз күшіммен газет шығарған кезеңімде шекемнің қызғанынан – тасқа тигені анағұрлым басым болды. Қазақтың мүддесін айтқандықтан, ұлттың мұңын көксегендіктен – газетім талай жабылып, айыппұлдар салынды. Осынау қиындық кешіп, қалыптасу жылдарында бұрынғы аймақ әкімі Қырымбек Көшербаевтан басқа бірде-бір әкім: «Жалғыз қазақ газеті: қалың қалай?» – демеді... О баста газетіміз «Жүздесу» деп аталған еді, теперіш көріп, тепкіге шыдамағасын газеттің атын «мың құбылтып» өзгертуге мәжбүр болдым. Сосын, «Солай», «Ақтөбедегі жүздесу», «Жұмадағы жүздесу» болып кете барды. Оралдағы қазақ газеті үшін тағы бір тамұқ мынау: билік Оралдағы баспаханалардың барлығына қатаң ескерту жасап, тырнағын батырып қойғандықтан, жалғыз қазақтілді басылым «Жұмадағы жүздесуді» кезкелген уақытта баспахана себепсізден-себепсіз баспай қояды және бүгінгі таңда менің газетім Оралдағы барлық газеттердің ішіндегі ең қымбат бағамен басылып отыр. Сонда, біздің 21 жыл бұрын қолымыз жетіп, ақ түйеміздің қарыны жарылған қасиетті тәуелсіздігіміздің құны қанша?.. Дәп бүгінгі таңда Батыс Қазақстан облыстық Ішкі саясат басқармасының жаңа басшысы Марат Тоғжанов Оралдың шовинист казактарының Ресей басшысына дұғай хаттар жолдауын тиып тастағандай, жасөспірімдер қылмысының қамысқа тиген өрттей лаулағанын сөндіріп қойғандай, жұмыссыздардың екі қолдарына қос күрек тауып бергендей, баспанасыздарға хан сарайларын сыңғырлатып салғандай, жастар арасындағы қос аяғынан ақсаған маскүнемдік пен нашақорлықты құрықтағандай, күллі күрмеулі мәселелердің түйінін түгел шешіп қойғандай, ендігі жерде «Жұмадағы жүздесу» газетінің беттерінен тырнақ астынан кір іздеп, батыстың қалың қазағының жалғыз қазақтілді басылымында жеті атасының ақысы қалып қойғандай, тіпті, газеттің әріп қателеріне, «Меншік иесіне» шұқшиюды бастап кетті.

Ал, осы жалғыз Орал қаласынан орыс тілінде: «Надежда», «Досуг», «Диапазон-Уральск», «Информбиржа», «Неделя», «Уральская неделя», «Политра», «Газета для всех», «Приуралья», «Огни приуралья», «Пульс города», «Талап» т.б. газеттер шығады. Бірақ, бір Тоғжанов емес, мың Тоғжанов та орыстың бір газетіне қарап, жарты ауыз жағымсыз сөз айта алмайды. Өйткені, орыс газеттердің артында алып күш-қуаттары бар. Ең жақыны, ат шаптырым жердегі Самараның олигарх-орыстары болса, ең ақыры, кім екенін бір Алланың өзі біледі.

Осындай орыстілді басылымдар «армиясына» менің жалғыз «Жұмадағы жүздесу» газетінің қарсы шығып, бәсекелесіп-белдесіп келе жатқандығына 13 жылға қадам басты. Оралдан қазақ тілінде шығып, Қазақ Елінің түкпір-түкпіріне тарайтын жалғыз басылым «Жұмадағы жүздесуге» тиіспеген билік орыны қалған жоқ.

Қазақ газеті демекші, «Айтпаса – сөздің атасы өледі», осыдан 7-8 жыл бұрын «Нағыз Ақжол» партиясының қазақ тіліндегі «Апта kz», орыс тіліндегі «Эпоха» атты газеттері шығып тұрды. Партия басшылары Болат Әбілов, Ораз Жандосов сияқты азаматтар біздің ұжымымызға басын сұқпай, үнемі «Эпоха»-ның журналистерімен арқажарқа әңгімелесіп, әмпей-жәмпей болып жүретін. Ол ол ма, орыс журналистерінің саны да, жалақылары да бізден артық еді. Бір күні қазақ басылымының бастығы, осы әділетсіздікті ашына айтып, қазақ ұжымының намысын қорғаған мәселені күн тәртібіне қойғанда, партия басшылығы біраз уақыт бос сөз, құрғақ уәдемен алдап-сулап жүріп, ақырында, шындық іздеп шырылдаған сол ағамыздың қызметін өзгертіп тынған болатын. Қазір арада 10 жылға жуық кезең өтсе де ештеңе өзгерген жоқ: «Баяғы жартас – бір жартас...»

Менің ендігі мақсатым – тым қарапайым хәм қастерлі. Қанымыз қазақ болғасын: бәріміз де қазақша ойлап, қазақша сөйлеп, қазақша жазсақ деймін. Қазағымызға адалдығымыз – анамызға, яғни, ана тілімізге адалдығымыздан басталса деймін... Тағы да ақылман Абайға арқа сүйедім:

*Сезімпаз көңіл,
Жылы жүрек,
Таптадым деп түңілмес.
Бір тәуір дос,
Тым-ақ керек,
Ойы мен тілі бөлінбес.*



Болатхан ТАЙЖАН

**Біз осыны ашық айтып
үйренуіміз керек**

Ұлттық идеяны әр түрлі сипаттай алады. Ал, мен қысқа айтатын болсам, ұлттық идея дегеніміз – ұлттың еңсесін көтеріңкі ұстап дамуы. Қазіргі тарихи кезеңде қазақ халқының еңсесін көтеру, өзіне деген құрметін, «мен – қазақтың» деген мақтаныш сезімін қалыптастыру – өте қажет нәрсе. Орыс империясының отарында болған екі ғасырда қазақ халқының мәдениетін, әдебиетін, әдет-ғұрпын, тарихын, ана тілін кемітіп, қаралауға күш салынды. Тіпті, қазақтар өзін сыйлаудан қала жаздады. Осы уақытқа дейін бізді езіп, өткенімізді қаралап, болашағымызды мүшкіл етіп көрсетіп келді. Әлі сондай сезіммен келе жатқан сияқтымыз. Мысалы, тіліміздің тағдыры. Ресей империясының отарында болып, бізбен бірге бостандық алған республикалар ана тілін, сол мемлекетті құрып отырған халықтың тілін оқып-үйренуге барлық азаматтарды мәжбүрлеп, мемлекеттік тілде сөйлеуге көндіре алды. Қайсысын алсаңыз да, Украина болсын, Әзірбайжан болсын, Өзбекстан болсын, Балтық бойы республикалары болсын. Қазақстан бұл мәселені көп айтқанымен, іске татитын нәтижеге әлі жете алмай отыр. Бұл қазақтардың өзінің жасқаншақтығынан. Осында тұратын басқа ұлттар қазақ тілін білуі тиіс деп талап қоюдан қорқатын жалтақтығынан. Одан да өкініштісі, осы халықтың ата-бабалары көне заманнан бері мекендеген жерге соңғы жылдары келген келімсектер мен босқындар да «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» дейтін болды. Ал, «қазақ жері», «қазақ елі» деген ұғымдарды жоюға жол берілді. Қазір қазақстандық жер,

ҚАЗАҚСТАНДА БІР ҒАНА ХАЛЫҚ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ТҰРАДЫ

қазақстандық әдебиет, мәдениет деген тәрізді клишелерді кең таратуға Үкімет те ат салысып жүр.

Ұлттық идея жөнінде Қазақстандағы қазақтарға қатысты айтсам, Қазақстан – қазақ халқының мемлекеті деп мен батыл, ашық айтар едім. Шындығы – сол. Бұл «Қазақстанда тек қазақтар тұрсын, басқаларды Қазақстанның азаматы деп санамаймын» деген сөзім емес. Керісінше, халықаралық тәжірибеге сәйкес, Қазақстанда өзге ұлттар да тұруы тиіс. Бірақ, қазақтар да, қазақ еместер де «біз қазақтардың мемлекетінде тұрып жатырмыз» деген сезіммен тәрбиеленуі керек. Сонда ұлтаралық түсіністік, ұлтаралық қатынастың тұрақтылығы дұрыс негізге келеді. Ал, қазір қарасақ, Қазақстан – көп ұлтты, көп дінді, көп тілді мемлекет деп уағыздаушылар көп. Олай деуге еш себеп жоқ, еш негіз жоқ. Өйткені, әлемнің жүз тоқсаннан аса мемлекеті – көп ұлтты, көп тілді, көп дінді. Бірақ, олардың ешқайсысы өздерін басқалардан дара құрылған мемлекет деп санамайды. Біз болсақ, әрдайым өзімізді бөлек тұрған, өзге мемлекеттерге ұқсастығы жоқ мемлекет көреміз, орыстар уағыздап, миымызға құйған «халықтар достығының лабораториясы» деген ұғымнан арыла алмай келеміз. Біз де өзгелер сияқты көп ұлтты мемлекетпіз. Бірақ, басқа көп ұлтты мемлекеттерде мейлі Украина болсын, Әзірбайжан болсын, Франция болсын, Италия болсын, өзге ұлттар «біз сол мемлекетті құрып отырған халықтың үйінде, жерінде тұрып жатырмыз» деген ұғыммен өмір сүреді. Ал, бізде өзге ұлттар «біз – қазақстандықтармыз, Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» деп сайрайды. Неге ортақ үй? Бұл – қазақтардың үйі. Мұнда басқалардың да тұруға құқығы, мүмкіндігі бар. Біз осыны ашық айтып үйренуіміз керек.

Еңсені биік ұстап даму экономикаға да байланысты. Экономика саласына

келсек, бізде бір жағынан шетелдік инвестиция тарту арқылы, екінші жағынан шикізатты неғұрлым көп өндіру арқылы бай боламыз деген түсінік бар. Бұл – аса қате экономикалық ұғым. Тек шикізатқа негізделген экономика артта қалады. Әсіресе, әлеуметтік жағынан. Өйткені, осы салада істейтін жұмысшылардың мамандығы сапасы жағынан төмен болып қала береді. Біз экономикамызды неғұрлым жан-жақты қылуға ұмтылуымыз керек. Өзіміз тұтынатын тауарды өзіміз шығаруды үйренуіміз керек. Ал, жанармай, мазутты сатып аламыз. Өзімізге қажетті заттардың бәрін сырттан ала беруге біздің экономикамыз қашанғы шыдайды?

Біз қазір жақсы бағыт алып отырмыз. Президент Нұрсұлтан Назарбаев халықтық билікті қамтамасыз етудің шарты ретінде Парламенттің өкілеттігін кеңейту, азаматтық қоғамның және мемлекетпен өзара іс-қимыл механизмдерін дамыту, құқық қорғау жүйесін реформалау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, билікті орталықсыздандыру және аудандық және ауылдық деңгейдегі әкімдерді сайланбалы ету. БАҚ-ты одан әрі монополизациялау және жеке азаматтардың ар-намысын, абыройын, іскерлік беделін қорғайтын заң тетіктерін күшейту жөнінде ұсыныстар айтты. Осыларды іске асыруға бәріміз ұмтылуымыз керек. Үкімет Мәжіліс сайлауында жеңіске жеткен партия құруы тиіс. Мұны, жеке тезірек іске асыру қажет. Сонда ғана қай партияның бағдарламасы дұрыс, қай партия сол бағдарламаны үкімет арқылы орындай алады – осыны бақылап отыруға халықтың мүмкіндігі болады. Мәжілісте оппозицияның өкілдері көп болуы тиіс. Мұның бізге зияны жоқ. Біз – бір елдің, бір қоғамның азаматымыз. Сондықтан, басқарып отырған партия мен үкіметті бақылайтын, оған сын көзбен қарайтын, жұмысын сараптайтын оппозициялық күш Мәжіліске керек. Біз осыны түсінуге тиіспіз.

Оппозицияны Мәжіліске жеткізбей сойып салуға тырыспау керек. Керісінше, солардың ішінен еліміздің дамуына үлес қоса алатын, күрделі ұсыныстар айта алатын адамдардың өткеніне қуану керек. Өзім білетін елдерде көргенім – мемлекет басқарып отырған азаматтар халқына арнаған сөзін «**Уа, менің халқым!**» деп бастайды. АҚШ президенті

болсын, Йеменнің президенті болсын, Малайзияның королі болсын. Біз де соған үйренсек. Неге «**Уа, ұлы қазағым!**» демеске? Президенттен бастап еліміздің басшылары жиындарда Парламенттің отырыстарында қазақша сөйлесе, халқымыздың қазақ тіліне ден қоюына бұл үлкен себеп болар еді. Көп нәрсе елдің басшыларына байланысты. Онда тұрған ешқандай сөкеттік жоқ. Бұл халықтың еңсесін көтереді. Соңғы кезде Әзірбайжанда ұлттық ортаның қатты күшейгені байқалды. Әзірбайжандар әліпбиін латыншаға ауыстырды. Онда да тек техникалық немесе электронды құралдармен жұмыс істейтін салаларды ғана ауыстырып қойған жоқ.

Әзірбайжандар халқының тарихын жоққа шығарған, мәдениетіне тіл тигізген кириллица қарпіндегі материалдарды жылдар бойы оқып өсті. Зерттеушілер болмаса, әзірбайжандардың кириллицаны танымайтын жас ұрпағы енді мұндай сөздерді оқымайтын болады. Демек, халық зиянды, теріс ұғымнан арылады. Арылып та келеді. Олар рухани деколонизация, яғни, рухани бодандықтан арылу процесін жақсы өткізіп жатыр. Дәл осындай жағдайды Украинадан байқауға болады. Дәл осындай жағдай Қазақстанда 2001 жылға дейін сезілді. Бірақ, одан кейін халқымызды орыстандыру процесінен құтқару ісінен тағы да кері кеттік. Өйткені, біз өз тілімізді, мәдениетімізді осында тұратын ұлты бөлек халықтардың санасына сіңіре алмай отырмыз.

Біз шет елдегі бес миллиондай қазақты елімізге тезірек қайтаруымыз керек. Бұл да ұлттық идея болуы тиіс. Олар біздің тілімізге, мәдениетімізге үлкен тірек болады. Біз орыс мәдениетіне жақын өсіп, көзіміз сонымен ашылды. Ал, біздің шеттегі қандастарымыз қытай мәдениетін, моңғол мәдениетін, иран мәдениетін, түрік мәдениетін білді, бойына сіңірді. Егер, солар үлесін қосса, қазақ мәдениеті жан-жақты дамитын еді. Қытайдан, Ираннан, Моңғолиядан келген қазақтардың ішінен ана тілін білмейтін қазақты көргеніміз жоқ. Олар қытай, парсы, моңғол тілдерін білумен қатар ана тілін де ұмытқан жоқ. Ал, біз елімізде, өз топырағымызда тұрып орыстанып кеттік. Ана тілімізден айырылып қала жаздадық. Біз тезірек орыстандыру процесінің ізін жойып, ықпалы жоқ етуге тырысуымыз ке-

рек. Бұл арада мен орыстарға қарсы іс-әрекет жасап, оларға ала көзбен қарауға шақырып отырғаным жоқ. Қазақ халқын өз мәдениетіне, тіліне бұру керектігін айтып отырмын. Президенттен бастап еліміздің басшылары жиындарда, Парламенттің отырыстарында қазақша сөйлесе, халқымыздың қазақ тіліне ден қоюына бұл үлкен себеп болар еді. Көп нәрсе елдің басшыларына байланысты. Елдің басшысы өзінің жауапкершілігін жақсы түсініп, халқының алдындағы борышын жақсы орындап отырса, халқымның болашағы алдында үлкен қызмет атқарады. Сол борыштың үлкені – олар қазақ тілінде сөйлеуі керек. Қазір жолдаулар, үндеулер, заңдар, бағдарламалардың барлығы әуелі орыс тілінде жазылады, сосын қазақшаға аударылады. Ол тайға таңба басқандай көрініп тұрады. Біз ол құжаттарды ең алдымен қазақша жазуды әдетке айналдыруымыз керек. Бұлар – ұлттық идеяның бөліктері болатын нәрселер.

«Ұлтшыл», «ұлтшыл-патриотизм» деген түсініктерге деген көзқарастың кейінгі кезде өзгергенін байқап жүрміз. Біз «елінің патриоты» деген сөзден еш үркіп, алшақтамауымыз керек. Бодан кезімізде ұлттық құндылықтарымызды сүйіп, қадірлеген азаматтарды «ұлтшыл» дейтін. Қазір «ұлтшыл-патриот» деген айдар тағады. Қаралау үшін. Бірақ, осыны айтып жүрген ұлты басқа адамдардың өзі де, сыйлайды да. Ал, біз дәл сондай қасиетіміз үшін «ұлтшыл-патриот» атанамыз. Бұл – бұрынғы стереотиптер. Біз қазір басқа дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Біз ұлтын, мәдениетін, тілін сүйетін адамдарды тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық құндылықтарын сүйетін адамды «ұлтшыл-патриот» атандырсақ, жас ұрпақ қандай сезімде болады? Олар да мәдениетінен, тарихынан, тілінен жеруі керек пе? Ол заман өтті. Біз қазақ болсын, болмасын, өз азаматтарымызды қазақтың ұлттық құндылықтарын үйреніп, сыйлауға тәрбиелеуіміз қажет.

Егер, ұлттық идея ретінде еліміздің тұтастығын, бірлігін ойлайтын болсақ, біз мынаны түсінуге тиіспіз. Әлемнің 190 мемлекетінде тұрып жатқан халықтар сол мемлекетті құрған титулды ұлттың мәдениетін, тілін игеруге тырысады. Мұны, «интеграция», «интегрирова-

ние» деп те атайды. Яғни, тек мемлекетті құрған ұлттың мәдениетін тілін, біліп қана бірігуге болады. Ал, сол елде тұрып жатқан, негізгі ұлтқа жатпайтын ұлттардың барлығының мәдениетін, тілін игеру – ақылға сыймайтын нәрсе. Біз осыны Қазақстандағы күллі ұлттарға түсіндіре білуіміз керек. Тек қазақ мәдениетін, тек қазақ тарихын, тек қазақ тілін біліп өссе, сонда ғана Қазақстанда мызғымайтын бірлік болады. Мұнымен қатар, қазақ емес азаматтарымыздың өз тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын білуіне біз жағдай жасауымыз керек.

«Қазақстанда көп этностар тұрады» деген сөз қазақ тілді баспасөзде де, орыс тілді баспасөзде де жиі айтылып жүр. «Этнос» сөзі грек тілінен аударғанда «халық» деген мағына береді. Яғни, біз, Қазақстанда 130 этнос, 130 халық тұрады дегенді уағыздап жүрміз. Бұл мүлдем дұрыс емес. Қазақстанда бір ғана халық тұрады. Ол – қазақ халқы. Қалғандары – басқа ұлттың азаматтары. Өйткені, олардың өзінің этнотерриториясында, Қазақстаннан тыс жерде мемлекеттері бар. Егер, Қазақстанда тұратын орыстарды «халық» десек, онда жер бетінде бірнеше «орыс халқы» пайда болады. Қазақстандағы «орыс халқы», Ресейдегі «орыс халқы», Австралиядағы «орыс халқы», бұрынғы кеңестік республикалардағы «орыс халықтары» деген сияқты. Шындығында, орыс халқы біреу-ақ қой. Ресейде тұратын орыстар ғана «орыс халқы» болып саналады. Ресейден өзге мемлекеттегілер – орыстардың диаспорасы. Сол мемлекеттің орыс тілді азаматтары. Бүкіл дүниежүзіндегі тәжірибе осындай. Ал, біз Қазақстандағы басқа ұлтты азаматтар топтарының бәріне «халық» деген ат қойып жібердік. Бізде саны бір мыңнан аспайтын ұлттар тұрады. Сонда, олар да «халық» болып санала ма? Кезінде Грекиядан Қазақстанға өтуге мәжбүр болған гректер бар. Сонда да «Қазақстанда грек халқы тұрып жатыр» деп қалай айтамыз? Бұл – ақылға қонбайтын нәрсе. Сондықтан, «Қазақстанда бір ғана халық тұрады, ол – қазақ халқы» деген ұғымды біз ешбір жасқанбай, ұялмай айтып, тарата беруіміз керек. Мұның мемлекетіміздегі қазақтарға да, қазақ еместерге де пайдасы үлкен.

«Айқын» 04.09.2004 ж.



Сейілбек МҰСАТАЕВ,
саяси ғылымдарының
докторы

ЛИБЕРАЛИЗМ АЛҒА СҮЙРЕП, КОНСЕРВАТИЗМ КЕРІ ТАРТА МА?

Қазақстан осы екі жолдың
қайсысын таңдауы тиіс

Мәселенің бастауы

Дәстүршілдік пен жаңашылдық ғасырлар бойы теке-тіресіп, әлемдік тарихи дамудың мәні мен мазмұнына ерекше ықпал етіп келе жатқан құбылыстардың қатарына жатады. Кез келген елдің өткен тарихына көз жіберсек те, бүгінгі шынайы саяси өміріне талдау жасасақ та, дәстүрді сақтау мен жаңа құндылықтарды басшылыққа алудың, түрлі сипаттағы тым (табу) (*діни, идеологиялық, психологиялық т.б.*) әсерімен шектелген сыңаржақ тар ойлау мен керісінше, ешқандай шектеуге көнбейтін, кең ауқымды шығармашылық ой еркіндігі арасында ымырасыз күрестің тоқтаусыз жүріп жатқанын байқау қиын емес. **Үйреншікті әдеттен арылу қандай қиын болса, тапталған ескі жолдан инновациялық бетбұрыс жасау сондай ауыр. Бұл процесс үлкен психологиялық ерік-жігерді, физикалық күш-қайратты, қосымша ресурстарды (адами, интеллектуалдық, қаржылық, әкімшілік, материалдық, т.б.) қажетсінеді. Мұндай өтпелі сипаттағы процеске тән қасиет – ой-санада қасаң болып қатып қалған стереотиптерден арылудың ұзаққа созылуы.**

Дәстүршілдік пен жаңашылдықтың қоғам өмірінде алатын орны мен рөлі туралы мәселе, саяси ой тарихында да талай ойшылды толғандырып, саяси тәжірибеде ол **консерватизм** мен **либерализм** идеологиялары түрінде көрініс тапты. XVIII ғасырдың соңғы ширегінде Ұлыбританияда туындаған бюргерлердің (*көпестер, банкирлер, чех қожайындары т.б.*) ықпалының артуы өз кезегінде дәстүрлі жер иеленуші дворяндардың наразылығын туындатты. Себебі, Ұлыбритания отаршыл ел

болғандықтан, теңіз жолы арқылы саудасаттыққа төселген көпес-бюргерлер азия-африкалық колониялардан шикізатты, ауыл шаруашылық өнімдерін, қолөнер туындыларын су тегін тасып, ағылшындардың ішкі нарығын арзан бағадағы тауарға толтырады. Жаңашылдықты ту етіп көтерген буржуазия, импорт енгізумен шектеліп қоймай, тауар өндіруге де кіріседі, жаңа технологияларға негізделген өнеркәсіп орындарын ашып, алғашқы бу машиналары мен станоктарды мануфактураға кеңінен қолданады, тиімді қаржылық-банктік жүйені қалыптастырады. Мұның барлығы жер иеленуші британдық дворяндарға ұнамайды, өйткені, олар күшті бәсекелестікке шыдай алмай, нарықтан ығыстырыла бастайды. Дворяндар ежелден жергілікті дәстүрлі шаруашылықты экстенсивті жүргізсе де, ішкі нарыққа монополия орнату арқылы оның қажеттіліктерін қамтамасыз етіп келген болатын. Осылайша, жаңа туындап келе жатқан буржуазия өкілдері мен дәстүрлі дворяндар арасында экономикалық мүдде негізінде қақтығыс пайда болып, ол бірте-бірте саяси рең ала бастайды. Дворяндар өздеріне тықыр таянғанын сезіп, бюргерлерге төтеп беру үшін саяси тетіктерді пайдалануға көшеді. Олар аристократиялық үйірмелер құрып, өзара ұйымдасып, британ короліне ұжымдық өтініш білдіреді. Ондағы мақсаттары сырттан енетін тауарларға салынатын баж салығының деңгейін көтеру арқылы, ішкі нарықтағы британдық тауар өндірушілерге қолдау көрсету еді. **Қарсыластарының іс-әрекетіне жауап ретінде бюргерлер саяси клубтар құрып, саяси билікке өздерінің талап-тілектерін білдіреді. Бюргерлердің ұстанымдары - еркін кәсіпкерлік пен бәсекелестік, азаматтық құқықтар мен бостандықтар, заң алдында баршаның тең болуы, әлеуметтік әділеттілік пен теңдік, мемлекеттің**

экономика саласына қол сұқпауы, жеке меншіктің қорғалуы либерализм (латынша *liberalis* - еркін) ағымына негіз болды.

Саяси пікірталас қыза келе, қарама-қарсы идеялық ағымның өкілдері бір-бірін кекете-мұқата лақап ат қоюға дейін барып, консерваторлар либералдарға «ви́ги» (ағылшынша – *Whigamore* – «сиыр айдаушылар», қысқартылған түрі «*Whigs*») деп, өз кезегінде, либералдар консерваторларға «тори» (ирландша «*tóraighe*» - «қуғындалушы адам», қысқартылған түрі «*Tory*») деген атауды таңып, бұл тарихта мәңгіге қалды.

Классикалық либерализм – жеке адамның құқықтары мен бостандықтары қоғамдық және экономикалық тәртіптің базисі санайтын, еркін азамат ретінде өзін-өзі толық жүзеге асыруы мен жеке меншігін игілікпен қолдануын, сауда-саттықта фритредерлікті (*ағылшынша free trade* — *еркін сауда*) қорғайтын идеология. «Либерализм» ұғымы орыс жеріне XVIII ғасырдың соңында француз тілінен (*французша libéralisme*) еніп, басты мағынасында «еркін ойлаушылық», ал, баламасында «ымыраға тез келгіш, илеуге көңіл, өз ұстанымында тұра алмау» деген мағыналарда қолданылды. Түптеп келгенде, либерализм ағымы реформа, модернизация, инновация сияқты өзгерістер мен жаңғыруларға арқау болатын динамикалық процестермен тығыз байланысты.

Ал, консерватизм (*латынша conservo* – *сақтаймын*) болса, қоғамда қалыптасқан дәстүрлі құндылықтар мен тәртіпті, ұлттық ерекшеліктерді сақтау, әлеуметтік және діни қағидаларды бұлжытпай орындауды ұстанатын идеологиялық ағым. Яғни, консерватизм үшін басты қағида - протекционизм (*латынша protect* – қорғау) және эволюционизм (бірте-бірте даму). «Консерватизм» терминін XIX ғ. басында алғаш ғылыми айналысқа ендірген француз роялисті әрі философ-классигі Франсуа Рене де Шатобриан болды.

Уақыт өте келе либерализм де, консерватизм де жан-жақты дамып, мәні мен мазмұны кеңейіп, тіптен, жаңа түрлері шыға бастады. Себебі, либерализм де, консерватизм де таза күйінде өздерінің кемшіліктері бар екенін көрсетті. Шектен шыққан либералды бостандық адамдарды мас қылып, басын айналдыратын қасиетке ие екендігі, бәсекелестіктің монополияға айналып кету қаупі бар екені белгілі

болды. Ұшқары консерватизмнің де, ескіні көксеушілік, тоқырау, дамудың тоқтауы, догмадан арыла алмау сияқты кемшіліктерге бой алдырғыштығы байқалды. Осыдан келіп, либерал-демократия, либералды социализм, неолиберализм, либертариандық, неоконсерватизм, ұлттық консерватизм, діни консерватизм сияқты жаңа түрлері туындады. Неолиберализмнің классикалық либерализмнен айырмашылығы – экономиканы мемлекеттің реттеуін қолдайды, ал, либералды демократия – өкілдік жолмен қалыптасатын, көпшілік қауым азшылықтың мүддесімен есептесетін, идеалы – құқықтық мемлекет болып табылатын идеологиялық ағым. Сонымен қатар, либерализмді жіктеудің мынадай да түрлері бар: *саяси либерализм* – либералды демократия орнату үшін биліктегі абсолютизм мен авторитаризмге қарсы күрес; *экономикалық либерализм* – жеке меншікті қорғау мен мемлекеттік реттеуді шектеу, яғни, мемлекет қоғамның ішкі тұрақтылығы мен сыртқы қауіпсіздігін қорғайтын «түнгі қарауылдың» қызметін ғана атқаруы тиіс; *мәдени либерализм* – жеке адамның мәдени бостандығын патриотизмнің немесе діни ұстанымдардың шектемеуі; *әлеуметтік либерализм немесе либералды социализм* – адамдардың мүмкіндіктері тең болуы, адал еңбекті қанауды жою, әлеуметтік әділеттілік пен теңдік. XX ғасырдың екінші жартысында үшінші әлем елдерінің тәуелсіздік ала бастауы либерализмнің үшінші толқынын туындатып, ол ұлттық егеменді мемлекет құру құқығы, отаршылдыққа қарсы күрес, ұлттық ерекшеліктерді дамыту бостандығымен ерекшеленді. Қазіргі кезеңдегі либерализм – осы аталған либерализм формаларының бәрін қамтиды, көптеген дамыған елдерде либерализм жан-жақты көрініс тауып отыр.

Неоконсерватизм болса (*нео* - жаңа), батыс өркениетінің дәстүрлі құндылықтарын сақтау мен әлемге таратуға тырысатын идеология, олардың консерваторлардан ерекшелігі – мемлекеттік аппарат пен әлеуметтік қамсыздандырудың көлемін қысқартуды қолдамайды. Неоконсерватизмнің тағы бір ерекшелігі – авторитарлық режим орнаған шет елдерге либерализм мен демократияны күштеп ендіруді қолдайды. Бұл мақсатта өзге елдердің егемендігіне қол сұғуға әбден болады, мысалы, американо-

дық неоконсерваторлар АҚШ ұлттық мүддесіне кереғар елдерге әскери күш қолдануды барынша жақтайды. Қазіргі әлемде консерваторлық ұстаным бірқатар европалық және азиялық елдерде басым.

Либерализм мен консерватизм бір-біріне қарама-қайшы идеология болғанымен, олар қоғам өмірінде қатар қолданыс тауып келеді. Бұл екеуі бөліп жарып қарайтын құбылыс емес, **инь мен янь** сияқты, бірліктегі қарама-қайшылық. Мемлекеттің идеологиясын бейнелеп айтқанда, алып бәйтерекпен салыстырсақ, консерватизм сол бәйтеректің тамыры сияқты, ал, либерализм оның діңіндей, бұл екеуінен тараған түрлі тармақтар ағаштың көп бұтақтары іспетті. **Либерализм ағашқа көрік беретін жапырақ болса, консерватизм – ағаштың гендік қорын сақтап, оның өсімін жалғастыратын жемісі, яғни, ағаштың тұқымы сияқты.** Тіл, дін, діл, салт-дәстүр сияқты ұлттық құндылықтарды сақтау, тектік қор мен ұлттық мүддені қорғау, егемендікті нығайту сияқты ешқашан маңыздылығын жоғалтпайтын мәселелер кез-келген мемлекеттегі идеологияның тамыры, негізі, қайнар көзі. Бұл қағиданы коммунизмнің атасы Карл Маркс те мойындап, оны **базис** деп атаған, ал, келімді-кетімді өзге идеологиялар мен құндылықтарды **қондырғы** деген. Сол сияқты, қазақ ұлты да қилы заманды бастан өткерсе де, өзінің базисін сақтай білді, ұлттық базисіміздің үстінде небір қондырғылар алмасты: ру-тайпалық, қағандық пен хандық дәуірлерді, патшалық кезеңді, коммунистік идеологияны көрді, енді, мінеки, ұлттық базисімізге демократиялық, либералдық қондырғы келіп қонды. Қазіргі маңызды міндетіміз – қазақы ұлттық базис пен заманауи қондырғының арасын үзіп алмау.

Әлемдік тәжірибедегі идеологияның сабақтары

XX ғасырда бір ғана идеологияға бас ұрған алып империялар – нацизм идеологиясын ұстанған фашистік Германия жойылса, коммунистік тоталитарлы идеологияға бас ұрған Кеңестік социалистік республикалар одағы (КСРО) ыдырады. Тағы да сол, бір идеологияның шектен тыс басымдыққа ие болуы түбінде жақсылыққа әкелмейтіні тарихи дәлелденді. **Фашистік Германия неміс ұлтшылдығының құндылықтарына**

негізделді, шектен тыс консервативтік тамырға бағытталған мемлекеттік идеологиядан дінгек жетілмеді, жалпы адамзаттық құндылықтарды аяққа таптаған идеология күшті мемлекеттің түбіне жетті. Ал, коммунистер болса, керісінше, ұлтшылдықты ескішілдікке теңеп, либерализмді буржуазия ілімі деп екеуінен де өздерін дара ұстады. **Коммунистік идеологияның тамыры таптық (жасанды), діні социалистік сипатта еді.** Алайда, консервативтік тамырдан нәр алмаған коммунизм бәйтерегі де ұзақ жасамады, табиғи тамырсыз діннің өзегі шіріп құлады. Ұлттық құндылықтардан таптық идеологияны, жеке адамнан мемлекеттің мүддесін жоғары қойған коммунистік тоталитарлы жүйе іштен қирап, ажырамастай болған кеңестік одақтас республикалар жеке-дара ұлттық тәуелсіз мемлекеттерге бөлініп тынды. Коммунистік тоталитарлы идеологиядан зәрзап болған посткеңестік кеңістікте деидеологизация процесі, яғни, идеологиядан тазару белең алды. Идеология деген ұғым жағымсыз қабылданды, адамдардың психологиясында идеологияға деген теріс стереотип туындады. Біраз уақыт идеологиялық вакуум (идеологиядан таза бос кеңістік) қалыптасты. Бос кеңістік ұзақ уақыт бос тұрмасы анық, идеологиялық вакуум тез арада өзге идеялық ағымдармен толыға бастады. Идеологиясыз саясаттың болмайтыны белгілі болды. Әрине, идеологиялық вакуумды толтырушылардың алғашқысы либерализм идеологиясы болды.

Бұрынғы одақтас республикалар мен социалистік лагерьге кірген Шығыс Еуропа елдері тәуелсіз, либералды, демократиялық даму жолын таңдаған кезеңде либерализм ақиқат жол ретінде жеңіске жетті деген көзқарас та туындады. Сол кезде американдық ғалым Френсис Фукуяма **«Тарихтың ақыры»** атты еңбегінде идеологиялық соғыс осымен бітті, либерализм жеңіске жетті дегендей мағынада ой айтты. Ол либерализмді ту еткен жаһандану процесінің бүкіл әлемді лаулаған оттай, тұтасымен шарпығанын дәйекке келтірді. Дегенмен, сол кезеңде, біраз, абдырап қалған өзге идеология түрлері көп ұзамай қайта жанданып, либерализммен теке-тіресе, қоғам өмірінде қатар жүріп келеді. Қазір көптеген елдердің саяси жүйесінде бір-біріне кереғар келетін идеология ұстанушы саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар қатар тіршілік етуде. **Қазақстан да солардың**

қатарында, елімізде көппартиялық жүйе қалыптасқан, мысалы, бізде либералды бағыттағылардың, коммунистердің, социал-демократтардың, жасылдардың, патриоттардың, т.б. партиялары бар. Осы жерде айта кетерлік жәйт, тәуелсіздік алған тұста өте өзекті болған ұлттық мәселелер уақыт өте келе либерализмнің көлеңкесінде көмескіленді, қазір бізде консерваторлық идеологияның позициясы әлсіз екені анық байқалады. Ата заңымыз бойынша, ұлттық және діни негіздегі партиялар құруға тыйым салынған, бірақ, оның есесіне, ұлттық-мәдени, діни, кәсіптік және өзге де қоғамдық ұйымдар жетерлік. Дегенмен, олардың ықпалы әлсіз болғандықтан, қызметтері де нәтижелі болмай тұрғаны да көпшілікке мәлім.

Қазіргі кезеңдегі әлем елдерін салыстырсақ, олардағы либерализм мен консерватизм, жаңашылдық пен дәстүршілдік біркелкі емес. Абсолютті және конституциялық монархиялы елдерде негізінен консерватизм мен дәстүршілдік басым. Дегенмен, олар да либерализм мен жаңашылдықтан бас тартпайды. Мысалы, Жапония «европалық білім, жапондық рух» деген ұстаныммен дамыды. Бұл күншығыс елі сырттан енетін идеология мен жаңа құндылықтарды өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне сай бейімдей білді. Мұндай ауыр міндетті ұлттық иммунитеті күшті ұлт қана көтере алады, оларда бейнебір «ұлттық сүзгі» бар сияқты. «Ұлттық сүзгіден» өткен жаңашылдық үлгілерін басшылыққа алады, сүзгіден өтпегені жайына қалады.

Ал, коммунистер басқаратын Қытайда либералды нарықтық қатынастар күшті дамып, «бір елдегі екі түрлі жүйе» қалыптасып отыр. Дегенмен, қазіргі біз білетін Ұлы Қытай бұл жетістікке оңайлықпен қол жеткізген жоқ. Олардың да «әттеген-ай» деп адасып, абдыраған, тіптен, өздерін өздері қырып-жойған кезеңдері болды. Қытайда билік басына Мао Цзэдун келген тұста «мәдени төңкеріс (революция)» науқаны орын алды. Мао өзінің жүргізбекші болған «үлкен секіріс» саясаты сәтсіздікке ұрынғанын, осыдан келіп, коммунистік партияның элитасы мен халық алдындағы беделінің түскенін сезіп, биліктен айырылып қалмау үшін құйтұрқы идеологиялық аласапыранды бастайды. Маоизмнің идеологиясы оппозиционерлерді қырып-жоюмен қатар, қытайлық дәстүрлі мәдениетті, ғасырлар

бойы қалыптасқан, ұлттық идеологияға айналған философиялық ағымдарды (конфуцишілдік, даосизм, легизм т.б.) жоққа шығарып, ғұлама данышпандардың жазбаларын өртеп, монастырлар мен храмдарды, құнды рухани мұраларды жойды. 1966-1976 жылдарды қамтыған маоизмнің мәдени төңкерісін бүгінгі қытайлықтар еске алуға ұялады, тарихи қара дақ деп таниды. Жаңа идеологияға бой ұрушылық, ұлттық құндылықтарды ескермеу қытайлықтарды рухани тұрғыда дел-сал күйге түсірді, халық дүбэраланып, мәңгірттенудің алдында тұрды. Мәдени төңкеріске арқау болған маоизм 1976 жылғы 5 сәуірде Пекиннің Тяньаньмэнь алаңында болған қанды қырғынмен тоқтады. Дэн Сяопин 1977 жылы мәдени төңкерісті қате идеология деп көрсетіп, ұлттық жаңғыруға бағытталған «Пекин көктемі» науқанын бастады. 1981 жылы Қытай компартиясы мынадай шешім шығарды: «Культурная революция» не была и не может быть революцией или социальным прогрессом в каком бы то ни было смысле... она была смутой, вызванной сверху по вине руководителя и использованной контрреволюционными группировками, смутой, которая принесла серьезные бедствия партии, государству и всему многонациональному народу». Дэн Сяопин көреген саясаткер ретінде Қытай үшін дамудың жаңа жолын тандай білді, коммунистік идеологияны либералдық және консерваторлық идеологиялармен «будандастырды», ұлттық дәстүр мен жаңашылдықты үйлесімді жарастырды. Ал, оның оң нәтижесі қазір бүкіл дүниежүзіне белгілі.

Біріккен Араб Әмірліктері де дәстүрді сақтай отырып, жаңашылдықты ұстанудың озық үлгісін көрсетіп отыр. Батыс елдері де солай, жаңашылдықтан, қоғамдық прогрестен бас тартушы европалық консерваторды табу мүмкін емес. Сол сияқты, либералды жолмен дамуды тандаған демократиялық мемлекеттер де ұлттық ерекшеліктерін, салт-дәстүрлерін, діні мен ділін, тарихын сақтауға барынша тырысып бағуда. Бұл жаһандану жағдайында ұлттың жоғалып кетпеуі үшін аса қажет шарт. Бүгінгі таңдағы консерватор біршама либералданған, ал либералға кейбір консерваторлық ұстанымдар тән. Осыған байланысты, әлемдік тәжірибеде дәстүрлі қоғамның жаңғыруы (модернизациялануы) үш түрлі жүргенін де айта кеткеніміз жөн: **біріншіден**, органикалық,

мұны кейде табиғи немесе эндогенді жаңғыру; **екіншіден**, бейорганикалық, мұның жасанды, имитациялық, экзогенді модернизация деген баламалары бар; **үшіншіден**, аралас, гибриді модернизация. Жоғарыда айтылған консерватизм мен либерализмнің туындауы Ұлыбритания жерінде органикалық тұрғыда, әлеуметтік топтар арасындағы экономикалық мүдденің қақтығысы мен қоғам өмірінің табиғи қажеттілігі ретінде туындады. Ал, идеология ретінде қалыптасып, эндогенді пісіп-жетілген **либерализм** мен **консерватизмнің** өзге аймақтарға таралуы бейорганикалық, экзогенді немесе аралас түрде жүрді.

Саяси партияның отаны саналатын Ұлыбританияда дәстүршілдік пен жаңашылдықтың арасында күрес бір толастаған емес. Бұл елдегі екіпартиялық жүйенің даму тарихы үш кезеңнен тұрады: **біріншісі** – 1679-1867 жылдар, бұл кезеңде вигилер мен торилердің арасындағы саяси бәсеке, **екіншісі** – 1867-1923 жылдар аралығын қамтыған либералдық және консервативтік партиялардың билікке таласуы, **үшіншісі** – 1923 жылдан бастап қазірге дейін жалғасып келе жатқан консервативтік және лейбористік партиялардың арасындағы саяси күрес. Англияның басты ерекшелігі – Конституциясы мен партия туралы заңы жоқ ел. Соған қарамастан, қарама-қайшы саяси күштердің күресі арқылы Ұлыбритания өзіндік ерекшеліктермен дамып келеді, консерватизмнің болуы оларды өркениеттің көшінен қалдырған жоқ.

Осыған ұқсас тенденцияны демократияның ошағы саналатын АҚШ-да байқауымызға болады. Бұл елде республикандық және демократиялық партиялар арасында қызу күрестің бай дәстүрі бар. Республикандықтардың бейресми атауы – «піл», ал, демократиялық партия өкілдері – «есектер» деген лақап атқа ие. Бұлардан бөлек, азшылыққа ие үшінші тарап та бар, оларға жасылдар, конституцияшылар мен либертариандардың партиялары жатады. Бірақ, билікке алма-кезек қол жеткізуші екі партия: **республикандық және демократиялық**. Мұнда да дәстүршілдік пен жаңашылдықтың, либералдар мен консерваторлардың арасында күрес жүреді: республикандықтар бай, білімді және консерваторлық сайлаушылардың мүддесін көздесе, демократтар түрлі азшылықтардың, білімі мен дәулеті төмен, бірақ либе-

ралды сайлаушылардың қолдауына ие. Республикандықтар қорғайтын құндылықтар: отбасы дәстүрі, индивидуализм, елдің қорғаныс қабілеті, мемлекеттің экономикаға қол сұқпауы мен бизнесті шектемеуі. Демократтар үшін мемлекеттік билік **«әлеуметтік төрешінің»** рөлін атқарып, қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуі тиіс, яғни, билік халықты еңбекпен қамту мен оның әл-ауқатын жақсартуға тырысуы тиіс.

Түбіміз бір, түркі тілдес Түркияның Премьер-министрі Реджеп Тайип Эрдоган негізін қалаған **«Әділеттілік пен даму партиясы»** (ӘДП) билеуші партия саналады, оның көшбасшысының бірі – Түркияның президенті Абдулла Гюль. Бұл партия өзінің ұстанымы бойынша біркелкі, бірыңғай (умеренно) консервативтік партия қатарына жатады. ӘДП тіптен исламистік бағытта, Ататүрік негізін салған зайырлылық ұстанымдарынан ауытқыды деп айыптаушылар да болды. **Шынында да, ӘДП партия жаһандану жағдайындағы ұлттық ерекшеліктерді сақтау, имандылықты нығайту сияқты мәселелерге басымдық бергенімен, оларға нарықтық экономика, Еуропалық Одаққа қосылу сияқты батыстық құндылықтар да жат емес.** Түркиядағы келесі беделді партия – Исмаил Альптекин негізін салған «Абатшылық (благоденствия) партиясы» партиясының басты мақсаты демократия мен құқықты сақтау болса да, бұл партия дәстүршіл және исламистік деген берік репутацияға ие. Ал, түрік Парламентінде 25 пайыз орынға ие **«Халықтық-республикалық партия»** өзін солшыл-орталық бағыттамыз деп санайды. **Яғни, бұл партия алдыңғы екеуіне оппозицияда, негізінен либералдық құндылықтарға басымдық береді. Яғни, Түркияда дәстүршілдік ұстанымдар анық басымдыққа ие. Ұлттық ерекшеліктерін жасқанбай қорғай біледі, имандылықты нығайту мен отансүйгіштікті дамытуға баса назар аударады. Билеуші партия батыстық арзанқол әрі бұқаралық мәдениеттің жағымсыз ықпалына алаңдауда.** Бірақ, бұдан Түркия артта қалған жоқ, жан-жақты дамып келе жатқан елдердің қатарында.

Еуропа Одағының Еуропарламентінде **«Еуропалық халық партиясы»** (ЕХП) – панееуропалық, оңшыл-орталық бағыттағы саяси партиясы бар. ЕХП ұжымдық сипатта құрылған, оның құрамында 39 елден келген 73 ұжымның, яғни, христиан-

демократиялық, ұлттық, консервативтік, либералдық және өзге де бағыттардағы партияның 265 мүше-өкілдері бар. ЕХП өзін еуропалық өркениеттің тамырынан бастау алатын саяси орталық деп санайды. Яғни, бұл мега партия да либерализм мен консерватизмнің тізгінін тең ұстап келеді.

Көрші Ресейдегі билеуші партия саналатын «Единая Россия» партиясы соңғы уақытта «либералданған консерватизм» бағытына бет бұруда. Былтыр «Единая Россия» партиясы әлеуметтік, патриоттық (ұлттық) және либералды идеологиялық бағыттарды қатар қамтитынын жариялады. Сонымен бір мезгілде, «Единая Россия» партиясының либералдық платформасын үйлестірушілер Владимир Плигин, Виктор Зубарев пен Валерий Фадеев либерализм идеяларын дәстүршіл бұрмалаушылықтан, либералдық қозғалысты «сектанттықтан» тазалауға шақырды. Тіптен, партия ауқымында «Либерализмді дискредитациялауға қарсы декларацияға» қол қойылды. Бұл мәселені анық байқаған А. Дугин: «Сегодня либерализм переживает очень сложный период. С одной стороны, либеральная идеология является доминирующей. Либерализм победил своих идеологических оппонентов в течение последнего столетия, выдержав борьбу с вызовом национализма, фашизма и потом последнего конкурента - идеологического в лице коммунизма, тоже в конце 20-го века победил. И в этом отношении либеральная идеология находится в очень интересном положении. С одной стороны, она расправилась со всеми своими идеологическими антитезами, со всеми конкурентами, со всеми противниками, и стала доминирующей идеологией в глобальном масштабе. Но, с другой стороны, произошло очень интересное явление: либералы, когда потеряли своего формального оппонента, они остались наедине сами с собой. Т.е. остались либералы и те, которые еще не либералы, либо совсем не либералы. Тут возникает такой момент: формально оппозиции у них нету, и для того чтобы отстоять свою собственную идеологическую ясность и строгость, они вынуждены не спорить с противниками, а просто себя навязывать таким, как нечто само собой разумеющееся» – деп ой түйеді. Бұл ой ақиқатқа жақын.

Сол сияқты, Ресейдің либерал демократиялық партиясы үшін,

керісінше, консерваторлық, ұлтшылдық ұстанымдар жат емес. Оны ЛДПР лидері В.Жириновскийдің жасаған баяндамаларынан анық байқауымызға болады. Осыған байланысты, Ресей ғалымы А. Андреев «Трибуна русской мысли» атты журналдағы мақаласында: «Столкновение двух исторических проектов для России – либерального и национального – судя по всему, определит содержание общественно-политической жизни страны на ближайшую перспективу. Печать этого столкновения лежит сегодня на всей деятельности политических институтов, задавая специфическую роль президентской власти как своеобразного модератора или даже посредника между ними» – деп атап көрсетеді.

Ал, А. Дугин тіптен демократия мен либерализм бір-біріне қарама-қайшы құбылыстар, бірақ, бірліктегі қарама-қайшылықтар дегендей ой айтады: «Либерализм исторически, концептуально, политически, философски и экономически представляет собой нечто совершенно отличное от демократии. Если в центре демократического мировоззрения стоит «демос», то в центре либерального - «индивидуум»; если демократия основана на верховенстве коллективного интереса над частными, то либерализм - на верховенстве частного над коллективным; если демократия озабочена в первую очередь политической сферой, «властью», прямым участием в управлении общиной, то либерализм - сферой экономики, обеспечением экономических и торговых свобод отдельной личности; и наконец, если демократия - это одна из форм политического устройства традиционного общества, то либерализм – новая экономико-философская доктрина, основанная на полном отрицании традиционной цивилизации и на стремлении в пределе уничтожить все органические общественные институты, принадлежащие политической и культурной истории народов и государств». Теориялық тұрғыда осылай болғанымен, іс жүзінде демократия мен либерализм қатар тіршілік етуде. Сол сияқты, консерватизм мен демократия да өзіндік симбиоз құруға қабілетті.

«Литературная газетаның» 2013 жылғы № 6 санындағы В. Кирпичевтің мақаласында: «Россия – природная держава. Перед нами не просто три слова, а – рискну утверждать – философский

камень всей российской истории. Все законы полиэтнической демократии доказывают, что западная демократия приведёт к неизбежному развалу РФ. Слишком велика наша страна: сотни народов, три мировые религии, национальные республики – всё это не оставляет нам ни одного шанса на сохранение страны при западных демократических стандартах. Авторитарная страна с демократическим фасадом – вот единственно возможная политическая форма любых российских государств. Без осознания авторитарной природы эстафетных российских держав – Российской империя, СССР, РФ – понимание истории российской цивилизации возможно лишь на уровне мифов» – деп тұжырымдалған. Әрине, бұл автордың субъективті пікірі болғанымен, ақиқаттан алшақ жатқан жоқ. Және бұл мәселенің Қазақстанға да тікелей қатысы бар, себебі, өткен тарихымыз бен қазіргі саяси шынайылығымыздың көрші Ресеймен тығыз байланысты екендігі даусыз. Оған қоса, шығыстық діл мен психологияда билікке мүлтіксіз бағынудың бай тарихи дәстүрі бар: ежелден қаған мен ханның монархиялық билігіне бағынудың, патернализммен суарылған автократияның, одан қалды трайбализм сияқты құндылықтардың стереотиптері санадан толық өшуі қиын. Дегенмен, қазақ жерінде далалық демократияның либералдық институттары мен құндылықтары да болғанын естен шығармайық: билердің соты, хан кеңесі, құрылтай жиын, ақсақалдар алқасымен қатар, ақын-жыраулардың шығармашылығы мен сөз бостандығына негіз болған «Дат, тақсыр!», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген ұстанымдар қазақ ұлтының тарихында либералдық құндылықтардың болғанын дәлелдесе керек. Бұл дегеніміз, қазақтарға консерватизм мен либерализмнің өзіндік ұлттық (далалық) үлгісі тән деген сөз (бұл өзінше бір мақалаға арқау болар өзек).

Бұл тармақшаны қорыта айтсақ, қазіргі әлемдегі дамыған елдер демократиялық қоғам құру жолында тек либералдық ұстанымдарды басшылыққа алып, консервативтік құндылықтардан бас тартып отырған жоқ. Ұлттық тамырдан – базистен ажыраған идеологиялық қондырғылар жақсылық әкелмейтінін

адамзат тарихы да, әлемдік саяси тәжірибе де дәлелдеп берді. Біз бұдан сабақ ала білуіміз қажет.

Қазақстандағы либерализмнің лебі мен консерватизмнің күйі

Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері негізінен либералды құндылықтарға басымдық беріп келе жатыр. Яғни, батыстық үлгідегі либерализм бізге сырттан келді, бұл біздің қоғам үшін экзогенді сипаттағы идеология. Конституциямыз бойынша идеологиялық әр алуандылық танылғанымен, елімізде либерализм идеологиясының басымдығы анық байқалады. «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясы либералды бағытта екенін Елбасымыз қадап айтқан болатын. Батыстық либерализм бізге көптеген жақсы құндылықтарды үйретті, адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау басымдыққа ие, еркін сайлау, көппартиялық, парламентаризм арқылы өкілдік ету, бәсекелестік, нарықтық экономика сияқты көптеген жетістіктеріміз қоғамға жемісін беруде. Еліміз жанашылдықты тез игеруге, тәжірибеге ендіруге бейім, өндірістік-инновациялық дамуға ұмтылудамыз. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Жолдауларында Қазақстанды әлеуметтік-экономикалық жаңғырту мәселесін күн тәртібіне қойып, елде жалпыға бірдей еңбек қоғамын қалыптастыру, 2050 жылға дейінгі даму, жаңа қазақстандық патриотизм қалыптастыру, латын әліпбиіне өту сияқты жауапты міндеттерді алдымызға қойып отыр.

Сөздің тұрасын айтсақ, қазақстандық билеуші партия саналатын «Нұр Отан» партиясының бағдарламасы либералдық құндылықтарға тұнып тұр. Бұл демократиялық құқықты мемлекет құру үшін қажет екені түсінікті, бірақ, біз Қазақстанның ұлттық мемлекет екенін де естен шығармауымыз керек. Біздің басты кемшілігіміз – экзогенді либералдық құндылықтар мен шетелдердің тәжірибесін көз жұмып көшіріп алып, ұлттық мүдденің «сүзгісінен» өткізбей, еліміздің ерекшелігіне бейімдемей пайдалануымызда. Осы кемшілікті түзей алсақ мемлекетіміз нығаяды, түзей алмасақ қателік пен өкініштен көз ашпаймыз. Бұған қоса, ұлттық иммунитеті төмен елдерде экзогенді идеологиялар мен құндылықтар басымдыққа ие бо-

лып, эндогенді ұлттық ерекшеліктер солардың көлеңкесінде қалып қою қаупі жоғары екені де тарихи тәжірибеде дәлелденген. Жасыратыны жоқ, өкінішке орай, біздің ұлттық иммунитетіміз әлі әлсіз. Сондықтан да, ұлттық мемлекеттің дамуы үшін белгілі бір дәрежеде консерваторлық ұстанымдар аса қажет. Яғни, Қазақстан үшін модернизацияның аралас түрі тиімді, осы бағыттағы әлемдік тәжірибені саралап, пайдаланғанымыз абзал. Қазақстандағы біраз партиялардың бағдарламаларын салыстырып қарап едік, олардан консерваторлық ұстанымдар байқамадық. Аттарына зер салсақ, консерватизмге жақын-ау деген «Руханият», Қазақстандық социал-демократиялық «Ауыл» және «Қазақстанның патриоттар партияларының» бағдарламалары толықтай либералдық рухта жасалған. Тіпті, «Руханият» партиясының атына заты сай емес, соңғы сайлауалды бағдарламасында бұл партия рухани емес, табиғи, яғни, экологиялық мәселелермен айналысатынын білдіріп, «жасылданды».

Аты қазақтың қара тамыры – ауылмен байланысты болғанымен, өзін Қазақстандық социал-демократиялық партиясы дейтін «Ауыл» партиясы да консерваторлық идеяларға үстірт қараған. Бағдарламаларында бұл мәселе: «Цели партии «Ауыл» близки и понятны людям: достичь высокого уровня жизни всех граждан страны, политической стабильности и социальной защищенности человека вне зависимости от места его проживания, сохранения и развития лучших народных традиций и нового качества жизни всех казахстанцев. Это – именно те ценности, на которые традиционно опирается социал-демократия во всем мире. В Казахстане магистральным направлением достижения наших целей является эволюционный путь реформ на основе многообразия форм собственности, утверждения подлинного народовластия, политического плюрализма, законности и правопорядка» – деп анықталған.

Идеология мәселесіне қатысты ұстанымдарын өзге де қазақстандық партиялар білдіріп жатыр. «Әділет» демократиялық партиясы төрағасының орынбасары С.Булекбаев Қазақстанда идеологиялық жұмыс артта қалып қойғанын, сондықтан, жаңа идеология қалыптастыруға ерекше назар аударып, идеологиямыз зайырлы (діни емес, азаматтық) болуы қажет деген

тұжырым жасайды. Ол ерекше зайырлы идеология қандай болатынын әзірге «Әділет» партиясы ғана білетін сияқты.

«Қазақстанның патриоттар партиясының» бағдарламасында әлеуметтік және экономикалық мәселелерге баса назар аударылғаны байқалады. Мұнда да социал-демократиялық және либералдық ұстанымдарға басымдық берілген. Жоғарыда аталған партиялардың бағдарламалары «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясының бағдарламасына ұқсас. Оны көріп-білген халық өзінің даусын, әрине, ірі партияға береді, бағдарламасы ерекшеленбейтін ұсақ партияны халық қайдан қолдасын? Парламенттік сайлауларда «Нұр Отан» партиясының үлкен жеңіске қол жеткізуінің сыры осында сияқты. Жалпы, біздегі билеуші партия мен билікке адал (лоялды) партиялар Күн жүйесіндегі ғаламшарлар іспетті, «Нұр Отан» партиясы Күн сияқты ортада, қалғандары оның айналасындағы орбиталарда орын тепкен планеталар сияқты. Бұл теңеу, әлбетте, оппозициялық партияларға таралмайды. Оппозициялық партиялардың бағдарламаларында ерекшелік баршылық.

Бұрын оппозициялық болса да, соңғы сайлау нәтижесінде Парламенттен мандат тиген «Ақ жол» демократиялық партиясының бағдарламасында либералдық және консерваторлық құндылықтарға теңдей назар аударылған. Либерал демократиялық мәселелер барлық партиялардың бағдарламаларында бір-біріне ұқсас, оған тоқталмай-ақ, «ақ жолдықтардың» консервативтік бағдарын қарастыра кеткен жөн сияқты: «Сохранение и приумножение национального культурного наследия, принятие целевых программ развития культуры и искусства; преодоление принципа «остаточного» финансирования духовной сферы, увеличение бюджетных расходов на развитие культуры, науки, образования, искусства, народного творчества; создание реальных условий для свободного изучения и развития культуры, языков, традиций народов Казахстана; обеспечение перевода на казахский язык трудов выдающихся мыслителей, писателей, ученых; обеспечение необходимых условий для соблюдения и гарантий свободы совести; воспитание детей и молодежи в духе патриотизма, интернационализма; содействие укреплению в обществе роли

народных традиций и семейных ценностей; содействие утверждению культа труда в обществе, возрождению традиции профессиональных праздников и уважения к человеку труда; принятие жестких мер по искоренению наркомании и проституции, решительному ограждению от них молодежи».

Сол сияқты, өзі оппозициялық болса да, Жалпыұлттық социал-демократиялық партияның бағдарламасында **консерваторлық** ұстанымдарға тұтас бір тармақ бөлініпті. Бағдарламасынан нақты үзінді келтірер болсақ: «**Формирование казахского национального самосознания исторически неоднократно прерывалось, что и обусловило его нынешние проблемы. Необходимо обеспечить социальную консолидацию нации. Институты государственности должны поддерживать активно идущие в обществе процессы интеллектуально-духовного осмысления, поиска национальной идеи, способные не только противостоять неблагоприятному воздействию, но и обеспечить подлинное возрождение казахского народа. Мы будем проводить выверенную и толерантную национальную политику, которая ускорит становление казахской политической нации и объединит вокруг идеи процветания нашей общей Родины все этносы страны. Так сложилось, что на своей исконной территории казахскому языку была уготована судьба пасынка. Несмотря на юридическое закрепление своего высокого статуса, он нуждается в поддержке, как со стороны властных органов, так и всего полиэтнического и многоконфессионального общества. Реальное приобретение казахским языком всех признаков государственности позволит ему стать подлинным мостом укрепления дружбы!».**

Ал, оппозициялық лагерьдегі деп саналатын келесі партия – Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы да негізінен әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерге мән берген. Олардың бағдарламасында: «**Мы, народные коммунисты, глубоко убеждены, что наша Программа способна в корне изменить социальный облик страны, поменять вектор ее развития и наполнить подлинным смыслом формулу «социальное государство». Мы, народные коммунисты, не просто боремся за интересы бедных, Мы борем-**

ся с бедностью как таковой. Мы не ведем борьбу с богатством, мы боролись и будем бороться за то, чтобы богатство и достаток являлись следствием законных доходов, а не грабежа, коррупции и эксплуатации человеческих ресурсов» – деп тұжырымдалған. Әрине, мұның барлығы жоғарыда айтылғандай, «Қазақстанда идеологиялық әр аруандылық танылады» деген конституциялық қағиданың арқасында мүмкін болып отыр. Дегенмен, Қазақстанда қандай да бір ресми идеологиялық бағыт болмаса да, либералдық идеологияның үлесі басымы екені анық байқалады, шынайы саясатта консервативтік құндылықтар либерализмнің көлеңкесінде қалып қояды. Бірақ бұл қазақстандықтардың сана-сезімі мен діліндегі консервативтік құндылықтарды көлеңкелей алмайды, қайта олар тәуелсіздік алғалы бері жандану үстінде. Бізде ұлттық, діни сипаттағы саяси партиялар құру мен олардың қызметіне тыйым салынғанымен, консервативтік идеологияны ұстануға мүмкіндік бар. Әлемдік тәжірибеде ешқандай ел консерватизмді ескіліктің белгісі деп есептемейді, дамыған елдер дәстүр мен жаңашылдықты қатар ұстанады.

Сөз соңында айтарымыз, Қазақстанның басты ерекшелігі – ұлттық унитарлық мемлекет болғандықтан, біз тек батыстық либералдық құндылықтардың жетегінде кетпеуіміз керек. Жалаң либерализм үнемі алға сүйремейді, оның да қайшылықтары бар, консерватизм тек артқа тартушы емес, ол да өзіндік артықшылықтарға ие. Дамыған елдердегі билеуші партиялар осы екі бағытта саяси бәсекелеседі, ол демократиядан ауытқушылық емес, мемлекеттік идеологияның тізгінін тең тарту. Біз осы тәжірибеден сабақ алуымыз қажет. Жаңашылдық еліміздің дәстүрлі ерекшеліктеріне (*тіл, дін, діл, салт-дәстүр, мәдениет, климат, шаруа-экономика, геосаяси жәнe т.б.*) бейімделіп жүзеге асса ғана нәтижелі әрі тиімді болмақ. Сол сияқты, дәстүрлерімізді жаңғыртып, заманға сай ұстану ұлттық болмысымызды сақтаудың кепілі. Яғни, біз консерватизм мен либерализм құндылықтарын үйлесімді жарастыра білуіміз керек. Идеологиялық майданда күреске түсуші саяси партияларымыз осыны үнемі ескерсе ел-жұртымыз мақсат-мұратына жетері анық.



Мырзан КЕНЖЕБАЙ,
журналист

ТЕРМИНҚҰМАРЛЫҚ ТА – ТІЛБҰЗАРЛЫҚТЫҢ БІР ТҮРІ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Бүкіл әлемде бірдей қабылданған терминдер бар. Олар кез келген тілді байытады» деген сөзіне орай, журналымыздың №1 санында журналист Қуанбек Боқаевтың «Орыстың термин жасауын неге үлгі тұтпаймыз? немесе қазақ терминологиясына ұлттық концепция керек» атты материалын жариялаған едік. Осыдан кейін, редакция қоржынына аталған мәселелерге байланысты мақалалар көптеп түсе бастады. Соның бірі, журналист Мырзан Кенжебайдың назарларыңызға ұсынып отырған терминдер туралы ой-пікірі. Мақалада автор өзінің термин жайындағы ойларын аңғыртып ашық айтып, оқырманын бей-жай қалдырмайтындай ойлар түйеді. Қалай болғанда да, Мырзан мақаласындағы кейбір қатты айтылған сөздер легі – автордың жанайқайы деп қабылданғаны жөн. Бұл демократиялық бағыт-бағдардағы сөз бостандығының көрінісі.

«Қайда барсаң, Қорқыттың көрі» деген нақыл сөз, дәл осы күні анау заманда да, мына заманда да қазақ тілінің мүшкіл халіне бағыштап айтылғандай. «Анау заман» деп отырғанымыз, бұдан 21 жыл бұрынғы Кеңес заманы. Сол кезде қазақтарға «Орыс тілін білмесеңдер, аштан өлесіңдер. Адам болғың келсе, орысша үйрен. Орысша білмесең қой бағып, дала кезуден басқа жұмыс жоқ саған» – деп үйретілді. Шындығында, солай болды да. Осы күнгі орысша өлең жазып, атағы шыққан, орысша оқып не культуролог, не философ, не тарихшы, не әдебиетші, не тенгрист, не исламист екені белгісіз, сөйте тұра, аты-жөні жұрттың аузында жүретін бірі толықтай, бірі жартылай мәңгірттер мен дүбәралар сол кездің «продуктылары». Қазақтар сол заманда да дымын шығарып, бұл қалай деп үн көтерген жоқ. Өйткені, қазақ ол кезде ең интернационалист ұлт деген мақтауға мәз болды. Сөйтіп, қырылспай-қыркыспай, ұрыспай-соғыспай аспанға алақан жайып, үнімізді шығармай, тілек тілеп жүргенде қайырымдылығы мен күдіреттілігі шексіз Аллатағаланың өзі бере салған, жоңғардан да емес, қытайдан да емес орыстан – Ресейден азаттық алдық деп жүрген бүгін ше? Қу тірліктің қай саласынан, қандай азаттық алғанымызды кім білсін, әйтеуір, биліктің бүкіл іс қағаздарында да, телеарналарында

да, көшедегілердің сөйлеген сөзінде де, әкімдердің есеп беруінде де орыс тілі өрлеп тұр. Ол аз болғандай үйренбесең болмайды деген шықты.

Сол орысша, ағылшынша араластырып сөйлегені аз болса, қазақ енді, терминді ең көп пайдаланатын «терминист» ұлт болғалы отыр. Қазір қазақтың оқыған-тоқыған-шоқы(н)ған атаулысын былай қойғанда, кейбір тіл мамандары мен тіл басқармалары, тілдерді дамыту (қалай дамытады, сөз ойлап табатын шығар?!) орталықтары, қазақ тілі қоғамы деп аталатындардан нәфақа тауып, қатын-баласын асырап жүргендердің өзі, мына, сөздің қазақшасы бар ғой немесе қазақыландырайық та десен «Ойбай, бұл термин сөз, оған тиісуге болмайды» деп шыж-быж болады. Солардың тиісуге болмайды, термин сөз деп жүргенін түптеп қарасаңыз, ол тек француз, ағылшын, неміс, итальяндардың ғана ортақ сөздері екен. Олардың өздері де, ол сөздерді өз тіліне бейімдеп, өзгертіпкіреп айтады. Ал, термин деп жүрген бұл сөзсымақтарды 2 миллиардқа жуық қытай өз тілінде, 1 миллиардтан астам үнділер өз тілінде, жапон араб, парсы, корей, қысқасы, әлем халқының жартысынан астамы өз тілінде айтады екен. Тек, азаттық алып шортигінен бастап беретқа, капюшонына, яғни, басынан-аяғына шейін «европей-

ский стандартқа» мемлекетін «евразийский» деп, бір-біріне «қалай братан, нормально ма?» деп амандасатын қазақ ғалымдары мен ғалымсымақтары, ол сөздерді термин сөздер деп атайды. Сонда, өздері бір-бірімен орысша сөйлесетін, әкімдері бүкіл жиын-терінін орысша өткізетін, телеарналары күндіз-түні орысша шүлдірлеп тұрған, тәмпіштану, қысықкөзді қарадомалақтары орысша араластырып сөйлегені аз болғандай, мектептерінде ағылшын тілінде оқу мәжбүрленген қазақтың тіліне, енді, «термин» деп аталатын «тиісуге болмайтын» сөздерді араластырса, сонда, қазақ тіліне неше түйір сөз қалады?

Осының бәрі біз осыдан 21 жыл бұрын «Азаттық алдық», «Тәуелсіздік алдық» деуге де, кімнен алғанымызды атап айтуға да қорқып, «егемендік» дегенді ойлап тапқаннан бастап, қазақтың ұлттығын қалпына келтіруге арналған бірде-бір заң, не жарлық шығармағандығымыздың, әр қазақ азаматын ең әуелі өз ұлтын құрметтеуге үгіттемегеніміздің кесірінен болып отыр. Яғни, бізде қазақтың ұлттық намысы, ұлттық санасы толық оянуына деген қарсылық бар. Сондықтан да болар, әнебір кезде кейбір ғалымсымақтар «аурухана», «асхана», «дәріхана», «емхана», «наубайхана» деген не, «хана» деген не пәле деп жазды. Олар бұл сөздердің «больница», «столовая» деген орысшалары керемет, киелі сөздер деп ойлайтын болуы керек. Олар аптека деген грек сөзінің қазақшасы «қойма», «қамба» ғана екенін, «поли» – көп, әр түрлі, ал «клиника» – күтім деген сөз ғана екенін білмейді, білсе білгісі келмейді. Өйткені, санасы да, сөйлеуі де соған қалыптасып кеткен. Оны өзгерту үшін орысқа бас иіп үйренген құлмінезден арылуы керек. Ал, «хана» сөзі көне түркі тілінде, осы күні қазақтар бөлме деп, жетіскендері «комната» деп жүрген үй-жайдың атауы. Көршілес түркі халықтары қазақтар сияқты «комната» демейді, әлі де хана дейді. Ал, «КТК» телеарнасындағылар осыдан, бір-екі жыл бұрын осы хана сөзін қылжаққа айналдырып, «дәріхана», «дәретхана» дейміз деп қазақ тілімен қоса, бүкіл түркі халықтарының намысына тиді. Ол журналист солай деп тұрып, өзінің қай нәрсеге болмасын атүсті қарайтын немқұрайлы жан екенін көрсетіп тұрғанын да байқаған жоқ.

Біле білген адамға, түркі тілі дүниежүзіндегі ең көркем, ең бай тілдің бірі. Атақты академик Марр кезінде, әлемнің ең бай тілдерін төрт топқа жіктеп, соның ішінде біздің түркі тіліміздің қазыналылығына зор маңыз берген. Сол Марр айтқан, ең

бай тілдің ішінде орыс тілі деген тіл жоқ. Орыс тілінің жартысынан астамы, біздің түркі тілі екенін көзі ашық әркім-ақ біледі. Орыстың арақ құйып ішетін «стаканы» да түркінің «тостаған», сөзінен шыққан. «Утюг» сөзі түркілердің «оттығы» екенін, сонау, XI ғасырдағы Махмуд Қашқаридың жазғанынан білеміз. Оны айтасыз-ау, асханаға барып «меню» дегеннен бастап, сондағы тағам аттарының арасынан орыстың бір тағамын таба алмайсыз. Біз бұл жерде орыс тілін мүлдем жоққа шығарғалы отырған жоқпыз. Орыс тілі түркі, латын, грек, көне славян сөздерінен құралған тіл, ол қазір бай тілдің қатарына еніп отыр. Бұны талай-талай тіл білімінің біліктілері айтқан. Біздің айтпағымыз, орыстар қай тілді болсын өзіне бейімдеп алады да, ақыры ол орыс сөзіне айналып шыға келеді. Кейінгі жылдары орыстар пластиктен жасалған шишаға «баклашка» деп ат қойып алды. Бұл өзіміздің батыс қазақтары айта беретін бақыраш. Яғни, темірден жасалған ожаудың сабы бар үлкендеу түрі. Аңқаулығы ма, әлде, орыс не айтса соны қағып алатын жәреукелігі ме, кейінгі кезде қазекемдердің өздері де оны баклашка дейтін болды.

Мұны айтқызып отырған тағы бір себеп: жаңағы терминқұмар қазақтар тиісуге болмайды деп жүрген латын, грек, ағылшын сөздерінің (оларды орыстар бұзып айтады) бәрі дерлік түркі, араб, парсы, көне шағатай тілдерінде бар сөздер. Және бір ғана емес, баламаларымен бар сөздер. Сондықтан, әлгі «термин сөз» деп жалған мәртебе беріп жүрген батыс сөздерін өзімізбен тарихы да, діні де, тілі де, дүниеге көзқарасы да еуропалықтардан әлдеқайда жақын көне шағатай, түркі, парсы, араб тілдерінен өзімізге бейімдеп, үндестіріп қолдануымыз өте орынды болар еді. Әсіресе, зат есімдерді. Бұл орайда бүкіл ғұмырын қазақтың қамын жеумен өткізген Халел Досмұхамедұлының «...Жат сөздерді қолданғанда оларды тіліміздің өз заңымен өзгертіп, тілімізге ыңғайлап алу керек. Жат сөздерді бұлжытпай со күйінде алатын тіл жердүнияда жоқ. Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалпымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық» дегенін мықтап есте тұтқанымыз абзал. Ал, Ахмет Байтұрсынов «... біз араб әліп-биінен ажырамауымыз керек» деп қақсап кетті. Бұл қос алып та осы күнгі Сисимбаев, Дюсимбаев, Сатувалдыевтерден әлдеқайда таза орыс тілінде сөйлеген марғасқалар.

Әрине, соңғы ғасырларда, әсіресе, біресе патшалық, біресе Кеңестік Ресей құрамында ұзақ уақыт бодандықта бо-

луымызға байланысты, ата-бабамыздың көркем де қазыналы тіліміз өзінің әсем-әлпетінен, ажарынан айрылып, мүлде өзгеше күйге түсті. Қазақтың ықылымнан келе жатқан әдеби, тарихи, тіпті, күнделікті тіршілігінде кеңінен қолданылып келе жатқан бүкіл түркі әлеміне ортақ сөздер мен тіркестер қолданыстан шығып, олардың орнын өз жаратылысымызға үйлеспейтін орысша сөздер мен өзге де кірме, келімсек сөздер басып қалды. Тіпті, тұрмыстық зат, бұйымдарымыз, құрал-саймандарымыздың атаулары өзгеріп кетті. Жакында, теледидардан біреудің атауының (кемтірауыз, қышқаш) сабын атауының қолшасы, есіктің тұтқасын есіктің қолшасы дегенін естігенде есеңгіреп қалғандай болдық. Осының өзі-ақ сапты да, тұтқаны да орыстардың «ручка» дегенінен тәржімалап айтатын күйге жеткенімізді көрсетіп-ақ тұрған жоқ па? Бұл – калька. Тік, жолма жол аударма. Мағанасыз сөз ойлап табу.

Иә, қазақтың «термин» деп жүргенінің бәрі орыстардың латын, ағылшын сөздерін бұзып айтуы ғана екен. Орыс не айтса соны басшысының сөзіндей қабылдап үйренген қазақ, сол күйінде қайталайды. Мысалы, қазақтар термин сөз деп жүрген «архив» былайша архив болып жазылады. Оны ағылшында архив демейді, а:kaiv, a, кэйв деп айтады. Ал, орыстар жазылған күйінде архив дей салады. Олардың айтқанын қазақ киелі сөздей қайталай салады да, оны термин дейді. Национал (нэшнл), машина, техника (technike) дегендер қалай жазылса, орыстар солай айтып кеткен. Бұл да орыстардың әрнәрсені белден басып өте шығатын әдетінің бір көрінісі. Бұрын Махмұт Қашқариды, Жүсіп Баласағұнды, Қожа Ахмет Иасауиді, Сүлеймен Бақырғаниді, Сеіф Сарайды, яғни, бүкіл түркі шайырлары мен ғұламаларының ғажайып мұраларын түпнұсқадан оқитын қазақ, бүгінде 20 ғасырда жазылған шығармалардың ішіндегі көп сөздерді түсінбей, бірінен-бірі сұрап отыратын болды. Бұл өзін қазақпын дейтін, ұлтына жанашыр, сана-сезімі мәңгірттенбеген, намыссыздық тұманына түспеген әрбір көзі ашық қазақ, әрбір есі дұрыс қазақ еңіреп жылайтын жағдай. Бұл – біздің ұлт ретінде жойылып кетуіміздің ең басты шартының бірі. Ал, бізбен арғы тегі, түбі бір әзірбайжан, өзбек, түркімен, түрік, ұйғыр ұлттары бәрімізге ортақ, тек қазақтар ғана ұмытып қалған атауларды әлі де со күйінде қолданып келеді. Назар аударып көріңіз. Мысалы, біздің тиісуге болмайтын терминсөз деп жүрген «экономика» дегеніңіз бар болғаны көне грек тіліндегі

– шаруашылық, шаруашылықты жүргізу дегенді білдіреді. Оны қазақтар ғана қасиетті сөз көреді. Ал әзірбайжандар оны «иктисад», өзбектер «иктисод», ұйғырлар «иктисат» дейді. «Диалектіні» әзірбайжан – ләһча, өзбек – лахжа, ұйғыр – ләхжә десе, қазаққа ғана «диалект» дейді. «Издательство» ны қазақтан басқаның бәрі нәшрият, нәшриет десе қазаққа ғана «баспа» деген бұйрық райлы етістікпен атайды, «страница» дегенді де түркі тілдестер түгел саһифа, сохифа десе қазақтар «бет» дейді. «Кандидатты» қазақтар ғана сол күйінде бұлжытпай айтады, ол түркі тілдес бауырларымызда намызал, намызал, намызал делінеді. Демек, бізден басқа туыстар түп-түгел шығысқа ортақ араб, парсы, түркі атауларын сақтап қалған. Ал, қазақтың әлгі «баспа», «бет» дегендерінің жасанды, әрі ерсілеу екені көрініп-ақ тұр. Ұтыры келгенде айта кетейік, қазір тіліміздегі атауларды кім көрінгеннің «жаңалығымен» өзгерте салатын болдық. Қала, аудан, облыс әкімшілігін тіл ғылымында аты-жөні жоқ біреулердің «ұсынысымен», «дәлелдеуімен» «әкімдік» деп жазып қойдық. Олардың сондағы дәлелінің түрі «әкімшілік» дегеніміз клуб, кинотеатр әкімшіліктері ғана екен. Бұл да нағыз кісі күлерлік жәйт емес пе?! Ал, терминологиялық комиссиядағылар талай сөзімізді мүлде өзгеріске ұшыратты. Солардың белгілеп берген «тәртібіне» қарап қазір қазақ газет-журналдары ықылым заманнан келе жатқан «жәйт» деген жұп-жұмсақ үнді сөзді «жәйт» деп көмейімен бақ еткізіп жазатын болды. Бұл да біздің тіліміздің қалыптасқан үндестік заңдарын белден басудың бір көрінісі. Бүйте берсек, енді, кейбір шалақазақтар сияқты «н» ды айтпай, оның бәрін «н» қып өзгертіп «жанағы», «жана жыл», «өлен айтындар», «мын тенге» деуге көшеміз. Сөйтіп, бір-жолата орыспен бір әкеден, болмаса бір шешеден туған бауырлас болып шыға келеміз.

Қайталап айтайық, онсыз да қазақ тілі орысшаның аудармасына айналған, қазақ сәбилеріне мектепте орыс тіліне ағылшын тілі қосарлана оқытуға мәжбүрлеп жатқан, бұл елде енді анау да термин, мынау да термин деп бүкіл еуропалық атауларды со күйінде қолдануға шешім қабылдасақ қазақ қолданатын сөз қалмайды. Тағы да айтамыз, біздің термин сөз деп жүргендеріміздің көбі ешқандай да терминсөз емес. Ол еуропалықтарға, олардың бержағындағы орыстарға ғана ортақ. Біз онсыз да ең аяғы кеңсе, дегенді де ұмытып, «офис» деп, көлігіміздің қозғағыш, қозғауышын солай «двигатель» деп жүрген үрдектіктен 21

жылдан бері арыла алмаудамыз. Егер, термин сөздер өзгертуге болмайтын, сондай, киелі сөз болса, онда Президент дегенді Елбасы деп айтып та, жазып та жүрміз ғой. Ендеше, оған да тыйым салуымыз керек пе? Біз бұрын, Кенес үкіметінің алғашқы жылдарында уәлаят дейтінбіз. Оны қазір область дейміз. Сонда, область деген де термин сөз болғаны ма? Оның уәлаяттан қай жері артық? Сол сияқты, министрлік дегеннің бұрынғы уәзирятымыздан несі артық. Мүлде жоқ қой! Демек, бұл да біздің қанымызға сіңіп қалған құлмінезден арылуға ынтамыз жоқтығының, орысша акцентсіз сөйлейміз деп мақтанатын нағандығымыздың, Абай айтқан мақтаншақтығымыздың кесірі.

Иә, «халықаралық термин» деген сөз тіркесі, бүгінде қазақ тілін кедей тіл, замана ағымына ілесе алмайтын, күні өткен тіл деп көрсетудің басты құралының бірі болып тұр. Осы бір кесірлі сөзді кім-көрінген жаттап алып айтатын болды. Өнебір жылы Алматы облысының Саймасай ауылынан Әбдеш Дайрабаев деген бір газетте «Халықаралық терминдерді қазақша етіп (?) қайта жасаймыз (?)» деуде – бос әуре, уақыт ұтқызу. Жақсыны жатырқамай барымен базар жасау қажет» – деп жазды. Термин туралы төрелік айтып отырған адамның сөйлем құраған түрін қараңыз. Оның жақсыны жатырқамайық деп отырған жақсы сөздері қандай сөздер, олар шынында қазақ тілінде жоқ па? «Сауатсыздықтан арылайық» деп бастапты бұл азамат өз сөзін. Оның сауаттылығы әлгіндей сөйлемнен тұрады да, ең соңында «Бүкіл дүние тарихында осылай болған» дейді. Әлгінде айттық қой, бұл да өтірік. Жұртты адастыру! Дүниежүзінде бір ғана атаумен аталатын, бүкіл әлем халқы бір атаумен атайтын бірде-бір сөз жоқ. Бірнеше ұлттарға, мысалы, неміс, ағылшын, француз, испандарға ортақ сөздер бар. Олар соның өзін сәл өз тіліне бейімдеп, өзгертіп айтады. Немесе өз ұғымындағы соған жақын атаумен атайды. Мысалы, ағылшындар интуиция деген сөзді мүлде айтпайды, оның орнына инстинкт сөзін қолданады. Сонда, мен «кварталды»-махалла, «террасаны»-айбан, «фирманы»-шұркат» деген көне түркі тілінде неге айтпаймын?

Әдетте, ойы тайыз, өз білім-білігі жоқ адамдар өзгенің қаңсығын–таңсық көретіні белгілі. Кейбір терминқұмарлар да солардың бір түрі. Осы күнгі ең бір ұлтшыл («Ұлтжанды» емес!), туған тіліміздің үлкен жанашыры, әрі біліктісі, тіл ғылымдарының докторы Шерубай Құрманбайұлының алаш

қайраткерлерінің бірі Қошке Кемеңгерұлының өмірі мен қызметіне арналған көлемді мақаласын («Ана тілі», 13-ші қараша, 2008 ж.) оқығаным бар. Сонда, ол жасаған «қазақша-орысша тіл-машта» («сөздік» емес «тілмаш!») осы күнгі терминқұмарлар тиісуге болмайды деген орыс, шетел тілдерінің балама атаулары толып тұр. Ол еңбекте, сол шетел сөздері, қазір, тіл маманы атанып жүрген кім көрінген орысшадан тікелей аударал салғандай емес, таза қазақы өрнегімен берілген. Ұтыры келгенде айта кетейік, қазіргі қайсыбір ғалымсымақтар орысша подорожникті – жолжелкен, венерин башмачокті – шолпанкебіс, носорогті – мүйізтұмсық деп жан қинамай, орысшаның аудармасына айналдыра салған. Бұл – ұрпағымызға жасалып отырған нағыз қаскөйлік. Әйтпесе, подорожнигіміз – иманжапырақ, екіншісі – шәнтеқ, үшіншісі – керіске деп аталады. Қошке Кемеңгерұлы кредиторды – аласылы, нагрузканы – артыс, должникті – бересілі, коллективті – бірік, справочникті – білдіргіш, пленканы – үлдірік, коммунисті – ортақшыл, федерацияны – құрама, антитезаны – шендестіру, метафизиканы – дерексіз даналық, керосинді – жермай деп жазған. Біздің тіліміздің құдіреттілігі сондай осы қазақы атаулардың өзінің бірнеше балама атаулары бар. Мысалы, аласылыны – алажақ, бересіліні – бережақ, коллективті – ұжым деп айта беруге әбден болады. Сол сияқты, дезинфекцияны – алас, гуманизмді – шафқат, шауқат, интерпретацияны – тәпсір (түсіндіру, ұғындыру, зейіндеу т.б.) десек, бұл сөздер еуропалықтардың атауынан гөрі, өз тілімізге әлдеқайда жақын, әлдеқайда үндес емес пе?!

Біз бұл жерде бүкіл термин атаулыны түп-тамырымен жойайық деген ұрдажық мінезге басып отырған жоқпыз. Айтпағымыз, соңғы жылдары ананы да, мынаны да термин деп, өзіміздің тілдік қорымызда бар сөздерімізді ұрпақ жадынан ұмыттырып, тілімізді кедейлендіріп бара жатқанымыз жанға батады. Біз бүгінде, онсыз да ұрпағымыздың сөйлеу мәнері орысшаның аудармасына айналып, бір ауыз сөз айтса соның жартысынан астамы орысша болып, тіліміз, сұрқай күйге түсіп бара жатқанының куәсі болып отырмыз. Енді, осының бәріне бүкіл еуропалықтар мен орыстардың сөзін термин деп қосып, былықтыра берсек, тіліміз көп ұзамай-ақ түкке қажеті жоқ, дастархани тіл деңгейінде қалады да, бірте-бірте мүлде жойылып бітеді.



Тұрсын ЖҰРТБАЙ,
жазушы

Ә.Байділдин (жалғасы): «...Сол кездегі пікір таласының үлкен бір тақырыбы М.Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабі болды. Кітап Оқу-ағарту халық комиссариатының баспасынан басылып шығып, таратылуға дайын тұрды. Өлкелік комитеттің тапсыруы бойынша мен оған пікір жаздым. Мазмұны оның атына сай емес еді, онда қазақ әдебиетінің тарихы емес, ұлтшылдық бағыттағы түсініктемелер берілген ескі сарындағы әдебиет нұсқаларының жинағы. Мен мұны кітаптың өзінен сілтемелер ала отырып дәлелдеп шығып, дәл осы қалпында оны таратудың ешқандай да қажеттігі жоқ екендігі жөнінде қорытынды жасап бердім. Менің пікірім қазақ активтерінің арнайы мәжілісінде талқыланды, онда Токжігітов, Орынбаев, Нұрмақов және Жандосов менің Әуезовтің ұлтшылдық сарындағы кітабін таратпау туралы жасаған қорытындыма мүлдем қарсы сөйледі, алайда мәжіліске қатысқандардың көпшілігі: С.С.Жүсіпбеков, К.Токтабаев, Нұржанов, Бекенов, Орманбаев және басқалары менің пікірімді қостап шықты (Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» туралы кітабына жазған пікірім мен мәжілісте айтылған сөздердің көшірмесін сол кезде ОГПУ-дің шығыс бөлімінің меңгерушісі Журавлев жолдасқа беріп, шара қолдануын өтінгемін). Сөйтіп менің ұсынысымның нәтижесінде Әуезовтің ұлтшыл кітабі таралымнан алынып тасалды».

Бұл мәжілістегі пікірдің қандай деңгейде және қандай бағытта өткеніне, осы талқылауға қатысқан Жұмабай Орманбайұлының жоғарыда келтірілген «Қаракөз» туралы

ТАЛЫС

(Аңғарту орнына)

мақаласын еске ала отырып көз алдына елестетуге болады.

М.Әуезов (жалғасы): «Жас кезімнен бастап өзімнің орынымды әдебиеттен іздедім, тұңғыш пьесамның сәтті болып шығуы менің барлық назарымды шығармашылық жұмысқа аударып әкетті. Партия қатарынан шыққаннан кейін мен саясатқа мүлдем енжар қарадым, таяу жылдарда, нақтылап айтсам 23/24 жылдары енді ешқашан да саясатпен айналыспаймын деген шешімге келдім. Өзімнің өткен өмірімдегі әрекетімді іштей сараптан өткізе келіп, өзімнің саясатқа мүлдем бейімсіз екендігімді аңғардым. Содан бастап саясатпен айналысқан емеспін. Кейіннен университетті бітірдім, ғылыми марксизмнің негізімен таныстым, өмірімді әдебиетке, педагогикалық-ғылыми жұмысқа арнадым. Бар ықыласымды соған аудардым. Өзгедей әрекетпен айналысқаным жоқ».

Ә.Байділдин (жалғасы): «Осы Кеңестен кейін Әуезов ашаршылық туралы көлемді мақала жариялады (Қараңыз: «Еңбекші қазақ» №4 және №5), қалыптасқан жағдайды дұрыс бағалаудың үлгісі есебінде ташкенттік алашордашылар қағып алып, «Ақ жол» газеті арқылы насихаттауға көшті».

Ол насихат – «Ақ жол» газетінде жарияланған ашаршылықтан қырылып жатқан қазақтарға сауын айтқан:

«Ардақты азаматтар! Бұл күнгі мына сұрапыл ашаршылықтың жұртты жан алқымға алып, састырып тұрғандығын өздеріңіз де білетін шығарсыздар. Бұрынғы тарихтарда мысалы көрілмеген бұл ашаршылық жұрттың қолын байлап, танауын тарс бітіріп отыр. Аштықтан аудандағы бауырларың босуда, қырылуда, ашаршылық құрығына іліккен бұл бауырларыңды осы күйі қоя бергенде: жұрт болып ел қатарына кіреді, баяғыдай болып үйірге қосылады – деуге болмайды.

Сондықтан бұл бәленің алдын алып, ерте бастан қамын жеп, тың тұяқ, тоқшылық жердегі бауырлары – туысқандық танытар, елдің қайырымын жоғалтпас, ыңырысып өлімнің құшағында жатқан ағайындарын ескерер, жәрдем қолдарын созар – деген үміттеміз. Бұл туралы ел ішіндегі ақсақал, жұрт ағасы азаматтар елді түсіндірер, үгіттер деп сенеміз. Ал енді ардақты ақсақалдар, ел ағасы азаматтар: 15-майдан бастап Арқадағы ашыққан қазақ, башқұрт бауырларымыздың пайдалары үшін ұдайымен екі жетілік жәрдем аптасы болады. «Өле жегенше – бөле же», – деп айтқан бабаларының мақалын қазақ-қырғыз ұмытпас деген ниетпен сіздерге жүзімізді салып, сөзімізді айтып отырмыз. Ендігісін жұрт өзі білер.

Халел Досмұхамедұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Иса Қашқымбайұлы, Қоңырқожа Қожықұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Санжар Асфандиярұлы, Мырзағазы Есполұлы, Кәрім Жәленұлы, Сәдуақас Сейфуллин, Әшім Омарұлы, Уәлихан Омарұлы һәм басқалар», – деген Үндеу болатын.

Бұл насихат емес, ұлтқа сауап, салауат – сауға еді.

Ә.Байділдин (жалғасы): «Ол (Әуезов – Т.Ж.) Губерниялық партия конференциясын өткізу үшін Орал қаласына барды. Ол Жолдыбаевпен, Қаратілеуовпен бірге Орынбор қаласына кірекештердің көлігімен қайтты. Әуезов өзінің бұл жүрісін: жол-жөнекей аштардың жағдайын көзіммен көруім қажет болды – деп түсіндірді. Ол Орал губерниясындағы ашаршылық жайлаған қазақ тұрғындарының қасіретті көрінісіне (иттің өлексесін, шөптің тамырын жеген адамдарға, жолдың шетінде үйіліп жатқан аштан қырылғандардың өлігіне, т.б.) қатты күйініп келді, оның есесіне Оралдағы партия қызметкерлеріне риза болды. Біздің бағытымызды сенімді түрде ұстаған Жолдыбаев, Жантілеуов, Қаратілеуов сияқты жігіттер туралы өте жақсы пікір білдірді. Сонымен қатар Кенжин, Мырзағалиев пен Асылбеков қатарлы біздің өз адамдарымыздың Орал губерниясындағы беделі жоғары екендігін айтты. Соны айта тұрып, ат төбеліндей көк езу әйтиевшілдің де бар екендігін, конференцияда оларға есе теңдік бермегенін мысқылдай баяндады.

Сол кезде аштарға көмек комиссиясыда өз істерін өзгеше жүргізді. Сол комиссияға тартылған мекемелер жергілікті жерлерге шұғыл жедел хат жолдап жатты. Губерниялардағы зиялылардың игі жақ-

сыларының тізімі жасалып, оларды аштарға салауат айтып көмек жинауға ұйымдастыруға тарту үшін жергілікті жерлерге жіберілді. Жарлықтар мен нұсқаулар жіберілді, губернияларға баратын өкілдер іріктелді. Байтұрсынов комиссияның атынан қазақ еліне арналған көлемді үндеу жазып, «Еңбекші қазаққа» жариялау үшін маған алып келді. Бере салысымен ол менен мұны тезірек жариялауды өтінді. Мен айтқанын істеймін деп уәде бердім. Үндеуді шындығында жариялағым келді... Бірақ мазмұнымен танысқаннан кейін ниетімнен айнып қалдым. Үндеу бір жақты екен. Онда ашаршылықтың жағдайы тым әсіреленіп жазылыпты және аштықты тудырған нақты себеп-салдары дұрыс көрсетілмепті. Үндеудің қорытынды бөлімінде халықтың қаймақтарын аштыққа қарсы күресуге шақырыпты, сондай-ақ онымен күресудің жолдарын (барлық зиялыларды жұмылдыру, аштарға жаппай салауат-сауға жинау, оларды аштық жайлаған аудандарға жіберу т.б.) көрсетті.

Мен бұл мақаланы жарияламауға бекіндім де, өз қағаздарымның ішіне қоса салдым (Онда газет кеңсесі жоқ болатын). Бірнеше күн өткен соң Байтұрсынов тағы да келді де өзінің үндеуінің қашан жарияланатынын сұрады. Мен: мақаламен танысып шығып, келісімін беру үшін алқа мүшелеріне берілді, таяу арада жариялап қалармыз, – дедім. Содан кейін өзімнің әрекетіме өзім қатты ыңғайсызданып қалдым, анау-мынау емес, аштық туралы аса зәру мақаланы үкімет комиссиялары мен тиісті мекемелердің келісімінсіз үндеуді тоқтатып қойғаным қате болды-ау деп ойладым (Алашорданың жазғаны болса да), осындай ойға келдім де бірден Асылбеков жолдасқа бардым да (Ол обкомның хатшысы, «Аштарға көмек» комиссиясының мүшесі және «Еңбекші қазақ» газетінің алқа мүшесі болатын), Байтұрсынов екеуміздің араздықтағы әңгімені айтып: менің ойымша бұл үндеуді жариялауға болмайтын сияқты, – дедім. Танысып шығу үшін үндеуді алып қалды да, келесі күні жарияламауға келісім беретіндігін білдірді. Сөйтіп, Байтұрсыновтың үндеуі жарияланбай қалды. Ол үндеу соңғы жылдарға дейін менде сақталып келді, менің қағаздарымның ішінде бар ма, жоқ па, білмеймін...».

М.Әуезов (жалғасы): «Партияның X съезіне арналып Байтұрсынов жасаған ұлтшылдардың көзқарасын білдіретін баяндама туралы ештеңе де білмеймін,

Байділдин маған ешқандай мәлімет берген жоқ».

Ә.Байділдин (жалғасы): «... Осы тұстарда көмек көрсету комиссиясын өз мүдделері үшін қатты пайдаланып қалды, олар аштарға жасаған жақсылығы арқылы жеке мүдделерін жүзеге асыруға тырысып бақты. Кейбір кездерде олар көздегендеріне (мақсатына) жетті де, саяси және қазыналық қор жинады. Бұл 1926 жылы Қызылорда қаласында өткен «Торғай ісі» деген сот келесі барысында анық байқалады...».

Бұл неғылған қазыналық қор? Әрине, кеңес өкіметінің «камқорлығымен» аштыққа ұшырап, қырылып жатқандардың таңдайына нәр татырып, ұлттың мәйегін аман алып қалу арқылы жинаған саяси қор. Абыройын төкпей, халықты қырғынға ұшыратпай, сол «саяси қорды» кеңестік күркілдердің өзі неге сақтап қалмады? Ә.Байділдин бұдан кейін саясаттан шаруашылықты басқару саласына және онда жүргізілген «кедергілер мен қаскүнемдікке» (саботаж) ауысады.

Ә.Байділдин (жалғасы): «Жаз маусымы жақындап келе жатты (22-жылдың наурыз айы). Біздің жетекшілеріміздің (Әуезов пен Сәдуақасовтың) арасында шүйіркелесу басталды. Олар өзара әлденені ақылдасып жүрді. Олардың бір нәрсеге дайындалып жүргені белгілі еді. Бұл сыбырласу 15 күнге созылды. Қаншама тырыссам да ештеңе біліп жарытпадым. Олар сырғақтата жауап берді, менің сұрақтарымды әзілге айналдырды. Біздің арамыздағы мұндай жатырқау менің жоғарыдағы мақаламнан кейін пайда болды. Содан соң олар маған өздерінің саяси маңызы бар жоспарларын ашық айтпай, мәселе не олай, не былай шешілгеннен соң ғана сөйлестік. Сырттай қарағанда біз өте дос адамдар сияқты көріндік: көрісіп жүрдік, әңгімелестік, қалжыңдастық, т.б., алайда біздің арамызда толықтай ішкі түсінік болған жоқ. Сондай сәттерде Сәдуақасов пен Әуезов мені келеке етіп: “Жаз, жаз, тарихта қаласың”, – дейтін (шындығында да, “Қалам” – қаламның күшімен тарихта қалып отыр ғой – Т.Ж.), арасында: “Иә, қалай, жасасындатып жатырсың ба?”, – деп кекететін. (Олар менің “жасасын!” – деп жазған мақаламды емеуірін етіп отыр). Біздің арамыздағы осындай қарым-қатынас туралы Тоғжанов пен Жолдыбаевқа айттым, олар да ұмытқа қойған жоқ шығар. Міне, сондықтан да, мен олардың не ойлағанын біле алмадым, тек ашық іс-әрекетке көшкен соң ғана аңғардым.

Сөйтсем, соңғы уақытта олар (Сәдуа-

қасов пен Әуезов Кенжинмен, Мырзағалиевпен және Әлібековпен бірігіп) бір істі жоспарлапты. Олар: қазақ тұрғындары арасындағы жұмысты жақсартып, ашаршылықпен күресті күшейту туралы мәселе қою үшін қаулының жобасын жасапты (*Осы да қастандық па?* – Т.Ж.). Бұл жобаны олар алдын-ала обкомның жекелеген мүшелеріне көрсетіп, мақұлдатып алыпты. Жангелдинді көндіріпті, Асылбековті өздеріне қаратып, кейбір еуропалық қызметкерлердің де көзін жеткізіпті. Сөйтіп, обком мүшелерінің көпшілігін өз жақтарына шығарып алып, бұл жобаны бекіттірді, осы бекіттірген жобаны жүзеге асыру үшін жергілікті жерлерге баратын қызметкерлердің тізімін де қоса жасады. Олар губерния бойынша былай: Семейге – Әуезов пен Досов; Ақмолаға – Кенжин мен Төлепов, Қостанайға – Сәдуақасов, т. б. бөлінді.

Қайталап айтамын, менің достарымның шүйіркелесуі осы іске тікелей қатысты екен. Оны көрсетілген оқиға бойынша обкомда шешім қабылдағаннан соң барып Әуезовтің өзі маған айтты.

Бірақта бұл істің ресми емес екінші бір астары бар екендігін Қостанайға жүретін күні Сәдуақасовтан білдім. Ол маған: «Обкомның шешімі арқылы бекітілген қаулыдағы аштыққа қарсы күрес жұмысын жүргізумен қатар, барған уәкілдер жергілікті жерлердегі біздің қарсыластарымызды, яғни, отарлаушылар мен мендешевшілерді орынынан тайдырып, оған қоса кеңестің 3 съезіне дайындық жүргізетін болады», – деп хабарлады. Осыны айтқан соң ғана Сәдуақасов: «Орынбордағы жаңалықтарды тұрақты жеткізіп тұр», – деп өтінді. Сонымен уәкілдер елге аттанып кетті. Қостанайдан Сәдуақасов: «Қостанайдағы пәлен деген еуропалық қызметкерді орынында қалдыру керек, әйтпесе, колонизаторлар оны орынынан ауыстырмақ», – деп хат жазды.

М.Әуезов (жалғасы): «58-статьяның 7-тармағы бойынша маған тағылған айыпты мойындамаймын, оның үстіне шаруашылық саласындағы іс-әрекеттерім үшін тағылған айыпқа менің мүлдем қатысым жоқ деп есептеймін және одан үзілді-кесілді бас тартамын».

Бұған себепкер болған тағы да сол «Қуажыт»: «Бесінші партия конференциясының жұмысына қарсы ұйымдастырылған (яғни өзін сайлауға – Т.Ж.) Бөкейхановтың, Байтұрсыновтың, Сәдуақасовтың, Досов-

тың саяси-экономикалық платформасы жасалды», – деген мәлімдемесі еді.

М.Әуезов (жалғасы): «Өмірімде ешқашанда шаруашылық мекемелерінде қызмет істегенім жоқ. Тек қана ағарту саласында жұмыс істедім. Бұл арада айтарым, еске алатын бір мәселе бар: мына айыптауға қарағанда мен ұлтшыл емеспін, керісінше, қаскүнеммін, әйтеуір екінің бірі ғана қалуы керек. Бірақта артта қалған халыққа қызмет ететін халық ағарту саласында, оның ішінде сол халықтың өкіліне зиянкестікпен шұғылдану намысты әрекет және ақылға қонбайды».

Өткен тарауларда баяндалғанындай, осынау ұшқалақ та таяз ойлы адам талайға кесірін тигізген. «Алаш ісіндегі» аса қауіпті, өзін де арандатып тынған бұл кісінің өзгеге қазған оры өзіне көр боп бұйырды. Барлық қоясын шығарып, алаш азаматтарын қаралатып алған соң оның өзін ату жазасына кесті де, тірі куәнің көзін жойды. Тек қана Мұхтарды ғана ажал оғына итермелеп қойған жоқ, өзі танитындардың барлығын шырғауықша шырмады.

Ол енді Мұхтарды басмашылардың қатарына апарып бір-ақ қосты.

Ә.Байділдин (жалғасы): «Бірде ол (Сәдуақасов – Т.Ж.) менің бөлмеме келді. Бұл құрылтай өткеннен кейінгі 11-12 тәуліктің бірі болатын. Ол әңгімені сондай салмақты зілмен бастады. Ол: «Отаршылдар мені қудалауын тоқтатқан жоқ, керісінше, мені партиядан шығарып тастауы да мүмкін. Сондықтан да бір батыл қадам жасағым келеді, бірақ не істерімді өзім де білмеймін. Әуезов: Ташкентке ауыс, содан әрі басмашыларға қосыласың – деп ұсыныс жасады», – деді. Әуезовтің бұл ұсынысын қабылдауға қарсы еместігін, бірақта ол туралы менің пікірімді білгісі келетінін айтты».

Мен Смағұлға не айтарымды білмедім. Оның жағдайының сондай қиын екенін және көңілінің қобалжып жүргенін білетінмін. Алайда менің оның дәл осындай ойда жүргенін және басмашыларға қосылып кетуге келісім бергенінен мүлде хабарсыз едім әрі ондай арандатуға көне қояды деп ойламағанмын. Маған дәл осындай келеңсіз кеңес берген – обком партияның мүшесі және КЦИК-тің (Қазақ Орталық Атқару комитетінің – Т.Ж.) саяси секретары Әуезовтің пікірі түсініксіз, оғаш көрінді. Мен біздің мақсатымызды (ұлт мәселесі жөнінде жүргізіп отырған партияның бағдарламасын) басмашылардың мүддесімен сәйкестендіре алмадым.

Мен өзімше, осындай кеңес берген Әуезов әлдебір шірік мақсатты көздеді ме деп ойлады. Сонымен қатар, осы пиғылы арқылы ол Сәдуақасовты құртып, біздің арамыздағы көсем өзі болғысы келді ме екен деп топшылаймын. Себебі: ол кезде біздің мақсатымыз ортақ болса да, әрқайсымыздың жершілдік, рулық тұрғыдан алғанда да жекелеген ішкі мүддеміз бар еді. Әуезов – семейлік, ал біз – Сәдуақасов екеуміз – ақмолалық едік. Соңғы мәселе – Әуезовтің көкейін тескен шешуші мәселе сияқты боп көрінді маған.

Бұл ойымның барлығын Сәдуақасовқа ашық айттым және Әуезовтің ұсынысын қабылдауға түбегейлі қарсы болдым. Мен оған: демалыс алып Мәскеуге бар, одан ауылға барып тынық, жақсылап тұрып демалған соң жұмысыңа қайтып ораларсың, – деп кеңес бердім. Содан кейін тағы да: мүмкін сен қайтып келгенше басшы адамдардың саған деген көзқарасы өзгерер, сөйтіп бұрынғы жұмысыңды істей бересің – дегенді айттым. Бұған қоса мен: соңғы кезде сенің беделің өте қатты өсіп келеді, жаңа ғана өткен құрылтайда сен өзіңнің жаңа жақтастарыңды таптың, сондықтан да өз болашағың үшін мазасыздандудың қажеті жоқ, – деп оны жұбаттым... Келесі күні ол демалыс алды да Мәскеуге жүріп кетті.

Бұл оқиғадан кейін мен Әуезовке күдікпен қарайтын болдым. Ол менің көз алдымда екіжүзді боп елестеді: бірінші Әуезов – партия мүшесі, жауапты қызметкер, ақылды кісі, біздің көзқарасымыздың көсемдерінің бірі, ал екінші Әуезов – бірінші адамның қасиетіне ие, бірақ та, әлдебір астарлы оймен жүрген сияқты көрінді».

Осы мәлімдемеден кейін Әбдірахман Байділдин туралы қандай да бір «неғылайыны» бар сүйіншіт сөз білдіруге бола ма? Әсте.

М.Әуезов (жалғасы): «2) ... Ақыр-аяғында Байділдиннің көрсетуіндегі: мені 1921 жылы Смағұл Сәдуақасовқа басмашыларға кетіп қалу туралы кеңес берді-міс деген жайға келетін болсам, мұнысы барып тұрған нағыз өтірік, сондықтан да мойындаудан бас тартамын. Өйткені осы жылы: біріншіден, мен Семей қаласында тұрдым, тіпті, Сәдуақасовты көргенім де жоқ, басмашылар жөнінде ешқандай да хабарым болған емес. Шындығын айтсам, тура сол жылдары менің Сәдуақасовқа: колонизаторлармен күрес майданын тастап, барлық ақыл-ойын билеп алған және беріле істеп

жүрген партия мен кеңес мекемелеріндегі тікелей атқарып жүрген қызметті тастап басқа жаққа кете қой деуім, кеңес беруім мүмкін емес. Бұл пәлекор Байділдиннің маған қарсы бағытталған кезекті ойдан шығарылған жаласының бірі».

Ә.Байділдин (жалғасы): «...Жоғарыда, мәлім еткенімізден көрініп отырғанындай, бұл іс-әрекет кезінде сәдуақасовшылар өздерінің айнымалы екендіктерін танытты. Олардың біреуі (Әуезов) алашордашылармен қосылып кетсе, екіншілері (Тоғжанов) олардың қол шоқпарына қалай айналғанын өзі де білмей қалды, ал үшіншілері (мен сияқты тағы басқалары) олардың іс-әрекетіне белгілі дәрежеде сын көзбен қарап, өзін толық пайдалануға жол бермеді (Мысалы: Байтұрсыновтың үндеуін жарияламадым, т.с.с.)».

М.Әуезов (жалғасы): «Байділдин өзін партияның жолына түскен адам ретінде көрсетуге тырысқаннан бастап барлық жерде мені өзінің сыни нысанасы етіп тандап алды. Әсіресе баспасөз бетінде қатты белсенділік көрсетті. Өзінің сөздерінде шешендікке салып, тұрпайы марксизмді жамылып, жала жабуға көшті... Ал баспасөзде дерексіз жала жабылды. Мұндай жаланы ол өзінің қызметтегі беделін өсіру үшін пайдалануға тырысты, газеттер мен журналдардың үстінен қарайтын оның жалғыз өзі екендігін көрсетіп қалуға ұмтылды».

М.Әуезов айтқандай, Ә.Байділдин тек «беделін көтеру үшін ғана» қолына қалам алса бір жөн ғой. Біздіңше, оның көрсетіндісінің астары бұдан да гөрі терең жатқан сияқты.

Ә.Байділдин (жалғасы): «Бірақ та бұл екі оқиға (Сәдуақасовтың басмашыларға қосылуы туралы ойы мен менің мақалама байланысты жағдайлар) осы кездегі біздің – Әуезовтің, Сәдуақасовтың және менің іс-әрекеттерімізді толық айқындап береді. Әуезовтің сол кездің өзінде-ақ (21-жылдың қарашасы) астыртын байланысы барлығын, дәлірек айтсақ, алашордашылардан қол үзбегендігі және контрреволюциялық жоспары болғандығы анық еді. Сәдуақасов екі ортада теңселіп жүрді де, алашордашыларға қарай бейімделе бастады, ал мен азды көпті болса да партия ұйымының бағытын ұстадым».

Бұл – «бедел көтеру емес», оның астарында «Советская степь» арқылы ашық мәлімделген:

«Колчактың тұсында, «Алашорданың» Шығысбөлімінің белсенді қайраткерлерінің бірі ретінде Әуезов Колчакқа қарсы күреспеді, күрескісі де келмеді, керісінше сол

кездегі бүкіл «Алашорда» үкіметі, оның ішінде Әуезов Колчакпен одақтаса отырып большевиктерге, Кеңес өкіметіне қарсы күрескені белгілі... Бірақ та, Кеңес өкіметі орнаған соң Әуезов сол жаққа шығып, партияға өтті», – деген шындыққа жақын қылмыстық айыптау жатыр еді.

Бұл шындық па, жала ма? Басқа-басқа, қанша жалақор болса да «Правданың» бетіне жалған деректі жариялауға Ә.Байділдиннің де дәті шыдамайтын.

Бізге салса, әсіресе, «Алашорда» үкіметі мен Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Заки Валидов тұрғысындағы жауаптарында тарихи деректермен тоғыспайтын тұстар мен пайымдаулар, өмірлік шындықтар бар. Қалай жокқа шығаруға тырысқанымен де, Мұхтар Әуезовтің осы үш тұлғамен де астыртын байланысы болғаны анық. Сонда, Мұхтардың Орта Азиядағы басмашылар қозғалысы арқылы Англиямен, Түркиямен астыртын байланыс жасап, қазақ даласында қарулы көтеріліс ұйымдастырмақ болғаны рас па, жоқ па? Рас, Мұхтардың өзі түсінік бергеніндей, Колчак пен Анненковтің әскері Семей қаласын басып алған кезде қазақ зиялыларының астыртын әрекетке көшкені, Мұхтар мен Әлімхан Ермековтер шаһарда қалып, ақтарға қарсы күрес жүргізгені, кейбіреулері қолға түсіп, оларды Семейдің көпестерінің көмегі арқылы босатып алғаны, кеңес өкіметі орнасымен 1919 жылдың желтоқсанынан бастап қазақ бөлімінде қызмет атқарғаны шындық. Әлімхан Ермековтің естелігі де, түрмедегі жауаптары да мұны толық дәлелдейді. Дегенмен де, осы арада Мұхтардың өзі де мойындамаған бір оқиға бар.

Бұрын жазушының өзі де, зерттеушілер де жасырып келген бір ақиқат – Мұхтардың «Алаш» партиясының жастар ісі жөніндегі жауапты адамның бірі болуы еді. «Алашорда» үкіметінің құрамына сайланбағанымен де, партияның идеология саласындағы үгіт-насихат жұмысын, өзі айтқандай, жанын салып істеді. «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналы «Алаш» идеясының ту ұстар басылымы болды. Сол тұста, Омбы қаласында, 1918 жылдың қазан айында қазақ жастарының құрылтайы өткізілді. Бұл ұйымға Смағұл Сәдуақасов жетекшілік етті. Осы құрылтайға «Алашорданың» Семейдегі шығыс бөлімшесінің жастар өкілі ретінде Мұхтар Әуезов қатысып, баяндама жасады. Ол баяндамасы Қызылжарда шығатын «Жас азамат» газетінің 15 және 25-қазандағы санында «Ескеру керек» деген атпен жарияланды. Жанартаудай жалындап тұрған Мұхтар бұл құрылтайда батыл пікірімен, шешен сөзімен көзге түсті. Смағұл екеуінің

танысып, табысуы сол жиыннан басталса керек-ті. Құрылтайда алаш жастарының міндеті мен бағдары талқыланды. Мұхтар да соған үн қосып:

«Ендігі халық болуымызға ұйытқы болатын нәрсе – құрсаулы әділ, қатал билік. Ендігі хакімнің алдында нашар да, жуан да теңшілікте болып, белгілі негізге құрылған закон болмаса, жуан атаның еркі ел ішіне жүрмеуі керек. Әлі де жуан ата билеп-төстеп, қадірлі болатын болса, автономия деген, бөлектік дегеннің бәрі де сырты бүтін, іші түтіннің ісі болады. Бірақ мұндай күйді бұрынғы уақыт көтерсе де, қазіргі уақыт көтермейді», – деп құрбыларына көсемдік жол сілтеген еді.

Бұл – бұрынғы Ресей империясының астан-кестені шығып, азамат соғысының аласапыраны басталып кеткен аса қатерлі де аумалы-төкпелі кезең еді. Орыстардың өзі ақ пен қызылға бөлініп, адмирал Колчак дербес Сібір үкіметін құрып, тайталасқа түскен шақ болатын. Мұхтар қазақ жастарының құрылтайына қатысқан тұсында «Алашорда» мен Сібір үкіметтерінің арасында бір-бірін тану туралы келісім жүргізіліп жатыр еді. Алайда, арада бір апта өткеннен кейін Сібір үкіметі: «Алашты» да, автономиялық Башқұртстанды да заңсыз – деп жариялап, оларды Колчак үкіметіне бағынуға тиісті, әскерлерін таратсын – деген жарлық шығарды.

Ашық күнгі найзағайдай әсер еткен бұл оқиға дербестікке қолы енді ғана жеткен отар ұлттардың мемлекет қайраткерлерін дағдартып-ақ тастады. Ақ пен қызылдың қаһарына қатар ұшыраған қазақ пен башқұрт ұлтының сарбаздары аса қиын жағдайда қалды. Міне, осындай қысылтаяң шақта екі үкіметтің өзара келісімі қажет еді. Қызыл Мешіттегі Башқұрт ұлттық армиясының қолбасшысы Заки Уәлидмен (Валидовпен) жолығуға «Алашорданың» уәкілдері де келді. Заки Уәлиди Тоған өзінің 1969 жылы Стамбұлда жарияланған «Естеліктерінде» 1918 жылғы Қызыл Мешітке келген «Алашорданың» қайраткері туралы:

«Біз Ермолаевқада тұрған кезімізде, желтоқсанның бірінші жартысында өткен, кейіннен біздің күрес майданымыздың өзгеруіне тікелей әсер еткен үш оқиғаны есіме түсіре кеткім келді. Біріншісі: тұтқындағы түрік офицері Киязим – бей Ташкент қаласындағы үндістандық либерал-демократ, ағылшындардың дұшпаны – Мавляви Баракатолламен байланыс жасап тұратын... Олар Башқұрт үкіметіне хат жазып, кеңес өкіметімен келісімге келуге шақырыпты... Мұндай

тиянақты мәліметтер біз үшін жаңалық еді, сондықтан да кеңес өкіметімен келіссөзді бастаудың аса қажет екендігіне біздің біраз серіктеріміздің көзін жеткізді. Екінші оқиға – менің адмирал Колчактың және француз генералы Жанненнің атаман Дутовқа жолдаған хаттарымен танысуым еді... Ол қағазда Башқұртстан мен Қазақстанның әскерін шұғыл түрде таратып, мені және басқа да башқұрт қайраткерлерін әскери-дала сотына беру туралы үзілді-кесілді бұйрық беріпті... Үшінші оқиға – «Алашорда» үкіметі өкілдерінің әкелген хабары. Олардың қатарында Ғазымбек Бірімжанов пен жазушы Мұхтар Әуезов болды. Колчак пен оның одақтастары: ұлттық әскер мен ұлттық үкімет құруға қарсы жазалау әрекетіне көшкендіктен де, олар да еріксіз кеңес үкіметімен келісуге мәжбүр болыпты. Кейіннен Ғазымбек Германияға келіп, сонда білім алды, ал отанына қайтып оралғаннан кейін зауалға ұшырады. Мұхтар Әуезов көрнекті кеңес жазушысы болды, алпыс жасқа толған мерейтойы кеңінен аталып өтті, Қазақстан ғылым академиясының академиктігіне сайланды. Ол 1961 жылы дүниеден қайтты», – деп (277-бет) деп көрсетілген.

Мұхтар Әуезовтің өміріндегі бір құпия оқиға осы. «Алашорданың» атынан кеңес үкіметі жағына шығу туралы өкілдікке баруы Заки Валидовтың «Қатираларынан» басқа құжаттарда расталмайды. Сол тұста «Алашорданың» Семейдегі Шығыс бөлімі оқшау қалып, қызылдар мен ақ гвардияшылардың, казак атамандарының және жергілікті орыс, қазақ большевиктерінің қыспағында қалып, бірде астыртын, бірде ашық әрекет етіп жүрген болатын. Бұл оқиғалар «Алашорданың» шығыс бөлімінің төрағасы Халел Ғаббасовтың, Әлімхан Ермековтің көрсетінділерінде қамтылған. Мұхтар Әуезовтің Колчак пен қызыл әскердің жазалауынан бой тасалап елге шығып кеткені туралы досы Балтақай Толғанбаевтың естелігі бар. Ал, оның Башқұрт үкіметінің Бас штабы орналасқан Ермолаевка селосына құпия баруы алашордашыл жастардың Омбыдағы жиналысына қатысқан тұстарындағы жанама мәліметтермен ғана қосымша расталады.

Егерде әскери жағдай кезінде жол жүрудің өзі өте қауіпті екенін ескерсек, М.Әуезовтің қандай қатерге бас тіккені өз-өзінен түсінікті.

(Соңы. Басы өткен сандарда.)



Құрманғали ДАРКЕНОВ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университетінің доценті

1921-1922 ЖЫЛҒЫ АШАРШЫЛЫҚ және «ТОРҒАЙ ІСІ»

Қазіргі кезеңде қазақ халқының жартысына жуығы қырылған 1930-32 жылдардағы ашаршылық біршама зерттеліп жазылғанымен, 1921-22 жылдардағы ашаршылық жөнінде бірен-саран еңбектерде болмаса әлі айтыла қойған жоқ. Мұрағат деректері мен басылымдарға назар аударса келсек, 1921 жылы Қазақстанның бес губерниясы мен бір уезі, атап айтсақ, Орынбор, Ақтөбе, Орал, Бөкей, Қостанай губерниялары мен Адай уезі ашаршылыққа ұшырады [1]. **2 653 300 адам тұратын Қазақстанның батыс бөлігімен және онымен шекараласатын Қостанай губернияларының ашаршылыққа душар болуының объективті және субъективті себептері бар еді. Олардың әрқайсының ара жігін таратпай жалпы айтсақ, 1921 жылғы аштықтың негізі әріде, тереңде жатты.** 1916 жылы қазақ жастарын тыл жұмыстарына алу, шақырылғандардың бас сауғалап қашуы, халық наразылығының өршіп, Торғай төңірегін қамтыған ұлт-азаттық күресі, ақ пен қызыл кезекпе кезек билікке келген аласапыран азамат соғысы, ер азаматтың ат үстінде болуы қалыптасқан шаруашылық жүйесін тоқырауға ұшыратты. Оның үстіне, 1920 жылғы жұт пен 1921 жылғы құрғақшылық ауыл шаруашылығын тұралатып, халықты күйзеліске душар етті. Бұл азаматтық соғысының енді ғана аяқталған, большевиктер ел ішіндегі саяси-экономикалық, әлеуметтік шиеленісті өз пайдасына әлі толық шеше алмаған, өлара кезең еді. Кронштат бүлігі, шаруалар наразылығы, большевиктер билігін әлі де мойындай қоймау – сол кезеңнің жалпы ахуалының сипатын көрсететін. Осы кезеңде тек қана Қазақстанда ғана емес, Ресейдің бірқатар жерінде де – Астрахан, Царицын, Саратов, Самара, Симбирск, Уфа губерниялары ашаршылық құрсауына түскен болатын.

Әрине, Қазақстандағы ауыр жағдайды орталықтағы большевиктік билік білді. Солай болғанымен, ашаршылыққа ұшыраған

Ресей губернияларға көмек көрсетуді талап етті. Өз еліндегі ашаршылықтың дендеп, етек алып бара жатқанын көріп, біліп отырған қазақ елінің билігі алдарында тұрған екі мәселені де шешу жолын ұстанды. Ресейге ішінара көмек жасағанымен, ел ішіндегі жағдайды реттеуді бірінші кезекке қойды. Сондықтан да болар, Қазақ Орталық Атқару Комитеті атынан Ә. Жанкелдин мен Киселев Қазақстандағы ашаршылық жайын айта келіп, жағдайды реттеу әрі бір жағынан жеңілдету мақсатында Қазақстан территориясындағы басқа ұлт өкілдерін, мысалы, украиндарды өз республикаларына қоныс аударуға рұхсат беруін сұрады. Ашық айтылмаса да, бір себептері немесе орталықтың алыстан ойлаған мақсаттары болды ма бұл ұсынысқа келісім бермеді. Сонымен қатар, алдын ала жоспарланған Қазақстанға Ресейден қоныс аударуға тиісті 2 млн адамды орналастыру мәселесі де өзгеріссіз қалды [2].

Қазақстанға Ресейден 2 млн адамды қоныстандыру қажет деген мәселе күн тәртібінде тұрғанымен, осы уақытта Қазақстанда аталған бес губерния мен бір уезде ашаршылыққа ұшырағандар саны да мәлімет бойынша 2 млн адам еді. 1922 жылдың қаңтарындағы мәлімет бойынша Орынбор губерниясында – 437 776, Қостанай губерниясында – 252 816, Ақтөбе губерниясында – 359 326, Орал губерниясында – 277 835, Бөкей губерниясында – 100 мың, Адай уезінде – 75 мың адам ашаршылыққа ұшырады [1]. Бұл мәліметтің өзін орталықтың қырына ұшырап қалмау үшін қазақ билігі азайтып берген де болуы мүмкін. Себебі, осы жылдары ел ісіне белсене араласып, елдің ауыр халін өз көзімен көрген М.Әуезов **«...аштықтан құтқару үшін дәл қазір шұғыл шара қолданылмаса, онда қазақ республикасы қазақсыз қалады»** дегенді бекер айтпаған болуы керек [3, 79 б]. Бұл биліктің дәрменсіздігі мен аштан қырылып жатқан қазақты көрген адамның жан айқайы, ышқынуы еді. Қазақстанда осыншама 2 млн адам ашаршылыққа душар болғанда, оларды ашаршылық тұзағынан алып шығу үшін қажетті азық-түлік қорын қалыптастыру, оларға көмек беру орнына тағы да осындай 2 млн адамды Ресейден Қазақстанға қоныс аудару ешбір

логикаға келмейтін еді. Бірақ, Қазақстанда ашаршылық тұзағына түскендер жоғарыда аталғандар ғана емес, басқа да жағдайы дұрыс деген губерниялар жайы да оңып тұрмады. Тек қана, Ақмолада аштыққа ұшырағандар саны 100 670 адам деп көрсетілді. Ақмоланың өзінде жағдай осылай болғандығына қарамастан, оларға Москвадан берілген жоспардан тыс тағы да 300 мың тонна астықты Ресейге жіберу міндеттелді [4, 288 б]. Лениннен жұмысшылар мен шаруаларға көмектесу керек деген жеделхат келген соң, Арал балықшылары да 1921 жылдың 25 желтоқсанында Ресейге 14 вагон балық тиіп жөнелетті [5, 170]. Аштыққа ұшыраған Қазақстанға орталықтан көмек келгені былай тұрсын, қайта азық-түлік жіберу талап етілді.

Ақиқатын айтсақ, осы кезде ұлтжанды қазақ зиялылары, оның ішінде С. Садуақасов пен М. Әуезов ашаршылық жайын айтып дабыл қақты. «...дәл осы, 1921 жылдың күзі мен 1922 жылдың көктем айларына дейінгі аралықта ұлттың мүддесін қорғайтын аса көкейтесті шаралардың бірде-біреуі Смағұл мен Мұхтардың қатысуынсыз өткен жоқ. Бұл қарсаңда қазақтың «қаратаяқтары» (зиялыларды қыр қазақтары осылай атаған) бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде ұйымшылдық танытып, ішінара сая іздеген саяқтары болмаса, қалғандарының барлығы да ұлттық мүдденің айналасына топтасты [3, 75 б].

Қазақстанның солтүстік батыс аймағын қамтыған аштыққа қазақ ұлтының келешегіне, ұлт болып қалуына қауіп төндірді. Аштық қауіпі күннен күнге ұлғайып, жан сақтау үшін қолына түскеннің бәрін жеп, тіпті, адам етін адам жеп жатқандығы жөніндегі суық хабарлар жетіп жатқандығына қарамастан Орынбордағы қазақ билігі орынан қозғалып батыл шараларға бара қоймады. Оның, екі түрлі себебі бар еді. Біріншіден, Қазақ Өлкелік Революциялық комитетінің мүшелері негізінен қазақ емес ұлт өкілдерінен құралды да, қазақ даласындағы ауыр халге соншалықты мазасыздана қоймады. Олар керісінше, Ресейдің ашаршылыққа ұшыраған аудандарынан Қазақстаннан азық-түлік көмегін ұйымдастыруға белсене кірісті. Қазақ отбасыларының тіршілік етіп отырған алдындағы азын аулақ малын, астығын жинап алды. Екіншіден, қазақ зиялылары арасында да таптық ұстанымдарына байланысты жік туып, биліктегі тапшылдар ел ішіндегі ашаршылықты, ауыр халды баяндап шара қолдануды талап еткен зиялыларды, алашордашылардың кеңес үкіметіне қарсы әрекеті деп қабылдады. Сонымен қатар, ұлтшыл қазақ зиялыларының ұлттық мәселелерді көтеруді биліктегі басқа ұлт

өкілдеріне де ұнай қоймады. Олардың арасында келісе алмаушылық жиі болды. Сондықтан, билік Қазақ еліндегі ашаршылыққа бастапқы кезеңде белсене кіріспеді.

Оны осы жылдардағы Қазақ Өлкелік революциялық Комитетінің жұмыс жоспарынан да көруге болады. Назар аударсақ:

Бірінші, ВКП(б) ның XII съезіне дайындық. **Екінші,** Ресейде аштыққа ұшыраған аудандарға азық-түлік жөнелту үшін жергілікті ұлттың қолындағыларын жинап алу; **Үшінші,** бұған қарсы халықтың наразылығын ұйымдастырып ... отырған «қазақ ұлтшылдарына қарсы күресу [3, 75 б]. Сол кезеңдегі Қазақстандағы большевиктік биліктің ұстаған бағыты осындай болды. Халықтың алдындағы малы мен қолындағы соңғы өзек жалғап отырғанын әсіреқызыл белсенділер қорқытып-үркітіп жинап алды. Орталыққа жақсы көріну үшін жергілікті халықтың өзі ашаршылыққа душар болып отырғанда, жиналғандарды Ресейге жөнелтті. Ал, бұл жағдайды көріп біліп отырып, мұндай іске наразылық білдірген қазақ зиялыларын тапшылдар «ұлтшылдар», «пролетарлық интернационализмге қарсылар» ретінде кінәлады. Сонымен қатар, С. Мендешев бастаған большевиктер Москваға төмендегідей мәтінде жедел хат жолдаған. «Ашаршылық туралы қауесетті таратып жүрген ұлтшылдар. Олар қарапайым шаруаның мұң мұқтажын жоқтағансып, еңбекшелердің назарын өздеріне аудару үшін қасақана байбалам салуда» – деген. Профессор Т. Жұртпайдың пікірінше, «Шындығында, тура сол кезде С. Мендешевтің туған ауылында түтіні тік шығатын бірде-бір үй қалмаған еді» [3, 76 б]. Егер, 1921 жылдың наурызындағы мәліметке сенсек, С. Мендешевтің елі Орал губерниясында тұратын 470 028 адамның 446 536-сы, яғни, 99% аштыққа ұшырады. Басқа губернияларда жағдай сәл тәуірірек дегенмен, оларда да жағдай оңып тұрмады.

Ашаршылық мендеген сол жылдары биліктегі большевиктер ашқан қырылып жатқан қазақтар тағдыры жөнінде мәселе көтерген ұлтжанды қазақ зиялыларының іс-әрекетін кеңестік құрылысқа қарсы ұлтшылдардың әдейі жасап отырғаны деп айыптады. Ел ішіндегі аштықты дер кезінде тізгіндей алмаған билік уақыт өткізіп кеш қимылдады. Оның өзінде өздері ұлтшылдар деп айыптап отырғандардың талап етуімен. 1921 жылдың 10 желтоқсанында қазақ қызметкерлері қатысқан кеңесте күн тәртібінде, бірінші, қырдағы аудандардың аштыққа ұшыраған тұрғындарына нақты көмек көрсетуі ұйымдастыру, екінші, қазақ қызметкерлерін осы жұмысқа тарту және оларды тиімді пай-

далану қаралды. Бірінші мәселе бойынша, М. Әуезовтың баяндамасы тыңдалды. М. Әуезов ел ішіндегі ауыр жайды баяндап «...**Көптеген аудандардағы қазақтар көптен бері тек қана көртышқанмен, тышқанмен, суырмен, тағы да сол сияқты ұсақ жәндіктермен өзегін жалғауда, соның кесірінен әр түрлі жұқпалы аурулар мен індеттер естіп білмеген деңгейде таралып барады**» деп мәлімдеді. Осы кеңестен кейін ғана, қақаған қыста аштыққа ұшыраған аудандарға көмек көрсетуге қадам жасалды. Бірақ, қаһарына мінген қыста ел жағдайы одан сайын ауырлап кеткен еді. Осы кеңесте шалғай жатқан Торғайға Қостанай арқылы жіберілетін көмек бармай қалады, азық-түлік Қостанайдың өз басында қалып жергілікті халыққа жетпейді деген болу керек қабылданған қаулыда «Торғайға жіберілетін азық-түлік жәрдемі Қостанайдан бөлек жіберілуін орталық арқылы шешуге қол жеткізін» деленді [6, 197].

Қостанайға арнайы барған С.Садуақасовтың жазуынша, Қостанайда аштарға арналған асханалар мен балалар үйі ашылғанымен, ол қалың қазақ ішінде ашылмаған. Қостанайдың өз басында ашылған асханаларда тамақтандырып жатқан аштар ішінде қазақтар жоқ. Ал, асханаға қажетті ет үшін малды аш қазақтардың өзінен алып отырған. Қазақтарға жәрдем бермек түгілі олардың қолындағыларын жинап алған. «Қостанайдың орыстарынан қазақтың халі жаман. Қазақ ішінде аштық жазға қарай көбейді. Жер қарайып кеткен соң қайта қар жауап, малдың жартысына жуығын қырып кетті. Ел ішінде өліп жатыр. ...Қостанай мекемелерінің аштарға жәрдем беруі де басқаша. Өздерінің Қостанайынша!... Бұл айтқандар – ертегі емес, шып-шын оқиға. Қостанайда болып отырған оқиға» – деп ашына жазды [7, 280-281 бб]. Сондықтан да болар, Торғайға жіберілетін азық-түлік жәрдемі Қостанайдан бөлек жіберілсін деген қаулының қабылданғаны.

Алғашында аштыққа ұшыраған Қостанай губерниясына көмек көрсету, азық-түлік қорын қалыптастыру, оны жеткізу Ақмола губерниясына жүктелді. Бірақ, бұл кейін екі түрлі себеппен өзгеріске түсті. **Біріншіден**, 1922 жылдың басында аштық құрсауына түскен Челябинск, Қостанай, Самара губернияларынан аштар легі шамамен 470 мың адам жан сақтау үшін Ақмола губерниясына ағылып келді. Бұл әрине, қолдағы бар азық-түлік қорының бір бөлігін көмек көрсету үшін жұмсауға мүмкіндік бермеді. Сырттан келушілер жаңа проблемалар тудырды. **Екіншіден**, губерния құрамындағы Петропавл, Көкшетау, Атбасар уездері де осы кезеңде аштыққа ұшырады да, губерния әкімшілігі

орталықтан аталған уездерді ашаршылыққа ұшырағандар ретінде санап, жиналған азық-түлік қорын ішкі қажеттілікке жұмсауға рұхсат сұрады. Осыдан кейін, Қостанай губерниясына көмек көрсету аштыққа ұшырамаған деп саналған Семей губерниясына міндеттелді. Қостанай губерниясы аштарына көмек көрсету басты мәселенің біріне айналды. Себебі, губерния халқының 90%-ы аштыққа ұшыраған еді. Қостанай губерниясы ішінде шалғайда жатқан Торғай уезінің жағдайы өте ауыр болды. 1921 жылдың жазындағы құрғақшылық, шөптің шықпауымен жетіспеушілігінен және қатал қыстан уездің 13 болысында да мал қырылды. Малдың қырылуы, жергілікті халықты тіршілік көзінен айырып ашаршылыққа ұшыратты. 13 болыс ішіндегі неғұрлым қуатты саналған Торғай, Шұбалаң, Майқарау, Сарықопа, Көртоғай және Қарақоға болыстарында да мал басы күрт кеміді. Елді аштық жайлады. Халық өз ата мекендерін тастап Ақтөбе, Қостанай, Жезқазған жаққа басты. Ақтөбеге жеткендері одан әрі басқа аймаққа кетті. Себебі, Ақтөбе губерниясының де халі оңып тұрмаған еді. Ол жақтағы халық та босқыншылыққа ұшырап жағдайы жақсы Түркістан губерниясына қарай ағылды. Сонымен қатар, шалғайда орналасуы, көлік қатынасының қиын болуы, көмектің дер кезінде жетпеуінен Торғай уезі халқының жағдайы нашарлады. Сырттан келетін азық-түліктің жетуі де қиын болды [8]. Сондықтан, қиын жағдайда қалған Торғай уезінің атқару комитетіне республикалық органдармен тікелей байланыс жасауға рұхсат берілді [9]. Осы жылдары ел қызметіне белсене араласқан М. Әуезов «Еңбекші қазақ» газетіне ашаршылыққа байланысты көлемді мақала жариялап, елді ашыққандарға жылу жинауға, көмек көрсетуге шақырды [10; 3,84 б]. Елдің ауыр халіне қазақ зиялылары көз жұмып қарай алмады. М. Дулатов та «Ақжол» газетіне бірнеше мақала жариялап, шындықты жазып, қазақ билігі қозғалсын, қимылдасын деген ниетте болды. **«Торғай үйезінде мал қырылып жатыр. Жазғы салым ашаршылық күтіп отырмыз. Алыстан азық таситын көлік қалған жоқ. Қарқаралы үйезінде шаруа күйзелді. Мал өліп жатыр. Жұрт жаяу, аш, жалаңаш... Темір үйезінде жұт. Ауру қалың, күнде жаназа... Бөкей ордасының қазақтары томыршық деген шөптің дәнін қағып жеп жатыр... Ырғыз үйезінің қазақтары саршұнақ тышқанды жеп жатыр. Күздігүні өлген малдардың өлексесін қар астынан қазып алып жеп жатыр. Өлексесі әрі ас болмай, бишаралар қырылып жатыр, – деп жазды [11, 53 б].**

Ел ішін жайлаған аштық туралы айтылып, газетте жарияланғандарға **«бұл ұлттың балдарын босқа даурығуы, кеңес үкіметіне қарсы іс-**

әрекеті, сондықтан, ұлтшылдарға қарсы күресті күшейту керек» деп әрекетсіз отырған билікке М.Дулатов жанұшыра ашық түрде «Аштыққырғынынан қайтсек құтыламыз?» деген мақаласын Қазақстан үкіметінің назарына деп атаумен жазды. «Елді ел қылу, қырғыннан құтқару үшін азамат тегіс атқа міну керек. Бірақ, азамат өкіметтен рұхсатсыз атқа міне алмайды. Сондықтан, қазақ өкіметі қазақты ел қыламын десе, закон жолымен бекітіп, аштар үшін күйлі елдерден жылу жинауға рұхсат етсін. Елге сенімді, білімді, таза азаматтарды бастық қылып, 20-30 комиссия шығарсын. Бұларға керекті күш-көмегін берсін. Комиссиялар үйезді, облысты, ауданға бөліп араласын, жиналған малдарын жаз бойы ашаршылық болып жатқан жерлерге айдасын. Аш босқындарды аман елдерге көшіріп орналастырсын» - дей келіп, «...жалғыз өкімет тарапынан көрсетілген жәрдемге ғана сүйеніп отырсақ, елді қырып аламыз. Өкімет жәрдемін көрсете берсін, ол өз алдына, өзіміз жұрттың қамын ойлауымыз керек» деп ел зиялыларын ел ішіне баруға, көмек көрсетуге шақырды.

Қазақ өкіметі ел ішіндегі жағдайдың одан әрі ушығып бара жатқанын білді. Енді, шегінерге жер қалмағанын түсінді ме, әлде аштықты жою ісіне қалың қазақты жұмылдыра бастаған «алашордашылар» ықпалының өсіп бара жатқанынан, оның сыртында ел ішіндегі ахуалдың ауырлап, аштықтың жайлағанына көзі жеткен соң ба ұлт зиялыларына рұхсат берді. Оның сыртында ашаршылықтан босқан елдің тасқыны қазақ шекарасынан тысқары кеткен еді. Орталық Атқару Комитеті аштарға көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін өз өкілдерін губернияларға, 1921 жылы сәуірде Ақмолаға Қияков, Семейге Тоғжанов, Қостанай-Торғайға С. Сәдуақасов жіберілді. [12,24-26 pp]. ҚОАК өкілі ретінде осы жылдары ел ісіне белсене араласып жүрген М. Әуезов те Семей губерниясына барды.

С. Сәдуақасовтың та «Қостанай-Торғай» мақаласы, осы сапар нәтижесінде жазылып, 1922 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының 7-8 санында жарияланды. Осы мақаласында С.Сәдуақасов «Жүсіпбек Аймауытов соңғы бір мақаласында Орынбор азаматтарына «аштардың жанына барындар» деп жазды деген еді. Ұлттық мүдені қашанда жоғары ұстаған Ж. Аймауытов басқа да ұлт жанашырларымен бірлесіп ашаршылыққа ұшыраған елге көмек көрсету мақсатында өзі тікелей араласып, басқаларға үлгі бола отырып жылу жинады.

Аштық Торғай елін есіңгіреткен тұста М. Дулатов ел аралап сауын айтып, аштыққа ұшырағандарға қол ұшын берулерін сұрап

Семей губерниясының үш уезін аралап шықты. М. Әуезов Ертіс бойын аралап елден мал жинады. Ә.Бөкейханов өзі бас сауғалап жүрсе де 1921 жылы тобықтының Шаған, Бұғылы, Шыңғыс, Мұқыр, Қызыладыр және найманның сыбан болыстарынан сауынға мал жиып, Торғайға мал айдап бара жатқан Жүсіпбек Аймауытовқа табыстайды [3,90-91; 98-99;137 бб.]. Жанұшыра қимылдаған А. Байтұрсынов та қысыл таян жағдайды баяндап, аштықтан халықты аман алып қалу үшін көмек қолдарын созуды сұрап үндеу жазды. Жылу малын жинаушы ұлт зиялыларының ел ішіндегі беделінің, ықпалының жоғарылығы, оларға деген халықтың сенімі болар 1922 жылдың жазында 7 мың бас мал жиналды. Жиналған малды шалғайда жатқан Торғай еліне апарып, ашыққан елге тарату жоспарланды. Оның себебі де бар еді. Біріншіден, орталықтан, сонымен бірге губерния орталығы Қостанайдың өзінен, әрі теміржолдан алыс Торғай уезі халқының жағдайы өте нашар болды. Оларға жол қашықтығынан көмек жетуі қиын еді. Екіншіден, жағдайы ежелтәуір Қостанайдың шовинистік пиғылдағы орыс шаруалары ашыққан Торғай қазақтарына астық жіберуге қарсы болды [13,110 п]. Ал, өз жағдайы ауыр аштық жайлаған көршілес Ақтөбеден көмек келуі мүмкін емес еді. Үшіншіден, Семейде жылу жинау жұмысына торғайлық зиялылар, оның ішінде М.Дулатов белсене араласты. Сол жылдары от ауызды, орақ тілді, батыл М. Дулатов та өз елінің қиын жағдайын жеткізе айта білген болар. Сонымен қатар, Семей еліне жете таныс А. Байтұрсынов, М. Дулатов, А. Бірімжанов, Ғ. Бірімжанов, Н. Құлжанов, Н. Құлжанова, С. Кәдірбаев, А. Юсупов және т.б. ұлт зиялылары шыққан Торғай елінің ауыр халі қазақ оқығандарын, жалпы білетіндерді бей-жай қалдырмаған болуы керек. Жиналған жылу малының Торғай уезіне жіберілуіне осы аталғандар себеп болды ма дейміз.

Семей губерниясының комиссиясы он екі болыстан жиналған малды Торғай уезіне жеткізуді, мал айдауды ұйымдастыруды, жалпы басшылықты Ж. Аймауытовқа жүктеді. Жолға шығу үшін қажетті керек-жарақты дайындау, іздеп табу ісіне біршама уақыт кетеді. Осы аралықта мал айдайтын малшыларды жалдады, малшылар үшін қос, дәрі-дәрмек дайындады. Жиналған мал Қарқаралыда болғандықтан 1922 жылдың 19 тамызында шығып, 1 қыркүйекте Ақмолаға жетті. Аштық басталған сол жылдары адам бойындағы жақсы сапалы қасиеттерімен қатар, жаман қасиеттері де байқалып көзге түсті. Ел-жұрттың бірі, жақсысы аштық қыспағына түскен халыққа қолындағысын бөліп беріп жанашырлық, бауырмалдық танытса, сонымен қатар, екінші біреулері, жаманы, айтқалы

отырғанымыз, мал айдағандар арасында малды айырбастау, жоғалтып жіберу, ұрлау секілді қасиеттерімен көрінді. Айдалған мал қыркүйек айының ортасында Торғай уезіне жетті. Жол бойы 172 бас сиыр – өлді, 46 бас сиыр – тамаққа жұмсалды, 9 бас – еңбек ақыға берілді, 22 бас мал – айырбасталды, 14 бас – киімге, басқа да керек жараққа жұмсалды, 2 бас мал жоғалды. Жылқыдан да шығын шықты. 94 бас жылқы – өлді, 21 бас – тамаққа жұмсалды, 145 бас – ақыға беріліп, 47 бас – айырбасталып, 2 бас – Қарқаралыда қалдырылды. Екі түйе өлді. Айдалған малдан 2082 бас сиыр, 1982 бас жылқы, 185 қой, барлығы 4249 бас мал Торғай жеріне жетті [14, 62 п]. Айдап әкелінген малды Торғайға жетпей, 200 шақырым жерде Жалдама өзені бойына қалдырып, Ж. Аймауытов Торғайға барып мал үлестіруге байланысты халықпен әкімшіліктің қатысуымен жиналыс жасады. Малды халыққа тарату үшін арнайы уездік комиссия құрылып, әр болыстан өкілдер кірді. Сонымен қатар, комиссия құрамына уездік аштар комиссиясының төрағасы Құлжанов пен ел ішінде ықпалды адамдардың бірі Б. Болғамбаев кірді. Осылай әкелінген мал Торғай еліне таратылып, аштықтан қиналған жандарға көмек көрсетілді. Бұл арада Ж. Аймауытов ел таныған тұлға, адал азамат ретінде қызмет етті. Аштық есеңгіреткен елге бір адамдай көмек көрсетті. Ел аралап, мал жинауға қатысты, айдап әкелуге және ашыққан халыққа таратуға басшылық жасады. Бірақ, бұл Ж. Аймауытов шырғалаңының басы, қозғалыс нүктесі еді.

Ақиқатын айтсақ, алаш зиялылары осы қиын уақытта тағы да ұлтжандылықтарын көрсетті, қазақ тағдыры жолында бастарын бәйгеге тікті. Бұрынғы алашордашылардың ел ішінде абырой-беделінің өсуі, халық сөзін сөйлеуі большевиктік билікке ұнай қоймады. Олардың қазақ үшін жасағандарын кеңестік билікті мұқату, кеңестік саясатқа ашық қарсылық, қастандық деп қабылдады. Әрі осы кезең қазақ зиялыларының арасындағы жіктелудің ашылу кезеңі еді. Себебі, алашордашылар кезінде аласапыран уақытта ұлт мүддесі үшін уақытша үкіметпен де, ақтармен де жақындасқаны белгілі. Ал, енді олардың кеңес билігі жағына шығып қызмет етіп, қатар жүргенін кешегі қарсыласы тапшыл, большевиктік ұстанымдағылар қабылдай алмады. Аштық жылдары да батыл қимылдап, ел ішіне барып, ел мұңын айтып ашыққандарға жәрдемдесіп қызмет жасауы кеңестік билікті елемеу, оны төмендету болып саналды.

Ащы да болса айтып өтетін жай және бір таңқаларлығы партия мен мемлекет ба-

сында отырған Әліби Жанкелдин, Сейтқали Мендешевтер өз елдері аштыққа ұшырап жатқанда, үнсіз отырды, қозғала қоймады. Ел аралап, өз еріктерімен аштыққа душар болған елге көмек көрсетуін сұрап, жылу жинап жүрген М. Дулатов пен Ә. Бөкейханов аштықты пайдаланып, халық ішіне барып, кеңес үкіметіне қарсы астыртын әрекет жасауда деп айыпталып түрмеге түскенде де «олар ел үшін жүр-ау» деп қол ұштарын бермеді. М. Дулатовты Семейде тұтқындап, оған соң ОГПУ өкілінің бұйрығымен Орынборға жіберді. Бірақ, ащы мен тұшынды көрген М. Дулатов өзін ұстай білді. Содан да болар, тергеу, жауап алудан соң, ісінен қылмысты әрекет таппады ма, босатты. Осы уақытта партиялық тазалау саясаты жүрді де, «партияны әлсіретіп, оның бірлігін бұзып келген жікшіл топтардың бәрін дереу тарату талап етілді. Барлық партия ұйымдарына қандай да болсын жікшіл әрекеттерге жол берілмеуін қатаң қадағалау жүктелді. Сонымен қатар, «контрреволюциялық күштер мен антипартиялық уклондарға қарсы күресу міндеті» қойылды. Бұл контрреволюцияшыл, буржуазиялық уклон деген қоңырауы бар кешегі алашордашыларды кез келген жағдайда айыптауға мүмкіндік берді [15, 213 б]. Осы жылдары мемлекеттік қызметке сенімсіз элементтерді, солардың ішінде бұрынғы алашордашыларды, олармен байланысы барларды жібермеді және оларды қайта тексеруден өткізді. Бұл Алашорда құрамында болған және олармен байланысы бар деген зиялыларды ашық қудаламаса да, мемлекеттік қызметтен шеттетуге мүмкіндік берді. Тексеруге түсті, бұрынғы іс-әрекеттері үшін жауап берді, қызметтен ығыстырылды. Қазақ зиялыларының таптық ұстанымы бойынша жіктелуі осы уақытта тереңдей түсті. Осындай шиеленіскен жағдайда 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің №69 санында Файзулла ишанның аштық кезінде Семей губерниясынан жылу жинауға белсене араласып, жиналған малды бір жыл бұрын ғана Торғайға айдап әкелуге басшылық жасаған Ж. Аймауытовты қаралаған мақаласы жарық көрді. Ж. Аймауытовты «малды өзі пайдаланып кетті, бай мен орташаларға үлестіріп берді», «Торғай оқығандарына, алашордашылар мен олардың туыстарына үлестірді» деп айыптады [16, 202 б]. Міне, осы мақала Ж. Аймауытов басына үйірілер бұлттың алғашқы найзағайы болды. Бұл үзіліп созылып, қайта қозғалып, Ж. Аймауытовты айыптауға, кінәлауға, сотқа тартуға дейін әкелді. Назаланған, мұндайды болады деп күтпеген Ж. Аймауытов «Мен Файзулланың газетке басқанынан қараланып, әлеумет

көзінде азаматтығым жойылды деп ойламаймын. Кімнің кім екенін бар болсақ уақыт көрсетер. Жалғыз қынжылатын нәрсе: ауыр қызмет, ақ ниет зая кеткен сықылды «еңбегің еш, тұзың сор» деген мақалдың тап болуы, не жақсылыққа жамандық қайту табиғат заңы, болмаса өмір көрсетер. Тыныш жатып біреуді мінеуден, соғуден оңай қызмет жоқ» – деп жазды [17]. Малдың таратылуын тексеруге құрылған арнайы комиссия «мал байларға таратылды» деген үстірт, бір жақты шешім жасады [18]. Бұл шешім тек Ж. Аймауытовты ғана емес, аштарға мал таратуға тікелей араласқан жергілікті азаматтарды да айыптау, қудалауға мүмкіндік тудырды.

Тарихта «Торғай ісі» деген атаумен қалған бір басылып, бір көтеріліп, ұзын сонар үш жылдан астам тергеу, тексеру соңынан сотқа ұласқан іс басталды. Ақиқатын айтсақ, бұл аштық алқымнан алғанда ел жайы деп жаны ауырып, халықты көмекке жұмылдырып, ел аралап жылуға мал жинап, «қайтсем көмегім тиеді» деген ниетте болған жаны таза ұлтжанды азаматтардың Ж. Аймауытовтың, М. Дулатовтың және т.б. жігерін құм қылды. Қаншама жасаған еңбектері еш кеткендей болды.

1923 жылы Орталық комитеттің және облыстық партия комитетінің ұйымдастырумен мал таратуға тікелей қатысқан Торғай уезінің қызметкерлері Ахметсапа Жүсіпов (Юсупов), Шайқы Құлжанов, Ілияс Бәйменов, Қазгелді Қарпықов, Рүстем Әбдіғаровтардың ісі қаралып, айыпталды [19]. Тексеру, тергеуде А. Жүсіповтың алашордашы М. Дулатовтың бажасы, ал, Рүстем Әбдіғаровтың ел ішінде Амангелді Имановты өлтіруге қатысы бар деп айыпталып, кейін қызылдар қолынан қаза болған Әбдіғар Жанбосыновтың кенже ұлы екендігі, әрі Рүстемнің алашордашы А. Байтұрсыновқа жақындығы, туыскандығы бар екендігі айтылды. Шынында, Рүстемнің әкесі Әбдіғар Жанбосыновтың анасы А. Байтұрсыновтың апасы Алуа еді. Рүстем А. Байтұрсыновқа қазақы ұғыммен жиеннен туған жиеншар. Сонымен қатар, Рүстем А. Байтұрсыновтың қызы Катезге үйленді [20,40; 57; 86 бб].

РСФСР Жоғары сотының Қазақ бөлімі 1924 жылы 13 маусымда бұл істі тағы қарап, аталған азаматтарды іс бойынша қылмысты деп санады [21, 16п.]. Бұл іс одан әрі келесі жылы тағы қаралып, Ж. Аймауытов, А. Жүсіпов, Ш. Құлжанов, Р. Әбдіғаров, І. Бәйменов, Қ. Қарпықовты мал үлестіру барысында қолхат алынбағанын негіз қылып, әрі мал «байлар мен орташаларға үлестірілді», Торғайдың жауапты қызметкерлеріне мал үлестірді, дегенді желеу қылып айыпты деп тапты. **Ж. Аймауытов**

мал үлестіру ісіне араласқан, аталған торғайлық жауапты қызметкерлермен бірге Қылмыстық Кодекстің 110 бабы бойынша айыпталды [22, 1-2 пп.]. Ж. Аймауытов бірнеше рет тергеуге шақырылып, іс 1925 жылдың 3 қазанында аяқталды. Іс аяқталғаннан кейін қосымша тергеу жұмыстары жүрді. Он екі томдық «Торғай ісі» толық бітіп, сотқа жіберілді.

1926 жылдың 13-23 наурыз аралығында Қазақстанның астанасы Қызылорда қаласында «Торғай ісі» деген атпен сот өтті. Сотқа тартылғандар өздерін айыптау ісімен келіспеді. Тергеудің бір жақты өткендігін, айыптаудың еш негізсіздігін, айыптаушы куәгерлер көрсетулері жала екендігін алдын ала мәлімдеді. Ж. Аймауытов сот процесіне куәгер ретінде аштық жылдарындағы ахуалды және осы істі білетін Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н. Нұрмақовты, Қазақ мемлекеттік баспасынан Токжігітовті, Сауда Халық Комиссариатынан А. Кенжинді, Академиялық Орталықтан А. Байтұрсыновты, Әлеуметтік істер жөніндегі Халық Комиссариатынан Ә. Жанкелдинді, Халық Ағарту Комиссариатынан Лекеровты шақыртуды сұрады [23].

Осы уақытта Оқу-ағарту комиссары, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы С. Сәдуақасов азаматтық позициясын көрсетті. Ол аштық қыспаққа алған жылдардағы қазақ зиялыларының жанкешті ұлт үшін жасаған істерін жоғары бағалады. Сот процесін үнемі қадағалап отырды. Сот жүріп жатқанда Москвада болған С. Сәдуақасов «Түрмедегі айып орындығында отырған торғайлықтардың ісін толық ақтайтын аса маңызды дерек менде бар. Мен келгенше сот ісін тоқтата тұруларыңызды өтінемін» – деп жеделхат жолдады [3, 92 б; 24,92-96 пп.]. «Еңбекші қазақ» газеті соттың өту барысы жөнінде 1926 жылдың 15-26 наурыз аралығындағы сандарында хабар беріп отырды. Бастапқы сот отырыстары бірінде, қойылған сұраққа Ж. Аймауытов «Малды бөлгенде комиссияның басқа мүшелері – Құлжанұлы, Балғабайұлының көрсетуімен ауылдық, болыстық өкілдердің қолына бермек ордерді мен жазып тұрдым. Жеке адамдарға қызметкерлерге мал бергенде комиссияның ұйғарған адамдарына ғана бердім. Малдың дұрыс бөлінуіне, мұқтаждарға, аштарға бөлінуіне көңіл бөлдім» – деп орнықты жауап берді [25]. Сонымен қатар, бұл сот процесінің саяси астары болғаны да ақиқат. Аштықта абырой бедел жинайын деп емес, ел жанапшыры болып белсене көмек көрсеткен кешегі алашордашыларды, олардың көрнекті өкілі Ж. Аймауытовты сүріндірудің бір мүмкіндігі туған еді. Себебі, аштық жылдары кеңестік

өкімет емес, халыққа алашордашылардың жақын болып, олардың мұңын жоқтап, аштық алқымнан алғанда жанкештілікпен қызмет еткені анық еді.

Ж. Аймауытовқа «Тоғыз мың малдың басқа жаққа апарылмай, Торғайға әкелінген себебі не? Торғай уезі азаматтарымен бұрын таныс па едіңіз? Торғайдың Семей жақта жүрген азаматтарының ішінде танысыңыз бар ма?» – деп қойған сұрақтардың мәніне назар аударсақ, «Торғай алашордашыларымен байланысыңыз бар-ау, әйтпесе осыншама мал неге Торғайға әкелінді?» деген жымысқы астар жатқаны да айқын еді. Ж.Аймауытов сақтықпен, әрі дәлелді түрде, «Басқа ашыққан елге апаруға өте алыс болғандықтан, ашыққан елдің жақыны Торғайға әкелінді. Торғай азаматтарымен бұрын таныстығым жоқ. Семей жақта жүрген М. Дулатұлымен таныс едім. М. Дулатов Семейде губсоттың мүшесі. Жылу малды бірге жинасты», – деп жауап берді.

ОГПУ тергеушілерінің 1. Малды аштарға таратып беретін комиссияның мүшелігіне қасақана кіріп, «Алашорда» Үкіметінің туыстарына заңсыз үлес берді. Кедейлерді үлестен қақты. 2. Үлестірілген малды кім алғаны туралы қолхат алмады. 3. Үшінші өз бетінше бақташыларға мал үлестірген, – деп [3, 96 б.] таққан айыптарына өзінің ақтық сөзінде дәлелді, бұлтартпас жауап қайтарды.

Қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі қарым-қатынасы мен заңды сақтау тәртібін байланыстыра келіп, сол кездегі жағдай мен аш адамдардың көңіл күйін сипаттап, шынайы тазалықпен сөйлеген сөзі тыңдаушыларға ерекше әсер етіп, тебірентті. Жүсіпбектің адалдығы мен ізгілігіне деген сенім тудырды. Ж. Аймауытов «...Бұл іске, меніңше кейбіреулер заң жүзінен қарап, біреулер сұрқиялық көзбен құрғақ сөзге салынып жатырған көрінеді. Бұл малдың жиналу ретіне келсек, қазақ арасында жиналған мал – қазақ әдетімен жиналды, сондықтан, бөлу де қазақшылық ретімен болды. Ал, енді малдың бөлінуі туралы наразылық – көрінеу түрде, ру ретімен, ескі әдеттен шықты. Торғай еліне 4 000 мал келгенде көктен түскендей болды. Мал адамның етіне жақын болғандықтан да олар өте қуанып тік көтеріле даярланды. Малдың басына барған кезде адам, халық малға қаптап кеткен еді. Аштарға малды бере бастағанда халықтың қызығуы, алқымнан алуы солайша күшейе бастады. Бір жағынан – аштардың тізімін алып жатсақ, екінші жағынан – мал бер деп жағадан алып жатты. Жалпы қазақтың бұл туралы әдетін алсақ: 8000 малды үлестіріп алу түгіл, 8 кез сисаны жанжалсыз үлескен

емес. ...Сондықтан, бұл іске дау шықпайды деуге болмайды.

...Мені: «Неге комиссияға кірдің?» деп айыптайды. Мұның қисыны жоқ. Себебі, ала жаздай бейнеттеніп келіп, комиссияға кірмей, малдың қалай бөлінгенін білмей кетуім дұрыс па еді? Әрине, дұрыс емес. ...Ал, енді екі жұма баққан 74 малшыға – 74 қара, малшылардың тамағы, киісі деп – 30 шамалы қара берілген. 2-ші (рет айдап әкелінген) малдан менде ондай шығын болған жоқ. Ал, енді азаматтарға мал берді (үлестірді), – дегені туралы. Мен малды кедейлерге беру жолында болдым. Мысалы, Орынборда жатқан Жангелдинге 15 қара бер – дегем жоқ. Солардың кедей аш-арық туыстарына береді деп сенгенмін.

Мен Торғай оязының партия құмарлығын, ақсақалдар дәуірі кетпеген ел екендігін газетте де жазғанмын. Сондықтан да, уәкіл сайлауын сол елдердің өз ортасына жіберген күнде де, (олар) бізге дұрыс уәкілдерін сайлап бермес еді. Сондықтан, біз сенімді (адамды), Торғайдың жауапкер қызметкерлерінің алдында сайлатуды мақұл көрдік. Сондықтан, қалада, ауатком алдында сайлады – деп айыптау қате.

...Ал, енді осы тәріздес істен саяси астар шығаруды ойлайтындар бар көрінеді. Бірақ, оны жоғарыда айтқан Торғай елінен шығаруға бола ма? Себебі, Торғай елінің большевикі де, Алашы да жуан, атқа мінгендері – оқығандар. ...Міне, осыдан саясат шыға ма?

Қағаз (қолхат) алмады деседі. Ол үшін бұл істің қандай уақытта болғанын еске алу керек. Бұл ат үстінде болған іс, талмау уақытта болған іс – деп ашығын, әділін айтты [26, 208-212 бб; 3, 96-98 бб.].

Ж. Аймауытов сөзінің мәні мен мағынасы ашық сот мәжілісіне қатысқандарға қазақы ұғыммен түсінікті болды. «Қазақ ежелден қарыз беріп қарыз алады ...Сонда ол бірінен бірі еш уақытта қолхат алмайды, ешбір протокол жасамайды. Бәрін ауызша сөзбен жүргізеді. Бұл әбден әдет болып кеткен. Аштарға жәрдем үлестірген кезде менің бойымда да, ойымда да осы заң күшті болды. Мен атам қазақтың осы заңын ұстандым. Аштарға не берсем де, қолхат алмадым. Хат білмейтін, аштан көзі қарайып, өлейін деп отырған адамнан қолхат сұрауды қолайсыз көрдім» дегенді айтты [16, 203-204 бб].

Сөзінің соңында Ж.Аймауытов: «Басқа табар елім жоқ. Өз елімнің ортасында құрбан болып кетсем арманым жоқ. Ел заңына бағынбауға болмайды. Егер халқымның заң, ғұрпы мені айыпты десе амалым не?» – деп сөзін бітірді [26, 212 б.].

Ж. Аймауытовтың сөзі неғұрлым сенімді, байыпты, салмақты шыққандығы сондай, сот мәжілісіне қатысқандардан қолдау тапты. Осы істегі басты айыпкер Ж.Аймауытов сотта ақталып шықты. Ал, 1926 жылы 24 наурызда сот іске қатысты торғайлық қызметкерлер коммунист И.Бәйменов пен партияда жоқ Қ. Қарпықовты 1 жыл 6 айға, А.Жүсіпов пен Ш. Құлжановты 2 жылға бас бостандықтарынан айырды. Биліктегі ұлтжанды қазақ зиялылары аштық жылдарындағы Ж.Аймауытовтың атқарған ісінің дұрыс екендігін білгенімен, іштей қолдағандарымен кешегі алашордашылды ашық қолдай алмады. Бірақ та, С.Сәдуақасовтың, Ж. Мыңбаевтың тікелей ықпалымен Қазақ Орталық Комитеті араласуымен осы жылдың 26-сәуірінде кешірім жасалынды [27, 72 п.].

С. Сәдуақасовтың ықпалымен деп отырғанымыз, мұны О.Исаевтың сот процесін баяндап Ф.И. Голощекинге жазған хатынан айқын аңғарамыз. О. Исаев Голощекинге бәрін баяндап отырды. Сәдуақасовты кінәлап, бір жағынан тісін батырып Сәдуақасовтың не айтқанының, Ж. Аймауытовты қалай қорғағанын мәлімдеді. Сәдуақасовтың «...сотта куә ретінде не қоғамдық қорғаушы ретінде сөйлеуге рұқсат беріңіздер, қазақтың қаламгерлерінің бірі ретінде оларды қорғауға тиіспін» дегенін, М. Дулатовтың «Еңбекші қазаққа» Ж. Аймауытовты және Торғай қызметкерлерін қорғап жазған мақаласын жариялауға келісім бермегенінде С. Сәдуақасовтың жариялатқанын да баяндады. С. Сәдуақасовтың Аймауытовты «қазақтың Вересаеві, Алексей Толстойы, ол «Интернационалды», «Жас гвардияны» аударды дегенін, сондай-ақ, «бұл сот процесі – «Алашорданың» үстінен жүргізілген сот, одан басқа ештеме емес, сондықтан да, соттың құрамы ...ол деңгейден (Алашордадан, алашордашылардан – Қ.Д.) төмен» дегенін де қалдырмай жеткізді [24, л.92-96]. Голощекинге жазған осы хатында «Сәдуақасов жолдастың алашордашылармен арасындағы жігі ажырамаған. ...Алашордашылар осы сотта өзінің азуын көрсетті, Сәдуақасовты пайдалана отырып, партия мен өкіметке ықпал етуге тырысты» – деп Смағұлды алашордашыларға қосақтады. Солардың бағытын астыртын жүргізіп отыр дегенді жеткізді. Онсыз да ұлтжанды қазақ зиялыларын ұнатпайтын Голощекинді С.Сәдуақасовқа қарсы қойды. Ұлтжанды С.Сәдуақасов Жүсіпбекті және торғайлық азаматтарды соттапнауға бар күшін салғаны анық. РСФСР Жоғары Соты Қазақ бөлімінің анықтамасында да Торғайдың жауапты қызметкерлері Алашорданың көрнекті өкілдері Юсупов, Құлжанов, Бәйменов т.б. амнистия

болып ақталғаны жазылды [28, л.89-89 об].

Осылай бірнеше жылға созылған атышулы «Торғай ісі» аяқталды.

Бірақ, осы арада сәл шегініс жасасак, бір күмән тудыратын маза бермей жүрген жай бар. Ол – шынымен жоғарыда айтылған Ж. Аймауытовты айыптаған, қаралаған мақаланы жазған Файзолла ишан ба екен деген сұрақ. Файзолла ишан Сатыбалдыұлы Торғай еліндегі танымал, дін ұстаған, қари атанған елге сыйлы кісі. Бұл кісінің дәл мұндай пендешілікке бара қоюы неғайбыл деген де ой келеді. Осы тұрғыда, біріншіден оқыған, білімді, сөзіне ел тоқтаған адамның атын жамылып басқа біреу жазуы мүмкін. Солай болғанның өзінде, оң-солын жетік білетін Файзолла ишан газетке өзі емес екендігін жазып терістеу керек еді. Олай болмады. Олай болмаған соң, екіншіден, әлдебір бізге белгісіз себеппен мәжбүрлеп жаздырды ма екен деген ой туады. Бұл арада айтқымыз келіп отырғаны кеңестік билік қысым көрсетті ме дейміз. Үшіншіден, газетте мақаланың авторы «Файзулла Ишанов» деп жазылған. Бұл кісі өз атынан жазса Сатыбалдыұлы немесе Сатыбалдиев болар еді. Кейін, 1928 жылы «ұлтшыл» атанып, сотталып, «Беломор канал лагеріне айдалып, сонда ескі досы, әрі нағашысы М. Дулатовпен кездесіп, бірге болды деген де дерек бар. Ахметті, Міржақыпты құрмет тұтқан елге сыйлы адам өз атына кір жұқтырмасы керекті. Аштыққа ұшыраған елге Семей губерниясынан келіп жатқан көмектің сыртында сол жылдары ел ішінде әлі де абырой-беделі жоғары А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың тұрғаны да күмәнсіз еді. Ашыққан ел, келген көмектен орындарынан тік тұрып кетпесе де, аштықтан есеңгіреген елге демеу болатындығын көзі ашық, көкірегі ояу Файзолла ишанның білмеуі мүмкін емес. Ж.Аймауытовтың мал таратуға Торғай еліне келгенде, Файзолла ишанмен кездесуі де кәдік. Алаш зиялыларын қатты қадірлеген Файзолла ишанның Ж.Аймауытовтың Торғай елінің азаматтары А.Байтұрсынов, М. Дулатов, А.Бірімжанов, Ғ. Бірімжанов, К. Тоқтабаев, т.б. қатар жүрген үзеңгілесі екенін білгені де анық. Осыны біле тұра жала жауып, мақала жазды дегенге сену қиын. Бірақ, «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылы №69 санында Файзулла Ишанов деп тұрғаны да тасқа таңба басқандай.

Кейін, 37-38-дің зұлматында шейіт болған А. Байтұрсыновтың қазасын естігенде, қатты қайғырып Файзолла Сатыбалдыұлы:

*«...Шынымен бұл дүниеден өткенің бе,
Қайрылмай алды артыңа кеткенің бе?
Ахмет опат болды дегенді естін,
Егіліп жылай бердім, тек дедім де!...
...Бақұл бол, қайран Ахмет ақ сұңқарым,
Қош айтып рухына басыңды идім!»* – деп

күнiренгенi ел есiнде [29, 95 б.].

Тағы да айтсақ, Мiржақыптың қазасын естiгенде:

*«Мiржақып өлдi деген сөз,
Туымдi өртеп кеттi лез...
Дiрiлдеп жүрек демiгiн,
Малынды жасқа екi көз.
Қасиет тұтқан Алашым,
Кеңге жайған құлашын.
Намысты қолдан бермеген,
Қайран да менiң нағашым.
Мiржақып пен Ахмет,
Нақақтан-нақақ болды шет,
Бiр уақыттар болғанда,
Ақталар орнап әдiлет.
Қиянат кетпес тоқтаусыз,
Әдiл сөз қалмас құптаусыз.
Күндердiң күнi болғанда,
Мiржақып кетпес жоқтаусыз...»* – деп

жоктады, қайғырды, ертеңгi күнге үмiттендi... Осындай елге сыйлы адамның Торғай азаматтарын және Ж. Аймауытовты сергелдеңге салған үш жылдан астам уақытқа созылған «Торғай iсiнiң» басында тұрды дегенге сену қиын-ақ...

Қалай болғанда да, есте қалатын жай, «Торғай iсi» көп нәрсеге нүкте қойды. А.Байтұрсынов Академиялық Орталыққа кеттi. Өзiнiң бұл қадамын «Ғылыми-педагогикалық жұмыспен еркін араласуым үшiн» деп түсiндiруi жай сыйтау ғана едi. Шын мәнiнде бұл оның «Ақ болсын, қызыл болсын, бәрiбiр, мен қазақ ұлтының мүддесiн қорғайтын мемлекеттi жақтаймын» [3, 103 б.] деп мәлiмдеген пiкiрiнде қалуы едi. Кеңес үкiметiнiң қазақ мүддесiн қорғамайтындығына, оны тап мүддесiмен алмастырғанына А.Байтұрсыновтың көзi анық жеттi.

М.Әуезовтiң де көңiлi большевиктер партиясы мен Кеңес үкiметiнен бiржола қалды ма, ҚОАК мүшесi бола отырып, ешкiмге ескертпестен Ташкентке кетiп қалды, одан әрi Ленинград университетiне ауысып кеттi. Партия билетiн Өлкелiк комитетке почтамен салып жiбердi. Кейiн осы жайға байланысты жауап бергенде тергеушiлерге «Еңбек тәртiбiн бұзғаным үшiн және мүшелiк жарна төлемегенiм үшiн менi партиядан шығарып тастады» деп уәж айтқан болды [3, 104 б.]. Бұл большевиктiк үкiметтiң пиғылын аңғару мен онымен тiкелей одақтасудан, оның бiр бұрандасына айналудан, әрi мемлекеттiк қызметтен түңiлiп бас тарту едi. Кеңес үкiметiнiң алғашқы жылдары белсендi қызметке араласқан М.Әуезов осылай мемлекеттiк қызметтен бiржола кеттi. Ғылымға, бiлiмге, ағартушылық жұмысқа бет бұрды. Мүмкiн бұл, билiктен торығу, түңiлу ұлы тұлғаның ғылымға, ұлтқа қызмет

етудiң жаңа жолына түсуiне, таңдауына мүмкiндiк берген болар. Әлемдiк деңгейдегi құндылықтар қатарынан орын алған ғылыми-көркем шығармаларының тууына жасалған бетбұрыс болған болар десек қателеспесбiз.

Тағы да бiр жайдың бетi ашылды. Қазақ зиялыларының арасындағы жiктелу процесi тереңдей түстi. Қазақ азаматтарының бiрi ел ашаршылыққа ұшырып, есенгiреп, тоз-тоз болып, жан сақтау үшiн босып кеткенде, қолына түскеннiң бәрiн талғажау қылғанда, бiрi елге қалай көмектесемiз, қалай аман алып қаламыз деп жанкештiлiкпен ел аралады. Ал, екiншiлерi жоғарыдан большевиктiк билiктен, Кеңес өкiметi тарапынан қимыл болмаған соң, бiр пәлеге ұшырап қалармыз дегендей еш әрекетсiз отырды. Алғашқылары ыстыққа күйiп, суыққа тоңып, жиналған малды ашыққан халыққа жеткiзгенде, екiншiлерi олардың iсiнен үкiметке, партияға қарсы пәле iздедi. Олардың соңынан айтақтап ит қосты. Олардың iс-әрекетiнен қылмыс iздедi, жоқ болса да табуға тырысты.

Қазақ зиялыларының бiрi, алғашқыларды олардың жаны таза, адал не iстесе де, ел үшiн iстедi деп қорғағанда, ал екiншiлерi тағы оларды алашордашылармен жақындасты, алашордашылықтың кеңес үкiметi жылдарындағы жаңа көрiнiсi деп айыптап, аяқтарынан шалды. Билiк жолында, таптық мүдде жолында қазақ мүддесiн, ел мұратын құрбандыққа шалды. Бұған О.Исаевтың «Халықаралық пролетариаттың мүддесi үшiн қазақ халқын да құрбандыққа шаламыз» деуi дәлел. Тапшылдар қазақ тағдыры, қазақ мүддесi үшiн бас көтерiп бiрдеме дегендерге «ұлтшылдар», «алашордашылар сарқытғы» деген таңбаны баса қойды. Олар бiрiншi кезекке, ел тағдырын, халық жағдайын емес, партия бағытын қойды. Оларда құлдық, бас iзеушiлiк психологиясының қалыптасып, бойларына сiңiп кеткенi сондай, осы жолы да және кейiнгi 1930-32-нiң аштығында да халық қырылып, тағдыры қыл үстiнде тұрғанда, көзге көрiнген қазақ оқығандарының, ел билегендердiң азаматтығы сынға түскенде бұғып қалды. Ештеңе болмағандай кейiп танытты [30, 67 б.].

«Торғай iсi» аяқталды, Ж. Аймауытов ақталып шықты дегенiмiзбен, бұл бер жағы ғана едi. Қырағы большевиктер, әрине, Ж.Аймауытовты кейiн айыптағанда да бұрынғы «Торғай iсiн» ұмытпады. Сонымен қатар, Торғай елiне қатысты әрбiр iстен Ж.Аймауытовтың қолтаңбасын iздедi. Торғай елiндегi кеңес үкiметiнiң күштеу, зорлық-зомбылық, тәркiлеу саясатына қарсы 1929 жылдың қарашасындағы Батпаққара көтерiлiсiне

еш қатысы болмаса да, байланыстырып айыптады. «1929 жылы Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар» деген сылтаумен қайта тұтқынға алынды. ОГПУ органдары істі тергеп-тексеруге тиісінше қылмысты іс қозғау жайында қаулы қабылдамастан-ақ, бірден айыптау мақсатына кірісті. Тергеу бір жылдан астам уақыт жүргізіліп, қылмысын дәлелдейтін нақты дерек болмаса да, қолдан ұйымдастырылған іс бойынша үкім шығарылды [31, 5 б.]. Ж. Аймауытов «Торғай ісінен» арада төрт жыл өткенде, 1930 жылдың 21 сәуірінде Москвада Бутырка түрмесінде атылды. Осы жолы да тағдырдың жазуы ма, Жүсіпбекпен және Дінші Әділовпен бірге атылғандардың екеуі торғайлық көрнекті тұлғалар Ғ. Бірімжанов пен А. Юсупов еді. Араға қаншама жылдар түскенімен, Ж.Аймауытовтың ашаршылық жайлап, ел тығырыққа тірелгендегі

ісі – шынайы азаматтық, тазалық қана емес, ұлтжандылықтың, ұлтты сүйе білудің шексіз, баға жетпес үлгісі.

«Қазақ зиялылары шұғыл шара қолданылмаса, қазақ елі қазақсыз қалады», деп жан ұшырған, осы 1921-1922 жылдары Өлкелік партия комитетінің БКП(б) Орталық комитетіне жолдаған ресми ақпараты бойынша, аштыққа ұшырағандардың саны 2 миллион 286 мың 591 адам болып, соның 68,2% аштан өлген» [32]. Осы 68% цифрға айналдырсақ, аштықтан бір жарым млн қазақ өлген. Бұл әлі күнге дейін беті ашылмаған ақиқат. Терең зерттелмеген жауабынан сұрағы көп мәселе. Шынында, осы оқиғаға, 1921-1922 жылдардағы аштық зардабына ой жүгіртсек, ол 1930-1932 жылдардағы алапат аштықтың алғашқы сынағы, сәтті жүзеге асырылған бастапқы репетициясы еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты 320 қор, 1-т. 45-іс, 46-п;
2. ҚР ОММ 5-қор, 2-тізбе. 8-іс, 50-парақ;
3. Жұртбай Т. Ұраным Алаш. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. 472 б.
4. Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. IV том. «Ғылым» баспасы». – Алматы, 1981. - 676 бет.
5. ҚР ОММ 40-қор, 2-т. 210-іс, 170-п;
6. Алаш ақиықтары. Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. – Алматы, «Алаш», 2006. – 288-бет.
7. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. Танымдық зерттеулер, мақалалар. 2 – том. – Алматы. «Алаш», - 2003. – 360 бет.
8. ҚР ОММ 5-қор, 2-тізбе. 45-іс, 6-п;
9. ҚР ОММ 5-қор, 2-тізбе. 67-іс, 43-п;
10. «Еңбекші қазақ». 1922. №4-5.; Жұртбай Т. Ұраным Алаш. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. 472 б.
11. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері. – Алматы. «Мектеп» баспасы. 2003. - 400 бет.
12. ҚР ОММ 5-қор, 3-тізбе. 83-іс, 24-26-п;
13. Қазақстан республикасы Президентінің мұрағаты 139-қор, 1-тізбе. 1а-іс, 110-п;
14. ҚР ОММ 251-қор, 4-тізбе. 7-іс, 62-п;
15. Совет Одағы Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1898-1970) – Алматы. «Қазақстан» 1972. Т. 2. 1917-1924. 580 бет.
16. Сағынбекұлы Р. Жүсіпбек (Өмірі мен қаламгерлік қызметі) Көмекші оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1997. -224 бет.
17. Аймауытов Ж. Жауап. «Қазақ тілі» газеті. - 1923. - №42.
18. ҚР ОММ 251-қор, 4-тізбе. 4-іс, 24-26 п;
19. ҚР ОММ 251-қор, 4-тізбе. 8-іс, 204 п;
20. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс: тарихы және қазіргі заман. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы. – Алматы: «Тарих тағылымы» баспасы, 2010. –183 б.
21. ҚР ОММ 251-қор, 4-тізбе. 13-іс, 16 п;
22. ҚР ОММ 251-қор, 4-тізбе. 16-іс, 1-2 п;
23. ҚР ОММ 251-қор, 1-тізбе. 16-іс, 233; 250-252 пп;
24. ҚР ПМ 811-қор, 20-тізбе. 638-іс, 92-96 пп;
25. «Еңбекші қазақ», 1926, 16 наурыз.
26. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 жж. Движение Алаш. Апрель 1920-1928 гг. – Алматы: «Ел шежіре», 2007. Т.3. Кн.1. - 304 с.
27. ҚР ОММ 251-қор, 4-тізбе. 17-іс, 72 п;
28. ҚР ПМ 141-қор, 1-тізбе. 1694-іс, 89п-89 сб;
29. Имаханбетова Р.С. Ғасыр саңлағы. А.Байтұрсыновтың ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). – Астана: «Педагогика ПРЕСС» 2010. – 304 бет.
30. Даркенов Қ.Ғ. XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы қазақ интеллигенциясы: көзқарас эволюциясы және идеялық жіктелу. Материалы международной научно-практической конференции «Взаимовлияние народов России и Казахстана» (историко-культурологический аспект) том 1. – Павлодар: ПГПИ, 2004. – 324 с.
31. Аймауытов Ж. Шығармалары: Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 бет.
32. Т.Жұртбай. Алаш идеясы арыстарымыздың арманы еді. «Айқын» газеті 05.08.2011.



Хасен Қожа-АХМЕТ,
композитор, өнертанушы

ТАРИХ ОҚУЛЫҒЫНДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚТАР

Неше Бөгенбай болған?

Тарих оқулықтарында 18 ғасырдағы жоңғармен соғыс кезінде қазақ әскеріне қолбасшылыққа Қанжығалы Бөгенбай сайланғаны жазылған. Бөгенбай Ақшаұлының да туған жылы 1690, кейде 1686, 1680 деп әртүрлі көрсетіліп жүр. Бірақ, 1710 жылғы құрылтайда Бөгенбай да 20 мен 30 жас аралығында ғана. Сол себептен болар, оны да «қарт» деуге келмейтінін байқаған Қазыбек бек кітабын көшірушілер 1726 жылғы Ордабасыдағы құрылтай туралы: «Ал, Әбілқайыр басқолбасшы сайланды, бірақ, билер ұрыс туын Бөгенбайға көтертті. Бұл Әбілқайырға қатты тиді...Бөгенбай бұдан бұрын да 26 жасында да қолбасшы болып сайланды деседі біреулер. Ол жасы Қанжығалы Бөгенбайдан көп үлкен, әкесіндей, арғын қарт Бөгенбай болатын» деп жазған (231 б.).

Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романында Қарақұм құрылтайында қазақ қолының қолбасшылығына сайланушы Табын-тарақты Бөгенбай батыр. Ордабасыдағы жиын туралы да: «Үш алаштың туын тағы да азуы алты қарыс үйсін тұрып, арғын тұрып, алшын тұрып күні кешегі кірме табындардың көсемі Қараұлы Бөгенбай ұстады» дейді (281 б.). Ресей үкіметі қызметкерлерінің ресми құжаттарында Әбілқайырдың Ресейге бодан болуын қолдаған осы, Табын Бөгенбай екені анық жазылған. Бұл – кейінірек белгілі болар Тіленші, Жоламан батырлардың атасы (Ресей құжаттары бойынша осы Бөгенбай 1742 жылы сәуірде түркімендермен қақтығыста қаза болған). Ал, С.Сыматаев «Елім-ай» романында Ордабасы жиынында қазақ қолының қолбасшысы болып Керей Бөгенбай сайланған депті! Сонымен, 18 ғасырдағы жоңғар-қазақ соғыстары кезінде қазақ әскеріне қолбасшылыққа осы төрт адамның

қайсысы сайланған: тарих оқулықтары айтқандай Қанжығалы Бөгенбай ма, «Елім-ай» романындағы Керей Бөгенбай ма, «Үркер» романындағы Табын-тарақты Бөгенбай ма, Қазыбек бектің: «Ол жасы Қанжығалы Бөгенбайдан көп үлкен, әкесіндей, арғын қарт Бөгенбай болатын» деген «қарт» Бөгенбай ма? Тарихшы-ғалымдарымыз бұл мәселенің де басын ашып бергені жөн.

Әбілқайыр ханның бас қолбасшылығы

Тарих оқулықтарының барлығында дерлік 1710 жылғы Қарақұм құрылтайында Кіші жүз ханы Әбілқайырға бүкілхалықтық жауынгерлік жасаққа жалпы басшылық ету тапсырылғаны айтылған. Жоңғарларға қарсы Әбілқайыр басшылық жасады деген маңызды ұрыстар ретінде негізінен үш шайқас аталынады. Олар: 1718 жылы Аягөз өзені бойындағы, 1726 жылғы Бұланты-Бөленгі шайқасы және Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Аңырақай аталған шайқас. Одан кейінгі қазақ-жоңғар соғыстарына Әбілқайырдың қатыспай қойғаны айтылады. Енді, осы соғыстардағы Әбілқайырдың қосбасшылық дарын-қабілеті жайлы деректерге тоқталып өтейік.

Аякөз шайқасы

«Қазақстан тарихы» оқулығында (8 сыныпқа арн.) Аякөз шайқасы айтылмайды, тек жалпы: «1717 жылы қазақ әскерлері мен жоңғар әскерлерінің кескілескен қанды шайқастары болып өтті. Біріккен орталықтан басшылықтың болмауы себепті қазақ жасақтары жеңіліп қалды» делінген. М.Байдолданың «Қазақстан тарихында»: «1718 жылы Аягөз өзенінің бойында Қабанбай батырдың басшылығымен болған шайқаста қазақ әскерлері жеңіске жетті. Бірақ, қол басқарған Әбілқайыр хан мен Қайып ханның арасындағы алауыздықтың кесірінен жоңғарлар қазақтарды қаны қалдырды» дегенінен не айтпағын түсіну қиын. Осы екі оқулықтағы айтылғандарға орай: «Егер, 1710 жылы

бүкілхалықтық жасаққа басшылық Әбілқайырға тапсырылған болса, Аягөздегі шайқасты неліктен Қабанбай басқарған? «Біріккен орталықтан басшылықтың болмауы» неліктен, Әбілқайыр қайда жүрді?» деген сұрақтар туады.

М.Мағауин «Қазақ тарихының әліппесінде» 1717 жылы Қайып хан мен Әбілқайыр сұлтанның 30 мың әскермен Аягөз өзенінің арғы бетінде шеп құрған жоңғардың мылтықты мың қаралы әскерімен екі күн соғысып ала алмағанын, үшінші күні келген қосымша күш қазақ әскерінің тас-талқанын шығарып жарты күн бойы қуалап, қырып-жойғанын баяндап: «Дарынсыз Қайып пен өркөкірек Әбілқайыр бар әскерінен айрылып, сопа бастары ғана құтылады. Ордаға келгенде Қайып ханның қасында екі-ақ кісі бар екен дейді. Келесі, 1718 жылы жоңғарлар кең көлемді майдан ашады, қазақ жасақтарын Арыс, Бөген, Шаян өзендерінің бойында әлденеше мәрте ойсырата жеңіп, бүкіл Оңтүстікті ойрандап кетеді» делінген (93 б.). «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках» жинағындағы 06.08.1718 жылы жазылған мәліметте: «Февраля в 11 день явился татарин Бутук Куцашев, а про войну с калмыки сказал, что-де на баталиях он был, а казаков в походе было 30 тысяч человек и сошлись-де с ними калмыки при реке Аягусе и была-де баталия. И ночью-де половина казаков перешли за реку на калмыцкою сторону, и на другой день, в полдни напали на них калмык человек сот с восемь и человек ста с четыре побили и казаки-де с обеих сторон реки, покинув свой багаж, разбежались врознь, а Хаип-хан остался только с двумя человеками и воротились до своего улуса, а багаж их взяли калмыки в полон» делінсе, қазақ Қуттыбай мырзаның осы соғыс туралы: «Ночью-де калмыки, нарубя лесу, сделали деревянный вал и сели в осаду; а казаки-де також сделали деревянной же вал выше калмыцкого и с того валу по калмыцком стреляли два дни. И на третий день явились из стороны калмыцкого войска еще тысячи с полторы и наехали на кашевые их станы, и кашевары-де, испужався, побежали, а за ними-де и их казачье войско возвратились» дегенін жазған (№19 құжат).. Ал, Ә.Кекілбаев «Үркер» романында Аягөз шайқасында жоңғар әскерінің де, қазақтардың да ор қазып, топырақ үйіп, бекініс жасағанын жазады. «Аруағы аттың жалындағы 30 мың қазақ қолы орға бас сауғалаймын деп, өзінен он есе аз калмақ қолынан төмпеш көруде... Жау қолына түсіп қала жаздаған Қайып қасындағы

екі адамы бар Әбілқайыр қосына кеп қосылды. Ел арасында қаңқу көбейді. Күніне қырық ұйтқыған лақаптың саятыны баяғы сол бір түйін: екі хан тіл табыспады, жер қайысқан қолмен барып, азғантай жаудың ойранын шығаруға Қайыптың өнері жетпеді; Әбілқайыр өзіме бұйырмайтын ішек боғымен піссін деп, шайқасқа бел шешіп кіріспеді» деген жолдар бар.

Осы жазылғандардан түйеріміз – Аягөз өзені шайқасында Әбілқайыр мен Қайып хан басқарған 30 мың қазақ әскері өзінен он есе аз жоңғар әскерінен қатты жеңіліске ұшырағаны. Назар аудартар нәрсе – Аягөз өзені бойында ол заманда жал тұрғызарлықтай мол ағаштың болғандығы жайлы дерек.

Бұланты-Бөленті шайқасы

Бұл шайқас 1726 я 1728 жылы болды делінеді М. Тынышбаев кітабындағы («История казахского народа». Санат. 2009.) «Үйсіндер» тарауында: «В 1726 году, когда озлобленные старики Абулхаир и Самеке с половиной киргизского народа ушли к русской границе, чтобы сорвать победоносную кампанию...» (88 б.) деуінен Әбілқайыр мен Сәмекенің Бұланты, Айырақай шайқастарына дейін-ақ жоңғарларға қарсы соғысуды тоқтатқаны байқатады. Ал, М.Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесіндегі»: «1718 жылдың аяғында талайсыз Қайып хан шәйіт болған. Әз-Тәукенің дарынсыз да жігерсіз ұлы Болатты ақ киізге көтереді. Қазақ сұлтандарының кіші бұтағынан тарайды, тегі төмен деген сылтаумен, Әз-Жәнібектің тікелей ұрпағы боп саналатын Әбілқайырды хан тағына жібермейді. Баққұмар Әбілқайыр бірден-ақ ат басын теріске бұрды, ұлыстың бір бөлігінде жеке билігін жүзеге асырды» (93-94 бб.) – дегеніне қарасак, Әбілқайыр Болат хан сайланған 1719 жылдан соң соғысқа қатыспаған.

М.Тынышбаев кітабының 242 бетінде: «Как увидим дальше, Абулхаир во всех сношениях с Россией домогался признаниями его ханом 3-х Орд. Эти обстоятельства и ряд других соображений приводят к мысли, что после анракайской победы Болат-хан умер, и на его место надлежало выбрать Старшего хана....Выбор, по видимому, не абсолютного большинства пал на Абульмамбета. Такой обиды не мог стерпеть старик Абулхаир, человек крайне честолюбивый» деген жолдар, керісінше, араздықтың Аңырақай ұрысынан соң болғанын көрсетеді. Ақиқаты қайсысы?

«Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках» жинағындағы № 19 және

№21 құжаттардан Әбілқайыр ханның 1718 жылы-ақ Ресейдің Петр I патшасымен хат жазысып, өзінің Ырғыз өзеніндегі ордасында Ресей үкіметі қызметкерлерін қабылдап, сыйлықтар алғанын оқимыз: «**Доношу Вам и желаю, что служить, а кто будут наши служить на конях, а я не токмо на конях, и пешей служить рад белому царю**» деп Ресей патшасына жазған («*өзгелер ат үстінде сізге қызмет етсе, мен жаяу жүріп те сізге қуана қызмет етемін*»), ой басқа жақтағы Әбілқайыр, бөлен жылдан кейін Бұланты-Бөлентідегі және Аңырақайдағы, өз басына қатерлі шайқастарға қатысуы мүмкін бе?

Аталған Ресей құжаттары жинағында қазаққа қатысты 1722 жылдан 1730 жылдың қыркүйегі аралығында еш құжат жоқ. Ал, «Қазақстан тарихы» (8 сынып) оқулығында: «1726 жылдың күзінде Ордабасы тауында Бүкілқазақтық құрылтай өтіп, Әбілқайыр хан бүкілқазақтық әскери жасақтың бас қолбасшысы болып сайланғаны, ал бүкілхалықтық әскери жасақтың бас сардарбегі болып батырлар арасынан Қанжығалы Бөгенбай бекітілгені» жазылған. Ұлытаудағы Бұланты өзенінің бойында, Қара сиыр деген жерде (кейін «Қалмаққырылған» аталған) қазақ жасақтары тұңғыш рет ірі жеңіске жеткені айтылған. М.Баймолда «Анықтамасында» бұл шайқасқа екі оқулықта да осы соғысқа Әбілқайыр қатысты деп нақты айтылмаған. І.Есенберлин «Жанталас» романында: «Ең алғашқы жеңісті Кіші жүздің Тайлақ батыры мен оның жиені – Ұлы жүздің Ошақты руынан шыққан Саңырақ батыр әкелді. Бұлар Бұланты мен Бөленті өзенінің ортасындағы «Қара сиыр» деген жерде Жоңғардың қалың қолын бетпе-бет айқаста ойсырата жеңді» дейді (91 б.). Ә.Әлімжанов та «Жаушы» романында Бұланты шайқасы туралы: «Ақсақалдардың ұйғарымы бойынша бүкіл сарбаздарды ұрысқа бастап шығу үш батыр: Саңырақ, Тайлақ және Малайсарыға тапсырылған»... «Ал, бүгінде, мына арада бірде-бір хан да, сұлтан да жоқ еді. Бүгінгі күні сарбаздар мен батырлар ұрыста жеңіп шығып, елдікті өздері қорғап қалмақ» депті.

Ә.Кекілбаев «Үркер» романында Бұланты шайқасына дайындық жиынында бас қолбасшылыққа Табын Бөгенбей, Ұлы жүз қолының бас сардары боп Ошақты Саурық, Орта жүз қолының бас сардары боп Керейіт Тайлан батыр сайланғанын айтып: «Осы жолғы жиында ортаға да, қол басына да сұлтандар емес, батырлар шықты. Әбілқайыр да, Болат та, Сәмеке де, Әбілмәмбет те, Барақ та, Күшік те, Батыр да туды мен ұстаймын, қолды мен

бастаймын деп кеуделеген жоқ. Содан сол бір жұдырықтай жұмылған қазақ қолы Ұлытаудың құбыла жақ бетіндегі ең далада Бұланты мен Бөленті өзендері қиылысқан «Қара сиыр» деген жерде жоңғар әскерімен ұстаса кетті» (282 б.) дейді. Бірақ, «Төбесіз жер болмайды, төресіз ел болмайды» деп түсінетін кезеңде хан, сұлтандар ата-бабасынан басшылық етіп келе жатқан халқын жауға салып, өздері қарап тұрыпты деу Кеңес идеологиясына сәйкес насихат демесек, замана шындығына келе қоймайды. «Ақтабан шұбырындыдан» есін жия қоймаған қазақтың дәл сол жылдары халық пен хан-сұлтан болып бәсекелесер жағдайы болды ма?!

Қазыбек бек кітабында 1726 жылғы Ордабасы жиыны жайлы: «Ал, Әбілқайыр басқолбасшы сайланды, бірақ, билер ұрыс туын Бөгенбайға көтертті. Бұл Әбілқайырға қатты тиді... Ол жасы Қанжығалы Бөгенбайдан көп үлкен, әкесіндей, арғын қарт Бөгенбай болатын» деп, ал, Бұланты шайқасында: «Кіші жүз қолы жеті мындай еді, оны Әбілқайыр өзі басқарды... Тек қаша ұрыс салмақ болған Әбілқайыр қолы жауды бытыратып алды... Батысымызда Әбілқайыр соғысып кетті. Бірақ, осыдан кейін Әбілқайыр да, оның әскерлері де бұдан былай бұл жаққа қайта оралмады. Арада бір жыл өткен соң ол қатын патша Аннаға хат жолдап, соның құзырына қарады» деді (233 б.). Бұл қарама-қайшы деректерден Әбілқайырдың Бұланты шайқасына қатысқан-қатыспағанын білу қиын.

Аңырақай шайқасы

Осылайша, Қазыбек бек кітабында Аңырақай ұрысына Әбілқайырдың қатыспағаны айтылады: «Хан тауында қалмақ жиыны өткен соң Жолбарыс пен Төле Әбілқайырға сөз салды. Бірақ, одан хабар-ошар болмады. Ол Қордай шұбыртпасындағы қолын алып, батыс бетке жөнелі дегенді естідік. Жолбарыс хан хаты жауапсыз қалды. Ол менсіз жерде Төлеге жалғыз ауыз сөз айтыпты: «Ағасын жауға тастап кетті деген осы болады, ит-ай, бір үйде өсіп едік қой». Бұдан кейін Жолбарыс Әбілқайырды ауызға алмады. Ал, Сәмекеге өкпелементі», деген жолдар бар (249 б.).

М.Баймолда «Қазақстан тарихында»: «1729 жылы Балқаш көлінің оңтүстігіндегі, кейін «Аңырақай» аталған соғыста «Үш жүздің біріккен әскеріне Әбілқайыр басшылық жасады», «Хандыққа қолы жетпеген Әбілқайыр Кіші жүз әскерін бастап, ұрыс даласын тастап кетті» дейді (105 б.). Орта мектепке арналған «Қазақстан тарихы» оқулығында «Аңырақай шайқасы»

1730 жылғы көктемде болды» делініп, шайқасқа Кіші жүздің ханы Әбілқайыр тікелей басшылық жасағаны айтылған. І.Есенберлин мен Ә.Кекілбаев романдарында да осылай делінеді.

«Аңырақай» сөзінің мағынасы жайында да екі пікір бар. Ә.Кекілбаев «Үркер» романында: «Ойраттардың аңыраған дауысын күллі қазақ түгел естіген шығар. Енді мына жазық Аңырақай атанады ғой, – деді Бөгенбай» – деп жазған (308 б.). Ал, екінші пікір Қазыбек бек кітабына да енген екен. Онда қалмақтың Аңғырақ атты батырын жекпе-жекте Бөлек батыр өлтіргені баяндалады. «Далатаудағы, «Аңырақ өлген жер» деп жүріп, Аңырақай атанып кеткен адыр» – делінген. Дұрысы қайсысы?

«Қазақстан ұлттық энциклопедиясында» (1 том) Әбілқайыр туралы: «**1726 жылы Ордабасыдағы халық жиналысында қазақ жасақтарының бас қолбасшысы болып тағайындалды. Әбілқайыр 1728 жылы Бұланты өзенінің жағасындағы, 1729-1730 жылдары Аңырақайдағы жонғарларды талқандаған соғыстарда қолбасшылық қабілетімен ерекше көрінді. Аңырақай шайқасында бас қолбасшылықты өз еркімен Болат ханға бергенімен үш жүздің қолын үйлестіруде көп жұмыс атқарды**» – делінген. «Бас қолбасшылықты өз еркімен Болат ханға берген» дегенді қалай түсінеміз?! Кітап айтуынша «дәл сол кезеңде өмір сүрген, сол оқиғалардың куәсі болды» делінетін Қазыбек бектің жазғандары дұрыс болуға тиіс еді. Бірақ, Аңырақай шайқасына Кіші жүз ханы Әбілқайыр қатыспаса да, қарт Әбілқайырдың қатысқаны туралы ол да еш нәрсе демейді (*Осы «Түп-тұқияннан өзіме шейін» кітабына көп күмән айтылып жүр. Оқу барысында менде де ондаған сұрақтар туды. Мысалы, 262 бетте: «Төле өлер алдында қазақтың басының бірігуін көрмей барамын деп армандағанда, Әбілқайыр туралы: «Түлкі сипат кісі еді, ол тұрғанда Кіші жүзді қоспайды» депті» деп жазады. 1756 жылы өлер алдында Төле би неліктен әлдеқашан, 1748 жылы қаза тапқан Әбілқайырдан қауіп қылып мұндай сөздер айтпақ?! Сондай-ақ 175 бетте: «Алдыңмен менің мұғалімім, одан соң мен райола тарттық» деп жазған. Қазыбек бек шетел аралап елге келгені 1709 жылдар делінген, ал Европада рояль аспабы тек 1774 жылы жасалынды емес пе?! «Музыкальная энциклопедия», IV т. 727 б.). (Ал елге қайтарда Италиядан шығыстағы Германияға барар жолда Италияның батысында жатқан «Мингенінің көбі қашыр, есек испан Мадрид елін басып өттік» – делінген!). Сонымен, Әбілқайыр ханның қолбасшылық қабілетіне*

келсек – Аягөз өзеніндегі жағдай айқын. Ал, Бұланты, Аңырақай шайқастарына оның басшылық еткен-етпегені, қатысқан-қатыспағаны дұдамал күйде екенін байқаймыз. Сондықтан, нақты дерексіз, тек «Әбілқайырды мадақтасақ Ресейге ұнаймыз» деген пиғыл туғызған ұзақ жылдар бойғы таптаурын көзқарас та құр қайталана бермей, шынайы фактілерді саралап, қайта зерттеуді талап етсе керек.

Әбілқайыр неліктен «Ұлы хан» сайланбады

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың өз жұртын Ресейге бодан ету себебін, тарихшылар бірауыздан «оны Үлкен Орда ханы етіп сайламағанға ренжігендіктен» деп келеді. Ал, сайланбауын – оның Жәнібек хан ұлдарының кенжесі немесе тоқалынан туған Үсектің (Өсек, Ұснақ, Сүйік, т.т.) ұрпағы болғандықтан деп түсіндіреді. С.Сыматаев «Елім-ай» романында: «**Әбілқайыр – Кіші жүздің сұлтаны. Арғы аталарына хандық тимеген Өсеке, Бөлекей-Қояндардың (дұрысы Қият сөзінің көне нұсқасы «Құян» болар. Х.Қ.-А.) бұтағы. Әз Жәнібек ханның тоқалынан туған Өсеке, Қасым мен Жәдіктермен таласа алмай, таққа отырмай кеткен**» (45 б.) деп жазады. «1718 жылдың аяғында талайсыз Қайып хан шәйіт болған. Әз-Тәукенің дарынсыз да жігерсіз ұлы Болатты ақ киізге көтереді. Қазақ сұлтандарының кіші бұтағынан тарайды, тегі төмен деген сылтаумен, Әз-Жәнібектің тікелей ұрпағы боп саналатын Әбілқайырды хан тағына жібермейді» деген М.Мағауиннің пікірін айттық. Ал, Қ.Жалайыр шежіресінде (1603 ж.) Әз Жәнібектің ұлдары жайында: «**Қасым хан, Қамбар сұлтан – бұл екеуінің анасы бір еді. Үсек хан, Жәдік хан – бұл екеуінің анасы бір еді. Бауыш, Бұйдаш – бұл екеуінің анасы бір еді. Қожаш хан – бұл анадан жалғыз еді**» (114 б.) деп жазған. І.Есенберлин «Жанталас» романында: «**Түрік-моңғол дәстүрі бойынша «Үлкен Орда» ханы болуға тек бәйбішеден туған балалардың ғана хақысы бар. Қазақ елі бұл дәстүрді берік ұстап келген. Ал, Әбілқайыр болса Жәнібек ханның тоқал әйелдерінен тараған ұрпаққа жатады. Осы себепті жұрт Үлкен Орда ханы етіп, Болаттың шаңыраққа ие баласы Әбілмәмбетті сайлады**» (92 б.), дей тұра, осы кітабының 148 бетінде: «**Рас, Әбілқайыр Жәнібек ұрпағының кіші тармағына жатады. Жәнібектің тоғыз баласының ішінде бір анадан Ұснақ пен Жәдік туған. Жәдіктің балалары жеті атасынан хан болып келген. Ал, Ұснақтан тараған Бұлақай-Құяннан оның баласы**

Айшуақ, Айшуақтан тараған Нырыш, Нырыштың баласы өз әкесі Аджаға (Абдоллаға) дейін, бірде-бірі хан болып көрген жоқ» дейді. Ендеше, Жәдік тұқымы Тәуекел, Есім, Салқам Жәңгір, Тәуке, Қайып, Болат, Әбілмәмбет, Абылай Үлкен Ордаға хан болғанда, Жәдікпен бір анадан туған Үсектен тарағандар «кіші бұтақ, тоқалдан туғандықтан хан сайланбады» деуіміз қалай? Ш.Уәлиханов: «**Жәнібектен Сүйік, одан Бөлекей-Қоян, одан Батыр хан, одан Айшуақ сұлттан, одан Ырыс, одан Қажы сұлттан, одан Әбілқайыр туған**» деп таратады (Собрание сочинений. А.-А. 1964. 3-том. 185 б.). М.Мағауин кітабында: «**Салқам Жәңгір ханның қасиетті қазасынан соңғы отыз жыл, дәлірек айтсақ, 1652 жыл мен 1681 жылдың аралығы – біртұтас Қазақ Ордасының үш жарым ғасырлық ұзақ тарихындағы ең күнгірт кезең. Бұл заманда Бахадүр хан билік құрған. Бұл да емескі дерек**» – дейді (73 б.). Тарихта 1617 жылы Алтын ханға елшілікке барған Батыр хан аталады. Оның 1652-1680 жылдары хан болуы да мүмкін. Егер, осы Батыр хан Ш.Уәлиханов айтқандай анық Үсек тұқымынан болса Әбілқайырдың да Үлкен Орда хандығына сайлану құқығы бар болып шығады емес пе! Бірақ, Ә.Кекілбаев «Үркер» романында (163 б.): «**Өсекенің бәйбішеден туған Болаты тұқым-тұяғымен ноғайлардың қолынан қырғын тауыпты. Кіші әйелінен туған Бөлекей-Қоянның балалары қазір бір рулы ел. Бірақ, олардың да тасы онша өрге домалап жатқаны шамалы. Кіші ұлдың кіші қатынынан туған томар-бастарға қайдағы бақ, қайдағы тақ!**» деп, себепті бергі жақтан іздейді. Бірақ, Жәдікпен бір анадан туған ағасы Өсекеге де, оның бәйбішесінен туған ұлына да Үлкен Орда тағы бұйырмады емес пе?

Жалпы, байқар болсақ, Шыңғыс хан тұқымдары анау бәйбішеден, мынау тоқалдан деп немесе некесіз туған деген мәселеге онша мән бермеген сияқты. Мысалы, 1246 жылы Мәңгіел империясының Ұлы ханы Күйіктің сарайында болған италиялық Плато Карпини «**Монғолдар тарихы**» атты кітабында Грузия патшасының екі ұлының хан билігіне жүгінуге келгенін жазады. Дау төркіні – әкелері некелі әйелден туған ұлы Меликтен гөрі некесіз туған Давидке мұраны көбірек қалдырған екен. Давид: «**Пусть я сын наложницы, все же я прошу, чтобы мне оказано была справедливость по обычаю Татар, не делающих никакого различия между сыновьями законной супруги и рабыни**», – деп, Шыңғыс ханның «**Жосық**» заңына жүгінуге арқылы дауды ұтқан екен (7- тарау, I).

Әбілқайырдың Ресейге қосылуын қатты қолдаған Табын-тарақты Бөкенбай батыр жайлы «**әлсіз ру болғандықтан ханға жақын жүрген**» деген пікір айтылады. Ресей қызметкерлерінің мәліметтерінен керісінше, Әбілқайыр мен Тевкелевті көп қиыншылықтан, осы Бөгенбай құтқарғандығын, ол болмағанда әлгі «келісімнің» де іске аспай қалар жағдайлар туғанын көреміз. Тевкелев құжаттарында (ол мәліметтерін «**екінші жақтан**» жазған): «**Тогда Тевкелев, от жалости сердечно в слезах едва мог выговорить, просил ево, Бугенбая... И кроме его ни на кого столько надежды он, Тевкелев не имеет**» (77 б.) деп жазады. Ал, осы Бөгенбайдың Табынға кірген Тарақты Тоғым батырдың ұрпағы екені белгілі (*Ресей құжатына сенер болсақ Тарақты руы жүзге жатпаған, тек Тәуке заманында ғана Орта жүзге қосылған*). Осы Тарақты руы туралы Мәшһүр Жүсіп: «**Қазақ шежіресі**» еңбегінде оның Қарақожаның қызынан туғанын (*Арғынның әпкесінен*) айтады: «**Арғын апасы қыз күнінде оң жақта отырып, бір төремен айқасып қалып, еркек бала тауыпты. Сонан, баланың аты «Тарақты» қойылып: «Төре жоқта Тарақты төре болуға жарайды» – деген де сөз бар**» деп жазған (332 бет). Табын-тарақты Бөгенбай батыр мен Әбілқайырдың біріне-бірі тым арқа сүйеу себебі осыдан да шығар? Сондай-ақ, 13 ғасыр аяғында Мәңгіел империясының Ұлы ұлыс тағына заңды мұрагер Арық-Бұғыны күшпен тықсыру арқылы Құбалайдың келгені белгілі. Бұл мысал да, Шыңғыс тұқымдарының билікке «**Жосық**» заңын бұзып та, кім күші басым болса, сол келетінін де байқатады. Егер, кейбір тарихшыларымыз айтқандай, Кіші жүз ханы Әбілқайыр мен Ұлы жүз ханы Жолбарыстың әкесі Абдолла екені рас болса, екі арыстың тізгіні қолында тұрғанда екеулеп Орта жүзді көндіріп, Үсек тұқымы Әбілқайырды Ұлы хан сайлатуға шама жетіп-ақ тұрды емес пе?! Ол екеуінің ағайынды емесін байқаған, бірақ, ондай пікірге де жауап табуға тырысқан шежіре зерттеушілер Ресей құжаттарындағы (68 б.) Тевкелевтің күнделігіндегі (1732 жылы 4 наурыз) Хиуа ханы болған Жолбарыс туралы: «**Который Абулхайр-хану не в родстве, только в сватовстве**» дегенін қайталап жүр. Шынтауай-тында, бұл құжаттағы Эльбарс-хан, Юлбарс-хан басқа адам. Бір шежірешілер оны Үсек ұрпағы десе («**Чингизиды**»: «**племянник Абулхайра**»), ал, «Төре» жинағында бұл Жолбарысты Шахниязұлы деп, Жошының Шибанынан таратады (Шибан- Болт-Темір-Әминек-Ақатай-Қажым-Жошы-Шахнияз). Ұлы жүз ханы Жолбарыс 1739 жылы Таш-

кентте өлтірілген, ал, Хиуада хан болған осы Жолбарысты 1740 жылы парсының Нәдір шаһы өлтіріп, оның Әбілқайыр ұлы Ерәліге айттырып қойған қызын Иранға алып кеткен. **Осы айтылғандардан байқарымыз, 18 ғасырдың басында Әбілқайырдың Үлкен Орда ханы болып сайланбауына оның тегінің төмендігі емес, басқа себептер болған сияқты. «Қазақстан ұлттық энциклопедиясында»: «Әбілқайыр Мұхамбет Ғази Баһадүр хан (1693-1748) – Кіші жүз ханы, қолбасшы. Әбілқайыр хан батырлығымен, айлакерлігімен, шабуылдарды ұйымдастыра білуімен аты шығып, мұрагерлік жолмен емес, өз беделімен 1710-1748 жылдары аралығында Кіші жүздің ханы сайланды. 1715 жылы Тәуке хан өлгеннен кейін үш жүздің бас хандығы тағына үміткерлердің бірі болды» делінген. Бірақ, «Қазақстан тарихы» оқулығында қазақтың барлық жүздерінің өз ішінде «келте хандары» пайда болуы Тәуке хан өлгеннен кейін басталды дейді емес пе?! (14 б.). Ендеше, «Энциклопедияда» қандай «мұрагерлік жол» айтылып отыр? Егер «келте хандар» бұдан ерте пайда болғаны дәлелденсе бір сәрі...**

Қазыбек бек кітабында 1725 жылғы Ордабасыдағы жиын туралы: «**Үлкен кеңестің аяғы Әбілқайырды үш жүздің қолына қолбасшы етіп сайлады, бірақ, оны қазақтың бәрінің ханы деп жарияламады. Ойткені, оның хан сайлануына Әйтеке қарсы болды**», «**Әбілқайыр тым өзімшілдігі болмаса, ерлігін қазақ қатты бағалайтын. Әбілқайырдың Төле аға мен Қазыбек аға айта беретін бір ерекше жаман мінезі – өте кекшілдігі болатын. Билер оның кекшілдігін қазаққа бітпеген мінез, қазақ кешірімшілдікті, кендікті, көтерімпаздықты ұнатады, қазаққа өзі сияқты кең мінезді, ғаділ адам керек деп отыратын. Сондықтан да, Әбілқайыр ұлық хан аталмады**» – десе (230-231 бб.), өзге, тіпті, Кеңес кезеңіндегі тарихшылардың да Әбілқайырдың осындай мінездерін жазғанын көреміз. Нақты, Ресей құжаттарында баяндалған мәліметтерден де Әбілқайырдың түрлі мінездеріне куә боламыз. Мысалы, Әбілмәмбет пен Барақты Әбілқайыр өзі Ор бекінісі басшыларына шақыртқызып, ал, Ор бекінісіне бір күндік жер қалғанда оларға «Келмендер, орыстар сендерді тұтқындамақ!» деп хабар жіберіп, кері қайтарған. Сөйтіп, орыстарға «Мен ғана Ресейге адалмын, өзге қазақтарға сенуге болмайды» дегені жазылған. Құлығы әшкере боларын біле тұра осылай істеуі – Әбілқайырдың аса терең ойламайтын кісі екендігін білдірсе керек. Орынбор

губернаторы И.Неплюевтің 18.11.1742 ж. жазған Мәлімдемесінде Әбілқайырдың Әбілмәмбетті хан деп мойындамай, хаттарында үнемі «сұлтан» деп атағанын, «**Но когда в грамоте ее императорского величества, отправленной к Абульмамбету посланцами, имянован ханом, тогда он, Абулхаир, принужден ево за хана признать**» дейді.

Қазыбек бек кітабындағы: «Ақыры жарымжан Болаттың орнын көздеген Әбілқайыр, оның орнына 1108-ит жылы оның ұлы Әбілмәмбет сайланып кеткен соң мені ұлы хан жасамады деп өкпелеп, майданнан шегініп Ырғыз асып кетті...Әбілқайыр жолшыбай Жан, Бал, Бол ұрпағының кейбір ауылдарына шабуыл жасап, барымталап, батыс бетке тартты. Ұлытаудың батыс бетіндегі Найман-Меңдіқара ауылын, атам заманнан келе жатқан қара қазақ – азғантай өспей қалған ру Мойын мен Қарашорды шауып, малын талап, адамдарын өлтіріп, күңіренгіп кеткенінен бүкіл қазақ даласы хабардар болды. Төртқара Айтық би Төле мен Қазыбекке хат жазыпты: «**Әбілқайырдың есерлігін естіп, екеуіңіздің алдыңызда өлмегенім қара жер болып жатырмын. Науқасым содан бері меңдеп кетті**», –депті сонда» – деген жолдарына күдік келтірер едік. Бірақ, аталған «**Казахско-русские отношения 16-18 вв**» жинағындағы Ресей құжаттарында Әбілқайырдың Тевкелевке Ресей патшасы әскер берсе көнбей жүрген қазақтарды қарудың күшімен Ресейге қосып беруге дайын екенін, тіпті, қарақалпақтар мен Хиуаны да, Бұқараны да Ресей әскерінің күшімен патшаға бодан етіп берерін үнемі айтуы –оның билікке жету үшін неден де тайынбайтынын дәлелдесе керек.

Әбілқайырдың мінез-құлқының шынымен де қазақ түгіл орысты тіксінткен тұсарын әлгі Ресей құжаттарынан жиі кездестіреміз. Мысалы, «**Казахско-русское отношении 16-18 вв.**» жинағының 76 бетінде 1732 жылдың 24 шілдесінде Сәмеке ханнан жоңғарлардың 30 мың әскермен шабуылға шыққанын айтып көмек сұраған хат келгенде Әбілқайырдың еш әскер аттандырмағаны жазылған. «**Қазақстан ұлттық энциклопедиясы**» болса, оны жағымды кейіпкер жасаудан таймай: «**Әбілқайырдың дербестігі мен қазақ даласына жайылып кеткен атағы кейбір сұлтандарға ұнамады. Солардың бірі Орта жүздің сұлтаны Барақ Ор бекінісінен қайтып келе жатқан Әбілқайырмен ең далада кездесіп қалып, оны өлтіреді. Ханның серіктері де сол жерде қаза табады. Бірақ, Барақ Әбілқайырды «орысшылдығы» үшін емес, өзінің жеке басының мүдделерін көздеп «қарақшылық» іске барған еді**»

дейді. Ал, шын мәнісінде тарих деректері «қарақшылық» жасаған да, Барақты қуалап келіп соқтыққан да Әбілқайырдың өзі екенін айғақтайды.

Әбілқайыр ханның өлімін тексеру үшін Кіші жүзге арнайы барған Ю.Гуляев мәлімдемесінде: **«Имевшийся при нем киргисцы ево, хана от того отвращали, объявляя, что Барак многолюден и со всеми джалаирскими киргисцами и каракалпаками соединился. Однако хан, несмотря ни на что, сказал: кто-де Барака боится, тот может бабой прослыть, ибо-де Барак и сам не лучше бабы,— вследствие чего и против Бараковой партии к драке начал подрываться. А между тем прочие ево алчинские киргисцы стали забранных Баракком каракалпак грабить. Барак-салтан видя такое на каракалпак нападение и грабительство, приказал своим киргисцом (нөкерлеріне – Х.Қ.-А.) и джалаирцом обще уже с каракалпаками напасть и сыскать Абулхаир-хана, и где б ево ни наехали, то убить. Почему, набежав на него, хана, Бараковы киргисцы и ево окружили и во-первых, один ево, хана, копьём ранил, напротив чего и хан из лука одного киргисца в руку, а другова лошадь ранил, но между тем, набежав еще один киргизец ударил ево, хана, топором в голову и оную розшиб. А к тому еще, прискакав, киргизец Сарымбет, ево, хана, на лошади схватив, закричал ему: «Знаешь ли-де ты, что я Сарымбет и что-де ты на свете ни делал, токмо-де на тебя обратились?». И стащил ево с лошади, да и сам с ним упал, а к тому и Барак-салтан прискакал и, слезши с лошади, ево, хана, заколол ножом досмерти. А злоба между ими, Абулхаир-ханом и Барак-салтаном, происходила с того еще времени, когда в прошлом 1747-м г. Батырсалтанов сын Каип-салтан ис Хивы прислал к отцу своему разных вещей на трех верблюдах осенью, которые реченной Абулхаир-хан пограбил, чего Батыр-салтан, не стерпя о такой ево, ханской, наглости, писал от себя и Барак-салтану со объявлением, что те вещи присланы от сына ево якобы в калым дочери ево, Бараковой, ибо оной Каип-салтан зговорил ево, Барака, дочь за себя в замужество»** деп жазылған (425-426 бб.). Міне, бұл құжатта ешқандай саяси келіспеушілік дауы байқалмайды, тек баяғы қазақи пендешілік. Осы құжатқа сүйенсе керек, І.Есенберлин **«Жанталас»** романында да болған оқиғаны осылайша баяндайды (196 б.).

Аудармашы Я.Гуляев Әбілқайырдың

Хиуаға төрт-ақ күн хан болып, Нәдір шаһтың шақыруына бармай, қазақ жеріне жасырын қашқанын жазған мәліметті (№76 құжат) көріп оның жүректілігіне күмән келтіргенбіз. Ал, осы жолда саны көп Барак сұлтан нөкерлерімен жалғыз шайқасуы оның батылдығын я ызақорлығын көрсетсе керек. Тарихшылар Барақтың Әбілқайырды әділ жекпе-жекте өлтіргенін жазып келеді ғой. Ал, шын мәнісінде, оған Барақтың Арғын-Қаракесектері мен Найманның Матайынан тұратын нөкерлері жабылып кеткен, Барак тек құлап жатқан адамды өлтірген екен. Осы қақтығыста Әбілқайырға қасындағы Алшын нөкерлері еш көмектеспеген. Екі жақтан да басқа ешкім опат болмаған.

Барак сұлтанның билер сотындағы сөзі де осы құжатта: **«Я-де Абулхаир-хана убил по притчине такой, что он-де был плут, и много-де делал плутовство, да и мне-де он учинил, воровство такое, что пограбил присланной ко мне от зятя моего ис Хивы на трех верблюдах товар, а вам-де простому народу, тамо мешаться не подлежит. Что же-де я или он владельцы между собою учиним, тому-де так и быть надобно, нашу-де фамилию называют Тогум-шигайской, а ево-де Абулхаирханская, фамилия называется Бюлякайкоюнская, и ево-де род против нашего силою не будет, ибо-де наша фамилия честная и многолюдная»** деп орысшаланып, 427 бетте берілген. Барак сұлтанның осы сөзінен де Әбілқайырдың тегінің төмендігін емес, Жәдік тұқымының күшінің артықшылығын, саны көптігін айтқанын көреміз. Тіпті, көп шежірешілер Үсекті Жәнібек ханның сегізінші, ал, Жәдікті тоғызыншы ұлы деп жазып жүр емес пе. Ендеше, **«Әбілқайырдың ұлы хан сайланбауы – тегінің төмендігінен»** деген пікір қате сияқты. Осы Ресей құжаттарындағы 1747 жылы И.Неплюевтің Сыртқы істер коллегиясына жазған Мәлімдемелеріндегі **«О росте недовольства среди казахов действиями хана Абулхаира»** (№134), **«Письмо хана Абулхаира оренбургскому губернатору Неплюеву с жалобой на слабость своей ханской власти»** (143) деген тақырып атаулары-ақ, оның қазақ ортасында беделінің қаншалықты екенін аңғартса керек. Қазақстанның «өз еркімен» қосылуына мұрындық болған Әбілқайырға Ресей шексіз риза болған. Сондықтан, «Ресей құжаттары Әбілқайыр ханды кемсіту үшін бұрмаланып жазылған», деуші қазіргі кейбір зерттеушілер сөзі қисынға келмейді.

(Жалғасы бар)



Қуандық ТҮМЕНБАЙ,
жазушы

Қой мен гүл

Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған диқанның басына кеп тәу етіп, гүл қойып, көңілін демдеген облыстың бірінші басшысы сағатына қарады. Түс болып қалыпты. **«Бұлардың асханасы бар ма екен? Оңтүстікте асханаға апармайды, күс төсек салып, төріне отырғызады деуші еді. Мен қонақшылап келген жоқпын ғой. Испен жүрмін».**

– Ереке, түс боп қалды. Ыбекеңнің үйінен дәм татайық.

– Облыстың бірінші хатшысының қалтасында түстік ішетін бір сом болады. Асханаға барайық.

Ауылда асхана жоқ. Ауданның бірінші хатшысының көзіне таяқ тастам жердегі ақ кірпіштен қаланған сұлбалы үй көрінді де:

– Мынау не? – деді саусағын шошайтып.

– Бұл – балабақша.

– Тамақты осында әкеліндер.

Балабақшаның ас бөлмесіне екі мәрте Еңбек Ерінің үйінде әбден қайнап піскен қойдың басын әкелді. Бұрқ-бұрқ қайнаған болыскей самауыр да бұлшық еті бұлтылдаған жігіттің сәл еңкейген сұлбасымен осында жетті. Таяу маңдағы кеңседен колхоздың бастығы мен парторг шәниіп отыратын ақпен тысталған қос креслоны да бипаздап біреу әкелді.

«Мен де диқанмын. Сіз жердің бермесін алған ұлы диқансыз» деп тік тұрып басын иген облыстың бірінші басшысы колхоз бастығының соңынан еріп, балабақшаны бетке алды.

Үстел басында үш-төрт адам. Жаңа келген облыстың біріншісін айтпағанда, жергіліктілерден ауданның және колхоздың

ӨЛГЕНДЕР ҚАЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

басшысы, парторг және кәсіподақ комитетінің төрағасы.

– Ауылда ақсақал бар ма? – деді Еркін Әуелбеков төрге жайғасқан бетте.

– Бар.

– Шақырыңдар. Сұхбаттасайық.

Іле киіз шапанының өңірін ашып, көнелеу бөрік киген, шүнірек көк көзді, шоқша сақалды, дөңгелек жүзді ақсақал есіктен кіре берді.

– Ассалаумағалейкүм! – деп облыс біріншісі орнынан тұрды.

– Әлиқмұсалам!

Бұл келген осы «Қызылтаңның» 1928 жылы қадасын қаққан, соғысқа қатысып, Түркістан легионында болған, Мұстафа Шоқаймен аталас, көзі ашық, көңілі ояу, көрмегені жоқ Сәруар қарт еді.

– Ақсақал, нешедесіз? – деді Еркін Әуелбеков бірден сауал қойып.

– Сексеннің біріндемін.

– Шежіре екенсіз. Менің Сыр бойына алғаш келуім. Солтүстікте туып, өмір бойына солтүстікте еңбек еттім. Міне, енді партия Сыр бойына жіберді. Ел тарихынан әңгіме айта отырсаңыз.

– Елмен бірге қартайдым, партиямен бірге жасадым. Бірақ, партия қатарында жоқпын, – деді қария бір шындықтың бетін ашып алғысы келгендей.

– Ол – өз шаруаңыз. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов те Алаштың мүшесі боп партиядан шығып, кейін Лениндік сыйлық алғасын Димекен: «Партияға кірмейсіз бе» дегенде, «Бір шыққан жерге қайтып кірмей-ақ қояйын» депті ғой.

– Сөз-ақ, – деді қария даусын созып.

Буы бұрқырап, бабымен пісірілген қойдың басы келді. Еркін Әуелбеков «Общепит» деген жазуы бар тәрелкедегі тісі ақсиган басқа біраз шұқшиып қарады да, қолын тигізіп, Сәруар ақсақалға жылжытты.

– Ел билеп келген басшысыз. Әрі Сырға қонақсыз. Миын алмадыңыз ба?! – деді қария.

– Мынау колхоздың қойы. Құлағында сырғаның ізі тұр. Сойсаңдар неге өз қораларыңнан соймайсыңдар. Әр қонаққа колхоздың малын шығындай берсендер,

«ел тілегі – елу миллионға» қалай жетеміз? Жолдас Шауқамаров, – деп қоңқақ мұрын, жапалақ көз жігітке бұрылды. – Соңғы бір жылда ауданыңызға қанша адам іссапармен келді, қанша қойдың басы кесілді? Мен кеткенше соның есебін беріңіз.

– Бұл – Мұстафа Шоқайдың ауылы, – деп Сәруар қария бір айтары барлығын білдірді.

– Мен де диқанмын, қария. Мәскеуде, Тимирязев атындағы Ауыл шаруашылығы Академиясын тауыстым. Өмір бойына егін өсірдім. Хрущевке қарсы шыққан Бараевтың әрекетіне де қанықпын. Күріш – етене болған дақылым емес. Соның атын әлемге әйгілеген Ыбырай диқанның басына келдім. Ыбырай туралы естіп жүрмін, сіз Мұстафа Шоқай туралы айтсаңыз? Заман оны айтқызатын заман емес, бірақ, бәрінің беті бермен қарай бұрылып келеді. Сіздердің ауыздарыңыздан шыққан сөзді құлақпен естігенге не жетсін. Сіз көз көргенсіз ғой. Біз де осылай жүре бермеспіз, – деді.

Сәруар тығыршықтай болған қатқан қараның батылдығына тәнті боп көзінің астымен қарап қойды. **Қойдың құлағындағы сырғаның ізін байқап қап, сарабалдық танытқанына қарап «тым тықырсын-ау» деп қалып еді, райынан тез қайтқан сыңайы бар.** «Мұстафаның келгені де ел көзіндегі елес сияқты. Сонда қара қойдың қамын сөз ғып еді-ау».

– Айт десеніз, айтайын. Сұрап қалдыңыз, – деп аузы ауыр қария сөз бастады. – 1917 жылдың күзі. Егін-терін жиналған шақ. Үстіне ақ кәстөм, басына ақ қалпақ киіп, қолына ақ таяқ ұстап ауылға Мұстафа келді. Ақ киініп келгені – актық келгені екен де. Бұл – атамекенмен қоштасып, Бакуге аттанып бара жатқан беті екен, – деп қайта-қайта жұтынып, біраз бөгелді. – Біз аталаспыз ғой. Осылай мал сойып, ағайынды жинадық. Малды менің әкем өз қорасынан сойды, – дегенде қатқан қара хатшы «қазақтың Сыр бойынан шыққаны анық» деп Шәкәрім қажы айтып кеткен, төрде отырып, ақсақалдың алдында асылық сөйледім-ау, осыны оңашада неге айтпадың» деп опынды.

Ақсақалдың айтқаны бір-ақ эпизод болды.

...Бәрі ақ киімді, ақ таяқты, күз күнінде қолына жұп-жұқа ақ қолғап киген адамнан көзін алмайды. Ағайын-туғанның бөк көтендерінің бетінен сүйген жоқ. Суық қана жымып: «Нешінші сынып? Оқу қалай?» – деді. Соңынан айтқан сөзі – «Гүл өсіріңдер» – деді. Жұрт таң қалды. Топырағы борпылдап, Көкке

ұшып жатқан ақ шандыққа гүл қайдан шықсын? Жоқ, гүл өсті. Әр үйдің алды құлпырып, жұпар шашқан раушанға толды. Оның себебі, бүкіл облыс жиналып, ұзындығы жүз бес шақырымға созылған Шиелі арнасын қазды. Ол «Дәу канал» деген атау алды. Сол Сырдариядан сағасын алған «Дәу канал» қырық жыл бойы елді суға қарық қылды. Ақ күріштен әлемдік рекорд жасалды сол судың арқасында. Әр үйдің алдында ақ, қызыл түсті раушан гүлдері жайқалып, мерекелерде тарту тартарда ешкім гүл сатып алмаққа базарға барып, сіресіп отырған кәріс пен неміске телмірмейтін болды. Бұл да Мұстафаның бір арманы еді. «Гүл өсіріңдер!» дегеннен кейін «Қойды соя бермей, басын көбейтіндер», – деді. Осыны айтқанда сыптығыр қара облыс басшысы «Апырай-ә!» – деді. Оның астарында өзінің айтқан сөзі мен сүйегі жат жұртта жатқан ұлт жанашырының ойы бір жерден шыққанына іштей тәубе ету, сосын қопандап қалған тапал бойынан пендешіліктің сәл-пәл ұшқыны сезілді. «Ол әлі колхоздаспаған кез, қорадағы малды көбейтіп, басын сақтаңдар дегені көрегендігі ғой» деп хатшы сынап отырып бір сараптап тастады. **«Қазақтың жаны – қара қой. Мұнай аспанға шапшысын, көмір мен қорғасыннан табан былғанып жатса да қара қой – қазақтың келбеті. Онан кейін бидайдың күшті және қатты тұқымы керек. Осы екеуі барда қазақтың ешкімнің алдында еңсесі түспейді».**

– Келіп-кетудің соңы бұл емес. Осында тұрсақ, әлі талай келеміз, – деді Еркін Әуелбеков. – Сіздің сөзіңізді естіп, Мұстафа Шоқайды көргендей болдым.

Ол туралы оқығандары көкірегінде сайрап тұр. Берлинге барғанда арнайы басына соққан. Бірақ, Коммунистік партияның әдебіне сай болмады деп, келгесін «үш әріп»-тің қорытындысы арқылы Орталықтан ескерту алғаны да бар еді.

Үш мәшине от алып, қасқа жолға түсті. Сәруар қария қалып қойды. Бір сөзді айтпай қалды. Мұстафаның сол сөзді айт деген адамы бұл келгенде өмірден өтіп кетіпті. Ол – өзінің әкесі еді. Мұстафа есімін бала күннен құлағына құйған да сол кісі. Өзі Керенскийдің өмірбаяндық кітабын да шұқшиып қарап шықты. Қалың кітаптан Мұстафаның атын таба алмады. Екеуі Петербург университетінде бірге оқып, жан дос болған. «Мұстафа мемлекеттік сынақты психологиядан «беске», Керенский «төртке» тапсырыпты», – деп әкесі оңашада мақтанып

қоятын. – Сол Керенский Уақытша Үкіметтің тізгінін ұстағанда Мұстафаға: «Ішкі істер министрі болсаңшы» деп заңгерлігін алға тартып, қолқа салмай ма. Сонда, Мұстафа: «Сенің Уақытша деген атың бар ғой!» – деп, бір ауыз сөзбен шотына қондырған екен».

Бұл тек бір адамға емес, жалпы жұртқа арналған сөз еді. Жалпыға да, жалқыға да жеткізе алмады. «Байтал түгіл бас қайғы» боп Сәруар үйірге түсе қоймаған сәуірік айғырдай алаңқайда арқандаулы қалды. Әкесіне сыздықтатып сыр айтуға үлгере алмады. Соған өкінеді. Өкінішін уақыттан алмаса кімнен алады. Заман оңалса, ең кенжеме сол сарғайған паракты сыр ғып табыс етсем дейді. Қырық жыл ұлтарақ астында, табанның таптауында жатты. Енді ғана төсқалтасында жүрер әмиянның ортасына салды. Ешкім жоқта жел қақсын деп бүктеуін жазып ұстап отырады. Сонда да, ту сыртынан біреу қарап тұрған сияқты тез бір бүктеп, әмиянның ортасына қайта салады. «Е-е, бұл хаттың жазылғанына да қырық бес жыл болыпты-ау».

Сәруар ауылда бастауыш сыныпта мұғалім боп жүрді. Ауылдың арқаға жеңіл ол-пұлын атқарып, 8 наурыз бен 23 ақпан – әскерлер күніне концерт қойып, ел-жұртқа жұғымды белсенді жігіт атанды. Бір күні аудан шақырды. Өздері әдемі кәстөм-шалбар, үстіне жібек көйлек іліп, әбден «пасом» киіндіріп, облысқа әкелді. Облыс: «Бүгіннен бастап би үйренесін», – деді. Би болғанда қандай – сахнада аяқтың ұшымен қалықтап, көлдегі аққуды іздейтін балериндер биі. Салмағы ауыр Сәруардың он екі мүшесі биге илікпей-ақ қойды. Әсіресе, әжесі көп арқалағандықтан талтақ боп қалған қотан аяғы икемге келмей үйретушілерді әбігерге салды. Жанын шығарып қанша созғанмен түзелмеді, қақпан темірге сап тартып та қойды – сынбады. Есек мініп, ертоқымның үстінде үзеңгіні іліп ап, әңгінің бүйірін түрткілеп өскен қотан аяқ түзелмеді. Сонан биші шықпағасын үш күн түрмеге қамап, қайтарып жіберді. Кетерінде жағасында эмблемасы бар көгілдір шәпкелі: «Көрген-білгенінді тісіңнен шығарма, тісіңнен шығарсаң шақырып алып, би үйретеміз» деп қорқытты. Әбден зәрезап боп қалған Сәруар ауылға аман қайтқанына қуанды. Кейін заманның толқынында жүзіп, әбден көресіні көріп келгенде бір білгені – Парижге СССР-дан балериндер барып концерт қоймақшы екен. Соның құрамында қазақ барса, қазақ деп жанын шүберекке

түйіп жүрген Мұстафа туыс, жерлестерін көріп, ағынан жарылып ақтарылмай ма, тіпті, елге қайтуға деген көңілін сездірмей ме. Соның бәрін Сәруар айтып келсе, бұл Сталин жолдасқа сыртқы саясаттағы үлкен олжа емес пе! Сөйтіп, Сәруардың да үлкен саясаттың құрбанына айнала жаздағаны бар. Бұның бәрін кейін білді. Тағдыр бұған Мұстафаны көріп, жүздесуді жазды. Қаншама мүжілсе де қандасын бір көріп қалғанын өзінің өмірдегі олжасы санайды. «Оны да ашып айтатын кез келер». Шал әлгі жаңа басшы жігіттің сергектігіне өзі кеткесін тәтті болды. Бастапқы әрекеті солтүстіктің «шәстөшкесіндей» көрініп еді, оңтүстіктің мақамына да тез көндігіп кететін сынайы бар. Бойында халықтық мінездің сарыны бар екен». Келіп-кеткені кеше ғана болса да шал сол жігітті тағы бір көруге ынтықты. Бір нәрсе айтқысы келеді. Екіншісі – қолда қалған, 41-жылдан бері қазынасына айналған хатты сеніп көрсетуге болатын секілді. Сенімнен шығатын жігіт секілді.

Кешегі коммунист – бүгінгі ауылдың бас қосуында Құранды жаңылмай оқыр иманды тұлға Сәруар шаршағанын сезіп, мызғып алмаққа жастыққа жантайды.

Көкейде іркіп қалғаны, көкірегінде сары су боп іркіліп жүргені – кешегі өзі құрған колхоз тарап, малдың талан-таражға ұшырауы еді. Бір ауданның қойын түгел «Құмкөл» деген мұнай компаниясына жанар-жағар май үшін айырбастап жіберіпті. «Оу, сонда ұл-қыз перзентті қоса айырбастағаны ма? Перзент – болашақ, қой – болашақтікі емес пе? Перзентхананы бұзып, ағашын алу – бұл да жекешелендіру ме? Ешкім жауап бермейтін неткен заңы әлсіз қоғам бұл? «Мал-жан аман ба?» деген қазақ малды жаннан алға қоймаушы еді. Тілдің де тұғыры түсіп барады. Сен Мәскеуге жиі барасың, осының бәрін сондағыларға айт, сосын бір облысты жекелендірмей бұрынғы үлгімен ұстауға рұқсат сұра» дегісі келіп еді. Ол тарамыс қара да қайтып ат басын бұрмады. Сөйтсе, оның да халі ағын судай емес екен. Осы тақілеттес шындықты айтам деп жоғарыға жақпай қалыпты. Сөйтіп, ат құйрығын үзісіп, Мәскеуге депутат боп кетіпті. Шал хат жазсам деп ойлады. Немересіне ежіктеп отырып хат жаздыртып, осының бәрін жеткізсем деп армандады. Қиялы көз алдап, көленке секілді айналасын айналып жүр. Шоқайдың жетпеген арманын «еркін сөз» деп жүрген мәскеуліктерге жазып жеткізгісі келеді. «Бірақ «еркін сөз» деген сол екі ортадағы еріккендердің

ермегі сияқты. Солар біздің сөзімізді тыңдай қойса. Бұрын тыңдамаған құлақ енді қайдан ести қойсын» деп тосылып, таусылып отыр.

Бұлай таусылмап еді. Тауы шағылмай тоқсанға тақап қалды. Соғыс басталған күннің ертеңіне майданға шақырып, әскери комиссариаттан арнайы өкіл келіп алып кетті. Жұртқа шақыру-повеска келсе, бұны сәнденуге де мұршасын келтірмей көлікке салып әкетті. Брестің түбіне апарды. Қырғында үш-ақ күн соғысып, төртінші күні тұтқынға түсті. Немістер сабап-сабап, әскери тұтқындарға қосып жіберді. Бір күні кілең мұсылманды қатарға қойып, күреске түсірді. Биге илікпеген топан аяқ, жалпақ жауырын, зілмауыр Сәруар бәрін алып ұрды. Көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысты. Оркестрде домбыра мен мәндалинді қатар тартты. Бір күні оркестр «Сарыарқаны» гүлдетіп отырғанда алдыңғы қатарда көзінен жасы сорғалаған бір қырбық мұртты, таза киінген қазақты көрді. «Мынау Мұстафа көкем ғой». Мұстафа бұны өзінен бұрын байқапты. Күтіп тұрып, елдің амандығын сұрады. «Шал бақуатты ма? – деді тосылып қап. – Маған жолама. Өзім іздеп тауып аламын», – деді аспай-саспай.

Бірде, Күн шығар-шықпастан, лагерь шетіндегі өзінің бөлек бөлмесіне шақырды.

– Мына қағазды өзің ғана оқы. Жан баласына көрсетпе. Елге аман жетсең, шалға ғана көрсет, – деді.

41-жылдың желтоқсаны қаһарына мініп тұрған шақ. Қырау қатқан терезеге қарап тұрып сөйлеген Мұстафа қар басқан кең даланы көре алмады. Қырау тұтасқан терезе көрсетпеді.

– Аман-есен барсаң, елге сәлем де...

Бұл оның соңғы сөзі болды. Ұзамай «Сендердің басшыларың да сүзекпен ауырып жатыр» деген сөз тарады лагерьде. Екі-үш күннен кейін «Шоқай сүзектен айыға алмай көз жұмды» деген хабар жетті.

Онан кейінгісін сұрама. Отыздан енді асқан шағында тәшкі итеріп көмір де тасыды, бай немістің шошқасын да бақты. Қарсы келіп, мінез көрсеткен кездері тоғыз өрім неміс қамшысы жон арқасын тілгілеп, жанын көзіне көрсеткен сәттер де есінде. Әйтеуір, Ұлы Жеңіске жетіп, біздің әскерлер жау жеріндегі тұтқындарды азат еткесін қызыл вагонмен Амурдағы Комсомольскіге алып кеп, күндей жадыраған көпшілік қызыл гүлмен қарсы алды. Сонда, **он жетінші**

жылы ауылға келген Мұстафаның «Гүл өсіріңдер» деген даусы өңменіне кеп тіреліп, көкірегін бір суық сезім тіміскілеп өтті де, артынша әскери оркестрдің азан-қазан айқайы астында бейтаныс біреулердің қызыл гүл тапсырған жан сезімі жауынгердің жанын ширықтырып, алақан боп жайылған өмір ертеңге қарай бес саусағын созып келе жатты. Әп-сәтте үмітті бес саусақ бүгіліп, жұдырық боп түйіліп кетті. Сап түзеп, үш жүз адым жерге апарды да, азу тісін ақситып, қабуға аз-ақ қалып арпылдап тұрған иісшіл иттердің қармауында торлы вагонге қайта тоғытты. Іле Отанын сатқан сатқындар пойызы кері бағытпен жылжып кетті. Түркістан легионының мүшесі ретінде он жылды арқалап, Комидің қалың орманының арасындағы кеңес лагерінен бір-ақ шықты. Ес біліп, етек жапқаннан кейін ойласа, соғыс басталған күннің ертесіне өзін әспеттеп алып кетіп, Брестке салып, Берлиннің түбінен бір-ақ шығарғаны да үкіметтің үлкен саясатының үлгісі – Мұстафамен жүздестіру екен. Бастауыш сыныптың мұғалімі сарабал саясаткерді үгіттеп, үйге алып қайтады деп үміттенген екен. **Қанша азап шегіп, құм арқаласа да сексеннен асқан Сәруар өткеніне өкінбейді. Қандас аға, қамығуы ішінде кеткен Мұстафаның қолын ұстап, алақан жылуын алғанын ойлағанда жан сарайы сергіп, көргенінің бәрі бір күнгідей болмай қалады.**

Шал немересін қасына шақырды.

– Жаз, – деді. – Үшбу хат. Жартылай көрініс. Мәскеу. Еркін Әуелбековке. Елдің сырын баяндау.

«Сырласатын адамның табылғанына шүкір» деп тәубе айтты. Жалпы, бұл әулет тәубашыл. Соның бірі – өзі. 55-жылы қоңыр күзде, Шиелі стансасынан тағы да қызыл вагоннен жайрандап асығып түскенде, ең әуелі, Комиде жолай қосылған қосағынан қалған қос перзентті ойлады. Сосын, табанындағы ұлтарак астында қатты қағаздың арасына салып, ақ қағазбен бүктей оралған жазуды ойлады. Асқар таудай әкесіне көрсеткенше асығып, сол кісіге дауыстап оқып берсем деді.

Үш шақырымды жаяулап, еңтігіп, жиырма-ақ минөтте жүріп келгенде асқар тауының үңірейген орнын көрді. Хат сол күйі табанда қалды. Енді-енді ғой, қолға ұстап, анда-санда жел қақтырып жүргені.

– Ата, сіз хат жазған кісі қайтыс болды ғой. Оны кімге жібересіз?

– Қашан? Қайдан?.. – деп деміне шашалып қалды.

– Бүгін. Радиодан...

Тасқа басылған сөзге ғана сенеді.

– Бүгінгі кәзитті әкел...

Түс ауа пошташы бала келді. «Көрнекті мемлекет қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, білікті де беделді агроном Еркін Әуелбеков кенеттен қайтыс болды». Газетті немересіне ұстата салды. «Жаның жәннатта болсын. Сенгенім сен едің...»

– Матасекілді оталдыр!

Сәруар қанша белсенді болса да дүние жиған емес. Бір тиынды екі тиын ғып көбейте алмайды. Анау күркілдеген ескі «ИЖ»-ді оталдыра алмай тізесі талған ұрпағына да: «Тыраш болмаңдар. Өлермен болмай өмір сүріндер», – дейді.

– Қайда?

– Шиеліге. Музейге.

Шал көне «ИЖ»-дің бесігін солқ еткізіп отырғанда көкірек тұсын бір сипап қойды. Әмиян арасындағы бір жапырақ қағазды аудандық мұражайға өткізбекші. «**Маған да көп қалған жоқ. Мал түгілі Адам, небір азамат кетіп жатқанда маған не жоқ. Мұстафаның елге сәлемі халыққа жетсін. Қолтаңбасын жұрт көрсін. Өзі де жалғыз сөйлем...**» Желмен жарысқан «ИЖ»-дің бесігінде Жер-бесікке жатар күнін ойлаған қария қолын қойнына сүңгітіп әмиянын алып, арасынан бір жапырақ сары қағазды баппен шығарып, шетінен ұстап, шұқшия қарады. «41-ден бастап, елу жыл серік бопсың. Жарты ғасыр – нар жігіттің ғұмырын бірге кештік» деп сары қағазды бүктеп салып, әмиянды қойнына тықты.

Сылағы түскен тоқал там – аудандық мұражай екен. Директоры сүліктей қара қыз мән-жайға түсініп, бірден жауабын берді. Даусында діріл бар.

– Ата, біз сізді танимыз. Бізде Мұстафа Шоқайға арналған бөлім жоқ. Сондықтан, қабылдай алмаймыз. Сосын, жоғарының нұсқауы да жоқ...

«Бөлім емес, Мұстафаға арнап мұражай ашуға болады ғой. Нұсқау бір Алладан». Бұл сөзді дірілдеп әрең тұрған сүліктей қара қызға қаратып айтпады. «Дірілдеп қалған әлжуаз ұрпақ өсіргеніміз бе?» деген шақар ой да санасында шөгіп бара жатты.

– Мақұл-ақ, – деп бұрылып жүре берді.

Қайтар жолда «ИЖ»-дің күшейткішін барынша бұраған он бестегі немересінің күстен жарылып кеткен қолына қолын тигізді. Ол жалт қарап, «Атам ұстайтын жер таппай қалғандай...» деп тістенді.

Мотоциклден түсісімен «Сенімен сөзім бар», – деді ышқынған «ИЖ»-ді өшірген немересіне.

Осы, немересі біріншіге барғанда шыбық күйінде ұстатып қойып, түбін көмген сәмбі талдың саясына шақырды.

– Мына хатты саған тапсырдым. Ең сенімді жеріңе сақта.

Бала дегбірсізденіп тұр. Атасы қолын қойнына тығып, былғары әмиянын шығарды да, дірілдемейтін жүндес білегі дірілдеп, арасындағы ақ парактың бүктеуін жазды. «**Қияс жаудан қорғанып, өмір сүрудің қамын жасаңдар деген сөзі де. Түбірінде топыраққа гүл өсіріп, қара қойдан айрылып қалмаңдар деген қамқор сөз жатыр. Қайда жүрсең де атамекеніңнің бір уыс топырағын, Сасықкөлдiң жылтырап жатқан суын аңсап өттің-ау, жарықтыңым. Сен де бір жұмбақ жансың**» деп босай бермейтін Сәруар көзіне жас алғанын білмей қалды. Бала келіп шұқшиғанда көргені – сарғайған қағазда сиямен жазылған жалғыз сөйлем. Соңына үш нүкте қойылыпты.

«Хат дегені осы ма?!»

«**ЖАУДЫҢ БЕТІ ЖАМАН...**»

Жалғыз сөйлемнің соңында көз жасындай тамшылап үш нүкте тұр.

Шал әлі тірі. Тәуелсіздіктің тәтті намынан там-тұмдап ауыз тиіп жүр. Көңілі көк дөнен болғанмен көзі көрмей қалды. Қара қойдың маңыраған даусын ести алмаса да қандасының арманы болған жайқалып өскен гүлді көргісі келеді.

Кереңнен соқыр жаман екен.

Найзағайлы жаз еді...

Игі жақсылардың жанына сая болған «Жұлдыз» мейрамханасында Әбдіраштың Жарасқанының қырық күндік асы берілгенде, көпшіліктің аузынан сырына қанық емес бір сырдаң сөз сытылып шыға берді. Әңгіменің арқауы – Жарасқанның депутат боп сайлана алмай қалғандығы. Бұның түп-төркіні мен мән-жайына қанық болсам да, орнымнан көтеріліп, микрофонға қол соза қоймадым.

Акын Жарасқан пәни мен бақиға қалай керек болса, жаңа құрылған жас ұжым – Қазақстан Республикасының Аграрлық партиясына да солай керек болды. Екеуіміз партия штабында бірге қызмет атқардық. Аграрлық партияның бағдарламасы мен мақсат-мүддесі – жер мен топырақты байыту, астық қоймалары мен наубайханаларды алтын астыққа сықай толтырып, еңбекші халық тәтті нан жеп, тәтті өмір сүру. Ол үшін

ауылдың түтінін түзеу керек, партияның ұрансөзі – «**Ауыл – қаланың анасы, Анасын ұмытпайды баласы!**»

Жарасқан тізім бойынша үшінші боп депутаттыққа кандидат ретінде тіркелді. Бұл – оның тек жеке басының емес, партияның жалпы мүддесінен туындаған әрекет еді. Өйткені, дауыс жеке кандидатқа емес, партияға беріледі. Ал, халық үшін ақынның сөзі ауадай қажет болатын.

Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарында аймақаралық ақындар айтысы өткізіліп, кездесулер болды. Осы кездесулердің қай-қайсында да Жарасқан өзі туралы айтып, депутаттық бағдарламасын алға тартқан жоқ, тек өлең оқыды, халықтың сұрауымен ескі де жаңа өлеңдерін жатқа оқыды. Мен болсам Нұрмолда Алдабергенов, Жазылбек Қуанышбаев, Ыбырай Жақаевтар қалдырып кеткен мұраны кейінгі ұрпақ көздің қарашығындай сақтайық деймін де, ауыл болашағына қара сөз арнап, негізгі сөзді Жарасқанға беремін. Ол өзі туралы емес, өлең туралы айтады, кездесулердің бәрі дерлік поэзия кешіндей боп көңілді өтіп жүрді.

Қызылордада болған кездесуде жастар: «О, махаббат, сегіз әріп, бір арман», «Шторм», «Ақ бұлақтар» секілді өлеңдеріңізді өз аузыңыздан естісек», – деп қолқа салып, сол өлеңдерді оқытты, соңынан сөз алған қатысушының бірі: «Біз сіздің партияға бір кісідей дауыс береміз!» – деп ағынан жарыла ақтарылды. Шынында да солай болды. Петропавловскінің Мәдениет үйінде бір етженді әйел: «Сіз тамаша ақын екенсіз, депутаттықтың не керегі болды?» – деп сауал тастаған. Жарасқан саспады.

– Поляктің Адам Мицкевич деген ақыны қырық жасында көсемсөз жазуды бастаған екен, мен елуімде партияға кірдім. Мен ел мен жер партиясының аманатын орындап жүрмін, – деп жауап берді.

Қызылорданың Шиелі ауданында өлең оқып, қолтаңба беріп әбден шаршаған ол, пойыздың екі адамдық жұмсақ купесіне кірген бетте шалқалай жатып ап: «Жұрт мені қалада, ваннада көбікке малынып отырып, «Дала, сенің ұлыңмын!» деп өлең жазады деп өгейсітүші еді, даланың алдындағы парызым біртіндеп өтеліп келе жатқандай», – деп, сирек тістерін көрсетіп, риясыз күлімсіреді.

Ол оқу орындарында, ауруханада, астық қоймалары мен наубайханаларда, тіпті

вокзалда пойыз келе жатқанда қолтаңба беріп тұрды. Сондай кездері, ұзақ бөгелетін, қолтаңбаны өлеңмен қалдыратын. «**Игі тілекпен»** деп сүйкей салу қолтаңба емес қой», – дейді эпистолярлық жанрға өте жауапкершілікпен қарайтын жарықтық Жәкең.

Ол депутат бола алмады, қазір Парламент орындығында Аграрлық партияның екі бірдей мүшесі ел мен жер тағдырына атсалысып отыр. Олардың ел сеніміне ие болуына ақын Жарасқан өлеңмен еңбек сіңірді десем, көрген көзге ешкім де «қой» дей алмас.

Жарасқанның әзілі алда жүреді. «**Сайлаудан кейін партияның Орталық Комитетіне мүше болғанымды естігенде жүрегім зу етіп, «Сонда мен член ЦК болдым ба?» – деп қайыра сұрадым»**, – дейді.

Қазақстан Республикасының Аграрлық партиясы ауылдың өзекті мәселелері жайлы жазылған әдеби һәм көсемсөз шығармаларға Әбдіраштің Жарасқаны атындағы сыйлық тағайындады. Бұл – «**Ауыл – қаланың анасы, Анасын ұмытпайды баласы!**» – деген партия ұрансөзінің арамызда жоқ авторына құрмет, аруаққа тағзым. Бәйгенің алғашқы жүлдегерлері Бек Тоғысбаев, Серікбай Оспанов, Көпен Әмірбек, Қали Сәрсенбай болды. Бәйге әлі жалғасады.

Жәкең қара жер қойнына қойылар күні «Жас Алашта» «Асықтың ба, Ақбұлақ!» – деп соңғы сөзімді айттым, қырық күндігі қарсаңында Би-Би-Си радиостанциясынан қазақ өлеңіндегі орнын бағамдап пікірімді білдірдім, ал, мына сөз оның жұрт білмейтін бір сырын жария ету, «Жұлдыз» мейрамханасында бас қосқандардың жарым көңіліне жамау болсын дегендік.

Жарасқан «Қазақ әдебиеті» төрт бет боп шығатын кездері Әбділда ақынмен жүргізген сұхбатын «**Ақында сыр болмайды айтылмайтын»** деп атады.

Өзі де сыр сақтамайтындарды сүйетін.

Ол көп нәрсеге үлгерді, бәріне үлгере алмады. Бәріне үлгеру мүмкін емес. Жарасқан өзі жырлаған найзағайлы жаздай жарқ етіп асығып келді, асығып кетті. Ақ бұлақ боп кетті. Жүрегі үлкен Жәкеңнің қоңыр даусы құлағымда:

Ақ бұлақтар!

Алқынған Ақ бұлақтар!

Қазір –

Көктем,

алдың – жаз,

шапқылап қал!..



Айгүл КЕМЕЛБАЕВА,
жазушы

Қазақ әдебиетінде, XX ғасырдың 80-ші жылдары ұлттық тамырдан ішінара ірге ажырау басталғанын айғақтайтын әдеби туындылар көбірек жазыла бастағаны белгілі. Бауыры ауылдан әзір суына қоймаған қазақтың, енді, қаласыз күні болмайтынын танытар күй сарын әдебиеттің өзегін жаулай бастаған. Әлем қопарыла өзгеріп жатқанда алабөтен ауысулар мен түп негізден айырылулар болмай қалмайтынын, біздің, жазушылар санадан тыс мұң, шер, түйсік арқылы беретін еді. Қаны қазақ жазушы атаулы – қазақ дәстүрін беруден жалықпауы заңдылық, өйткені, сол асыл топырақтан барған сайын табаны ажырай бастайды. Соның үшін, ауыл – қазақ ұлты үшін жоғалған жұмақ болмаса екен деп Құдайдан жалбарына тілеу керек.

Думан Рамазан, сол ежелгі қалыбынан кеткісі жоқ мамыражай ауыл баласының психологиясын бірнеше әңгімесінде дәл береді. Сағыныш ауылда өскен қазақты шарпыса, жоғалған пышақтың сабы алтын. Бірақ, бұл сағыныштың өзі иррационалды сағыныш, басында сызы терең білінбеген болатын. Қазақ тұрмысындағы көшпелі тіршілік көзі қой бағудың қиюы қашуы Жұмабай Шаштайұлының «Қызыл қар» атты тамаша повесінде алапат құсамен суреттеледі.

Думан Рамазанның «Жылап аққан тамшылар» атты жаңа прозалық жинағына негізінен көркем әңгімелері топтастырылып, жарық көрген. Жинақтағы «Ақсақал мен ақ жылан» атты жұмсақ әңгімеде туған жердің құдіреті айтылады. Мұндағы жасөспірім бала бейнесі, жазушының өзінің балалық шақтағы естелігінен екені аян. Қазақтың ұлттық дәстүрін Думан

ДУМАН РАМАЗАННЫҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

мұқият сақтауға күш салады. Мысалы, атасы мен апасының бауырындағы баланы өз әке-шешесінен артық еркелете алмауы, көзбен ғана елжірей қарауы, атасының немересін еңбекке баулуы, тіпті, бидай көже ішудің өзі бұрын талай айтылса да, қазақы оқырманды шаршатпайды. Ауыл тұрмысы, шөп шабуға аттану, жолай үлкеннің кішіге жер танытуы исі қазақтың әр ауылына таныс әсем көрініс. Атасы немересіне «Ай, әбзитай» деп сөйлейді. Ал, немересі Нұрман тым сұрақ қойғыш бала. Әуелгі шалғы шапқаны да нанымды. Осы әңгімеде сөзшең баланың «Ата, намазды немене оқисыз?» деп сұрайтыны бар. Дауласа кеткіш. Бұл сауал Думанға советтік замандағы дінсіздікті таныту үшін керек. Теріс түсінікті аңдатып қалады. Ел жаппай намаз оқымайтын заманда ата мен немере – екі буын, қос ұрпақ арасындағы рухани қайшылық. Және осы әңгімеде атасы немересіне «мылжыңсың» дегенді бірнеше мәрте айтатыны тегін емес. Немеренің атасына «Құдай жоқ. Адам маймылдан жаратылған. Дарвин айтқан» дегені, бұл атеистік идеология болатын. Және мылжындық, құр сөз, пайдасыз һәм зиян сөз. Сондай-ақ, коммунизм елесі де шалғайдағы қазақ баласының санасынан жабысып қалмағаны күлкілі. Бұл жаттанды идеологияның теріс әсерін әшкерелеу. Сөйтіп, автор советтік идеологияны баланың үйретілген сөзімен білдіреді. Бұл жұрт тегіс шыққан шекпен. Жад ұмытылмауы үшін қайталанып айтыла берсе керек. Ұрпаққа аманат тәрізді. Осы әңгімедегі ең сәтті шыққан тұс қаршадай баланың Қоңырәулиенің үңгіріндегі мүсіні жатқан елес қызбен қиялында сөйлесетін тұсы. Баяғыда сүйегі қурап қалған елес қыз. Сол арқылы Думан қиялшыл ауыл баласының ғана емес, ұл баланың табиғи мінезін нақты бере алған. Ал, әңгіменің соңында, әлгі, атасымен шөп шапқан Нұрман жігіт болған шағында туған жеріне, сол қасиетті Қоңырәулие үңгіріне қайта барады, отбасын ерте барады. Көздің қарашығындай

сақталуға тиіс тарихи жәдігерлерді ел-жұрттың құнын кетірген урбандалу, немқұрайдылық, вандализмнің көрсоқырлары бүлдіріпті. Ауыл қоса тозған. Бұл сонымен қоса қазақтықтан да кетіп бара жатқанының белгісі.

Жазушының реализм мен мистиканы үйлестіруге құштар екенін тағы бірер әңгімесі айғақтайды. Соның бірі – «**Көш**» атты әңгіме. Думан Рамазанның, осы, кітабына жазған алғысөзінде белгілі жазушы Төлен Әбдік өзі екшеп алған әңгімені әфсана деп атапты: «**Әңгіменің аллегориялық сипаты жан-жақты. Сондықтан, мұндай әңгіменің ғұмыры ұзақ болуға тиісті.**»

«**Көш**». Қазақ үшін көш киелі ұғым. Бірақ, мына әңгімеде, бұл көш ұғымы қоғамдық сатираға айналған. Әңгіме кейіпкері – көсем бейнесі бүлдір. Кейіпкерлер шартты, тұман басқандай нобайлары беріледі. Сірә, бұл жалпы адамзаттың адасқан бейнесін тұспалдауға тырысу болса керек, сондықтан бүлдір тәрізді. Тіпті, ойыма құлдық санадан арылу үшін қырық жыл шөлде адасқан бір тарихи өктем халықтың образы да келе қалуы тегін емес. Сосын, Думан әңгіме арқауына өзіне бек таныс әдебиеттің ішкі иірімін алған, алайда оның отаншыл рухы бұл әңгіменің құндылығын күшейткен. «Көштің» кейіпкерлері халықтан гөрі ақын-жазушылардың өзінің ішіндегі көңіл-күйді суреттейді. Мұнда қалам ұстайтындардың портреті басым. Нағыз ақын мен Дәлдүріш ақын. Біреуі шындық үшін өмір сүреді, өледі, біреуі өтіріктен өседі. Осы анти-тезадан күллі қоғамның сипаты әрине, таныла қалмасы анық. Әңгіменің күшті лейтмативі – *«Бұл, атаңа нәлет, көзіңді бақырайтып қойып, жсалған сөйлеп тұр. Оның өтірік екенін өзі де, мына қостап тұрған халық та жақсы біледі. Бірақ, амал не, бұлай өтірік сөйлеу біздің елде дәстүрге айналғалы қашан. Енді, ол дәстүрді бұзу қиын-ау, сірә! Бұған таң қалудың қажеті жоқ. Әлі-ақ, сенің де етің өліп, бойың үйреніп кетеді. Біз бәріміз де өтірік күліп, жсалған сөйлеуге әбден дағдыланғанбыз!»* – осы тұсы шынымен мықты, ол, енді, қазіргі қазақ қоғамын айнадай көрсетеді. Думан Рамазан осы шындықты жаны кинала айтуы әңгімесін ақтап қана қоймай, зорайтып тұр. Болмағанды болды, жоқты бар деп көрсетуді Ханс Христиан Андерсен әйгілі «**Король тұттай жалаңаш**» атты ертегісінде таңғажайып аллегориямен бейнелейді. Осы аллегорияны туғанына

800 жыл толған Джалаледдин Руми әйгілі дат ертегішісінен бұрын қолданған, онда ай сәулесін, жоқ матаны өтірік кесіп сата-тын алаяқ саудагерлер туралы притча бар. Думан мына әңгімесінде осы аллегорияны тиімді қолданыпты.

Быттыр қазақ қоғамын дүр сілкіндірген Жаңаөзендегі ашынған бауырлардың басына түскен ұлттық трагедия, өз елінде қор болуы осы тәрізді шылғи өтіріктердің асқынуынан туғаны шындық. Дегенмен ұлтқа, халыққа қатысты айтылатын әфсаналарда қара аспанды төндіруге болмайды дегенді айта кетуді парыз санаймын.

«**Жын**» атты әңгімедегі оқиға, сарын қазіргі қазақ тұрмысында көп ашылмай жүрген шындықты жұмсақ юмормен айта білгенімен ерекше ұнады. **Әңгімеде қазақтың санасы, сезімі, мінезі дәл беріледі, жаңсақ, өтірік жоқ. Расында бұл «Мың бір түн» сюжетінен алынбаған, мынау, біздің қым-қуат өмірімізден алынған оқиға. Басқа жұртты білмеймін, бір түйір күдік келтірмек түгілі, өз басым әбден сендім. Неліктен? Қазір күллі әлемде оккульттық шу атқақтап тұр. Көрші Ресейдің өзінде миллиондаған адамдар сиқыр, мистика, экстрасенсорикаға бір бүйрегі бұрылған. Ал, ақ десін мейлі, қара десін мейлі магия атаулы бәрібір жын-сайтанмен іліктес. Дуалау күшейген. Қара қызғаныш адамдарды құртуда.** Думанның әңгімесінде бір сұрбойдақ, отбасын құра алмай, ішімдікке салынып жүрген Болатбек есімді жігіттің жасы қырық бестен асқанда мешіттегі молданың жыннан арылтуымен жолы ашылып, қалай ел қатарына қосылғаны сөз болады. Расымен, бұл өте өзекті тақырып, әншейін бәсі жеңіл әңгіме болып көрінбеді. Талай адам бұл мәселеге ден қойса, өздерін иектеп алған жындарынан арылса, ол ислам дінінің көмегімен болады, содан еш ұтылмас еді. Өйткені, біздің қазіргі уақыт жын жайлаған, жын иектеген, жын мәртебелі болған, сана рухани тозған беймезгіл. *«Таңдауын таппай тарпаң боп жүрген / Бойда бір жын бар – сегіз мойын...»* деп марқұм ақын Нұрлан Мәукенұлы өлең жазған. Меніңше, нақ осындағы оқиға, кейіпкер басын құрсаған қара бұлтты сейілту жан дүниесін тазалаудан соң болады. Ал, дуа арқылы жасалған қастықтан талай адам құрып кетеді. Дуадан халық емшілері мен молдалар қорғайды, аураны тазалайды. **«Сырт тазасы не керек, / Тазарт әуел**

ішінді» деп жыр арқылы Үмбетей жырау жар салады, қарсыласын ықтырады.

Ислам дінінің имани қағидалары, пайғамбар сүннеті Думанның көптеген әңгімелерінде бар. Думан Рамазан жазушы ретінде ислам дініне Аллатағаланың берген бір сынағынан соң басы бүтін келген тәрізді. Оны әңгімелеріндегі қолтаңба тасқа басқандай анықтайды. Ол расымен иман мәселесін қарапайым қағидалар арқылы ашуға ден қоя білген жазушы.

«Егер, Алла пендесіне бір тауқымет жазса, оны өзінен басқа ешкім жеңілдетпе алмайды. Бәрі бір Алланың қолында. Қалаған адамына патшалық береді, қаласа одан қайтып тартып алады. Ықыласы түскенге үйіп-төгіп байлық береді, қырына алғанды қор қылып қояды. Оның құдіреті бәріне толық жетеді. Бәрі де бір Алладан. Алланың рақымы мол. Адамды пәле-жаладан сақтайтын да, қайғы-қасіреттен құтқаратын да – бір Алла. Адамға ишпа беріп, ем дарытатын да – бір Алла, адамның қолында тұрған иштеңе жоқ, бәрі де бір Алланың жазуымен болады. Біз жай ғана себепкерміз, – деп ғибадат айта келіп, Болатбекке көз салды, – қане, бауырым, не мазалайды?..» – жазушы молданың аузына салған, мынау, мың мәрте айтылған жаттанды сөз емес, әр жүректе жазылуы тиіс ұлық сөз болған соң қымбат. Думан қарапайым әңгімемен қазақ қоғамын қор қылып жүрген үлкен шындықтан сыр шертеді.

«Бақсы мен пері» атты әңгімесінің сарыны жалықтырмайды, кейіпкерлер бейнесі анық. Өйткені, онда ертегілік элементтер реализммен астасқан. *«Алланың әмірі»* – Нұқ пайғамбар туралы мұсылмандық аңыздың прозалық нұсқасы, негізгі идеясы – ғибадат. Өйткені, адамзатты Аллатағала құлшылық үшін жаратқан. Думан Нұқ пайғамбар бейнесін қазақы мінезбен берген, оның кемесі Қазығұрт басында қалған. Сондай-ақ, оның әңгімелеріндегі Аллатағала әмірін дауыс арқылы бергенде ақсақалдық, абыздық қалып білінбей қалмайды, яғни, Жаратушы Ие адамиландырылған. Мұндай дайын сюжетті әдебиетте қанша үлгімен, версиямен болсын пайдаланған жөн. *Топан су* – эсхатологиялық идея, дінсіздер мен қорқаулардың биік жазасы. *Топан судан* адамды Құдайға деген сенім құтқарады. Бұл жарық дүние тұрғанда мәнін ешқашан жоғалтпайтын идея. Сонымен қатар, бір әңгімеде бірнеше сюжеттік желіні ол қатар пайдаланады, кемедегі хайуандардың пайғамбардан бата не-

месе қарғыс алуы. *«Қарлығаштың күйрығы неге айыр?»* – қазақ халық ертегісін, ол Қазығұртқа байланысты мифпен сабақтастырған. Бұл-дағы өлмейтұғын өте құнарлы тақырып.

«О дүниедегі кездесу» атты әңгімеде жұмақ пен тозақ – жан аманат иесіне қайтқанда, қос жарылар бақи, параллель әлемдердің өз танымымен сырын ашады. Талаптан Ахметжанның *«О дүниенің қонағы»* атты әңгімесі еске оралады. Мені таңқалдырған бір мезет: Думанның тозағына тізбектеліп кілең ірі сыбайлас жемқорлар түскені. Шабақтар емес, шортандар. Исламдық мәңгілік қағидалар арқылы Думанның әлеуметтік сарынды астыртын сарказммен әрі жүрегін ашыну меңдеп ашқаны азаматтық позициясы, батылдық. *«– Бар пәлеге бастайтын да, бар күнәні істететін де, ақыр соңында бәріне куә болатын да тек көзіміз екен ғой! – деп күңіренеді Сәззәт мырза».* *Көз туралы «Кәпір көздің дүниеде араны үлкен, Алған сайын дүниеге тоя ма екен?»* деп Абай жырлаған философиялық идеяны автор сәтті жаңғыртқаны ұнады. Сосын, Думанның кейіпкерлерінің есімдері бір бөлек: Малбұқа, Сәззәт, Сүйсен, т.б. Әлбетте, Кетбұқа тәрізді деректі әрі поэтикалық есімдер ойға оралады. Ал, Сәззәт дегені Кәззап дегені емес пе екен?

«Күйік», «Тақсірет» – полигон зары мен өлім тақырыбы. Автор құт-берекесі қашқан, жемір бастықтар жұтатқан, берекесі қашқан қайран ауылдағы өз көзімен көрген қарапайым адамдарды қимастықпен жанашырлықпен, құсамен бейнелейді. Және атасының өлер шағындағы бейнесі суреттелетін жерде Қоңырәулиенің үңгіріне барған Нұрман қоса жүреді. Ата образы бар жерде оның киесі жылан жүргенін ол нышан ретінде пайдаланады.

«Көкжал» – кезінде алаштың Қадыр Мырза Әліі және Аманхан Әлім, Әмірхан Меңдеке, Амангелді Кеңшілік, Әмірхан Балқыбек сияқты талантты сыншылар ерекше мақтаған әңгіме. Сондықтан, ол кісілердің айтқанын қайталап жатуды артық санадым. Ал, ұлы Абай атамyzдың соңғы күндері туралы жазылған *«Құса»* атты жаңа әңгімесі туралы айтылар ой салмақты болуға тиіс. Бұл шығарманы жазудағы түпкі мақсатын, автордың ерекше сүйіспеншілігін Абай бейнесін бас кейіпкер қылып таңдаған батылдығынан байқаса бо-лар. Абай – екінші бірі жүрегі дауалап

бара бермейтін аса күрделі образ. Әлбетте, кемеңгер Мұхтар Әуезовтан соң да қазақтың бірқатар жазушыларын үйіріп әкеткен сиқырлы иірімдей, теңіздің тұңғығындай тақырып осы. Әңгімедегі негізгі тақырып – өлім. Құса – соның алғышарты. Абай бейнесі қазақ өлеңінде әрбір ақын жырға қосатын сәулелі дүние болғанымен, қарасөзде, прозада бұған жүрек тоқтатып бара қою өте қиын. Исі қазақтың бас ақыны, дала данышпаны Абайдың өмірінің шымшытырық трагедиялық соңғы сәтін Думан шығарма өзегіне таңдап алған. Абай хакім сүйікті балаларынан айрылып, қабырғасы қайырылып, отаршылық қазақ елін көктеп өтіп, күйретіп бара жатқанын көріп-біліп, жан-жүрегі күйіп, мүшкіл халді ұғып жүргенде, оған жеке басының ауыр қайғысы қосылып, әзиз жаны мына жалғаннан жұбаныш таппай, айдалада сенделіп жүрген диуанадай құсасын – Думан Рамазан психологиялық детальдармен шебер суреттейді. Ақынның көркемдік әлемін сүйіп отырып, оның суреткерлік, қайраткерлік тұлғасын, рухани асыл болмысын жанымен қабылдап отырып жазуға тырысады.

Абай бейнесін, жазушы, оның өлеңдері және сол Абай ұшқан ұя, туған ел ішінде айтылатын әңгімелердің сарынымен беруі заңды құбылыс. Өйткені, оның кейіпкері деректі тұлға, қоғам мен өнер қайраткері, текті халықтың асыл ұлы – Абай.

«Абай: – Әй, бірақ, ырық қолдан кетіп қалды ғой, түзелер дей алмаймын!» – деді де, тағы да үн-түнсіз отырып қалды».

**Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз
ырқың.**

**«Қалың елім, қазағым, қайран
жұртым».**

Бұл әңгімеде Абайдың өлеңдерінің, ғақлиясының ізі бар.

«Айтшы, Тәкежан, мен ішпеген у бар ма?» – дейді әңгімеде (*бұл-дағы өлеңі*) Абай туған ағасы Тәкежанға, автор солай деуін десе де, Абай нақ сол ағасымен рух-тас болмағанын абайтанушы ғалымдардың зерттеулерінен білеміз. Мағауия хал үстінде, ақ патша өкіметі бұратана санаған қазақты шоқындыру жарлығы шығады. «Бір қайғыны ойласаң, жүз қайғыны қозғайды». Думан Абайдың ойын, ақынның өз өлеңдерімен сабақтайды.

Әңгіменің ең жан тебіренер тұсы – бауыр еті баласы Мағауияның қазасынан соңғы, зиратқа апара жатқан тұс. Өлім, жас өлім. Данышпанның шарасыз, ымырасыз өлімді көзсіз мойындаған сәтін жазушы: **«Абай жас баладай томпаң қағып, арбаның алдына түсті. Мағашымның сүйегін ауыртады деп жол бойы ірілі-ұсақты тастардан тазалап отырды»** деп суреттейді. Осыны оқығанда оқырман қабырғасы қайысып, сүйікті Абайымен қосыла егілердей тосын күй кешеді. Ақылдың азабын да, ғажабын да білген, алты алашта артық туған Абай енді ақылынан адасардай күй кешкені ме?! Әңгімеде Оразбай Абайға **«Кел, кешу айтысайық!»** дейтін тұсы бар. Сонда, **Оразбай: – Абайдың денесіне ажал еніп алыпты. Бір сөзін екі қайталағанын қашан көріп едіңдер,** – дейді.

Абайға бір кейіпкердің аузымен айтылатын **«Тобықтыға сыймасаң да, алашқа сыясын»** деген сөзі ауыр. Өйткені, үш жүзге тарап кеткен Абайға сілтенген қамшы – миф. Расында олай болмаған. Дана Абайдың қадірін ел-жұрты бәрібір білген. Дүлей әм надан дұшпаны ақынға қамшы кезегенде екі адам, оның үстіне құлай кетіп, өз денесімен қорғап қалған. Сөйтіп, Құдай оңдап, ұлы ақынның тұщы етіне ащы қамшы тимеген. Бірақ, Абай хакім сол ашу үстінде өзіне айтылған ауыр сөздің өзін мірдің оғындай жанына ауыр қабылдаған. Бірақ, қазақтың алауыздығын қайда қоярсың?! Ең жақсысын тіріде сыйламайтын, бағасын білмейтін қазақ десең тағы өзіңе тиеді.

Думанның әңгіме жанрына мейлінше төселгені байқалды. Әңгімеде әуре-сарсаң өмірдің қарама-қайшылығын автор, осы тектес коллизия арқылы беруге құқы бар. Дегенмен әңгіменің негізгі идеясы құсамен келетін ажал, өлім, жаназа болғандықтан, молда бейнесі қоса жүруі керек-тұғын. Думанда молда образы неге екені белгісіз, атымен жоқ.

Бұл әңгімеде Шыңғыстаудың кең жазығы мен зират басындағы құсалы мезеттердің өз символы бар. **«Құса»** – оқырманына мол табатын әңгіме.

Думан әңгімелерінде ертегілік сарынды саналы түрде қолданады. Бұл-дағы біздің қанымызда бар дүние. Оның шығармашылық ізденіс үстіндегі дер шағы екенін әдебиеттегі қолтаңбасы танытады.



ПОЭТИКА САЛАСЫН ЗЕРДЕЛЕГЕН ҒАЛЫМ

(Бақытжан Майтановтың поэтика
саласындағы зерттеулері туралы)

Сәлима ҚАЛҚАБАЕВА,
филология ғылымдарының
кандидаты, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
доценті

Қазақ әдебиетінің әралуан мәселелерін теориялық, сыни, поэтикалық, танымдық жағынан зерттеп, сүбелі еңбектер жазған филология ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Майтановтың әдебиеттану ғылымында алатын өзіндік орны бар. Ол – ұлттық әдебиеттануда көркем шығарманы поэтикалық тұрғыдан зерттеудің әдістанымдық үлгісін көрсетіп кеткен бірден-бір ғалым десек қателеспейміз. «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі» (1982), «Көркемдік нәрі» (1983), «Қаһарманның рухани әлемі» (1987), «Суреттеу және мінездеу» (1991), «Мұхтар Әуезов – суреткер» (1996), «Қазақ романы және психологиялық талдау» (1996), «Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы» (2001), «Романның баяндау жүйесіндегі автор» (2003), «Көркем әдебиеттегі психологизм» (2004), «Абай: Портрет поэтикасы» (2006), «Монолог құрылымы» (2006), «Әуезов және қазіргі қазақ романындағы эпикалық баяндау үрдістері» (2009), «Пейзаждың көркемдік семантикасы» (2010) сияқты зерттеу еңбектерінің басты нысаны – көркем шығарма құндылығын арттырып тұрған жазушы шеберлігінің қыры мен сырын ашу болғандығын көреміз. **Кейіпкер болмысын танытудағы психологизмнің қызметі, көркем шығармадағы баяндаудың жолдары, суреттеудің жүйесі, көркем мәтіннің семантикалық, стилистикалық құрылымы жайындағы ізденістері ғалым зерттеулерінің теория-**

лық тереңдігі мен жан-жақтылығын байқатады.

Ғалымдық қарымы кең Б.Майтанов суреткер талантын шығарманың мазмұндық-композициялық құрылымынан, мәтіндік жүйесінен, семантикалық, стилистикалық құрылымынан тануды ұстанады. Көркем шығармадағы суреткер шеберлігіне аса ден қоятын ғалым: **«Басты идеялық-эстетикалық факторға саналатын суреткер тұлғасы – жанр, сюжет, стиль принциптерінен туған бейнелеу бірліктері: портрет, пейзаж, диалог, монолог, автор төл сөздері арасындағы қарым-қатынасты реттеп, саралап отыруға тиіс негізгі ұйымдастырушы күш»,** (1, 4-бет) – деп көркем шығарманың табиғатын тану үшін оны поэтика мен стильдік шеберлік аспектілерінде қарастыруды дұрыс бағдар деп санайды. Көркем шығармаға эстетикалық әсер дарытып тұрған қаламгердің қолданған типологиялық және дара поэтикалық құралдар жүйесін анықтау, талдап саралау ғана суреткер қолтаңбасын айқындауға, дәлірек пікір түюге мүмкіндік тудыратынын дөп айтады.

Әдебиетіміздің ірі суреткерлері С.Сейфуллин, С.Мұқанов, М.Әуезов, Х.Есенжанов, Ә.Нұрпейісов, З.Шашкиндердің романдарының көркемдік жүйесін Б.Майтанов «Көркемдік нәрі» атты зерттеуінде сөз етеді. Заманы ортақ бұл қаламгерлердің шығармаларына тән көркемдік әдіс, сипат-белгілермен қатар, дара поэтикалық құралдарын да саралап бағалайды. Зерттеуші назары әр шығармадағы монолог пен диалогтың функцияларына, түрлендіріліп берілу өзгешеліктеріне түйіседі. С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуіндегі» қаһарманның лирико-

романтикалық күй кешуін, яғни, ақындықтың табиғатына сай өршілдігін, жан тазалығын ішкі сөз ағымы арқылы берсе, С. Мұқанов «Ботагөзінде» диалогқа интонация, синтаксистік дәлдік, психологиялық репликалар нанымдығын сыйдырған, З. Шашкиннің аналитикалық сұхбат формаларын таба білген ерекшелігін көрсетеді. З. Шашкиннің «Тоқаш Бокин» романында диалогизмнің айрықша орын алуын, ішкі монологтың драмалық сипатта берілуін суреткер даралығы ретінде көрсетеді. Х. Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясында сан алуан мазмұндағы диалог, полилогтардың баяндау жүйесінде сюжеттік қызмет атқарып тұрғандығын, сондай-ақ, кәсіби-тұрмыстық детальдардың молырақ көрініс алуын дәлелді мысалдармен талдап, тұжырымды пікірлер айтуынан суреткердің шығармашылық шеберханасына еніп, ондағы алуан түрлі құрал-амалдардың қыр-сырын жете байқайтын ұтқырлығын аңғарамыз. Шығармадағы образдар жүйесін жасау, характерді сомдау, мінезді таныту, портретті сипаттау, диалог пен монологты қолдану, пейзаждық суреттеулер, психологизмді бере білу сияқты жазушы шеберлігіне жеке дара тоқталып, тарқата сөз етіп отырғанымен, осылардың бәрінің үйлесімділік пен тұтастықта қолданылуын шығарманың поэтикалық даралығы деп таниды.

Әдебиеттанушы-ғалым Б.Майтанов өз ұстанымына сай көркем шығарманы зерттеуде әртүрлі талдауларға сүйенеді. Соның ішінде, психологиялық талдау тәсіліне көп зерттеулерінде аса ден қояды. «Қазақ романы және психологиялық талдау», «Көркем әдебиеттегі психологизм», «Мұхтар Әуезов – суреткер» сияқты еңбектерінде психологизм мәселесіне теориялық және практикалық тұрғыдан түсінік беріліп, талдау жасалады. Кейіпкер характерін, жан дүниесін, көңіл-күйін, дүниетанымы мен наным-сенімін берудегі психологиялық суреттеулердің атқаратын қызметін, оны берудегі суреткердің амал-әдістерін жан-жақты қарастырады. Бүгінгі әдебиетте психологизмді «көркемдік әлемнің

жұлын-жүйкесі», «көркемдік шындық принципінің айрылмас сыңары» деп ғылыми образға айналдыра сипаттап, қоғам өмірінің шындығын, өсу динамикасын суреттеуде танымдық-эстетикалық міндет атқарып келе жатқандығын айтады. Ғалым аңғарған психологизм көрінісі сан алуан. Ол бірде ішкі монолог, бірде, психологиялық параллелизм, енді бірде психологиялық реплика түрлерінде көрініс тапса, кейде басқа да тәсілдермен жүзеге асып жататындығын мәтіндік мысалдармен дәлелдеп отырды. Мәселен, көрнекті қаламгерлеріміз – М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ш.Құдайбердиевтің «Әділ-Мәрия», Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», М.Әуезовтің «Абай жолы», Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» сынды романдарындағы психологиялық талдауларды жазушының көркемдік шеберлігінің көрсеткіші деп таниды. Көркем шығармадағы кейіпкер характерінің шынайылығы психологиялық суреттеу тәсілдеріне тікелей байланысты екендігін теоретик ғалым мынадай тұжырымды анықтамаларымен жеткізеді: «Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық, шығармашылық феномен – психологизм» (2, 3-бет) немесе «...психологизм – көркемдік бейнелеу принципі, ойлау типі, жазушы талантының төл белгісі әрі стиль көрінісі» (2, 334-бет).

Кейіпкерді даралауға, ішкі қасиеттерін ашуға ықпал ететін психологизм – образ жасауға аса қажетті көркемдік тәсіл. Кейіпкер психологизмін шынайылықпен берудің озық үлгісін танытқан М.Әуезовтің психологиялық суреттеулерін «эпикалық психологизм, құлашты психологизм, өткір психологизм, қазымыр, сырдаң анайы суреттеу емес, мәдениетті проза талаптарына сай өресі биік, сұлу сырлы, аңғарғыш, әділ де мінезді психологизм» (3, 38-бет) деп бағалайды «Мұхтар Әуезов – суреткер» еңбегінде. 1995 жылы Гуманитарлық білім беруді жаңғырту бағдарламасы бойынша ҚР Білім министрлігі мен Сорос-Қазақстан Қоры бірлесіп ұйымдастырған гуманитарлық пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарының ашық конкурсында бұл зерттеудің жеңімпаз атануы

еңбектің құндылығының айғағы дер едік. Мұнда ғалым М.Әуезовтің «Абай жолында» сюжеттік тартыстың кеңістік пен уақыт аясында жинақылықпен берілуі, этникалық дәстүрдегі эстетикалық пайым, суреткердің ұстанған психологиялық тұғырнамасы тәрізді мәселелерді тың аспектілерден келіп талдап, түсіндіреді. Ғалымның бұл ізденістерін әркездегі әдеби құбылыстарға қазіргі уақыттың талап биігінен қайта қарап, жаңғырған сана елегінен өткізе отырып, сыр түюге деген ұмтылысы деп білеміз.

Әдебиеттану ғылымының теориялық негіздеріне қанық Б.Майтановтың көркем шығарманы әдеби заңдылықтарға сай зерттеуге машықтанғаны **«Мағжан Жұмабаев поэтикасы»** еңбегінде де байқалады. Мағжанның дара қолтаңбасына тән қасиеттердің нәрлі жиынтығы оның шығармаларындағы романтикалық, реалистік, символдық, психологиялық суреттеулермен тікелей тамырластықта екендігін осы зерттеуінде дәлелді көрсетеді. Өмір шындығын танытудағы Мағжан қолданған көркемдік тәсілдердің бірі – психологизм дәстүрі болғандығын **«Шолпанның күнәсінен»** толық көретіндігімізді, онда сентименталистік сарын натуралистік дәлдікпен, реалистік шеберлікпен көрініс алғандығын айтады.

М. Жұмабаев шығармаларын көркемдік тұтастықта, мазмұндық және пішіндік бірлікте қарастырып, оның поэтикалық табиғатын танытуды мақсат еткен бұл зерттеуде Б.Майтанов модернист ақынның лирикасы мен поэмаларына да барлау жасап, көркемдік әлеміне көз тастайды. Көркем образдылық, сезімге бөленген ой, бірде шалқып, бірде мұңайған көңіл әуенінің сұлу сөз өрнегіне түсуі, астарлы ой түйдектерімен берілуі ақын өлеңдерінің поэтикалық қуатын арттырып тұрғаны ақиқат. Ақын поэзиясының көркемдік концептілерін, құндылықтары мен даралығын анықтауда өлең құрылымына да талдау жасайды. Қазақ тілінің бай мүмкіндіктерін, өзіне дейінгі дәстүрлі өлең өлшемі мен түрлерін мол пайдаланғандығын тілге тиек ете келе, ақын өлеңдері ажарлау,

құбылту, айшықтау тәсілдерінің соны қолданыстарына толы екендігін айтады. Ұйқас кестелері күрделі, тосын, өзгеше көркем, ырғақ түзу, тармақ, бунақ, буын, дауыс құйылыстарын құбылту орайында ақынның қазақ өлеңіне енгізген жаңалықтары мол дейді.

«Ұлттық және шығыстық сарын» тақырыпшасында Мағжан өлеңдерінде ұлттық көркемдік дәстүрмен қатар, түркі жұртына тән көне наным-түсініктерді қайта тірілту талабына назар аударып: **«М. Жұмабаев мұсылман дінін қабылдағанға дейінгі қазақ елінің ескі салт-жырларын, жауынгерлік дәстүрін туғып көтеріп, лирикалық қаһарманды бүкіл шығыс ұғымының баламасына айналдыру арқылы жинақтаушы-символикалық бейне сомдаған»** (4, 11-бет), – деп түйіндейді. Ақын поэзиясына осылай эстетикалық тұрғыдан талдау жасай келе, Мағжанды өнердегі құбылыс, XX ғасырдағы қазақ поэзиясының көш басында тұрған ұлы тұлға деп таниды.

Бақытжан Майтанов көркем шығарма поэтикасын зерделеуге арналған зерттеулерінде өмір шындығының көркем шығармада идеялық-көркемдік бірлікке айналу процесін тұтастай қамтып, ондағы суреткердің дара шеберлігінің қыр-сырын ашуға тырысты. Б. Майтанов суреткер еңбегін талдап, интерпретациялауда, бағалауда әрбір жайға объективтілікпен қарап, толымды әрі тұжырымды пікір түйіп, субъективті ойын дәл таныта алатын зерделі ғалым ретінде танылғандығын атап айтуымыз керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Майтанов Б. Көркемдік нәрі. - Алматы: Жазушы, 1983. -184 бет.
2. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. - Алматы: «Санат», 1996. -336 бет.
3. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов – суреткер. –Алматы: Әл-Фараби, 1996. –124 бет.
4. Майтанов Б. Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы. - Алматы: Қазақ университеті, 2001. -52 бет.



Рабат ЖӘНІБЕКҰЛЫ,
спорт журналисі

Қазақ боксы десе, әлемнің кез келген еліндегі жанкүйерлердің құлағы елең ете қалары даусыз. **Қазақстан боксын бүкіл дүниежүзі мойындап отыр. Кешегі КСРО дәуірінде Валерий Рачков, Серік Қонақбаев, Серік Нұрқазов, Жандос Көкімов, Виктор Демьяненко**лар салған жеңісті жолды, олардың лайықты ізбасарлары жалғастыра білді. Жалғастырып қана қойған жоқ, Болат Жұмаділов, Мұхтархан Ділдібеков, Василий Жиров, Аркадий Топалев, Нұржан Сманов секілді ізбасарлары бокс тарихының бетінде өз аттарын алтын әріптермен жаза білді.

2000 жылы Олимпиаданың қос жұлдызы атанған **Ермахан Ыбыраймов пен Бекзат Саттархановтың орны бөлек.** Ақшаршы ринг төрінде жан беріп, жан алысқан жекпе-жектерде ел намысын ту етіп ұстай білген боксшыларымыз Олимпиада, әлемдік, Еуропа және Азия белестерін бағындырып, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының көк байрағын желбіретіп, Әнұранын ойнатқан қуанышты сәттері күні бүгінге дейін көз алдымызда.

Біз бүгінгі әңгімемізді қазақ боксының атын шығарып, оның дамуына сүбелі үлес қосқан айтулы тұлға Нұржан Смановтың рингтегі жекпе-жектері жайында емес, оның бойындағы азаматқа тән адамгершілік қасиеттеріне, кісілік парасатына тоқталуды жөн көрдік. Өйткені, Нұржанның ринг төріндегі жекпе-жектері жайында кезінде аз жазылған жоқ.

Задында, адам сұлу болуға тиіс қой, тек, тән сұлулығымен ғана емес, жан сұлулығымен көңілді көншітетіндей

САҢЛАҚ

болғанға не жетсін. Шындап келгенде, шын мағынасындағы сұлулық – ол сырбаздық. Бұл қасиетке уызында жарыған Кенен кісі ғана ие бола алады. **Сөзі мен ісі ылғи бір жерден шығатын инабатты, өзгеге оқыс қыжылы, қызғанышы жоқ, етек-жеңі кең әрі мол адам ғана мұндай қасиетті көтере алады.** Әділін айту керек, біз көріп жүрген белгілі былғары қолғап шебері, спортшы Нұржан Сманов осындай қалыпта құйылған азамат, белгілі тұлға.

Ол әрқашанда алыс-жақын ағаларына, сүйеніш іні-қарындастарына қамқор болып, өз әулетінің ұйытқысын айрандай ұйытып жүрген мейірімді де, қайырымды да зерек азамат.

Нұржан бокс көгінде ерекше жарқыраған жұлдыз, ол бокс өнерінің қайталанбас дарабоз тұлғасы. Бар ғұмырын спорттың оның ішінде бокстың құдіретін, жақсылығын адамдарға танытуға арнаған батыр. Спорттың мұраты да осы болса керек. Нұржан бүгінде ел елегінен өткен азамат. Әрине азаматтық, қайраткерлік мансаппен өлшенбейді. Мансап қолдың кірі, бүгін бар, ертең жоқ. Ел сенімін ақтап, ел есінде қалу оңай шаруа емес. Осы жолда Нұржан «не тындырып, не қойдым» артымдағы ізім қандай деген өмірдің қамшылауымен тіршілік кешіп келеді. Ол Шоқыр Бөлтекұлы атасының лайықты ізбасары, шәкірті ретінде, Қазақтар үшін ұлттық спорт түріне айналған киелі бокс өнерін өмірге, өмірді киелі бокс әлеміне айналдыра білген ерекше талант иесі. Қазақ халқын бүкіл әлемге мойындатып, еліміздің туын биікке көтеріп, ән ұранын шырқатқан асыл қасиеттің иесі де осы Нұржан Дінікүлұлы.

Бұл орайда Нұржанның мерейі үстем болған биік асулары баршылық, оның дүрмекті додалардан алған атағы мен алтын медальдары атан түйеге жүк боларлықтай. Сол жеңісті жолдардың негізгілеріне бір сәт көз салайықшы:

1. КСРО чемпионы;
2. Еуропа чемпионы;
3. Үш дүркін Азия чемпионы;
4. Көптеген халықаралық турнирлердің жеңімпазы;
5. Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы.

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» демекші ақ шаршы ринг төріндегі осынау көп жеңістер өздігінен келе салмағаны белгілі. Мұның бәрі ащы тердің кермек дәмін тата отырып, маңдайынан сылып алған ұланғайыр еңбектің, тынымсыз ізденістің нәтижесі. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ спортшыларының арасынан шыққан Нұржандай көксеңгірді жыға танымау айрықша бағаламау мүмкін емес. Рас, халық сеніміне ие болудан асқан абырой жоқ. «Ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды». Нұржан сияқты бақыт құсы басына қонған, қас былғары қолғап шеберін арнайы іздеп келіп, «жақсыдан шарапат» деп жұғыстылығын ырым етіп, балалары мен немерелерін оның отырған орнына аунатып алып, тәу етіп Нұржанның есімін беріп жатқандар қаншама!

Уақыт өз дегеніне көндірмей қоймайды. Нұржан да бокспен қоштасып, былғары қолғабын шегеге ілді. Бірақ, үлкен спорттан қол үзген жоқ. Міне, төртбес жылдан бері Шымкент қалалық спорт бөлімін басқарып келеді. Көп іс тындырса да менменсіп, көсемсіп кеуде қақпайтын «бетегеден биік, жусаннан аласа», бірқалыпты, мінезі мен жүріс-тұрысынан бір айнымайтын, қарапайымдылығымен, көп тыңдап, аз сөйлеп, өзінің қорытынды ойын бірақ айтатын Нұржандай азаматтың осындай жан-дүниесін білгеннен кейін, одан суыртпақтап сыр тартқанда ғана оның кеудесінің сырға толы қойма екеніне, қазіргі қоғамның дамуына қосып отырған үлесі мен жемісті еңбегінің мәуелі екеніне көз жеткіздік те, өзін сөзге тарттық:

- Үлкен спортпен қоштасқаннан кейін қала басшыларының ұсынысымен Шымкент қалалық спорт бөлімін басқаруға бел будым. Міндет айқын, қала спортын дамыта отырып, облыс намысын, қала берді, республика намысын қорғайтын нарқасқа спортшылар дайындау.

Қалалық спорт бөліміне қарасты арнайы спорт мектептерінде тәрбиеленіп жатқан жас ұрпақты рухани жан-жақты дамыған, халқымыздың ертеңгі болашағын

берік ұстай алатын спортшы-азаматтар етіп дайындау басты мақсатымыз. Сол жастарға тілейтінім, әлемнің бар асылын теріп, оқып-біліп өссе деймін. Жасыратыны жоқ, бүгінгі жас ұрпақтың көбісіне дүниетаным жетіспейді. Дүниетанымды кеңейту үшін өмірдің бар асыл-маржанын теріп оқыса, соны білуге ықыластары мол болып, өмірдің тереңіне бойлай түссе екен деймін.

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей барды білсем, жоқты тапсам» дейтіндері ілуде біреу ғана, «арпа ішінде бір бидай» болып қана кездесетіндері. Қоғамдық ортада төрт құбыласы түгел болу үшін, ұлттың ілгері басуы үшін ұрпақ озық ойлы болып жетілсе игі. Қара басының қамы үшін баз өмірді балағынан басып жүргендерді емес, елдің қамын жеп, атын шығару жолында қабырғасы қайысатын ұрпақ тәрбиелесек, бәріміз болып.

Оларға адамзат баласының рухани асыл қазынасынан нәр жинақтауға көмектесек үлкен іс тындырған болар едік, – деген пікірін шын жүрегімен жайып салды.

Әр адамның өз «мені» бар. Ол кімде де болса бар. Нұржанның «мені» жеті өлшеп бір-ақ кесетін турашылдығы, асығуды-аптығуды білмейтін сабырлылығы, шыққан тауым биік болды деп кісімсінетіні, ұлық болса да кішілігін сақтайтын қарапайымдылығы, жатты да жақсы ісіне қарап бағалайтын әділдігі болар, жастарға үкілеп үміт арта білетін қайырымдылығы. Бірге істейтін қыз-жігіттердің пікірлерінен байқағаным, Нұржанның бір ғажабы – өз орынбасарларына, спорт-мектептің басшыларына, бөлім меңгерушілеріне кәміл сенетін және алаңдамай жұмыс істеуге ерік беретіні, жалтақтатпайтыны, қалай қолдаса, солай қорғай алатыны. Ұжым болған соң кейде кездейсоқ кемшіліктер бола қалса, оған кінәлі азаматты оңаша шақырып алып, қуырып жеуге бар да, сөгіс жариялап шала байлауға, елдің алдында сағын сындырып, тауын шағуға жоқ көрінеді.

Міне, осындай бірлігі жарасқан, тату-тәтті ұжыммен кез келген өрелі істі өндіре атқарып, басшылар сенімінен шығуға болатынын, түйгені мол Нұржандай зерек те зерделі көргенді азамат, қасындағылардың қадіріне жетіп барып, оларды құрмет тұтатын асыл қасиеті бар. Кімнің адамгер-

Жақсы жүрген жерінде із қалады

шілігі мол, азаматтығы бөлек, міне Нұржан-ның өмірлік безбені осы.

Шымкент өндірісті орталық, қала ішінде қаншама зауыт, фабрикалар бар. Сол өндіріс орындарында істейтін мыңдаған еңбек адамдарын бұқаралық спортқа тартып, салауатты өмір салтын орнату жолында қалалық спорт бөлімі кешенді бағдарламалар дайындап, оны жүзеге асыруда.

Қалалық спорт бөліміне қарасты 5-6 орталықтандырылған әртүрлі бағыттағы спорт мектептері жұмыс істейді. Осы мектептер қабырғасында спорттың барлық түрі бойынша облыстың, еліміздің құрама командаларына мүше болуға лайықты ізбасарлар қатары 30-35 спортшыдан кем болмауы қолға алынып, жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Бұрынғы боксшы ретінде, қаладағы спорт мектептерінде бокс бөлімдерін ашып, оның жұмысына тікелей өзі басшылық жасауда. Әр басшының өзіне тән жұмыс істеу әдісі мен дағдысы болатыны белгілі. Көптеген мектептер техникалық-базасы жағынан кемшін соғып тұрғанын ескеріп, қызметіне алғаш кіріскен күннен бастап олимпиада мектебі деген атаққа сай болу үшін барлық жабдықтау жұмыстарын қолға алды. Барлық спорт мектептерінде бапкерлерге, дәрігерлерге арнайы бөлмелер беріліп, ішін жиназдармен жабдыктатты.

«Жасыл ел» бағдарламасына сай мектептер алды аббаттандырылып, көшеттер отырғызылды. Әр аптаның сенбісі «Мынау – менің мектебім» деген атпен тазалық дәстүрін тұрақты өткізуді дәстүрге айналдырған. «Ердің атын елі шығарады, елдің атын ері шығарады» деген аталы сөзге жүгініп әрбір адамға оның лайықты бағасын беру кім-кімнің де арына сын болса керек. Әкім бол, мейлі қара бол, бәрібір. Тіпті зиялылықтың өзі лауазымда, қызметте емес, іс-әрекетте, адами қасиеттердің астарында жатқан жоқ па? Оны тек танып екшей білу ләзім. Қайраткерлік те, тұлғалық та әркімнің атқарған іс арқылы айқындалады ғой. Шымкент қаласындағы «Қаланың құрметті азаматтары» аллеясының қақ төрінде мәрмәр тасқа аты жазылған қаланың атышулы тұлғаларының қатарында тұрған, Нұржан інімізге жақсы атағың жаһанға тарай берсін дейміз.

Ана тілі туралы ойлар

Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады, өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.

Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау.

«Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғандығын кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз».

Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ

Тіл – жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт.

«Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек».

Ана тілін біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, орысша жақсы сөйлесең, бұл – күйініш.

Халел ДОСМҰХАММЕДҰЛЫ

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім!
Шыр етіп жерге түскен минутымнан
Құлағыма сіңірген таныс үнін.

Ана тілі қайнаған қанның, қиналған жанның, толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда дәм де, мән де болу керек.

Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ

ЖАҒАҢДАҢУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАТТАРЫ

Жаһандандудың дінге қатысты қазығы, өзекті идеясы- жекелеген ұлттық мемлекеттерді әлсіретіп, әлемдік капитализм мен күллі кісі баласына ортақ құндылықтарды, талғам қалыптарын (стандарттарын) (мысалы «бұқаралық мәдениет», «пост-фордизм», «ғаламдық бір ғана басқару тетігі», т.т.) және білім талаптарын, барлық ұлттар мен халықтар үшін бір мүдделі ғана ортақ саяси-әлеуметтік ойлау жүйесі мен «біртұтас ғаламдық мәдениет» орнықтыру екендігі белгілі. Міне, осы идеялардың іс жүзіне асырылуы үшін жалпы, адамзаттық өмірлік мәні бар мәселелер туралы ғылыми ілім, пәнаралық жүйе және бүкіл әлемдік ауқымда «бұқаралық мәдениет» үлгілерінің жиынтығы жасакталуда. Капиталистік қоғамдағы немесе әлемдік деңгейдегі өндірістің ғаламдануын және капиталдың ағымын басқаратын «Ғаламдық капиталист» термині енгізіліп, іске қостырылуда. Жаһандандудың өзегін құрайтын жоғарыда аталған бағдарламалық ұстанымдарды іс жүзіне асыру үшін әр түрлі теориялық постулаттар (таланттар, ой-пікірлер) мен саяси ойындар пайдаланылуда. Сондай саяси тәсілдің бірі ретінде әлем халықтарының санасына «оңшыл» либерализм өкілі стандарты енгізіле бастады. Бұл саясаттың қысқаша мәнін «әрбіреуге өзіңкі» деген қағидаға сыйғызуға болады. Әр адам өзінше әрекет жасап, ең алдымен, өз қамын ойлауы керек. Осы себепті мыңдаған жылдар бойы қауымдастық рухында тәрбиеленген халықтың санасында «құндылықтар қактығысы» пайда болып, зор қайшылықтар тудыруда.

Ал, жаһандық-бұқаралық мәдениеттің рухани өнімдері – поп-музыка, теледидарда және түнгі клубтарда жүретін әртүрлі шоулар, ұшы-қиыры жоқ сериалдар, жалаңаш-жалпы клиптер, порно-фильмдер мен эротикалық кітап-журналдар, сенация қуалаған журналистер өсімтал жастардың ғана емес, ересек адамдардың да санасын жаулап алып, уландырып бағуда. Осылардан кейін, яғни, жұрттан ақша түсіру үшін адамның ұятты сезімдерін қытықтап қоздыратын телерадиоөнімдер, адамның жүрегін түршіктіретін түрлі сенсациялардың арқасында адам бойында ұлттық дүниетанымға орын қалмауы тиіс. Бір сөзбен қайырганда, бұқаралық мәдениет – мейірімсіздікті, сексуалды ұстамсыздықты, азғындықты (аморализмді) насихаттайтын «лас» өнімдер жиынтығы. Демек, көрініп тұрғандай бұқаралық мәдениет ұлттық пен мемлекеттік тұтастықтың негізгі заңдылығы мен таза халықтық дәстүрлі құндылықтарды адам бойынан өшіріп, ұлттық-салт санадан, дәстүрлі мәдениеттен алыстады. Яғни, жаһандандудың тұрпайы рухани өнімдері кез-келген ұлттың санасының тінін бұзып, ұлттық тәрбие мен тәртіптілік талаптарын теріске шығаруда. Жаһандандудың ең қауіпті сипаты – ұлттық құндылықтарға қарама-қайшы амо-

ральды қылықтарды қоғамдық идеологияға айналдыруында. Күн демей, түн демей, ақпарат құралдары бұқаралық мәдениет өнімдерін оңды, солды таратып жатыр. Мемлекет атынан не айтылса соны дұрыс санап келген әрі қоғамдық санасы тоталитаризм синдромынан әлі де айықпаған ТМД халықтары насихаттық қалыптардан (ТВ, радио, газет-журнал) дәстүрлі мораль талаптарына қайшы келетін сексуалды мәдениет насихаттала бастағанда оны ресми мәдениет өнегесі ретінде қабылдап алды.

Жаһандық-бұқаралық мәдениет Батыс Еуропа елдерінің өзінде де қоғамның әлеуметтік-мәдени негізін бұзуда. Қазір мұнда бұқаралық мәдениеттің ең жоғары сатысы «бір өлшемді адам» - «*homo ludens*» туралы көп айтылады. Бұл - рухани мазмұнын жоғалтқан, сауықшыл, елмен бәстесіп, кез-келген жолмен (*алдау, арбау, т.б. арқылы*) озып шыққанды өмірдің мәні санайтын адамдар түрі. Бұған Батыстағы нашакорлар мен әртүрлі субмәдениет, яғни, хиппи, рокер, рэпер, т.б. антиәлеуметтік дүниетаным өкілдерін қосыңыз. Осыдан барып отбасын құру, бала-шағаны жеткізу, білікті маман болып қоғамда өзінің лайықты орнын алу, елге қамқорлығымен бедел жинау сияқты адамдардың әлеуметтік тілек-мақсаттары қоғамды дамытатын ын-таландырушы фактор болудан қалып барады [1.46-47бб]. Ал, мемлекеттік-ұлттық бірегейлікті қалыптастыру негізінде әлеуметтік жауапкершілікті жоғары қоятын, көпшіліктің мүддесі үшін жеке бастың құмарлықтарын екінші қатарға ысыратын рухани құндылықтар ғана жатса керек. Демек, жаһандық бұқаралық мәдениет пен ұлттық мәдениеттің мазмұндарын құрайтын құндылықтар топтамалары бір-біріне мүлдем қарама-қайшы дүниелер.

Көпұлтты Қазақстан жағдайында жаһандық бұқаралық мәдениет экстремистік бүлдірушілік әрекеттерге бой алдыруы мүмкін. Себебі, әсіре ұлтшылдық рухани жетімсіздігінен белгілі бір ұлтқа тән салт-санаға, дәстүрге негізделген рухани-интеллектуалдық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңірте алмауы мүмкін. Өйткені, бұқаралық мәдениеттің келе-келе радикалды әрекеттерге итермелейтін әдеті бар. Егер, рухани-мәдени бірегейлігі қалыптаспаған қоғамды бұқаралық мәдениет кеулеп кететін болса, міндетті түрде апатиялық немесе экстремистік, радикалды қозғалыстар туындайды. Оған мысал – АҚШ-тағы хиппилер мен Ресейдегі скинхедтер қозғалысы. Қазақстанның жағдайы да маз емес. Бұқаралық мәдениет үлгілері жылдан жылға жастардың санасын тереңдете жаулап алуда.

Мәдениет – біріншіден, материалдық һәм рухани құндылықтар жиынтығы. Құндылықтар салауатты әлеуметтік белсенділікке бастаса ғана рухани құндылық болып саналады. Екіншіден, мәдениет - қоғамның рухани өмірінің жемісі. Яғни, ол - діни һәм ұлттық дүниетаным, жалпыадамзаттық және

ұлттық құндылықтар, бірлікке шақыратын символдар жүйесі. **Үшіншіден**, мәдениет бұл қоғамға пайдалы белгілі бір кәсіпті игеру, сол кәсіпке керекті білім мен тәжірибе жинақтау. **Төртіншіден**, мәдениет – адамның алған біліміне, тәрбиесіне қарай әлеуметтік мінез-құлқы, қоғамдық орындардағы биязы жүріс-тұрысы һәм пайдалы қарекеті. **Сонда**, мәдениет дегеніміз – қоғамның бірегейлігіне негіз қалайтын рухани құндылықтардың, адамдардың өзара түсіністік қарым-қатынас қағидаттары мен ұлттың қоршаған ортаға, табиғатқа көзқарасының жиынтығы. Мәдениет өз құрамына міндетті түрде тарихи жадыны, әдет-ғұрыптарды, діни сенімдерді, киім үлгілерін, ұлттық тілдерді, діни ритуалдарды қамтиды. Ал, жалпы адамзаттық құндылықтар деп жүргеніміз осы ұлттық құндылықтардың ортақ, әмбебап қағидалары. **Сонда**, «бұқаралық мәдениеттің тұрпайы үлгілері» дегеніміз кез-келген мемлекеттің тұтастығының, тұрақтылығының, экономикалық, ғылыми-технологиялық дамуының тірегі болатын шынайы мәдениетіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына, мінез-құлқына жат жалпы адамзаттық құндылықтарға қайшы құбылыс болып шығады. Олай болса, жаһанданудың ұлттық мемлекеттердің ішкі бірлігін, мәдени тінін бұзатын зиянды ықпалы – тұрпайы бұқаралық мәдениет үлгілерін насихаттауы екені даусыз. «Бұқаралық» ұғымына «мәдениет» сөзін тіркеп айтамыз, өйткені, ол адамдардың сөзжасам заңдылығынан, сөйлеу ыңғайынан шыққан дүние. Олай болса қазір, барлық дамушы елдердің, әсіресе, өз егемендігіне жаңадан ғана қол жеткізген жас мемлекеттерінің жаһандануды өздерінің ұлттық бірегейлігі негіздеріне қауіпті санауы заңды құбылыс.

Жаһанданудың елімізге мәдени ықпалы нарық заңдылықтары арқылы да енуде. Жаһандану үрдісінің қозғаушы күші капитализм десек, адамдардың жаппай маргиналданду процесі алғаш осы капитализммен бірге туындаған болатын. Кеңес Одағының тарауына әлемдік капитализмнің қысымы да әсер еткені белгілі. Жеке мемлекеттердің ендігі дамуы Батыстық дамыған елдердің қаржылық көмегі арқылы ғана іске асуда. Қазіргі Қазақстанда да өндірістік процеске қатыспайтын, нарыққа керекті кәсіп игермеген адамдар саны жетіп артылады. Мұндай адамдардың көбі қазіргі өндірістің кәсіби талаптарына жауап бере алмайды. Сондықтан, қазіргі Қазақстанда да маргиналдар тобы пайда болды. Ереуілге, қақтығысқа бейім, ашу-ызасын шығаратын жол іздеп, қыстығып жүргендер, утопистер, «халифат», «джихад» идеясын іске асыруды аңсайтын діни фундаменталистер, т.б. антиәлеуметтік энергия иелері, осы маргиналдар арасынан шығады. Бұл адамдарға тән психологиялық теріс қасиеттер мыналар: өмірін жоспарлауға дәрменсіздік, нашар тұрмыстың себебін білмеу, өмірде жолы болмағандықтан, қоғамға деген өкпе мен өшпенділік, өте ұшқары қимылдардан, тіпті, террорлық әрекеттен де тайынбау, өз құқықтарын білмеу,

білімнің жоқтығынан экономикалық-қоғамдық өзгерістерді түсінбеу, соның кесірінен жеке дүниетанымының қалыптаспауы.

Халықтың маргиналдандуын экономикалық-әлеуметтік дағдарыс, бір жүйеден екінші жүйеге өту процесі және ауыл халқының қалаға жаппай көшуі күшейтіп отыр. **Осының кесаратынан Қазақстан жастарының бойындағы этникалық құндылықтар жойылуда және олар бұқаралық мәдениет өнегесін тез қабылдауда.** Сөйтіп, қазір жастардың біршама бөлігі ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін жоғалтуда. Мұны біз қылмыстың, маскүнемдік пен нашакорлықтың, жезөкшеліктің, радикалды діни догмаға көзсіз сенушілердің көбеюінен байқаймыз. Бұл, әрине, адамдардың өз өмірлерінің мәнін жоғалтуына ұласады. **Рухани қайыршылыққа түскен адамның бойынан білімге, кәсіп игеруге, сәлауатты өмірге деген ықыластың жойылып кететіні белгілі.** Бұл жағдай әлемдік көлемде де қарқынды жүріп жатыр. Трансұлттық корпорациялардың, әлемдік қаражат рыноктарының бүтінгі әрекеттері жердің күнгей бөлігіндегі мемлекеттердің кедейлене түсетінін білдіреді. Индустриалды мәдениеттің қарапайым жұмысшысын дайындауға 100-150 мың АҚШ доллары кететінін, ал технологиялық өндірісті жүргізетін басқарушы маманды дайындауға 800 мың АҚШ доллары кететінін ескерсек [2.60 б], біздің елде де әлеуметтік саланы, яғни, денсаулық сақтау саласын, білім беру жүйесін жетілдіру, сондай-ақ, отандық өндірісті дамыту көп қиындықтар тудыратындығын болжауға итермелейді.

Болашақта маргиналданду процесі баяулағанымен, жалпы жалғаса беретіндігі анық. Себебі, бүгінгі таңда маргиналдар кез-келген дамушы мемлекет халқының біршама бөлігін құрайды. Өз өміріне риза емес, билік басындағыларға деген өшпенділігі асқынған азаматтарға көбінесе геосаяси мақсат көздеген радикалды саяси күштер мен экстремистік діни ұйымдар үйір келеді. Сондықтан, жаһанданудың ықпалы ұлттық мемлекеттердің саяси егемендігін шектеп ішкі саяси тұрақтылығын сақтауға кері әсер етуі мүмкін, оған дәлел ретінде соңғы екі жылдан бері араб мемлекеттерінде болып жатқан «араб көктемі» деп аталатын атыс-шабыстарды мысалға келтіруге болады. «Батыстың» дамыған мемлекеттерінің айдауымен болған бұл теке-тірестер мыңдаған адамның өмірін қиып кетті.

Сондықтан, өз егемендігіне жаңадан ғана қол жеткізген Қазақ мемлекеті елді мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың көңілінен шығатындай саясат ұстануы тиіс. Демократиялық қағидаттарға баса назар аударып, ел бірлігі, ұлтаралықынтымақтастық пен өзара құрмет, діни келісім мен түсіністік, нарықтық кеңістіктің ортақтығы мен заңдардың бірегейлігі, демократиялық институттардың орнығуы, азаматтық қоғам қағидаттарының іс жүзінде іске асырылуы сияқты мәселелерді тұрақты түрде күн тәртібінде ұстап, уақытылы әрі оң шешіп отыруы қажет.

Қазақ мемлекетінің ұлттық қауіпсіздігі, ең алдымен, жас тәуелсіз мемлекетіміздің егемендігін, саяси тұрақтылығын, ішкі бірлігін сақтау болып табылады. Ол үшін «... адам мен адамзаттың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету елде қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты сақтау; Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу және Қазақстан халқының бірлігін нығайту; Қазақстан қоғамының материалдық және рухани құндылықтарын сақтау мен еселей

түсу; Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының, оның ішінде мемлекеттік тәуелсіздігінің, тұтастығының, мемлекет шекарасына қол сұғылмаушылық пен ел аумағының бөлінбестігінің бұлжымас бірлігі»[3] болуы тиіс.

Оразбек НҰСҚАБАЕВ,
профессор,
Индира МУСИРЕПОВА,
А. Ясауи атындағы ХҚТУ-інің
магистранты

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Қадыржанов Р. Консолидация политической системы Казахстана: проблемы и перспективы. – Алматы, 2009-127с.

Амирова А. Этнический аспект маргинализации // Этнические проблемы социально-политического развития РК Материалы междун.науч.-теор.конф.,-Алматы, 2002.-С.58-61.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы заңы./http://www.unesco.kz.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛҒА КЕРІ ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

Елдегі демограф-ғалымдардың жорамалына сүйенсек, 2013 жылдың ортасына қарай 17 млн-ға жетеді екенбіз. 1991 жылғы санымызды дөңгелетіп алғанда, 17 млн екенін ескерсек, сол деңгейге 22 жылдан кейін жетпекшіміз. Ал, шын мәнінде табиғи өсімге сырттан келген 1 млн қандастарымызды еске алар болсақ, онда табиғи өсім теріс дәрежеге түскенін білдіреді. Осы 22 жыл көлеміндегі Қазақстан өз дамуын көрші елдермен салыстырып көрсек. Өзбекстанның халық саны 1991 жылы 20 млн 708 мыңды құраса, биылғы жылдың соңына қарай 30 млн-ға жететінін ескерсек, 22 жылда Өзбекстан 10 млн-ға көбейеді. Ал, түрікмен халқы осы тәуелсіздік жылдары 2 млн-ға, қырғыз елі 1 млн-ға көбейген.

Халық саны ең басты саясат, елдің даму көрсеткіші десек, біздің осы күнге дейінгі әлеуметтік-экономикалық жетістіктерімізге күдіктер туындайды. Мұнда өзге диаспоралардың жаппай көшіп кетуін сылтау етудің керегі жоқ. Себебі, кеткендердің көпшілігінің қайта келгенін, оған 1 млн қандастарымыздың келгенін қосқанда, керісінше халық саны көбеюі керек еді. Осыдан кейін түрлі себепші факторлар туындайды. Жалпы алғанда себепші факторларды

1. Әлеуметтік жағдайдың нашарлығымен:
 - 1.1.Баспана мәселесімен;
 - 1.2. Денсаулық сақтау саласының олсалдылығымен;
2. Санактың дұрыс іске аспауымен;
3. Көші-қон заңымыздың солқылдақтығымен сипаттауға болады.

Әлеуметтік жағдай демекші, ең басты факторды осы жағдайға тенеуге болады. Өйткені, қай дерекке сүйенсек те, орташа есеппен отбасында бір-екі ғана баладан аспайтындығы анықталды. Әрине, қазақ сынды менталитеті кеңдікті

қалайтын елде әлеуметтік жағдай біз ойлағандай жоғары болғанда, баяғы ата-бабаларымыз сынды бір отбасында 10-11 бала демесек те, 5-6 баланың болуы хақ еді ғой. Қазіргі таңда, осы әлеуметтік жағдайдың төмендігінен көптеген жас отбасылар өз қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмай, ажырасуға душар болуда. Қаншама отбасы жағдайдың төмендігіне байланысты, баспанаға жете алмай, пәтерден-пәтерге көшуде. Соңғы жылдардағы әлеуметтанушылардың ресми статистикасына сүйенсек, бір жылда 180 мың отбасы тіркелсе, соның 60 мыңы айырылысуға душар болған. Қазақстан өлім деңгейінен де алдына жан салмай келеді, соңғы статистика мәліметтеріне сүйенсек, 150 мың-200 мыңдай өлім саны тіркелген. Соның ішінде 30 мың адам жол апатынан қаза тапса, әрбір 100 мың қазақстандықтың 30-ы өз-өзіне қол жұмсаудан көз жұмған. Сонымен қатар, елімізде кейінгі 1 жылдық көлемінде 300 мыңға жуық түсік тіркелген. Баланың туу деңгейінің төмендеп кеткендігін де байқау қиын емес.Неге десек, әрбір отбасында қазір баланың дүниеге келу көрсеткіші негізінен 1-2 баладан жоғары емес. Мұның айқын дәлелі ретінде мынаны айтайын. Ресми мәліметтерге қарасақ, соңғы он жылда халық саны 14 облыстың 7-інде, яғни Солтүстік Қазақстан облысында – 17,8, Қостанай облысында – 12,9, Ақмола облысында – 10,9, Шығыс Қазақстан облысында – 8,8, Павлодар облысында – 8, Қарағанды облысында – 4,9, Батыс Қазақстан облысында – 2,9 пайыз қысқарған. Бұл – аталған облыстарда халық санының өсімі жоқ деген сөз.

Кейінгі кезде баспана мәселесі бас ауруына айналды. **Үй мәселесіне орай, ғалымдардың жүргізген арнайы зерттеулер нәтижесінде орташа дәулетті американдық 2 жыл 7 ай дегенде, баспаналы болуға мүмкіндігі бар екен.**

Ал, орташа қазақстандықтар үйге жету үшін 23 жыл ақша жинауы тиіс. Әрине, жиналатын ақшаның негізгі кірісі – ай сайын алатын жалақының көлеміне байланысты. «Каз Ризэлт – Недвижимость» порталы жүргізген соңғы ресми деректерге қарағанда, Қазақстанда үй бағасының орташа құны – 26,3 млн теңге немесе 178 мың АҚШ долларын құрап отыр. Осыған орай, осы жылғы Статистика Агенттігінің жариялаған мәліметіне сүйенсек, еліміздегі орташа жалақы – 660 АҚШ долларын немесе 97 мың теңгені құрап отыр. Егер, бір үйде екі адам осындай жалақы алып отыратын болса, онда пәтер үшін екі жақтап 23 жыл ақша жинайды екен. Алайда, бұл жалақының тұрақты емес екендігін, яғни, елімізде 18-25 мың көлемінде жалақы алатын адамдар бар екендігін ескерген жөн болар.

Осындай келеңсіз жағдайлардан кейін елімізде баспана мәселесі ушығып тұр. Жыл сайын мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы жүзеге асырылғанымен, баспанаға зәру адамдардың саны еш азаяр емес. Қазір 2005-2007, 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасына ілігіп, алай да үй ала алмай, кезекте тұрған отбасылардың саны бір Алматы қаласының өзінде 11 мыңнан асып жығылады. Бұл жердегі ең басты кедергі: 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы кезінде үйдің бір шаршы метрі 56 515 теңге болған. Одан кейін инфляция болды деген желеумен 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасында үйдің бір шаршы метрі 71 774 теңгеге көтерілді. **Үй кезегінде тұрғандардың барлығы осы бойынша құжаттарын өткізіп, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне айма-ай қаражаттарын төлеп келе жатыр. Алайда, осы бағдарлама бойынша келісімшартқа отырып, үй кезегінде тұрғандарды, енді, Алматы қалалық ипотекалық тұрғын үй бағдарламасына өткізіп жіберді. Ал, қалалық бағдарламада үйдің әр шаршы метрі 102 мың теңгеге көтерілген. Бұл бағдарлама жас отбасылар мен санаулы ғана айлық жалақысы бар бюджеттік қызметкерлердің қалтасына сай емес.**

Денсаулық сақтау саласы да елімізде оңтайлы тұстарымен көзге түсер емес. Жоғарыда көрсетілгендей елімізде жалпы саны 150 мың-200 мыңдай өлімі тіркелген. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша Қазақстанда жыл сайын 5 жасқа дейін 5000 сәби өлімі тіркеледі. Кішкентай балалардың өлімінің негізгі себептері – инфекциялар, босану кезіндегі қиындықтар, нәрестенің даму кезіндегі ауытқушылықтар. Алайда, «Осы балалардың үштен бірін аман алып қалуға болатын еді» деген пікірді ұстанады ДДҰ-ның мамандары. Ұрпақты болу денсаулық мәселесі өзекті күйде қалып отыр, неке құрған 16%-ы бедеу болып табылады. Ана өлімінің негізгі себептері (2008 ж. тірі туған 100 мың нәрестеге шаққанда. - 31,2) акушерлік қан кету, гестоздар, экстрагениталдық патология, жоғары көлемде түсік жасатудың салдары және аурушандық (жыныстық қатынас

арқылы берілетін жұқпалар, қаназдық) болып қала береді. Бұл жағдай медициналық қызметтер сапасының жеткіліксіздігінен және оның тиісті стандартталуының болмауынан да күшейе түсуде. **Аналар мен балалар денсаулығының жеткіліксіз деңгейі, елеулі аурулардың таралуы, қоғамдық денсаулықтың төмен деңгейі және кепілді көлемде ақысыз медициналық қызмет көрсетудің тиімсіз қамтамасыз етілуі халық денсаулығының төмендігін айқындайды.** Сонымен қатар, елімізде әлеуметтік елеулі аурулар экономикаға айтарлықтай зиян келтіруде және болжанып отырған өмір сүру ұзақтығын төмендетіп отыр, оның деңгейі 2008 жылы 67,11 жасты құраған. 2007 жыл бойынша бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексінің (БҚЖИ) мәліметтеріне қарағанда Қазақстан болжанып отырған өмір сүру ұзақтығы көрсеткіштері бойынша (64 жас) 101 орынды алады. Жалпы, өлім-жітімнің ең көп үлес салмағын (50,3%) қан айналым жүйелерінің аурулары (ҚЖА) алады. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша, 2008 жылы ҚЖА-дан қайтыс болғандар саны 76750 адамды құрады, оның ішінде еңбекке жарамды жастағылардың үлесі (16-62 жас) 25 % құрады.

ДДҰ мәліметтері бойынша Қазақстан АИТВ/ЖИТС індетінің шоғырланған сатысында тұр (1,1% орташа әлемдік көрсеткіштен халықтың 0,2%). Халықаралық сарапшылардың есептік көрсеткіштері бойынша, Қазақстанда тұрып жатқан АИТВ ауруы бар адамдар саны 16 мың адамды құрайды, бұл тіркеуде тұрғандардың санынан 2 есе артық, ал, АИТВ/ЖИТС бойынша жағдайдың ушығу мүмкіндігі жоғары, өйткені есірткіні инъекция арқылы қолданатын адамдардың тәртібі қауіпсіз емес, АИТВ туралы білім деңгейі төмен, соның салдарынан жыныстық қатынас арқылы ауруды жұқтыру жағдайларының өсуі байқалады. Сонымен қатар, тұрғындардың психикалық денсаулықтарының төмендеуі байқалады (өлім-жітім көрсеткіші 100 адамға шаққанда, 162,5-ден 391,7-ге дейін өсті). Жарақаттан, жазатайым оқиғалардан және уланып өлу жағдайлары Қазақстан Республикасы халқының өлім-жітім себептерінің ішінде екінші орынды алады.

Экологиялық жағдайдың төмендеуі қоршаған ортаның зиянды факторларының әсерімен байланысты ауруларды (тыныс алу мүшелерінің аурулары, онкологиялық аурулар, аллергиялық аурулар және т.б.) диагностикалау мен емдеу бойынша медициналық қызмет көрсетуге сұраныстың артуына себепші болып отыр. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды одан әрі тұрақтандыру өзекті мәселе болып отыр. Сальмонеллезбен сырқаттанудың өсуі байқалады (100 мың адамға шаққанда, 13,2-ден 15,3-ге дейін). Шетелдерде тіркелген аса қауіпті және басқа жұқпалардың (қалыптан тыс пневмония, құс тұмауы, 71 типті энтеровирусты жұқпа, H1N1 және т.б.) енуіне байланысты эпидемиологиялық жағдайдың ушығу қаупі сақталып отыр.

Келесі фактор халық санағының дұрыс іске

аспауы. Осы фактор барысында халық санына қатысты күмәнді сандарды келтіру жөн болар. Мысалы, 2007 жылғы халық саны 15 млн 394 мың болса, 2012 жылы 1-қазанда 16 млн 856 мыңға жетіпті. Егер де осы жылдардағы жылдық табиғи өсім шамамен 130 мың болса, 5 жылда 650 мыңға көбеюіміз керек. Ал мына санақта шамамен 1,5 миллионға (1 млн 462 мың) көбейген есепті. Әрине, осылай болғанын қалаймыз ғой, дегенмен бұл демографияның заңдылықтарына жанаспайды. Осының салдарынан түрлі күмәндер туындайды. Халық санағын толыққанды жүзеге асырмай, артынша өзіндік жорамал жасау. Қалай болғанда да, соңғы халық санағының төңірегінде үш түрлі, яғни, 2009 жылғы халық санағында қазақтардың үлес салмағын Премьер-Министр 67% десе, Елбасы 65%, ал, Статистика Агенттігі 63% деп шығарды. Осындай жорамалдар жасалмай толыққанды санақ жүргізілсе, халқымыз осы сандық көрсеткішінен әлдеқайда артық болар еді. Халық санағы бойынша әлемдік ортақ тәжірибе бар. Соның негізінде санақта қателіктер кеткеннің өзінде 3% дан аспауы тиіс екен. Ал бізде алғашқы мәлімет пен жаңа мәлімет арасында 1 млн адам кеміді, яғни 6,2% қатені құрады.

Халқымыздың көбеймеуінің тағы бір үлкен себепші факторы, Көші-қон заңымыздың сол-қылдақтығы. Қазіргі таңдағы ресми деректерге сүйенсек, жат елдердегі қандастарымыздың саны 4 млн-ға жеткен екен. Кім де болсын, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының жақсы болғанын қалайды. Қандастарымыз бөтен елде күн көре алмағандықтан келген жоқ. Атамекенін аңсап, орныққан жерін, кәсібін тастап келді. Сөйтіп келгенде, не баспаналы бола алмай, не жұмысқа тұра алмай, бөтен елде көрмеген теперішті өз елінен көреді. Яғни, біздер қандастарымызды шақырғанмен, оларды тұрғын үймен және жұмыспен қамтамасыз ету мәселесін шешпей, оны өздеріне ысырып тастай салдық. Осыдан баспана мен жұмыс таба алмай, сарсаңға түскен қандастарымыздың

көшін кері бұрып жатқандары бар. Сондай-ақ, көші-қонға қатысты мемлекеттік мекемелердің айналасында жүргендердің жалған құжаттар жасау, яғни коррупциялық әрекеттерге бару арқылы оралмандарға тиесілі қаржыны пайдалану фактілері де анықталып жүр. Сонымен қоса, елімізде «Нұрлы көш» бағдарламасының жұмысын тоқтатқандығы тағы бар. Осындай құйтырқы процестердің барысында биліктің халық санын көбейтуге деген ынтасы болмай тұрғанын көруге болады.

Алдыңғы қатарлы ел болуды көздесек алдымен халқымыздың санын арттыруымыз қажет. Өйткені, халық саны ел дамуының көрсеткіші, ең басты саясат екені белгілі. Бұл тұрғыда бірінші кезекте еліміздің әлеуметтік жағдайын, тұрмыстық деңгейін тұрақтандыруымыз қажет. Ал, демографиялық ахуалды жақсартқымыз келсе:

- отбасылардың, әсіресе, көпбалалы отбасылар мәртебесін көтеру;
- көпбалалы отбасыларына пәтер алуға және жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскелерін алуға басым құқықты заңнамамен белгілеу;
- отбасыларының үш және төрт балалы болу;
- бала тәрбиелейтін әйелге ең төменгі өмір сүру деңгейін ескере отырып және отбасындағы балалар санына қарай белгіленген ең аз еңбекақы төлеу;
- қызметкерлердің еңбекақы бөлінісі проблемасын шешу; шетел тәжірибесі негізінде бала тууды материалдық ынталандыру;
- бала тууға қабілетті әйелдерді тегін емдеу жүйесіне баса назар аудару шараларын жүзеге асыру қажеттігі даусыз.

Жандос ИМАНБАЙ,
саясаттанушы, әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ Философия және саясаттану
факультеті

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ РӨЛДІК ОЙЫНДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Its more than a game. Its an Institution.
Thomas Hughes (1822-1896)

Ойынның оқыту мүмкіндігі жөнінде ертеден белгілі. Көптеген алдыңғы қатарлы педагогтар оқыту процесінде ойынды қолдану тиімділігіне әділ назар аударған. Ойында адамның, әсіресе, баланың толық және кейде күтпеген жерде қабілеті танылады. Ойын арқылы балалардың қызығушылығы артады. Балаларға әр түрлі ойындарды ойнатса, олар қызығып сабаққа қатысады. Көптеген ойындарды интернеттен немесе youtube видео арқылы үйренуге болады. Ойын –

ақыл-ой мен сезім күшін талап ететін ерекше ұйымдастырылатын сабақтар. Ойын әрқашан шешім қабылдауды ұсынады – қалай істеу, не айту, қалай ұту қажет? Осы мәселелерді шешу тілегі ойнаушылардың ойлау әрекетін арттырады. Ал, егер, жасөспірім сонымен қатар, шетел тілінде сөйлесе, ол оқытудың бай мүмкіндігін ашады. Балалар ол туралы ойланбайды. Ойын олар үшін ең бастысы – еліктіргіш сабақ. Сонысымен ол оқытушыларды, соның ішінде шет тілдер оқытушыларын қызықтырады.

Ойын кезінде барлығы тең. Ол тіпті нашар

оқушылардың да қолынан келеді. Тіпті, тіл даырлығынан нашар оқушы ойында бастаушы болуы да мүмкін: кей кезде бұл жердегі тапқыштық пен түсінгіштік пәнді білуден де маңызды болады. Теңдік сезімі, еліктеу мен қуаныш атмосферасы, тапсырманың қолынан келетіндігін сезіну – сөзінде басқа тіл сөздерін еркін қолдануға бөгет жасайтын балалардың ұялшақтық сезімін жеңуге мүмкіндік береді және оқыту нәтижесіне жағымды әсерін тигізеді. Бақылаусыз тіл материалы менгеріледі – «мен басқаларымен бірдей сөйлесе алады екенмін». Сонымен бірге, ойынды оған тән белгілермен – сөйлеу ықпалының мақсаттылығымен, күтпегендігімен, әсерлілігімен шынайы сөйлеу арқылы араласуға барынша жақындатылған сөйлеу үлгісінің көп қайталанатын пысықтауы үшін мүмкіндік туатын жағдайдағы түрлі-жағдайлы жаттығу ретінде қаралады.

Ойындар маңызды әдістемелік тапсырмалардың орындалуына мүмкіндік туғызады: 1. Балалардың сөйлеу арқылы араласуына психологиялық дайындығын жасауға; 2. Олардың тіл материалын көп қайталауына табиғи қажеттілікті қамтамасыз етуге; 3. Сөйлеудің жалпы алғанда күтпеген жағдайға дайындығы болып табылатын оқушылардың қажетті сөйлеу үлгісін таңдап алуға жаттықтыруға. Мақсаты – ағылшын тілі сабағында ойын әдістемелерін жасөспірімдердің тапқырлық белсенділігін арттыру құралы ретінде пайдалану мүмкіндігін талдау.

Міндеттері: 1. Ойын әдістемелерін ағылшын тілі сабағында жасөспірімдердің танымдық белсенділігіне ынталандыру құралдары ретінде пайдалану проблемалары жөніндегі әдебиетті зерделеуге. 2. Ойын әдістемелерін топтастыруға әртүрлі көзқарастарды талдауға. 3. Жасөспірімдердің ағылшын тілін үйренудегі ойын әдістемелерін пайдалану ерекшеліктерін атап көрсетуге.

Объект: Ағылшын тілін үйретудегі ойын әдістемелері. **Тақырыбы:** ағылшын тілі сабағында ойын әдістемелерін жасөспірімдердің танымдық белсенділігін арттыру құралы ретінде пайдалану. **Зерттеу әдістері:** зерттелетін проблемалар жөніндегі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу; психологиялық-педагогикалық тәжірибелерді зерделеу мәселелерінің қырынан зерделеу; педагогикалық бақылау, әңгімелесу, сауал-сұрақ жасау.

Жанетта ИМАНКУЛОВА,
Алматы Энергетика
және байланыс университетінің
оқытушысы

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Интернет желісі.
2. Қазақстан мектебі 2001 №7.

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЛИНГВОКОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ РӨЛІ

Адамзат ерте заманнан бастап-ақ өзінің ең қажетті де керекті серігі – тіл сырын, оның ерекшеліктерін білуге, ұғуға тырысты. Соның нәтижесінде өзінің сүйікті серігі, қаруы – тіл туралы ғылым жасады. Ол ғылым - лингвистика немесе тіл білімі дедік. Лингвистиканың негізгі объектісі – сөйлеу, адамзаттың сөйлеу тілі. Сөйлеу – адамның іс-әрекетінің ерекше формасы. Сөйлеу адамзаттың ойлауымен және басқа да психикалық үдерістерімен тығыз байланысты. Сондықтан, адамзаттың сөйлеу іс-әрекетіне тексеру бір ғана тіл білімінің үлесі емес, бұл басқа да ғылымдардың, мәселен, психологияның, физиологияның, логопедияның, т. б. зерттеп, қарастыратын объектісі. Әдетте, сөйлеу мен тіл деген сөздер бір-бірімен синоним ретінде қолданыла береді. Бірақ, бұл екеуі бір нәрсе емес. Сондықтан, сөйлеу мен тіл деген ұғымдарды бір-бірінен ажырата білу керек. Психология сөйлеумен айналыса, лингвистика тіл ерекшеліктерін қарастырады. Сөйтіп, тіл дегеніміз, жоғарыда айтылғандай, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау, пікір алысу құралы болса, сөйлеу дегеніміз – сол тілді – қарым-қатынас жасау, пікір алысу құралын пайдалана білудің

әр түрлі амалдары мен жолдары, тәсілдері. Сөйлеудің екі жағы бар: сөйлеу процесінің нақ өзі (процесс говорения - восприятия) және сол сөйлеу іс-әрекеті процесінде жасалынған нәтиже, яғни, сөйлемдер, текстер, т. б. Сөйлеу екі түрлі формада – ішкі және сыртқы формада жүзеге асады: ішкі сөйлеу формасы – сөйлеу процесі үшін аса қажет нәрсе; ал, сыртқы форма арқылы адам өз ойын басқаларға жеткізеді, белгілі бір информация береді. Сыртқы сөйлеу формасының өзі екі түрлі жолмен – ауызша және жазбаша түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Сөйлеу ауызша түрде жүзеге асырылғанда, оны айту мен екінші біреудің қабылдауы бір мезетте болады, ал, жазбаша түрде сөйлеудің ғұмыры аса ұзақ. Ондайлар – жазбаша текстер, шығармалар – жүздеген, мыңдаған жылдарға жете алады, оларды әр кезде, әр заманда-ақ адамзаттың ұрпағы пайдалана, қабылдай алады [1, 4-5 б.].

Оқытушы білім алушылардың бойында ғылыми тұрғыдан жұмыс істей білу, ғылым әдістерін жаңа білімді игеру құралы ретінде менгеру қасиеттерін қалыптастыруы керек. Ол жетекшіден ерекше бір ғалымға, экспериментаторға, теоретикке және практикаға, зерттеу үдерісінің жетекшісіне,

шебер психолог-тәрбиешіге айналады. **Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың бойында шығармашылық қабілет қалыптастыру, бұл – фундаменталды міндет.** Білім алушының маман ретіндегі қалыптасуы, осы міндеттің дұрыс шешілуіне тікелей байланысты. Зерттеу мәліметтері кез-келген студенттен шығармашылық тұлға қалыптастыруға болатынын көрсетеді. Кез-келген жағдайда адамның бойында шығармашылық потенциал тудыратын белгілі бір технология, өзіндік жүйе болуы қажет. **Шығармашылық жұмыс** - адам қызметінің жемісі, ол материалдық және рухани игіліктердің саналы жаңа көрінісі. Адам шығармашылық жұмыспен шұғылданған кезде оның бойындағы барлық рухани күштер іске қосылады, таным, түйсік, пайымдау, оқу мен практика кезінде жинақталған шеберліктері, әсіресе, қиял арқылы ойлау процесі шығармашылық жұмыста өз нәтижесін береді [2, 41-42б.].

Адамның бүкіл ақпаратты есте сақтауы мүмкін болмайтындықтан, мұғалім оқушылардың қайсысын есіне сақтап, қайсысымен тек танысып қою жеткілікті болатынын анықтау керек. Оқытудың жалпылама міндеттерін шешуде пайдаланылатын қосымша материалдарды берік игеру талап етілмейді. Есте сақтауды ситуативтік (*жағдай, ақуал т.б.*) мәндегі нақты даталармен асыра жүктеуге болмайды. Оқушылардың өз бетінше бағытталуын қамтамасыз ететін маңызды принциптік жағдайлар берік игерілуі керек. Есте сақтауға, мұғалімнің түсіндіргендерін немесе оқулықтан оқығандарын қайталауға бағытталған дәстүрлік (репродуктивтік) оқыту қате болып табылады. Оқытудың, осындай, процесі оқушылардың жаттанды есте сақтауын дамытуға бағыттайды, сондықтан да, бірнеше рет қайталау әдісі қолданылады. Ал, іс жүзінде оқушылардың талдау қызметі элементтерін дамыту негізінде логикалық, сондай-ақ, механикалық есте сақтау қабілетін дамыту керек. Оқушылар негізгі ұғымдарды ғана есте сақтауы керек, олар талдау қызметінің арқасында жаңа ұғымдарды өз бетінше негіздей алады, фактілерді түсіндіреді, т.б.

Беріктік принципінің ережелері: Есте сақтауға, қалай, нені және не үшін есте сақтау керек деген ескертпелер керек. Мысалы, мұғалім «мұны жақсылап есте сақтау керек», «мұны ұдайы есте сақтау керек» деп еске салады. Осындай ескертпелердің көмегімен оқушылар назарының белсенділігі артады және сол ақпараттарды есте сақтауға талпыныс туады. «Ұмытуды болдырмау» керек. Бұл жағдайда тірек белгілерінің маңызы зор. Берік есте сақтауға оқыту процесінде алған маңызды ақпараттарды оқушылардың жазуы да көмектеседі. Егер, барлық формулалар, анықтамалар, даталар, т.б. оқулықтарда болса да, оларды жазған дұрыс, өйткені, ол қосымша ойлау операциясын атқаруға, оқылатын ақпаратты жақсы түсінуге және пайымдауға, яғни, оны жақсы есте сақтауға мүмкіндік береді. Ақпаратты иеленудегі беріктік белгілі бір дәрежеде жүйелі түрде қайталауға жағдай жасайды (қайталау — білім анасы). Дегенмен, қайталаудың барлығы бірдей оң нәтижеге әкелмейді. Ол тек өтілгенді

көшіру ретінде қарастырылмауы керек. Қайталау – бұл оқығанды жаңа ақпарат тұрғысынан қайта айту, оқығанды жаңа фактілермен, жеке тәжірибесімен, жеке бақылауымен байланыстыру. Осындай қайталау толықтай оқыту процесіне қызығушылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ақпаратты иеленудің беріктігіне көбіне оқушылардың өз бетінше жұмыстарының әр алуан формалары жағдай жасайды. **Теория мен практиканың байланыс принципі.** Практика танымның негізі болып табылады. Сондықтан, оқушылар теориялық ізденістер өзінше және ғылымның өзін дамыту үшін ғана атқарылмайтынын, керісінше, практикалық қызметті жетілдіру, адамдардың тіршілігін жақсарту үшін атқарылатынын түсінуі керек. Әр түрлі ғылымдар шешетін проблемаларды практика ұсынады, ғылыми проблемаларды шешу нәтижелері оларды жетілдіру үшін практика жүзінде тексеріледі, практикаға, қоғамдық өндіріске, өмірге енгізіледі. **Бұл принциптің басты ерекшелігі – оқушылардың адам өміріндегі, оның практикалық қызметіндегі теорияның алатын орнын түсінуінде және олардың алған білімдерін алдарынан туындаған практикалық сипаттағы міндеттерді шешуде пайдалана алуында.** Осындай дағдылары оқушылардың білім сапасының басты көрсеткіші болып табылады. Әр алуан оқытудың, оқушылардың зертханалық және практикалық жұмыстарды орындауы, нақты бір объектілерге, құбылыстарға әр түрлі бақылаулар ұйымдастыруы теория мен практиканың байланысының дәстүрлі жолдары болып саналады. Дегенмен, кей кездерде теория мен практиканың байланысы теориясы политехникалық деп аталатын принциппен ауыстырылуы мүмкін. Бұл ұғым оқытудың өмірмен байланысы принципіне қатысты жеке-дара болуы және тек политехникалық білім беруді атқаруға пайдаланылуы мүмкін. Оқыту әрқашан **тәрбиелік сипатта** болады. Оқыту мен тәрбие тұтастай процесс. Тәрбиелілік адамның қоршаған ортамен қатынасының сипатымен анықталады. Бұл қатынастар білім негізінде қалыптасады, сондықтан да, тәрбиелік мәні бар оқытудың барлық принциптерін пайдаланудың маңызы зор. **Оқыту процесі** – бұл дүние туралы білім беру процесі, **тәрбие процесі** – оқушылардың оны қоршаған ортаға қатынасы жүйесіне ықпал ету процесі [3, 60-62б.].

Білікті жұмысшы мамандығының қалыптасуы және оның кезеңдеріне тоқталатын болсақ, әлеуметтік жағдайлар мен кәсіби қызметтің сипаттамасына қарай маманның кәсіби біліктілігін жетілдірудің (*Э. Ф. Зеер пікірі бойынша*) мынадай 5 сатысы бар: **Оптация** – адамның психофизиологиялық ерекшеліктеріне қарай кәсіп таңдауын қалыптастыру. **Кәсіптік білім беру** – жеке тұлғаның кәсіби білім, білік және дағдыларын типтік үлгідегі әлеуметтік және кәсіби мәні бар қасиеттеріне қарай бағыттау арқылы жетілдіру. **Кәсіби бейімделу** – өз бетінше кәсіби бағдар айқындауда игеруі тиіс әлеуметтік жаңа бағыт, яғни, кәсіби қызмет дағдыларын үйренуге өз бетінше тәжірибе жинақтау. **Кәсібилену**

– кәсіби ұстанымды қалыптастыру, маңызды кәсіби қасиеттер мен дағдыларды ұштастыра білу, кәсіби қызметті жоғары біліктілікпен атқара алу. **Кәсіби шеберлік** – жеке тұлғаның кәсіби қызметін жоғары: шеберлік деңгейіне жеткізіп, шығармашылықпен жұмыс істей алу қабілетімен ұштастыру. Автролық қызмет жүйесіне ену. **Осы аталған кәсіби біліктіліктердің ең жоғарғы шегі – кәсіпті игерудің түпкі мақсаты – кәсіби шеберлік деңгейіне жетіп, өз ісінің маманы атану. Қазіргі уақытта шетел тілін оқытудың коммуникативтігі, интерактивтілігі, аутенттігі тілді үйрену үрдісінің мәдени контексте болуы үстемдікке ие болуда.** Аталған ұстанымдар коммуникативтілік қабілетінің компоненті ретінде мәдениетаралық біліктілікті дамытудың алғышартын жасайды. Шетел тілін дәстүрлі оқытуда тіл үйренушілер тілдік жаттығуларды жасап, қажетті материалды жаттаумен ғана шектеледі. Яғни, ол төмендегідей көрініске ие болады: **«сөздік қор + қажетті құрылым = тіл»**. Алайда, тілдік құрылымды жаттаумен шектелу, тілді қарым- қатынас құралы ретінде меңгеруге толық мүмкіндік бермейді. Шетел тілінде тілдік қарым-қатынасқа үйрету үшін шынайы, өмірлік жағдаяттар туындату қажет. Ол студенттердің қажетті материалды меңгеруіне және соған сәйкес мінез-құлқын қалыптастыруға жағдай жасайды. Шетел тілін оқыту технологиясының тиімділігінің көрсеткіштері мыналар: студенттердің моральдық психологиялық, интеллектуалдық және жас ерекшеліктерін ескеру; оқуға жағымды көңіл күй қалыптастыру; ұстаз бен студент арасында сөз алмасу, ғылыми қарым-қатынас және әріптестік принципін орнықтыру; студенттердің еске сақтау қабілеті мен творчестволық деңгейін көтеру арқылы белсенділігін арттыру; оқуды иге-

руге мультимедиялық және басқа да техникалық арсеналды кең іске қосу; сабақтардың бітуімен студенттердің келешекке қанағаттануының қорытынды нәтижесі [4, 32б.].

Зарина РАЙЫМҚҰЛ,
Алматы Энергетика және байланыс
университетінің аға оқытушысы, Абай
ат. ҚазҰПУ-нің 1 курс магистранты

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Хасенов Әмеди «Тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері» - Алматы: Мектеп, 1985.
2. Өстеміров Күмісбек «Кәсіптік оқыту әдістемесі». – Алматы: Радиал, 2006.
3. А.Е. Әбілқасымов «Қазіргі заманғы сабақ». – Алматы: Комплекс, 2004.
4. Шәметов, Васильев, Өстеміров, «Кәсіптік педагогика». – Алматы: 2006.

Summarizing the aforesaid, it is necessary to emphasize that the majority of authors consider foreign-language education as uniform process of training, education and development of the identity of students in higher education institution, and communication - as development of communicative potential of future experts in the conditions of cross-cultural communication. It should be noted also that in one concepts the emphasis is placed on linguistic knowledge, in others - on cross-cultural communication, in the third - on methods of teaching of a foreign language in higher education institution, however, as a whole, it is the wide professional and educational concepts representing chances of the relations between all-professional and special training of specialists in the conditions of multilevel system of professional education.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІТАП ТАРАТУДЫҢ ТАРИХИ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Кітапты бастыру ғана емес, оны ел ішінде таратып мәдениеттің үлкен құралы ету мақсат.

Ғ.Мүсірепов

Кітап – адамзат тарихындағы тұңғыш бұқаралық ақпарат құрал. Оның шығуы, дамуы жазу мәдениетімізбен тығыз байланысты. Арғысы тас кітаптан, одан ғана қағаз бетіне түсе бастады. Сол дәуірдегі біздің алғашқы қолжазбаларымыз – әл-Фарабидің, М. Қашқаридің шығармалары екені белгілі. Кітапты тауарға айналдырып тарату, оны саудаға түсіру, оның сонау папирус бумасы, күйдірілген балшыққа, тақтайшаға не қайың қабығына жазылған түрлерінен басталғаны белгілі. Тіпті, сол замандарда-ақ, қолжазба кітапты көшіретін орын даяр өнімді, яки қолжазба кітапты сататын дүкендер де болған. **Көне гректер кітап сатушыны библиопол деп атапты. Осы сөзден француз кітаптанушысы Г.Пеньо**

«Библиология жөніндегі түсіндірме сөздік» деген кітабында «библиополистика» атты термин туғызған. Бүгінде библиополистика алғашқыдағыдай кітап саудасы деген ғана мағына емес, кітап саудасының теориясы, тарихы, ұйымдастырылу негіздері деген ұғымдарды білдіреді.

Папирус қағаздары мен ағаш қабығына, теріге, жарғақ бетіне ою-өрнек арқылы жазылған кітаптарды сауда айналымына шығару, әуелі Көне Шығыс мемлекеттерінде бой көрсеткен. Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римнің кітап сатушылары тұңғыш рет кітап сату жабдығын жасап, оларды орналастыру, жарнамалау шараларын жүзеге асырды. Батыс Еуропада XIII-XIV ғасырларда университеттер мен ірі монастырьлар жанында кітап сатушылар корпорациясы құрыла бастаған. Мұнан соң, қолжазба кітаптарды, ксилографиялық әдіспен немесе ағаш бетіне түсірілген өрнектер

арқылы алынатын басылымдарды таратумен айналысушы тұрақты кітап рыногі ашыла бастады. **Көне Русьте кітап саудасы тұңғыш рет Григорий Печорский заманында (шамамен 1120-жылдары) пайда болып, I Петр реформалары тұсында айтарлықтай өрістеді. Мәскеу университеті жанынан ашылған кітап ләшкесінің қызметіне М.В. Ломоносов та көңіл бөліп отырған.** Санкт-Петербург Ғылым академиясы жанынан құрылған Кітап палатасы академияның өз басылымдарын сатумен әрі сырттан кітаптар әкелумен айналысты. Ресейдегі кітап саудасының дамуына, оқырмандарға бағыт-бағдар беріп отыратын «Кітап хабаршысы» (1884-1916), «М.О. Вольф серіктестігіне қарайтын кітап дүкендерінің хабаршысы» (1897-1917), «Кітап биржасы» (1905-07), «Книжник» (1898-1912), «Кітап сатушылар хабаршысы» (1900-05), «Кітап, оқу және кітапхана ісі хабаршысы» (И.Д.-Сыгин серіктестігі, 1907-11) сияқты газет, журналдар ықпал етті. Ал, Қазақ даласында кітап тарату Ұлы Жібек жолдары арқылы дамыды. Батыстан шығысқа, шығыстан батысқа қарай жөнкілген сауда керуендері қазақ жеріндегі кітап саудасына айтарлықтай әсер етті. Қазақ топырағынан шыққан ғұламалар мен ойшылдар, қарапайым жұртшылық әлемде болып жатқан мәдени өзгерістер мен жаңалықтар туралы сол кітаптардан мағлұмат алды. Қытайдан, Бұхара мен Ташкенттен келетін кітаптардың қатарын Ресеймен қарым-қатынас күшейгеннен бастап Қазан, Уфа, Орынбор қалаларында жарық көрген кітаптар толықтыра бастады. XVIII ғасырдың ортасында Стамбулдан Қазақстанға түрлі діни кітаптар, көбінесе Құран кітабы жеткізілетін. Кітап бағасы өте қымбат болатын. Оған тек феодалдар мен аксүйектердің қолы жететін.

Қазақ даласында арнаулы кітап таратуды жүргізетін құрылымдар болмағанмен, оның қызметін әл-ауқаты жоғары қазақ байлары мен татар саудагерлері атқарды. Қазақстандағы кітап тарату, кітап саудасының дамуы тек XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басынан басталады. Кітаптардың көбі Петербургтан, Мәскеуден, Қазаннан жарыққа шығатын. Олардың көпшілігі діни сипатта болған. Кітап тарату ісінің ары қарай дамуы деп қазақ жеріндегі кітап дүкендерінің ашылуын айтуға болады. Ең алғаш 1895 жылы Верныйда капитан Шавров, Семей қаласында Косарев кітап дүкенін ашады. Сол ретпен, кітап дүкендері біртіндеп Қостанайда, Шымкентте, Жамбылда ашыла бастайды. Алғашында бұндай дүкендер жеке меншік болатын. Көп жағдайларда бұл – аса ауқатты емес, табысы орташа, бірақ көзі ашық азаматтардың дүкендері еді. Дегенмен, кітап саудасы айтарлықтай табыс көзі бола алмады. Саудагерлер үлкен табысқа жете алмай, көп шығынға ұшырайды. Мысалға, Орал қаласындағы «Знание – сила» (Күш – білімде) деген дүкен 1840 жылы ашылып, кейіннен көп шығынға батып жабылды.

Кітап басылымдарының Қазақстанға өтуі бірнеше жолдармен жүрді. Мәселен, буржуазиялық-демократиялық революция тұсында

елімізге таралған кітап салыстырмалы түрде көп болды. Бұл, әлбетте, жер аударылып келген социал-демократтардың әсерінен еді. Айталық, 1904 жылы Орал қаласына Петербургтен жер аударылып келген Н.И. Шилова үйірме ашып, «Жұмысшыларға жолдау» сияқты түрлі үгіт қағаздарын таратты. Осындай үгіттеу-насихаттау жұмыстарын жүргізу барысында белгілі әдебиеттерді де таратты. Қостанай, Орал, Верный, Семей және басқа да қалалардағы кітап дүкендеріндегі әдебиеттің көпшілігі марксистік-лениндік бағыттағы классиктердің шығармалары мен революционерлердің шығармалары еді. Сол тұстағы ең жақсы жаңалықтардың бірі деп кітап дүкендеріне түскен жаңа кітаптар туралы «Степь», «Уральский дневник» газеттерінде жарияланып отыратынын айта кетуге болады. Яғни, осылай оқырмандарды тарту жұмыстары жүргізілді. Ал, 1913 жылы елімізде 14 кітап дүкені болды. Олар қазақ, орыс, татар, араб тілдеріндегі кітаптарды сатумен айналысты. Сонымен қатар, социал-демократтық бағыттағы кітаптар мен брошюралар да кітап саудасында елеулі орын алғанын айта кеткен жөн. XIX ғасырдың II жартысынан бастап қазақ жерінде кітап саудасын жүйелі жолға қоюға А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Сералин сынды ағартушыларымыз зор үлес қосты. Бірақ, Қазақстандағы кітап тарату және кітап саудасында үлкен кемшіліктер байқалды. Бұл – КСРО Мәдениет министрлігінің қарамағындағы кітап сатушы ұйымдардың қателігі еді. Олар халық сұранысын дұрыс меңгермей, тапсырыс жасауда қателіктер жіберді. БАҚ арқылы насихаттау, жарнамалау жұмыстары мүлдем жүргізілмеді. Ал, бүгінде тәуелсіз Қазақстанда кітап нарығы қандай жағдайда?! Қандай кітап, нақтырақ айтсақ, қандай жанрда жазылған кітап өтімді? Шындығында да, мамандардың айтуы бойынша, өтімді деген кітаптардың қатарына адам рухын ізгілікке тәрбиелейтін, адамгершілікке шындайтын кітап емес, сюжеттерін негізінен қанды қырғынға, зорлыққа, атыс-шабысқа құрылған және түрлі махаббат оқиғаларына, онда да берер тәрбиесі, өнегесі жоқ дүниелер өтімді болып отыр. Мұндай тақырыпқа жазылған кітаптарға қылмыс, түрлі арзан қол махаббат хикаяларын жазуға маманданған журналистсіз мақтардың шығарып жатқан сары басылымдарын қосыңыз.

Кітап нарығы. Кітап маркетингі қазіргі таңда өзгерістерді бастан кешіруде. Кітап сату-дың әдістері мен формасы түбегейлі өзгерді. Өзгерістерді жан-жақты байқауға болады. Кітап кәсіпкерлігінде ескі дәстүрмен қатар, жаңа үрдіс те қатар жүріп келеді. Маркетинг техникасы ұғымы, кітапты өзгертудің жаңа жолдары пайда болуда. Қазақ кітабын сату оңай шаруа емес. Қазіргі фирмалардың қай-қайсысының да, сауда айналымындағы тауарлардың дені шетелден әкелінген кітаптар. Ал, қазақ кітаптары тек бір сөредегі әдебиеттерді құрайды. Бұл қазақ кітабын ешкім алмайды деген ұғымды тудырмау керек. Фирмалардың дүкеніне жеткенше кітаптың басынан талай шырғалаң өтеді.

Кітап құны жоғарылайды. Сөреге түскен кезде, қазақ кітабының бағасы оқырман қалтасының мүмкіндігінен жоғары болып жатады. Егер, мемлекет елдің бюджетіне кітап саудасы мен салығына қаншалық аз ақша түсетінін есептесе, онда көп салықты жеңілдіктермен азайтар ма еді?! Осы көп салықтың арқасында елімізді өз кітаптарымыздан алшақтатып отырмыз.

Кітап тарату ісінде жарнаманың, маркетингтің атқаратын рөлі зор. Шығарылып жатқан кітап-

тарды халық арасына кеңінен таныстырып, насихаттап, оны өткізудің түрлі тәсілдерін жүзеге асырып, өткізудің тиімді жолдарын қарастыру – міне, осының бәрі кітаптың өтімділігін арттырады. «Жол мұраты жету» дегендей, кітапты басып шығару мақсаты – оны тарату, өткізу.

**Ақбота ИСЛӘМБЕК,
әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті журналистика
факультетінің 4-курс студенті**

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Елеуенов Ш. Кітаптану негіздері. Алматы, 1997.
2. Греховодов Н. Книжная торговля в Казахстане. Алма-Ата, 1973.
3. Говоров А. История книжной торговли. М., 1966.
4. Поливановский С., Корнюшко Ф., Советская книжная торговля М., 1964.

МАҢҒЫСТАУ АҚЫНДАРЫНЫҢ ДІНИ ДАСТАНДАРЫ

Имандылықтың астарында діни, рухани сенім (духовная вера) жатыр. Діни психологияны зерттеуге тырысқан К. Платонов «Психология религии» еңбегінде [1, 11-15 бб.] діни сананың адаммен бірге туғанда емес, кейін қоғамдық өмірге араласу барысында қалыптасатынын дәлелдейді. Бұл қағиданың да жөні бар. Егер, ақылмандық, діни ұстанымды керек етпеген болсақ, өз отбасымызды бірлікте ұстау, одан соң, рулы елді билеу болмаған болар еді. Сондықтан, ислам дінінің тағылымдық, нақлияттық мәні, осынау, маңызы терең ізденісте жатыр. Ислам дінінің көшпенді қазақтар өміріндегі мәні мен маңызын, қазақ арасына келу, таралу себептерін, дінді халықтың ұстану дәрежесі жөнінде дінтанушылар, философтар, психологтар, т.б зерттеп келгені мәлім. Біз жұмысымызда ислам дінінің таралуын кең ауқымда сөз етуді мақсат етпедік. Тек Батыс өлкесі ақын-жырауларының тілінде діни терминдердің жиі ұшырау себепін айқындау мақсатында діннің тәрбиелік, өнегелік жағына мән бердік.

XVIII-XIX ғасырда өмір сүрген Батыс өлкесінің ақындары – арабша сауаты мол, дін шарттарын жете меңгерген, ислам дінімен шөлі қана сусындаған, имандылық, адалдық сезімдері бойларында нық орныққан, халқының салт-дәстүрлерін жете меңгерген, ұл-қызына ұлағат иірімдерін қалдырудан аянбаған сөз зергерлері. Бұл өлке ақындарына тән ерекшелік – дін жолын берік ұстанғандығы. Ислам дінінің адамды моральдық-қоғамдық принциптерге сай тәрбиелейтіндігін ескерсек, исламның басты міндеті де имандылық, парасаттылық, терең тәлім иесін, басқа да адам бойында оң қасиеттерді қалыптастыру болып табылады. **Олардың ұл-қызына беретін өнегесі «Тойбастарында» «бісмілләдан» басталады, перзентінен айрылып, қара жамылғанда да Алланың**

әміріне мойынсұнып, о дүниенің «машақаты мен рахатын», тариқатын діни түсінікпен жеткізді, ақындары сөз қағысында өткен шайхы-пайғамбарлардың өмір жолынан діни сайысқа түсті, имандылық пен инабаттың өзегін де, олар адал тәрбиеден көрді, елге жеткен жұт, шығынның себебін, астамшылық алапатты ел ішіндегілердің берекетсіздігінен, қанағатқа тоқтамағандығынан көрді. Сондықтан, түптеп келгенде, діни сеніммен бірге шайхылықтың, сопылықтың, Алланы танушылық, мұсылманшылықтың негізі осы киелі өлкенің өз ерекшелігі деп түсіндіруге болады.

Діни сенімдердің Жібек жолымен, үндіден Орта Азия мен Шығыс Түркістан арқылы будда діні, ал, Сириядан Иран мен Арабтан әуелі христиан діні, артынша ислам діні таратылғанын ғалым К. Байпаков [2, 30 б.] атап көрсеткен еді. Жібек жолы арқылы ислам діні, манихей діні, несториандық діни ілім, будда діні тараған. **«Бұл жолдың тармақталған бір бұтағы, дәлірек айтқанда тағы бір жол Византиядан Дербент арқылы шығып, Каспий жағалауын – Маңғыстауды – Арал жағалауын – Оңтүстік Қазақстанды кесіп өтіп, ...негізгі жолға келіп қосылады. Ал, ...негізгі жол сорабы Сирия – Иран-Орта Азия – Оңтүстік Қазақстан – Талас алқабы – Шу алқабы – Ыстықкөл қазан шұңқыры – Шығыс Түркістан арқылы тартылды»** [2, 9 б.]. Сондықтан, Батыс ақындарының дәстүрлі тілінде аузына «бісмілләсін» алып, сөз бастауының бір себебі – осы діни түсініктің кеңдігінен болса керек. Ал, негізінде мұсылмандық шығыс әдебиетіндегі басты ерекшелік – алдымен Аллаға, одан кейін Мұхаммедке мадақ арнайтындығы. Көркемдік тұрғысынан алғанда, Батыс өлкесінің діни ағартушы ақындарында дәстүрлі жырдың мақамдары мен ұйқастары кездесіп қалуын мұсылмандық идеяны қарапайым халықтың

түсінік-танымына бір табан жақындатуымен және де ақындардың жеке шығармашылық потенциалынан хабар беретіндігімен түсіндіруге болады. ...Алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады» [3, 228 б.]. Ендеше, Батыс өлкесі ақындарының Алланы – Хак, Тәңіріні – ұлы деп тануы оларды өзге ақындық дәстүр мектебінен дараландырып тұратын ерекшелік. Ақындардың тілінде сөз басын «бісмілләдан» бастау терең тағылым алған дәстүр ізі. Абайдың өзі «әуелі аят, хадис – сөздің басы» деген емес пе еді?!

Сәттіғұлдың өсиет, көңіл айту, жоқтау өлеңдерінде Алланың ісін мойындау, ажалға арашашы бола алмау, қазаға сабырлық ету қажеттілігі айтылса, Нұрым мен Қашағанның сынақ айтыстарында, Ұзақбай, Түмен айтыстары, Көкен, Ыбырайым ахұнның діни жұмбақ айтыстарында адамзат баласының жаратылысы, Пайғамбардың өмір жолы жөнінде терең мәліметтер келтіріледі. Батыс өлкесі ақындарына осы ерекшеліктеріне қарап «діни-ағартушы ақындар» деп атау бергенді жөн санадық. Өйткені, Батыс өлкесінде 1870-1896 жылдар аралығында отызға тарта мұсылман мектептері жұмыс істеген. Шаруашылық ауқымында бұдан басқа да Мәмбетнияз, Нұрнияз ахұн, Сонабай, Әміре, Масат мешіттері халыққа білім нәрін сепкен [6, 116 б.].

Ұзақбай жырау:

*Қолына іршіат хат алып
Әзірет ишан атанып,
Зәкіржан пірден бата алып,
Мешіт салып ортадан.
... Оның кейін артынан
Нұрнияз, Тәжі, Медетбай
Атақ алды ахұндық
Дарияның көзін ашқандай* [4, 530-531 бб.].

Ақындардың бір-бірінен дүниенің жаратылысы, өмірдің мәні, Алланың күдіреті жөнінде діни жұмбақпен тұспалдап сөз қағыстыруы, сынау айтыстарында мүдірмей жауап беруі, шешендікпен ой толғауы өлке ақындарының діни сауаттылық молдығын, көз қарақтылығын тағы да айқындай түседі. Алланы сүю, ислам дінінің уағыз жолдарын ұрпағына үйрету жолына өлең-жырларын арнаған Түмен ақын:

*Қырық жылдай құрт жеді
Денесін Айуб пайғамбар,
Қыңқ еттестен сонда да
Мойынсұнды Аллаға*

Қабағын бір де шытпады, – [4, 331 б.] деп құран сүрелерінен мысал келтіріп, Сәттіғұл ақынның баласы қайтыс болғанда көңіл айтады, ақынды сабырлы болуға, беріктікке үндейді. Мұндай үндестік Сыр өңірінің ақыны Базар жырларында да байқалады [7, 84 б.].

Ізбас ақынның Маңғыстаулық Қашаған мен Сәттіғұлға жұмбақ жасыруында да діни түсінік, діни сауаттылық мәселесі сөз болады. Избастың жұмбағы:

*Бес дуадақ, бес аққу,
Отыз екі үйрек жолдасы
Ағашына қарасақ,*

*Пейіштен екен хұрмасы,
Тұлғасына қарасақ
Аспан мен жердің арасын
Тіреп тұрған тұлғасы
Бар жақсылардың жолдасы,
Жамандардың оңбасы* [8, 274 б.].

Сонда, Сәттіғұл ақын Избастың адамға жөнсіз тиісер орынсыздығын бетіне баса отырып, сауа-лына былай жауап беріпті:

*Бес дуадақ, бес қуың –
Бес намаз бен бес парыз,
Отыз екі үйрек дегенің –
Бес уақыт намазға
Отыз екі рет жығылған,
Оқымаған пендеге
Арылмайтын бұл қарыз.
Пейіште құрма дегенің –
Он екі қамар ішінде
Рузаның айы еді,
Жәннәттің мекен-жайы еді,
Тұлғасы үлкен дегенің –
Сауабының көптігі
Жер мен көкке сай еді,
Жақсыға жолдас дегенің –
Ораза, намаз тұтқандар
Иманға ғана бай еді,
Жамандар оңбас дегенің –
Құл болмаса Құдайға,
Келіп тұр мұның қай жері? [8, 275-276 бб.].*

Сәттіғұл ақынның ой саптауынан жақсы адам – ораза, намаз ұстаған адам, ал, дін жолына түспеген, құранның, діннің шартынан бейхабар, сауатсыз адам – Құдай алдында қарыздар. Сонымен, діни сауаттылықтың ошағына айналған Батыс өлкесі ақындарына шешірішілік, дінді берік ұстану принципінің тән екендігіне көз жеткіздік.

Ислам дінімен орайлас туған сопылық дәстүр сарынының да осы өлкеде әсері тимей қалған жоқ. Елін аруақты қасиетімен табындырған Бекет атаның, ерлік дастан тудырып, Кеңес өкіметінің орнаған шағын қуанышпен жырлаған Сәттіғұлдың, шешіріші Ыбырайым ахұнның жыр жолдарында сопылықтың сарыны байқалады. Сәттіғұл ақын:

*Пайғамбар, шайхы, мүжэдхәт,
Күндіз-түні тынбастан
Зікір айтып зарлапты-ай,
Уақытылы ажалдан
Артында бірі қалмапты-ай.* [8, 150 б.]

Сондай-ақ, ақын Өмір Қараұлы:

*...Ғалымдықтың белгісі
Тастих атқан азаннан.
...Алланың асыл құлдары
Зікір айтып зарлаған,
Шүкір етіп барлаған,
Сабыр етіп шыдаған,
Өз нәпсісін сынаған,* – [4, 216 б.] дейді.

Аллаға ғашықтық, Нұрдан жаратылу сарыны ежелгі мифологиямен де байланыс-ады. Ислам дінінен тараған түсінік бойынша, адамның жақсы қасиеттері ол нұрдан бастау алады, нұр – қазақи фәлсафада мәңгілік нәрсе...[9.]. Діндар ақын Шал Күлекеұлының ұждандылыққа үндейтін, «һауа анасы мен

Адам атаның адресіне қалжың айтуы» [10, 6 б.], сондай-ақ Мұхамедтің Нұрдан пайда болғандығын жырға қосуы моралист акынның діни сауаттылығын мойындатып қоймай, ұлы тұлғалардың жаратылысы ерекше, олар Нұрдан пайда болады деген қағиданы дәлелдеуге тырысуында жатыр. Белгілі бір тұлғаның бойына өзгеше бір құпиялылық пен даралықты жасыру үшін оларды Нұрдан жаратқан. Будда, Иса, Заратустра пайғамбарлар да осы қасиетпен ерекшеленген. Ғұлама ғалым Әл-Фараби ғылымның нұрдан жаратылғанын айтады.

Ғалым Ш. Елеуенов қазақтың батырлық жырларындағы халық қамын ойлап, елді сырт жаудан қорғауға белін буып кірісетін жанкешті қаһармандық қашан да жарық нұрдан жаратылатынын айтқан [11, 44 б.]. Ойрат ханы Галданның да (1644-1697) жаратылысы, тумасы бөлек жан екендігі белгілі: «Матерью его был крупный нарост на дереве, а отцом – птица урун. Из облаков, из тумана он явился, происходящей от облачного божества Хурмустьин, потомок небожителей» [12, 9 б.].

Дәл осындай жаратылыс Оғыз қағанның алғашқы жары Нұрсұлу да Нұрдан пайда болғаны, жалпы «Нұрдан жаралу» желісінің шығыс сюжетіне құрылған қазақ хисса-дастандарына

ортақ болып келетінін ғалым Алма Қыраубаева атап көрсеткен еді.

Шындығында, халықтың діннен таяныш іздеуі, өзіне жан тазалығын әкелетін Жаратқанға тәуба ету арқылы, бойын тазартуды мақсұт еткен тәрізді. Исламиятта мұсылмандық бес парызды ұстау қандай міндетті болса, Абайда «Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс». Оған Абай қарсы емес. Бірақ, 38-сөзінде: тағрифатқа (дін жолына) адам еріп кетсе, дүниенің ойран болатындығын айтып жеткізеді. **Ақын жер бетіндегі пенденің көруі, орындауы, сезуі тиіс нәрселерді, егер, ол дінге беріліп кетсе, кім істейді деген сауал тастап, ойдың сергектігіне мән беруді ұсынады. Бұл арқылы, Абай екі ірі ағым: панисламизм және пантюркизмге қарсы тұра білді, яғни, Абайдың діни және ұлттық фанатизмге жол бермеуі адамды Құдайдың сүйген құлы ретінде тану, сондай-ақ, барлық діні өзге ұлттардың арасында ынтымақ, достық отының жағылуын туысқандық тұрғыда орайластыра қарастыруымен түсіндіріледі.**

Анар БҮРКІТБАЕВА,
филология ғылымдарының
кандидаты, Ш. Есенов атындағы
Каспий мемлекеттік технология және
инжиниринг университеті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Платонов К. Психология религии: Факты и мысли. – Москва: Политиздат, 1967 – С. 11-15.
Байпақов К. Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және Ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 208 б.
Абай Құнанбаев. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 2 т. – 252 б.
Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1997. – 384 б.
Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1997. – 384 б.
Базар жырау. Шығармалары / Құр.: Ш. Алдашев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.
Жанғабылұлы С. Аманат: Өлең-толғаулар, жыр-дастандар / Құр.: Ж. Жылқышыұлы. – Алматы: Ер-Дәулет, 1996. – 386 б.
Қыраубаева А. Елдік рухты әдебиет қалыптастырады // Заман-Қазақстан. – 1997. – 9 мамыр.
Шал ақын Құлекеұлы. Шығармалары. Зерттеулер / Құр.: С. Қосанов, Т. Әлібеков. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 264 б.
Елеуенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: Жалын, 1997. – 368 б.
Кычанов Е.И. Повествование об ойратском Галдане Бошокту хане. –Новосибирск: Наука, 1980. – 190 с.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН ҚЫСҚАША МАҒЛҰМАТ

20-30 жылдары совет тіл білімпаздары техника терминдері туралы бірталай құнды еңбектер жазғаны белгілі. (*Қараңыз: Чаплыгин С.А., Лотте Д.С. 1937*). Негізінен, терминдерді зерттеуде және оның қоғам үшін мәнін, маңызын анықтауда А.Реформатскийдің, В.Виноградовтың, О.Ахманованың, И.Протченконың, Р.Будаговтың, К.Мұсаевтың, Л.Скворцовтың, В.Даниленконың, Т.Кандакидің, А.Сперанскаяның, И.Волковтың, М.Гасымовтың, т.б. зерттеуші-ғалымдардың рөлі орасан зор. Бұл жөнінде қазақ түрколог тілшілері: А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Ә.Қайдаров, М.Балақаев, Ш.Сарыбаев, Ә.Әбдрахманов,

С.Исаев, Ө.Айтбаев, Б.Қалиев қазақ тіл білімінде құнды пікірлер қозғап, қазақ терминологиясының дамуына сүбелі үлес қосқандарын атап кетуге болады. Ал, «термин» деген ұғымның өз басына келсек, күні бүгінге дейін бұл жайлы бірыңғай пікір қалыптаса алмай келеді (*Ө.Айтбаев. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы.Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы. 1988.86.*). «Термин» – бұл арнаулы қолданыс саласындағы ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғымның атауы болып табылатын және дифинициясы бар сөз немесе сөз тіркесі (*Прохорова Б.Н. Актуальные проблемы современной русской лексикологии. М.*

Изд-во МГУ.1973.стр.40). Ғылыми анықтағыш еңбек «Советский энциклопедический словарь» (Москва. 1980) термин жөнінде мынадай анықтама береді, термин рим мифологиясында шекара құдайы және ол «шекара», «шек» деген ұғымды білдіретін латын сөзі. Термин (ағыл) дегеніміз арнайы ұғымдар мен арнайы заттарды дәл белгілеу үшін жасалған (қабылданған, енген және т.б.) тілдегі арнайы сөздер мен сөз тіркесі. (Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. М.1966). Қазақ Совет энциклопедиясында да негізінен осы типтес анықтама берілген: «Термин, атау-ғылым сол сияқты тұрмыстың белгілі саласындағы ұғымдарды дәл атау үшін жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестері (Қазақ Совет Энциклопедиясы Алматы. 1977.2-т.).

Тіл білімінің белгілі мамандарының бірі А.А. Реформатский термин мен терминология ұғымының теориялық мәнін ашып беруге тырысады. Ол термин, ұғым, сөз түсініктерінің өзара байланысы жөніндегі түрлі пікірлерді сүзіп шығып, екі түрлі бағытқа ден қояды: **бірі** – терминді белгілі бір затпен байланысты қарайтындар да, екіншісі – ұғыммен байланысты қарайтындар. А.Реформатский терминді ұғыммен байланыстыра қарайтын бағыттың белең алып келе жатқанына назар аударады. Ол мұның, яғни, термин мен ұғымның өзара қатыстылығы әсіресе ғылымда айқынырақ көрінетінін байқайды. Сөйтіп осы уақытқа дейін термин мен терминологияға беріліп келген анықтамалардың көп кемшілігі барын сынап отырып, терминнің жоғарыда сөз болған ерекшеліктеріне төмендегі белгілерді қосады: **термин емес сөздердің мағынасы көбінесе контекст арқылы ашылып отырса, термин сөздер контекстке тәуелді емес. Сондай-ақ, термин сөздерге көп мағыналық экспрессия жат екенін баса айтады.** Термин мәселесімен тікелей айналысқан қазақ ғалымы, белгілі лингвист Қ.Жұбанов та терминнің өзіндік өзгешелік сипатын дұрыс түсінбеушіліктен кеткен қателерге назар аударады (Жұбанов К.О. *исследования по казахскому языку. Алма-Ата.1966. 273 с.*). Байқап отырсақ, әрбір терминге берілген анықтама оны жеке термин ретінде даралап, ерекшеліктерін көрсетіп, мәнін ашады. **Терминнің басты белгілері: бір мағынада қолданылуы, дәлдік, қысқалық, жүйелілік. Термин термин болуы үшін, алдымен, оның дұрыс жасалуы, содан кейін әлгі дұрыс жасалынған терминнің тілімізде кең қолданыс табуы тиіс.**

Жалпы, термин жасау дағдысында А.Байтұрсынұлы ұстанған ең басты екі принципті аңғарамыз. Оның бірі және ең негізгісі – термин жасауда қазақ тілінің өз мүмкіндігін барынша сарқа пайдалану. А.Байтұрсынұлының еңбектері, әсіресе, оның «Тіл құралы» мамандардың назарын әлі күнге аударып келеді, себебі, мұнда ол қазақ сөзін алғашқы рет жүйелі түрде терминдік мәнде қолданады. Осы алып тұлға қазақтың ұлттық ғылымы жолында өзіне дейінгіге көлеңке түсіріп, кейінгіге шам болып жанып, сәулесімен жол сілтеп тұрғандай болды. **А. Байтұрсынұлы**

салған сара жол – ғылымды ұлт тілінде менгеру, ұлт тілінде сөйлету. Ғылым атаулары қазақ тілінде нақты баламаларын тапқанда ғана ғылымды қазақша сөйлете аламыз. Ал, ғылым атаулары ана тілінде жасалмаған жағдайда «ұлттық ғылым» тіркесі орынсыз. Ахаң жасаған әдебиет, тіл ғылымы атаулары мыңға жүк боларлық жаңалық, қазақ тілінің танымдық деңгейін шырқай көтерген, оның оралымдығын, бейімділігін, бейнелілігін, қала берді сөз байлығын жарқырата көрсеткен аса терең мағыналы құнды еңбек болатын (Ш. Біләлов «Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері». Алматы. 1996.40 б.). Біздерге күрмеуге келмейтіндей көрінетін қазақ тілінің мүмкіндігі шексіз екендігі, қай ғылым болса да, сөйлете алатындығы А.Байтұрсынұв еңбектерін оқығаннан кейін айдай көрінеді. Ш.Біләловтың жоғарыда аталған кітабында «кезінде термин-жасам ісіне мол пайдасы тиген тарихи документке» оның он принципіне талдау жасалады. Солардың кейбіреуіне өз ойымызды білдірейік. **Шарт бойынша «сословие», «состав», «клетка», «слет» сияқты қазақ тілінде баламасы жоқ немесе терминнің қазақша нұсқасы бастапқы мағынадан ауытқитын болса, оны аудармай алған дұрыс деген принципке Ш. Біләлов та, біз де қосыла алмаймыз, себебі, баламасы жоқ сөз кемде-кем, оны еңбектеніп іздеп табу қажет. Ал, ол дегеніңіз – уақытты, көп ізденуді талап ететін ауыр жұмыс.** Сол принциптің төртіншісінде «Әр қилы жағдайда әр алуан мағынаны білдіретін мануфактура (саяси-экономикалық және тауартану мағынасында) продукт (өндіріс өнімі және азық-түлік мағынасында) сияқтылар бір пәнде термин ретінде алынсын да, екіншіде жай сөз ретінде аударылсын» деген қағида да дұрыс анықталмаған. Экономикаға байланысты мануфактура – «өндіріс» деген термин, ал, продукт сөзінің аудармасы – өнім. Ал, бір сөзді аударып та, аудармай да қолдану, терминге тән жүйелілік белгісіне қайшы келеді. Алтыншы пункт бойынша, аударуға келетін терминдерді аударғанда, оның ғылыми мәні дәл берілуін қадағалау қажет. Аудару кезінде қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері қатаң сақталуы тиіс деген принципті мақұлдап, «Макроэкономиканың» тәржімалауда қолданған жеріміз бар. Оныншы пунктте де өте маңызды мәселеге мән беріледі. Атап айтқанда, Ұлы Октябрьден бері, әсіресе, орыс тілінің сөзжасау тәжірибесінде қолданылып келе жатқан біріккен күрделі сөздер мәселесі әңгіме болады. Саяси экономия (политэкономия), ауатком (райисполком) т.б.тәрізді жаңа тіркесім терминдер қазақ тілі заңдылығына орай жасалып, Мемтерминком бекіткеннен соң ғана қолданысқа ендірілсін деген қағидаға да келісуге болады.

Экономикалық терминдерге келетін болсақ, олар сауда-саттықтың кең құлаш жайып өркендеуіне байланысты ерте кезден-ақ қолданыла бастаған. 1913 жылы «Айқап» журналында экономикалық шаруашылық жағдайына байланысты мақалаларда базар, доход, тауар, план, һөнәркәсіб т.б.сөздер кездеседі. Халқын байыту, қазыналық доходты арттыру, құрал ақша

көбейту, халқын оқулы қылу жолында... неш нәрседен қорықпады, шаршамады (Айқап. 1912. N13.289-6.). Мұндағы доход сөйлеу тіліндегі қолданысынан гөрі тұрақтылық, ресми мәні сезіледі. Доход экономикадағы жалпы түсім, пайда емес, мемлекеттің тұрақты қоры мағынасында жұмсалып тұр. Бұран шет патшалықтардың істеген мата тауарларына мұқтаж екен (Сонда.1913. N9.1916). Айқап тілінде «Дүниеда тұруға бірінші тірек болған» промышленность, яғни, өнеркәсібі бізде жоқ (Айқап. 1913.N9.190-6.).

Кейінгі кездердегі мерзімді баспасөзде тіркес құрамындағы сөздердің арасы жақындап, бірігіп кетті, соның салдарынан «өнер кәсібі»-өнеркәсіп түлғасына өзгеріп, біріккен сөз болып кетті. Тіл ғылымы саласында лексикологияның бір тарауы-лексикография-сөздіктердің жасалуына байланысты сөздер, терминдер зерттеліп, белгілі бір ғылыми жүйеге түсті. 1936 жылы басылып шығарылған «Қазақ тілінің терминдері» деген кітапша латын әліпбиімен жазылған. Оған 160 экономикалық термин кірген: Валовая прибыль – Barliq өnim, Выработка – өnim (19), **выручка** – tysim (19), **маклер** – deldal (23), **мена** – айма (23), **прибыль** – najda (26), **реклама** – reklam (27), **рента** – renta (27), **ссуда** – қағыз (28), **товар** – tavar (29). Кейіннен, 1962 жылы Әбдіров М., Құлқашев Т., Долыбеков С., экономика терминдерінің орысша-қазақша сөздігін құрастырды. 1974 жылы «Қазақстан» баспасынан М. Әбдіровтың «Қазақша экономикалық сөздігі жарық көрді. Ол – қазақ тілінде тұңғыш рет жасалып, жарық көрген қысқаша экономикалық түсіндірме сөздік. Оған академик С. Бәйішев (ол кезде профессор) редакциялық жасаған. Жалпы, 406 сөздер мен сөз тіркестері қамтылған.

Мырзаберген Малбақов «Қазақ сөздіктері» деген еңбегінде ғалым апамыз Р. Сыздықованың

қазақ лексикографиясының келелі мәселелерін жан-жақты сөз ететін көлемді мақаласында, сауда капиталына байланысты ұғымдарды білдіретін сөздер ретінде: **өсім, аренда, өсімші, сүтқор – банкир, пайда – прибыль, борыш, қарыз – заем, долг, кіреу – заклад, бексель – вексель, задатка – задаток, сома – капитал, дүкен – магазин, мүлленшік – миллионер, саудагер – торговец, залал – убыток, баһа – цена секілді аудармалары бар**, – дейді (М. Малбақов. *Қазақ сөздіктері. Алматы. «Ана тілі». 1995*). Ешмұхамед Букіннің сөздігінде (**тұңғыш сөздік, 1883 ж. Ташкент қаласында шығарылған**) осы атаулар түгелге жуық бар, бір ғана айырмашылығы - қарыз сөзінің орнына «несие» қолданылған. Р. Сыздықова термин жасау жайында «Қазақ қоғамы өміріне жаңадан еніп жатқан құбылыстар мен ұғымдардың атауын жасауда өткен ғасырдың өзінде-ақ, қазақ тілі өз ресурстарына иек артқаны білінеді», – дейді Малбақов (*Қазақ сөздіктері. Алматы. 1995*).

Бақыт АҚШАЛОВА,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент, әл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ө.Айтбаев. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы.Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы. 1988.86.
2. (Қазақ Совет Энциклопедиясы Алматы.1977.2-т.).
3. Айқап. 1913.N9.190-6.
4. М.Малбақов. Қазақ сөздіктері.Алматы. «Ана тілі». 1995.
5. Ақшалова Б.Н. Макроэкономика (аударма). Білім. 1997.

«ҚАРАҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП» ӨЛЕҢІ ХАҚЫНДА ТУҒАН ОЙЛАР

Қазіргі кездегі қоғам дамуында, ХХІ ғасырда, Абай шығармашылығының өміршендік, жасампаздық болып отырғаны айқын. Жас ұрпақты тәрбиелеуде, оның бойына ұлттық болмысты сіңіруде, әрқашан да, Абайдың өсиетнамасына тоқталамыз, сүйенеміз, пір етіп, өмірдегі шырағымыз іспеттес. Жаһандану – жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және біртұтас ақпараттық кеңістік арқылы әлемдік өркениеттің аса маңызды өлшемдерін жалпы адамзаттық өлшемге біріктіруде. Сондықтан, әрбір ұлт өздерінің ұлттық рухани және материалдық құндылықтарын сақтап қалу үшін күресуде. Жаһанданудың өз қиындықтары мен тиімділігі де бар. Сондай тиімділіктің бастысы – ел мен елдің, мемлекет пен мемлекеттің жақындасуы. Бұндай мүмкіншіліктерге шет тілдерін үйрену арқылы қол жеткізуге болады. Шет тілдерді итеру

адамның ой-өрісінің кеңеюіне, жаңа елдермен танысып, шет елдік компанияларда жұмыс істеуіне, карьерлік өсу жолына, шет елде білім алып, тәжірибе алмасуына әсер ететіндігі белгілі.

Өз заманында Абай да орыс тілін үйренуге шақырып, өзінің 25-ші қарасөзінде оның қажеттілігі мен маңыздылығын баяндап кеткен. Орыс тілі сол кезеңдегі, әсіресе, көшпенді қазақ халқына, ең бірінші, өзінің сауаттылығын ашуға керек тіл ретінде үлкен рөл атқарғаны баршаға аян. Өйткені, орыс тілі батыс және шығыс елдердің мәдениетін, әдебиеті мен өнерін танып білуге жол салған көпірі десе болғандай еді; орыс тілінен тәржімаланған шетел ақпараттарының көп болуы; қоғамның қай саласын жете меңгергің келсе де, өз ұлтыңды әлемге паш еткің келсе де – бәрі осы орыс тілінің күшінде болды.

Абай Құнанбаевтың өзі де бірнеше тілдерді:

орыс, араб-парсы, шағатай тілдерін меңгерген және сол тілдерден қазақ тіліне әлем әдебиетінің классик ақын-жазушыларының шығармаларын тәржімалаған. Сондай туындының бірегейі – орыстың классик ақыны М.Ю.Лермонтовтың «Горные вершины» (1840ж.) өлеңін қазақ тіліне «Қараңғы түнде тау қалғып» (1892 ж.) деп және бұл өлең бүкіл қазақ халқының төл шығармасындай боп, сүйіп тыңдайтын көп айтылып жүрген белгілі өлеңдерінің бірі болып табылады. Өлеңнің халық жүрегінен орын алғаны сонша, біреу білсе, біреу білмес, бұл өлеңнің түпнұсқасы – сонау XVII ғасырда өмір сүрген немістің классик ақыны Иоганн Вольфганг Гетенің «Über allen Gipfeln ist Ruh» өлеңі екенін, оны орыстың классик ақыны М.Ю.Лермонтов «Горные вершины» деп неміс тілінен орыс тіліне тәржімалағаны баршамызға мәлім. Осыдан-ақ мынандай тұжырымға келесін: қай ғасыр, қай заман болғанда да, сол ғасырдың, сол заманның көкірегі ояу азаматтары өз ана тілінен басқа өзге тілдерді үйренуге, білуге және меңгеруге тырысқаны, тек қана үйреніп қоймай, оны іс жүзінде көрсете білуінде, ұрпақтан-ұрпаққа, мәңгілікке өшпестей із қалдырып, өз ұлтының мәртебесін биікке көтеріп, бүкіл әлемге паш етуінде. Көптілділіктің қажеттілігі мен маңыздылығы ерте заманнан-ақ адамзаттың білуі, түсінуі және үйренуі – тарихи шындық. Жаһандану кезеңінде, ел мен елдің, мемлекет пен мемлекеттің арасын байланыстыратын осы көптілділік саясаты – уақыт талабынан туындап отырған ең бір ұшқыр жолдың бірі десе болғандай.

Енді, немістің ұлы ақыны И.В.Гетенің «Über allen Gipfeln ist Ruh» («Қараңғы түнде тау қалғып») өлеңіне тоқтала кетейік. Бұл өлеңді 1780 жылы қыркүйектің 6-шы жұлдызында жазған. Сол тұстағы өлеңдерінің ішіндегі ең бір шоқтығы биік шығармасы десе болады, өйткені, бұл өлеңді орыстың ұлы ақыны М.Ю.Лермонтов пен қазақтың ұлы ақыны А.Құнанбаев тәржімаламас еді. Бұл – ұлылардың рухани жалғастығы және ұлыларды байланыстырып тұрған құдіретті күштің бар екенін сездіретін шығарма. И.В.Гете ақындығымен қатар, философ, жаралыстанушы және саятшылықпен де айналысқан. Сондай саятшылыққа баратын жері – шығыс Германияның Зуль округінде орналасқан Ильменау қаласына жақын Кикельхан тауының бөктері мен оның айналасындағы қалың Тюрингия орман алқабы. Ол өз өмірінде бұл өңірге 28 рет келген, бірталай өлеңдерінің шығуына себепкер болған қасиетті орын болып есептеледі. Солардың ішіндегі туындының бірі – біз баяндап отырған «Über allen Gipfeln ist Ruh» («Қараңғы түнде тау қалғып»). Бұл өлеңді оқығанда, адам өзі табиғаттың бір тылсым құбылысына енгендей болады. Орман ішіндегі И.В.Гетенің кішігірім екі қабатты аңшы үйі күні бүгінге дейін сақталып, қазір мұражай ретінде қызмет етуде (*Yй 1776 жылы салынған. «Goethehäuschen»*). Жан-жақтан келетін көп туристердің назарын осы өңірдің табиғаты

тартады, қызықтырады. Сонымен қатар, бұл жерде тарихи құндылықтардың көп болуы және олардың сақталуы маңызды.

Жазушы Қалмұқан Исабайдың жеке архивінен 1981 жылғы қаңтардың 1-ші жұлдызында «Қазақ әдебиеті» газетінде Алматыдағы Энергетика институтының доценті Ж.Тобаяковтың «Абай әні – Европада» атты мақаласын көріп, оқыдым. Бұл мақалада автордың 1980 жылдың күзінде Германияда өткен симпозиумға Қазақстан делегациясының құрамында болып, қатысып, немістің ұлы ақыны И.В.Гетенің есімімен тығыз байланысты Ильменау қаласында және Кикельхан тауының басындағы Габельбах деген жерде орналасқан Гетенің екі қабатты үйінде, қазіргі мұражайында болып, онда неміс ғалымдарының қазақ делегациясына көрсеткен сый-құрметтерін өте бір әсерлі етіп баяндайды. Енді, осы мақаладан үзінділер беруді жөн көрдім: «Бес күнге созылған симпозиумнан соң, неміс халқының Гете, Шиллер, Виланд сияқты талант иелері өмір сүрген аудандарды араладық. Солардың ішінде бізге ерекше әсер еткен Ильменау ауданындағы ұлы Гетеге арналған музейлер болды. Осы музейлердің ең ірісі Кикельхан деген таудың басындағы Габельбах деген жерде екен. Орман арасындағы екі этажды үйге жақындай бергенімізде, кенеттен Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» әні қазақ тілінде шыркәлып қоя берді. Шындығында, бұл біз үшін күтпеген жай еді. Сондықтан болар, мен осынау музейге жақындаған сайын өз үйіме келе жатқандай сезіндім. Сөйтіп, еңсем көтеріліп, музей табалдырығын іштей мақтанышпен аттадым. ... Музейдің енді бір көрнекті жерінде «Абай мүйісі» бар екен. Онда Абайдың қолдан салынған шағын көлемді портреті мен домбыра ілулі тұр. Домбыраның бетінен: «Гетенің Азиядағы тұңғыш аудармашысы ақын және композитор Абай «Түңгі кезбе әніне» арнаған әуенін осындай ұлт аспабымен шығарған» деген жазуды орыс және неміс тілдерінде оқыдық. Оның бір жағындағы аппақ мәрмәрға «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі қазақ тілінде қашалып жазылыпты. Музей қызметкері осы тақта алдында бөгіліп, оның пайда болу тарихымен таныстыра бастады. Ал, мен бұны жазушы Қалмұқан Исабаевтың 1979 жылы апарып қойғанын кезінде «Қазақ әдебиеті» газетінен оқыған болатынмын. ...Қазақ жазушысы Қ.Исабаев музейге мәрмәр тақтамен бірге «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің магнит тәсілімен жазылған таспасын да тапсырған екен. Содан бері музей қонақтары «Қазақтың ұлы ақыны Абайдың немістің ұлы ақыны Гетенің сөзіне жазған әні» деп «Қараңғы түнде тау қалғыпты» естіртіп шығарып салады екен. ...Мен музейден ұзай бергенде іштей «Европаның осы бір түкпірінде қазақ рухы да ұя салған-ау» деген ойда болдым. ...»

Осы мақаладан-ақ байқап отырмыз, Қалмұқан ағамыздың бастауымен осы мұрағаттың сақталып келе жатқанын, жылына осы мұражайда шамамен 60-70 мың адам Абай әнін тыңдап, оның неміс

ұғымына да жат емес екендігін айқындайды. Тақтайшадағы бұл мәңгі өшпес өлеңдер – екі елдің арасындағы, мемлекет пен мемлекет арасындағы өз-ара мәдени байланыстың жалғастығы екенін айту керек. Әр ғасырда өмір сүрген ұлылардың рухани дүниелерінің, озық ойларының жалғастығы десек болады. Қазақ халқы өзінің ұлы ойшыл, классик ақыны Абай Құнанбаевты қалай пір тұтса, неміс халқы өзінің ұлы ақыны И.В.Гетені сондай биік дәрежеде пір тұтады.

Тағы бір айтатын жайт – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде 2008 жылдан бері проф. абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының басшылығымен Абайтану ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс атқарып келеді. Бұл орталықтың атқарған және атқаратын іс-шаралары орасан зор. Университеттің барлық факультеттерінде барлық мамандықтарының жұмыс оқу бағдарламасына арнайы енгізіліп, жастарды Абай оқуларымен сусындатуда. Жыл сайын Абай Құнанбаевтың мерейлі туылған күндеріне арнап әр түрлі дәрежеде ғылыми конференциялар мен Абай оқуларын ұйымдастырып тұрады. Бұл іс-шаралар тек университет көлемінде ғана емес, еліміздің ірі-ірі қалаларындағы жоғары оқу орындарында да жүргізіліп келеді. Шетел тілдері және халықаралық қатынастар факультетінің кәсіби шетел тілдері коммуникациясы және аударма ісі кафедрасының неміс тілі пәнінің оқытушыларының да бұл шараларға қосқан үлесі зор. **Неміс тілі ғалымдарының «Абай қарасөздерін» неміс тіліне аударып, 2003 жылы «Buch der Worte von Abai» AG Verlag «Mekter» Almaty баспадан шыққан кітап «Назидания слова Абая» деген оқу әдістемелік құралы 2005 жылы университет баспасынан жарық көрді. Бұл оқу әдістемелік құралды сабақта және сабақтан тыс уақытта қосымша оқулық ретінде пайдаланып, ал, 2011-12 оқу жылынан бастап барлық мамандықтардың оқу жұмыс жоспарына «үйде оқытылатын көркем оқу» (Hauslektüre) ретінде енгізіп, күні бүгінге дейін Абай қарасөздерімен студенттерге ұлттық тәрбие мен білім беруде аянбай еңбек етіп келеміз. Қазіргі кезде мектептен бастап лицей, колледждерде Абай оқулары енгізілуде. Әрине, бұл болашақ жас ұрпаққа білім беру мен оны тәрбиелеуде өте қажет, өйткені, әрбір қазақ Абай атамның артына қалдырып кеткен өлмейтұғын сөздерін ешқашан естен шығармай, өз жүрегінде сақтаса, Қазақ елі – жасампаз ел болады деп, қазақтың ұлы перзенті Мағжан Жұмабаевтың: «Мен жастарға сенемін!» деген ұлағатты ұранымен өз ойымды тұжырымдаймын.**

Роза ОРАЗАЛИНОВА,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы

МАУСЫМ

Дс.	3	10	17	24	
Сс.	4	11	18	25	
Ср.	5	12	19	26	
Бс.	6	13	20	27	
Жм.	7	14	21	28	
Сн.	1	8	15	22	29
Жс.	2	9	16	23	30

МЕРЕЙТОЙЛАР

03 – Кинорежиссер, суретші, өнер қайраткері Әмен Қайдаров 90 жаста.

– Экономика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан ҰҒА-ның академигі Көпжасар Нәрібаев 75 жаста.

06 – Филология ғылымдарының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлы 60 жаста.

08 – Белгілі қазақ ақыны Көкбай Жанатай-ұлының туғанына 150 жыл (1863-1927).

– Қазақстан мемлекеттік сыйлығының иегері, ғалым Алма Терлікбаева 60 жаста.

09 – Жазушы Үсен Шойбеков 75 жаста.

10 – Ақын Рысты Шотбаеваның туғанына 85 жыл (1928-1994).

12 – Белгілі халық сазгері, әнші-ақын Иманжүсіп Құтпанұлының туғанына 150 жыл (1863-1929).

13 – Ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор Рақымжан Елешов 75 жаста.

– Журналист, аудармашы, баспагер Ерлан Сатыбалдиев 60 жаста.

15 – Қазақстанның халық әртісі Мұхтар Бәктыгереевтің туғанына 80 жыл (1933-1999).

– Атақты балуан Әбілсейіт Айқанов 75 жаста.

16 – Ақын Қайрат Әлімбектің туғанына 50 жыл (1963-2009).

19 – Мемлекеттік сыйлықтың иегері, химик-ғалым Әлімғазы Сыдықов 60 жаста.

20 – Жазушы Жұмабек Еділбаевтың туғанына 90 жыл.

– Жазушы Кәдірбек Уәлиев 75 жаста.

– Ақын Тыныштықбек Әбдікәрімов 60 жаста.

23 – Кинорежиссер, өнер қайраткері, мемлекеттік сыйлықтың иегері Асылбек Нұғыманов 80 жаста.

24 – Заң ғылымдарының докторы, профессор Кәлімолла Халиковтың туғанына 75 жыл.

25 – Ақын, Алаш қозғалысының қайраткері Мағжан Жұмабаевтың туғанына 120 жыл (1893-1939).

– Техника ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Жамал Қаңлыбаеваның туғанына 90 жыл (1923-1974).

29 – Кеңес Одағының Батыры Жанасбай Нұрсейітовтің туғанына 90 жыл.

30 – Қазақтың белгілі айтыскер ақыны Орынбай Бертағыұлының туғанына 200 жыл (1813-1891).

МЕРЕКЕЛЕР

01 – ҚР Салық полициясы күні.

– Балаларды қорғаудың халықаралық күні. 1949 жылы Әйелдердің Халықаралық демократиялық федерациясы кеңесінің сессиясында қабылданған. Алғаш рет 1950 жылы 51 елде атап өтілді.

04 – ҚР Мемлекеттік рәміздер күні.

– Басқыншылық құрбаны болған күнәсіз балалардың халықаралық күні. 1982 жылғы тамыздың 19-да Палестина мәселесі бойынша өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының төтенше арнайы сессиясының шешімімен, 1983 жылдан бастап атап өтіледі.

05 – Дүниежүзілік тіршілік өрісін қорғау күні. БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен 1972 жылы бекітілген.

08 – Дүниежүзілік мұхиттар күні. Мереке 1992 жылы Рио де Жанейрода өткен жоғары деңгейдегі Халықаралық саммитте қабылданған. Дегенмен бұл мереке әлі күнге дейін БҰҰ бекіткен жоқ.

09 – ҚР Салық комитетінің күні.

– Халықаралық достар күні.

12 – Дүниежүзілік балалар еңбегін пайдалануға қарсылық күні. 2002 жылғы маусымның 3-20 аралығында өткізілген Халықаралық Еңбек ұйымы сес-

сиясының Бас конференциясы шешімі бойынша жыл сайын атап өтіледі.

14 – Қан донорларының дүниежүзілік күні. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ассамблеясы 2005 жылы жыл сайын қан тапсырушылардың күнін осы күні атап өту туралы қарар қабылдады.

16 – Медицина қызметкерлері күні. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 2003 жылғы қарашаның 15-дегі Жарлығына сәйкес жыл сайын маусым айының үшінші жексенбісінде атап өтіледі.

17 – Дүниежүзілік қуаңшылыққа және шөлейттенуге қарсы күрес күні. 1994 жылы Парижде шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі Халықаралық конвенцияға орай атап өтіледі.

20 – Дүниежүзілік босқындар күні. БҰҰ-ның 2000 жылғы желтоқсанның 4-дегі шешімі бойынша Африка босқындарының күнімен қатар атап өтіледі.

21 – Музыка мерекесі. Ең алғаш рет 1982 жылы Францияда атап өтілді. Қазір әлемнің 100-ден астам мемлекетінде атап өтіледі.

21-22 – Жаздың ең ұзақ күні. Дәл осы күні Солтүстік жарты шарда ең ұзақ күн болса, Оңтүстік жарты шарда ең қысқа күн болады.

23 – Қазақстан полициясы күні. 2007 жылы маусымның

5-де Мемлекет басшысы Н. Назарбаев өз Жарлығымен маусымның 23-ін Полиция күні деп бекітті.

– БҰҰ-ның Мемлекеттік қызмет күні. 2002 жылғы желтоқсанның 20-дағы БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен бекітілген.

– Халықаралық олимпиадалық жүгіру күні. Халықаралық олимпиадалық комитеттің құрылған жылынан /1894 ж./ бастап атап өтіледі.

26 – Нашакорлық пен есірткі бизнесіне қарсы халықаралық күрес күні. 1987 жылдан бері БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен өткізіліп келеді.

– БҰҰ-ның азаптау құрбандарына қолдау көрсетудің халықаралық күні. 1997 жылғы маусымның 26-да азаптау және басқа да адамшылыққа жат жазалау түрлеріне қарсы Конвенция күшіне енуіне орай атап өтілуде.

27 – Дүниежүзілік балықшылар күні. 1984 жылдан бері атап өтіледі.

28 – Баспасөз, теледидар және радио күні. 2004 жылдан бастап атап өтіледі. Бұл күні қазақстандық парламент қабылдаған алғашқы БАҚ туралы заңы қабылданған болатын.

29 – Өнертапқыш пен рационализатор күні.

ОҚИҒАЛАР

07 – Бұдан 20 жыл бұрын /1993 ж./ Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қойылды.

09 – Бұдан 270 жыл бұрын /1743 ж./ Абылай хан жоңғар тұтқынынан босанып, елге қайтты.

10 – Бұдан 120 жыл бұрын /1893 ж./ Орхон-Енисей тас жазулары алғаш рет оқылды.

– Бұдан 25 жыл бұрын /1998 ж./ Қазақстан Республикасының жаңа астанасы – Астана қаласының тұсаукесер рәсімі болды.

16 – Бұдан 20 жыл бұрын /1993 ж./ Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты құрылды.

– Бұдан 20 жыл бұрын /1993 ж./ Президенттің «Үндістан Республикасында Қазақстан Республикасының елшілігін ашу туралы», «Қазақстан Республикасының мүгедектер күнін белгілеу туралы» жарлықтары жарияланды.

18 – Бұдан 20 жыл бұрын /1993 ж./ «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі туралы» және «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтын құру туралы» жарлықтары жарияланды.

25 – Бұдан 20 жыл бұрын /1993 ж./ Қазақстан Республикасы мен Аргентина Республикасы арасында дипломатиялық қатынас орнату туралы хаттамаға қол қойылды.

СОДЕРЖАНИЕ

Аймауытов и Ауэзов. Особенности черты характера казахов.

Н. Назарбаев. «Казakhstan – 2050» один народ – одна страна – одна судьба.

Акбота Исламбек. Какой национальный характер и менталитет у казахов?

Абдрашит Бакирулы. Легко ли быть казахом?

Жолымбет Макишев. Нынешнее состояние казахов или о национальной психологии.

Оразак Смагуллы. У некоторых наших людей могут встречаться отдельные элементы рабской психологии, но это не является врожденным национальным характером и менталитетом.

Руслан Утепбай. Черты характера казахов, обретенные с плотью и кровью.

Мурат Журинов. Наука всегда ищет истину.

Жарас Сейтнур. «Прогрессивные» руководители, которые не думают о нации, только и умеют копировать зарубежную практику.

Кажымукан Габдолла. Сила рабского синдрома.

Болатхан Тайжан. В Казахстане живет только одна нация – казахи.

Сейлбек Мусатаев. Тянет ли либерализм вперед, а консерватизм назад?

Мырзан Кенжебай. Сверх увлечение новыми терминами тоже является способом разрушения языка.

Турсын Жұртбай. Годы изгнания.

Құрманғали Даркенов. Голод 1921-1922 годов и дело по Тургайской области.

Хасен Кожак-Ахмет. Недостатки учебника по истории.

Қуандық Түменбай. Мертвые не возвращаются.

Айгуль Кемелбаева. О рассказах Думана Рамазана.

Салима Калкабаева. Ученый, посвятивший себя поэтике.

Рабат Жанибекұлы. Выдающийся человек.

Оразбек Нускабаев, Индира Мусирова. Принципы национальной безопасности в условиях глобализации.

Жандос Иманбай. Факторы, негативно влияющие на демографическую ситуацию в Казахстане: политический анализ.

Жанетта Иманқұлова. Организация ролевых игр на уроках английского языка.

Зарина Райымқұл. Роль лингвокоммуникативной компетентности в обучении иностранному языку.

Акбота Исламбек. Историческая практика распространения книг в Казахстане.

А. Буркитбаева. Религиозные дастаны Мангыстауских поэтов.

Бакыт Акшолова. Общие сведения по истории изучения экономических терминов.

Роза Оразалинова. Думы о песне «Горные вершины спят во тьме ночной».

Год – двенадцать месяцев. Июнь.

Содержание журнала на русском и английском языках.

CONTENT

Aimaulytov and Auezov. Unique personality traits of the Kazakhs.

N. Nazarbaev. The strategy Kazakhstan – 2050 United of nation – united – of nationality – united of destiny.

Akbota Islambek. What is the national identity and mentality of the Kazakhs?

Abdrashit Bakiruly. Is it easy to be a Kazakh?

Zholymbet Makishev. Current condition of the Kazakhs or national psychology.

O. Smagululi. Some of our people might have elements of slave mentality, but it is not innate national character and mentality.

Ruslan Utepbayev. Subsistent qualities of character of the Kazakhs.

M. Zhurinov. Science always looks for the truth.

Zharas Seitnur. “Progressive” leaders who do not think of national values, but only copy foreign examples.

Kazhymukkan Gabdolla. Power of slave syndrome.

Bolatkhan Taizhan. Only one nation lives in Kazakhstan and that is the Kazakhs.

Seilbek Musatayev. Does liberalism pull ahead when conservatism is a drag?

Myrzan Kenzhebai. Big interest in new terms is another way of destroying the language.

Tursyn Zhurtbay. Years of exile.

Kurmangali Darkenov. Famine of 1921-1922 and dossier of Turgay region.

Khasen Kozha-Ahmed. Disadvantages of history textbooks.

Kuandyk Tymenbay. Dead people do not come back.

Aigul Kemelbayeva. On Duman Ramazan's stories.

Salima Kalkabayeva. Scientist dedicated to poetics.

Rabat Zhanibekuly. The outstanding person.

Orazbek Nuskabaev. Principles on National Security in the context of globalization.

Zhandos Imanbayev. Factors that affect on demographic situation in Kazakhstan: political analysis.

Jeanette Imankulova. Organization of role-playing games in English lessons.

Zarina Raiymkul. Role of linguo-communicative competence in teaching a foreign language.

Akbota Islambek. The historical practice of distributing books in Kazakhstan.

A. Burkitbayeva. Religious epics of Mangystau poets.

Bakhyt Akshalova. General information on the history of the economic terms study.

Rosa Orazalinova. Thoughts about the song “Mountains slumber in the dark night.”

Year - twelve months. June.

Table of contents in Russian and English languages.

Редакцияның мекен-жайы: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй, 6-қабат.

Байланыс телефоны: 394-42-63. **Факс:** 8 (7272) 394-37-62. **электронды адрес:** akikat1921@mail.ru
www.akikatkaz.kz

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2006 жылғы 4 маусымда № 7347-Ж куәлігі берілген. Журнал айына 1 рет шығады.

Басуға 25. 04. 2013 ж. қол қойылды. Көлемі 70x108 1/16. Қағазы газеттік. Офсеттік басылым. Есептік б. т. – 10.15. Таралымы Тапсырыс ?

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп-беттеліп, «Дәуір» ЖШС-нің Республикалық полиграфиялық баспа комплексінде басылып шықты. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы 93 а. Тел: 394-39-27, 394-39-24.

КОМПЬЮТЕРЛІК ОРТАЛЫҚ: *Техникалық редактор* – Гүлжан ОРАЗБАҚҚЫЗЫ, *Корректор* – Айгүл МАҚАТАЕВА, *Компьютер операторы* – Эльмира ЕРҒАЗИНА.

КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР – Серікқали ХАСАН.

Мұқабаның бірінші бетінде: Әсербай ШОРАНОВ «Аламан бәйге».

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.

Журнал материалдары басқа басылымдарда көшіріліп басылса, «Ақиқатқа» сілтеме жасау міндетті.